

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ

ƏZAT.KZ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ **72**
08.2024



ОZAT.KZ



№ 72

тамыз

Республиканский научно-педагогический, методический журнал



2024 жыл

Журнал Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің
ақпараттар комитетінің мерзімді баспасөз
басылымын, ақпарат агенттігін
және желілік басылымды есепке қою туралы
№KZ2000023367 куәлігі берілген

Шығу жиілігі: айына 1 рет жарық көреді

Журналдың негізгі тақырыптық бағыты:
оқу үрдісін жетілдіру, педагогтарға
ғылыми-әдістемелік көмек көрсету және
оларды ақпараттық материалдармен жүйелі
түрде қамтамасыз ету, шығармашыл
педагогтардың және білім беру ұйымдарының озат
тәжірибелерімен таныстыру,
тәжірибелік көмек көрсету бағытындағы
жұмыстарды насихаттау

Материалдар қазақ, орыс, ағылшын,
өзбек, ұйғыр, татар т.б тілдерінде
қабылданады. Жарияланған фактілер мен
мәліметтердің дұрыстығына автор жауапты.

Қолжазбалар мен фотосуреттер
лицензияланбайды және қайтарылмайды



Меншік иесі:

Смайлова Ақмарал Жалғасбекқызы
(Қызылорда қаласы)

Бас редактор: Смайлова Ақмарал
+7 705 431 43 34

Редакторы: Зибаш Әли
+7 705 982 76 61

Жауапты хатшы:
Елубай Ғалымжан

Эл.почта: Ozat_kz@inbox.ru
АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

ҚҰЛМАНОВ СӘРСЕН - А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты Терминология бөлімінің
жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к., доцент. Алматы
қаласы.

ИСМАЙЛОВА НУРГУЛ - Лингвистика мамандығы
бойынша философия ғылымдарының Phd докторы
Алматы қаласы.

АХУНОВ БАКЫТЖАН КЕНЖЕБЕКОВИЧ -
М.Мәметова атындағы Қызылорда жоғары колледжі
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі. Қызылорда
қаласы.

СМАГУЛОВА МАРЖАН БЕРТАЕВНА -

«Өрлеу» ПҚБАИ АҚФ Қызылорда облысы бойынша
біліктілігін арттыру институтының аға
оқытушысы

Тілші: БАШАРОВА ГҮЛЗАР - Қызылорда қаласы,
Т.Есетов атындағы № 264 мектеп-лицейінің
мұғалімі



Журнал университет оқытушылары,
техникалық және кәсіптік білім беру
ұйымдары қызметкерлері, жалпы білім
беру ұйымдары педагогтары, қосымша
білім беру мамандары, мектепке дейінгі
білім беру ұйымдары әдіскерлері мен
тәрбиешілері өз жұмыстарын жариялай
алады.



«OZAT.KZ» Республикалық ғылыми-
педагогикалық, әдістемелік
журналының Қызылорда қаласындағы
мекенжайы:

120001 Қызылорда қаласы,
Әйтеке би көшесі, №6
e-mail: Ozat_kz@inbox.ru
тел.: 8 705 164 06 70

Журнал "Aizere" баспасында басылды.
Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 6
Таралымы: 1200 дана, Тапсырыс № 088

“31 Салтанат” бөбекжай- бақшасы
Тәрбиешісі

АБДИКАДИРОВА МАРЖАН СЫДЫҚҚЫЗЫ

Тақырыбы: «Ғажайып математика»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін ойын арқылы дамыту.

Білімділік: Баланың қарапайым математикалық түсініктерден алған білімін тиянақтау, геометриялық пішіндерді танып, ажырата білуін жетілдіру, қарапайым сан мен санау түсініктерін қалыптастыру, математикалық жұмбақтар шешу;

Тәрбиелік: Ойынның шартын сақтап ойнауға, ұйымшыл, көпшіл, шыдамды, сабырлы, шапшаң болуға тәрбиелеу.

Дамытушылық: Сандарды тура, кері санауға үйрету, логикалық ойын арқылы баланың қиялын, ой — өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту.

Көрнекілігі: геометриялық пішіндер, сандар, қолшатыр, күз мезгіліне байланысты суреттер.

Мотивациялық — қозғаушылық:

Шаттық шеңбері

Дөңгелене тұрамыз,
Шеңберді біз құрамыз.
Қол ұстасып бәріміз
Ақ тілекті жолдаймыз.
Қайырлы таң достарым!
Қайырлы таң қонақтар!

Ұйымдастырылған іс — әрекет барысы:

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Балалар, бүгін біз үшін ерекше күн. Бізге бүгін көп қонақтар келіпті.

— Балалар қазір жылдың қай мезгілі? /- Күз./

— Күз мезгілінде неше ай бар? /- 3 ай/

— Қыркүйек, қазан, қараша.

— Күз мезгілінің ерекшеліктерін атап беріңдерші? / жапырақтар сарғайып жерге түседі, күн суытады, жел соғады, жаңбыр жауады/

— Жаңбыр жауғанда не ұстаймыз? /қолшатыр/

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Балалар, олай болса қолшатыр ойынын ойнайық.

Дидактикалық ойын: «Қолшатыр»

Шарты: балалар дөңгеленіп тұрады, тәрбиеші қолшатырды айналдырып ішіндегі кішкентай доптарды төгеді, балалар бір бір доптан ұстап алады. Төрт түсті обручтың ішіне тұра қалады. Төрт топқа төрт тапсырма беріледі.

Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндер»

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Балалар, сендерге ойын ұнады ма?

(балалардың жауабы)

Мен сендерге математикалық жұмбақтар жасырамын. Қане, мұқият тыңдаймыз.

«Математикалық жұмбақтар»

— Үш мысықтың құйрығы нешеу?

— Қоянның құйрығы нешеу?

— Екі балада неше құлақ бар?

— Бес сиырдың басы нешеу?

— Бір ағашта 5 алма,

Бірін бердім Санатқа.

Бірін бердім Қанатқа,

Сенде қалды неше алма?

3 — тапсырма: «Неге ұқсайды?»

«Біреу және көп» дидактикалық ойыны.

Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету.

Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу-ойыншық көп; тақта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Балалар, бүгін сендер барлық тапсырмаларды орындап, өте жақсы жауап бердіңіздер.

Балалар: Қол ұстасып тұрайық

Шеңберді біз құрайық.

Көріскенше күн жақсы,

Сау саламат болайық!

Сау болыңыздар!

Шайқорық ауылы «Ақбота» бөбекжай-бақшасы

АБИЛОВА ГУЛЬНАРА ЕРИКОВНА

«Армысың әз-Наурыз!»

Мақсаты: Наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқын салт-дәстүрін, дінін, ұлттық дүниетанымын, ұлттық киімін, тамағын, ұлттық ойындарын насихаттап көрсету. Тілге, дінге ұлттық сезімдерін ояту, қазақ халқының салт-дәстүрін бағалап,

Ұлыстың ұлы күнін мақтанышпен қарсы алып, құрметтей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Нақыл сөздер жазылған плакаттар, ұлттық киімдер, ұлттық ойындар, ұлттық тағамдар, түрлі суреттер.

Жүргізуші: Армысыңдар ата-аналар, қонақтар, балалар!

Бәріміздің асыға күткен «Ұлыстың – ұлы күні!» наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. «Көбелек» тобының «Армысың Әз наурыз» атты мерекесіне қош келдіңіздер. Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы. Наурыздың 22-де күн мен түннің теңеліп, жер жаңарып, көк шығып, төрт түлік мал түлеп, көктем келіп, тіршіліктің бастауы, яғни қазақтың жаңа жылы-Наурыз мерекесі.

Жүргізуші: Армысыңдар, халайық!

Бармысыңдар, халайық!

Наурыз тойын жұп жазбай,

Жылда қарсы алайық.

Наурыз тойы басталды,

Бәрің бері қараңдар!

Салт -дәстүрін халқымның,

Біле мекен халқымыз.

Ендігі кезекті әсем әнімізге берейік

Хор: «Қош келдің төрлет Наурызым!»

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар

Балалар, сендер қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?

«Теңге алу», «Арқан тарту», «Қыз қуу» т.б

Олай болса ойынымызды бастаймыз ба?

Балалар: Ия

Бірінші қыздар сендермен «Теңге алу» ойынын ойнаймыз.

Бұл ойында тәсіл көп,

Кім мол алса теңгені.

Сол баланың жеңгені!

Жерге теңге шашылып ойын ойналады. Қыздарымыз барлығы шапшаң жинайды екен теңгені.

(ортаға қыздармен ойын ойналады)

«Теңге алу» ойыны

Жүргізуші: Жарайсыңдар қыздар сендерге көп-көп рахмет.

(Наурыз кіреді)

Жүргізуші: Қош келдің, көрікті көктем айы Наурыз!

Біз өзіңді, думаніңды, шаттығыңды,

Жұпардай жұпар иісінді,
Нөсерлі ақ жауыныңды сағындық.

Наурыз: Сәлеметсіздер ме, халайық!

Тойларыңыз тойға ұлассын! Мейрамдарыңызға бір әдемі өлең оқып берейін
және балалардың өнерін көрейін деп келдім.

Жүргізуші: Сізге деген балалардың ән-жырлары, тақпақтары бар, соны
тамашалайық.

Тақпақтар:

Амина

Бата беріп атамыз,
Бата беріп әжеміз.
Тәтті болып жасаған,
Көжеден дәм татыңыз

Дархан

Уа, ағайын халайық,
Мұнда назар салайық!
Мерекесі халықтың
Наурыз тойы бастайық!

Томирис

Жылдың басы Наурыз,
Жердің басы Наурыз.
Мерекеге арналсын
Бүгінгі жыр- әніміз.

Амир

Наурыз – бұл мереке
Құтты болсын береке
Қыдыр ата келсін
Жақсы тілек әкелсін.

Батырхан

Наурыз айы келгенде,
Күн шуағы шашылып.
Жылғалардан су ағып,
Ақ әжелер құлпырып.
Наурыз көже пісіріп,
Қонақтарға тартамыз.

Нұрмұхаммед

Наурыз келді алақай,
Кел билейік балақай,
Бізде қарап тұрмайық,
Тойға шашу шашайық!

Наурыз: Жарайсындар балалар тақпақты жақсы айттыңдар

-Балалар мен сендерге бірнеше тапсырма ала келдім. Кәне соны шешіп көрейік.
-Не тәтті?

Ананың сүті

-Не жұмсақ?
-Не жетім?

Ананың қолы
Жаңбыр жаумаса-жер жетім.
Басшысы болмаса-ел жетім.
Тыңдаушысы болмаса-сөз жетім

Наурыз:Жарайсыңдар балалар сендер дұрыс жауап бердіңдер
Балалар мемен ойын ойнағыларын келеді ма?

Балалар:Ия ойнағымыз келеді

Ал енді ұлдар сендермен «**Арқан тарту**» ойынын ойнайық.Екі жаққа балалар бөлініп тұра қалыңдар.Қай жаққа қарай арқанды тартады екенсіңдер.

(ортаға ұлдармен ойын ойналады)

«Арқан тарту»ойыны

Наурыз:Ой бәрекелді! Мықты екенсіңдер ұлдар!

Жүргізуші:Енді осы кышкентай өнерлі балаларымызды өмірге акеліп,өнерін тамашалауға келген және де бізге көмектерін аямаған ата-аналармен «**Сыр-сандық**» атты сұрақ-жауап өткізсек.

Киіз үйдің сүйегін және киіз үйдің жихаздарын атаңыздар?

Ата-аналар:Киіз үйдің сүйегі:шаңырақ,уық, кереге, сықырлауық.

Киіз үйдің жихаздары:

Абажа,абдыра,ағаш төсек,адалбақан,асадал,бөгіре,жағылан,жүкаяқ,кебеже,сандық.

Ұлттық киімдерді атаңыз.

Ата-аналар:Бешпет,камзол,күпі,шапан,ішік,бөрік,такия,сәукеле, кебіс.мәсі.

Еттен табақ тарту дәстүрі:(жасалатын табақ түрлері:)

Ата-аналар:Бас табақ,сый табақ,орта табақ,аяқ табақ,күйеу табақ,келін табақ,қыздар табағы,құдағилар табағы,жерік асының табағы.

Жыл аттарын айтып беріңіз.

Ата-аналар:Тышқан,сиыр,барыс,қоян,ұлу,жылан,жылқы,қой,мешін,тауық,ит,доңыз

Жүргізуші:Қазақ халқы өнерге бай халық,«Сөзбен айқасу бәрінен де күшті»-деп халық бекер айтпаса керек.

Алдарыңызға біздің кішкентай айтыскер ақындармыз «Жұмбақ айтысын» ортаға ала келді,қарсы алыңыздар.

1-айтыскер: Амина

Айтыс айтыс болады,

Наурыз тойын оздырып

Өлең айтса жөнімен.

Кім айтысар менімен?

2-айтыскер:Нұмәт

Біздің Ханшайым шиқылдап,

Ұқсайды екен шөжеге.

Шөлдеп қапты шөжелер,

Шөлдегенге көже бер.

1-айтыскер: Амина

Шуылдаған қозыдай,

Ойнайтұғын Шуақ-ай

Көже көрсе тауыспай,
Қоймайтұғын Шуақ-ай

2-айтыскер:

Қадай алмай түйменді,
Жылауыңды қойдың ба?
Сабағыңды апаңнан, Сұрауыңды қойдың ба?

1-айтыскер:

Сүрінгенді мазақтап,
Жөнің жоқ қой күлетін.
Сен дейсің бе саусағыңның,
Санын білмей жүретін.

Екеуі: Амина Нұрмұхаммед

Жылдың басы – Наурыз,
Жылдың басы – Наурыз,
Наурызға жыр арнап,
Айтысармыз әлі біз.

Жүргізуші: Ай жарайсыңдар балалар! Өнерлерің өрге бассын!

Жүргізуші: Кел жиналған халайық,
Наурыз әнге салайық.
Бекер тұрмай бір жерде,
Мың бұралған қыздарды
Шақырайық біз биге

Би: «Қамажай»

Ойын: «Ормалды қағып ал, сөз жалғасын тауып ал!»

Жүргізуші: Ұлы оң болсын,

Байжан: Ақ мол болсын.

Жүргізуші: Ұлыс бақты болсын,

Шахназ: Төрт түлік ақты болсын.

Жүргізуші: Ұлыс береке берсін,

Айтмұхаммед: Бәле-жала жерге енсін.

Жүргізуші: Бір тал ексең,

Б.Санжар: Он тал ек.

Жүргізуші: Атаңнан мал қалғанша,

Алинур: Тал қалсын.

Жүргізуші: Бұлақ көрсең,

Ажар: Көзін аш.

Жүргізуші: Келесі кезекті әнге берейік.

Жүргізуші: Айарудың орындауында ән «Еркем-ай»

Жүргізуші: Бәйшешектер қар астынан табылған,

Бар халықты қуантатын бұл қай кез?

Келер күнге бір үмітті табынтып,

Бар халықты қуантатын бұл қай кез? **Наурыз**

Жүргізуші: Шашу! Шашу!

Көп шашайық шашуды.

Уа, жамағат! Теріп ал несібенді.

Ризығың болсын көл – көсір!

Жүргізуші: Қашанда құт – береке орнасын деп,
Тойларда шашу шашу салты елімнің.
Уа, халайық! Теріп ал несібенді.

Қабыл болсын, жамағат, ақ тілегің!

Жүргізуші: Халқымыздың мифологиялық түсінігі бойынша Наурыздың 21-күні даланы Қызыр ата аралайды. Жақсылықтың жаршысы, жаңа түскен күн нұрының рәмізі-Қызыр ата бата береді екен. Ендеше қол жайып, бата тілейік.

Бата

Кең пейілді қазақ елім!

Кемелденген ғажап елім!

Ұлыс күні құтты болсын!

Ел іргесі мықты болсын!

Бақыт әкеп ұлыс күні,

Баянды боп тыныштығы,

Әнші құстар баққа қонсын!

Алтын табақ аққа толсын!

Жаңа күнім жадырасын!

Төл көбейіп, маңырасын!

Бағы жанып кәрі-жастың,

Басынан бақ арылмасын!

Орындалып ойларыңыз,

Тойға ұлассын тойларыңыз!

Әумин!

Жүргізуші: Осымен Наурыз тойына арналған «Армысың Әз-наурыз!» атты әдеби-сазды кешіміз аяқталды. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

Наурыз тойы құтты болсын халайық!

Жүргізуші: Сіздерді Ұлыстың ұлы күні «Наурыз тойымен» құттықтаймын.

Әр күндеріңіз көктемнің жайма шуақ күндеріндей нұрлы, жылы болсын!

Дендеріңізге саулық, дүниелеріңізге байлық, отбастарыңызға бақыт пен қуаныш тілеймін.

Атырау облысы Мақат ауданындағы “Болашақ” бөбекжай балабақшасы

Айнова Камшат Амантайқызы

Ұлттық тәрбие – ұлағат көзі

Баланың ерте жасында дамуы өте маңызды болып табылады, ол кезеңде баланың ақыл-ойы, ойлау, сөйлеу, қозғалу процестері құрылады және белсенді дамиды. Сондықтан, бұл кезеңдер баланың дамуына маңызды. Осы ретте, мектепалды ұйымдарының, бөбекжай-бақшалардың баланың дамып-жетілуінде маңызды рөл атқарады.

Әрбір педагогтың алдына қойған мақсаты бүлдіршін бойына адамгершілік, имандылық қасиеттерді оқу-тәрбие үрдісінде жан-жақты қалыптастыру арқылы болашақта ел тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелеу. Әр тәрбиеші ұлттық тәуелсіздікті нығайтуда, салауатты қоғам құруда, бірлік пен татулықты арттыруда жас ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріп, ұлттық құндылықты оқыту үрдісінде пайдалануы тиіс. Саналы, білімді, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрді құрметтейтін ұрпақ тәрбиесіне руханиятымызды, дәстүрімізді, мәдениетімізді, тілімізді, өнерімізді пайдалана отырып ұлттық тәрбие мен білім беруге аса мән беруіміз қажет. Өсіп келе жатқан бүлдіршіндерімізге тәлім-тәрбие, білім беруді жетілдірудің бағыттары осы педагогика ғылымында ұлттық құндылықты қалыптастыру болып табылады. Өркениетке қадам басқан еркін елдің өренін тәрбиелеу мына біздердің үлесімізге тиіп отыр.

Бала – біздің болашағымыз. Өсіп келе жатқан балаларға ұлттық тәлім-тәрбие беру үшін ең алдымен тілді меңгеру керек. Өзінің ана тілі жоқ халық ұлт болып қалыптаса алмайды. Біздің қазақ халқы рухани зор байлықтың мұрагері. Халқымыздың мәдени мұрасын таныту арқылы әлемдік мәдениетке жетеміз. Ұлт болашағы мен ұлт өкілінің тағдыры бір-бірімен тығыз байланысты. ХХІ ғасыр – қатаң бәсеке ғасыры. Бұл енжарлықты көтермейтін уақыт. Аманатқа қиянат жасамау халқымыздың ізгі ұлылық дәстүрі. Ата-бабамыздан сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы, ұлттық рух, намыс, тілі мен мәдениетін жас ұрпақ бойына сіңіру баршамыздың парызымыз. Баланың нағыз толыққанды тұлғаға айналуы үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор.

Ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде мектепке дейінгі мекемеде атқарылатын жұмыстың орны ерекше. Яғни, тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің бөбекжай-бақшада ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Бөбекжай-бақшаға ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет.

«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: АДАЛ ҰРПАҚ, САПАЛЫ БІЛІМ, ТАБЫСТЫ ҰЛТ» тамыз конференциясы аясында келер ұрпақ тәрбиесіне ата-анамен қоса,

педагогтардың, тәрбиешілердің еңбегі орасан зор екенін айқындап көрсеткендей. Қазақ халқының ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы – халықтық педагогикада жатыр. Қазақ халқының бала тәрбиелеудегі ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы – халықтық педагогика. Олар – ұят болады, обал болады, жаман болады. Ұят боладысы – кемел иманын, обал боладысы – мейірімін, жаман боладысы – ізгілікке бастар жол екенін сөзсіз түйсінесің, әрі сүйсінесің. Тәрбиенің тал бесігі – балабақша табалдырығынан бастау алып, ізгілік пен парасаттылыққа жол көрсетер іргелі орынның бала тәрбиесінде маңызды рөл атқаратынын есімізден шығармағанымыз абзал. Тағылымды тәрбиенің тәлімін бала бойына қалыптастыратын ұлтжандылық пен адамгершілік жүрегіне ұялататын тәрбие ошағының қазіргі таңда бәсекеге қабілетті жас ұрпақ тәрбиелеуде өзіндік орны мен үлесі зор.

«Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек», - дейді. Осы бір ұлағатты ой астарында отбасында - ата-анасына мектепке дейінгі ұйымда – тәрбиешіден талап етілетін тағылым жүгі жатыр. Жер бетінде мекен еткен адамзаттың бір бұтағы — бір халықтың қандай да дара қасиетке ие болып, қандай бет-бейнесімен көрінуі — сол халықтың мектебінің бет-бейнесіне, өзіндік ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Әрине, отбасында бала ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленіп келіп, ол тәрбие бөбекжай-бақшада жалғасын тауып жатса, бала өте құнарлы этномәдени білім мен тағылым алары анық. Ұлттық тәлім тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу тәрбиешінің, ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты, өйткені, бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы – отбасында, екіншіден, бөбекжай-бақшада болғандықтан, ата-ана мен бөбекжай-бақша болып бірігіп жұмыс атқару – бізге артылар басты міндет.

Қорыта келгенде, кез келген елдің бірлігі мен өркендеуі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды сақтағанда ғана мқты болмақ. Сондықтан баланың бойына мейірімділік, адамгершілік, әдептілік сынды қасиеттерді сіңіріп, туымызды жықпай, ұлан-байтақ жерімізді қорғайтын патриотты тәрбиелеу біздің міндетіміз болып табылады. Жалпы бөбекжай-бақша тәрбиешілерінің педагогикалық күш-жігері Отанды, халқымызды, туған-туысты құрметтейтін шығармашыл және талантты ұрпақ тәрбиелеуге бағыталуы тиіс. Алдымызда осы құндылықты бойына сіңірген, Отансүйгіш, елі мен жерінің қамы үшін аябайтын, білімді иманды, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу, оларға бағыт беру міндеті тұрғанын әрдайым жадымыздан шығармауымыз керек.

Байзақ ауданы Сенкібай ауылы Еңбек орта мектебі

АКИЛБЕКОВА РАУАН ТУРЫСБЕКОВНА

**ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ
АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ**

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі. Жас ұрпақты әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Мұғалімнің бағыттауымен бала білімді меңгеріп қана қоймай, оны өмірде, кез келген уақытта өз іс-тәжірибесінде тиімді қолдана білуі шарт.

Осыған орай информатиканы оқытудың негізгі мақсаты - әрбір оқушыға информатика ғылымы негіздерінің алғашқы фундаментальды білімін беру, оқушыларға осы білімді мектепте оқытылатын басқа ғылымдарының негіздерін түпкілікті және сапалы түрде меңгеруге қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Жаңаша білім беру мазмұнына көшу жағдайында оқушылардың түйінді құзыреттіліктерін дамыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану, жаңа технологияны қолдану, педагогикалық қарым-қатынас стильдерін қамтиды.

Белсенді оқу - шынайы өмірден алынған және ойдан шығарылған жағдайларды қолдана отырып оқушыларды ойланып, күрделі мәселелерді шешуге жетелейді. Білім беру бағдарламасының барлық салаларын барлық сатыларда белсенді оқу тәсілдерімен толықтырып, кеңейтуге болады. Белсенді оқу білім, дағды және көзқарас деп аталатын оқудың негізгі үш саласын қамтып, оқудың бұл таксономиясын «оқу үдерісінің мақсаты» деп санауға болады. Белсенді оқу оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Информатика сабағында топтық және жұптық жұмыстар, рөлдік ойындар қолданылады. Қызметтің мұндай түрлері оқушылардан өздері тапқан ақпаратты талдау және түсіндіру үшін зерттеу және жоспарлау дағдыларын қолдануды талап етеді, басқаларды оқыту нәтижелері бойынша таныстырылымдарды, болашақта өз дағдыларын жақсарту мақсатында басқа нәтижелерді бақылауды және талдауды қажет етеді.

Белсенді оқудағы мұғалімнің ролі - оқушылардың жетістікке жету шамасына қарай оған енді мұндай аса қамқорлықпен қолдау көрсету қажет болмайды, олар енді өздігінен жұмыс істей алады. Осындай оқыту әдісін әрі қарай дамыту үшін мұғалімдер бастапқыда оқушыға жақсы қолдау көрсетіп, кейін оны біртіндеп азайтып отыруы керек. Мұғалім оқушылардың ойлау үдерісін ынталандыратын тапсырмалар мен сұрақтарды қолдана отырып, информатика пәнінде қарым-қатынас жасау үдерісіне тартуы қажет. Мұғалімнің сұрақтары алшақтатушы, жақындатушы, көрсетуші, референттік, болжаушы, тұжырымдамалық және әдістемелік сұрақтардың үйлесімінен тұрады. Осындай сұрақтарды тиімді қоюдың нәтижесінде оқушылар өздерінің және өзгенің ойын түсіне алатын, сонымен қатар дәл осы сәтте олардың не істей алатындықтарын білетін болады және тағы да қандай жетілдірулер қажеттігін байқай алатын ұжымдық талқылау да қолданылады. Белсенді оқыту оқушының оқу сауаттылығына қатысты ойлары мен дағдыларын дамытуды қолдайды. Мысалы: **Жұппен ойлаңыз.** Жұппен ойлау тапсырмасын орындау барысында олардың тақырып туралы ойлауға, ойларын жазуға және әріптестерімен талқылауға мүмкіндіктері пайда болады, қорытындысында олар талқылауға дайын болады. Мұғалім оқушылардың пікірлерінің дәлдігі мен орындылығына да назар аударуы тиіс, сонымен бірге оқушыларға өз ойларын еркін білдіру мүмкіндігін де беруі тиіс, ал берілген тапсырма бойынша ескертпелер жасауда мұғалімнің әрекеті айқын болмаса да жылдам әрі шапшаңдыққа қол жеткізуге бағытталған болуы тиіс.

Оқушылардың білімге ықыласын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану. Ойын арқылы баланы ойлата білу. Информатика сабағында мынадай белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, сауатты болуға дағдыландырады. **Ойлан, жұптас, бөліс** – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған тәсіл. Тақтада сұрақ, тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3 – 4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалім 2-3 жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрануына болады. **Кластерлер (жүзімнің шоқтары деген мағынада)**. Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі тақырып немесе тірек тақтаның ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, оқушылар оларды бір-біріне қосады да, өзара байланыстыру туралы әңгімелейді. **Алдын – ала берілген атаулар** – мұғалім сабақ барысында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау (терминдер) жазып қойып (3-4атау), оқушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлауын сұрайды. Бұл жұмысты оқушылардың жеке жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша, жазбаша орындалуы ықтимал. Содан кейін мұғалімнің бірнеше оқушының ойы мен пікірін тыңдауына болады. «**Джигсо**» әдісінің артықшылығы – топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететіндігі.

Мұғалім сыныпты шағын топтарға бөледі (әдетте, төрт адамнан). Мұғалім оларды сыныптың тепе-теңдігін сақтай отырып, жынысына, қабілетіне, қарым-қатынастарына қарап бөледі.

Құрылған әр топқа дәстүрлі тапсырма беріледі. Тапсырма үлестірме материалдар түрінде таратылады. Күрделілігі бойынша оқуға арналған материалдың тиісті күрделілік деңгейі сақталуы керек. Егер топ төрт адамнан тұратын болса, басты тапсырманың ішінде топтың әр мүшесіне бір сұрақтан төрт сұрақ немесе тапсырма болады. Сұрақтар немесе тапсырмалар топ ішінде оқушылардың өзара келісуі арқылы бөлінеді. Сабақты бекітуге және үй тапсырмасына қолдануға болатын әдістер: **Ыстық орындық** - Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады. Мысалы, оқушылар белгілі бір рөлді немесе адамды сомдай алады.

Оңай және қиын сұрақтар кестесі. Бұл кестені оқушылар қандай да болмасын мәселе бойынша өз пікірін келтіру үшін немесе жаңа ақпаратпен танысқанда толтыра алады. Кестенің сол жағына олар түсініктері боцынша оңай, ал оң жағына қиын сұрақтарды келтіреді. Мысалы, оңай сұрақтар дегеніміз мәтінде жауабы бар сауалдар, ал қиын сұрақтардың жауабы мәтінде жоқ, оларға тек өзіндік тұрғыдан ғана жауап беруге болады.

ББУ кестесі (Білемін /білгім келеді/ үйрендім) – сабақтың басынан аяғына дейін қолданылады, өйткені стратегия сабақтың барлық сатысын қамтиды. Сабақтың барысында оқушылар берілген тақырып бойынша не білетіндерін ойланады, содан соң сұрақтар құрастырады және осы сұрақтарға өздері жауап іздейді.

Венн диаграммасы. Оқушыларды синтез /анализ/ бағалау жоғары деңгейдегі ойлау қызметіне әкелетін салыстыра білу қабілетін дамытуда қолданылады. Сабақты бекіту үшін бұл стратегия тиімді болып есептелінеді, бірақ қызығушылығын ояту кезеңінде де пайдалануға болады. Бұл стратегияларды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде оқушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір-біріне жауапкершілік сезімнің болуы, менмендік және жалқаулықтан безу қасиеттері қалыптасады. Оқыту барысында оқушыларға егжей –тегжейлі мәтінді түсінуге, кейіпкерлердің рөлін

сомдауға, дұрыс түсінуге және алған білімдерін тәжірибемен байланыстыра қолдана білуге, пәнаралық байланыстарды іске асырып отыруға мүмкіндік береді.

Сабақтың жаңа тақырыпты түсіну бөлімінде **«Постерлер»** әдісін пайдалану тиімді. Бұл тапсырманы оқушыларды топтарға бөлу арқылы орындалады, оқушылар ұжымдаса бірігіп жұмыс жасайды. Берілген жаңа оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді, бірілген ақпараттар бойынша нақтыламарды анықтайды, дәлелдерін келтіреді, қорытынды жасайды.

Менің ойымша, оқушылар бүгінгі күні шығармашылық тапсырмаларды орындауды табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет. Метатәжірибе өз кезегінде басқа тәжірибелер қалыптастыратын дәйектерді, әрекеттер мен байланыстарды өзгертеді. Басқаша айтқанда, тәжірибені өзгерту - бұл істеп жатқан ісімізді өзгерту, түсінікті өзгерту - бұл біз қалай ойлайтынымызды өзгерту, жағдайды өзгерту- бір-бірімізге деген қарым-қатынасымызды өзгерту дегенді білдіреді.

XXI ғасыр - білім мен ғылымның, дамыған техниканың дәуірі. Кезінде Абылай ханның өзі: «Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, білімге сенген заманда қапы қалып жүрмейік», - деп болашақ ұрпақ үшін білім алудың маңызын ескеріп өткен. Шынымен де, қазіргі уақытта дамыған әлем елдері бір-бірімен күш таластырып емес, ғылыми жетістіктерімен бәсекеге түсуде. Тәуелсіз еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің бір сөзінде: «Беталысы күнде өзгерген алмағайып дүниеде адамзат үшін ешқашан өзгермеген, өзгермейтін темірқазықтар бар. Ол – білім! Ол – еңбек! Ел болашағының баянды болмағы баста бұлықсыған білім мен қолда ойнаған еңбекке байланысты» - деп, жастарды білім жолына шақырады.

Бүгінгі таңда білім саласы қарқынды түрде дамып келеді. Заманауи технологиялардың дамуына сай мұғалімдер де өз біліктіліктерін арттырып, жаңашылдыққа бейімделуде. Ол үшін бүгінгі күні барлық мүмкіндіктер жасалған. Біздің тарапымыздан тек ізденім мен талап керек. Жалпы сабақ барысын түрлендірудің әдіс-тәсілдері өте көп. Және оларды әр сыныпқа бейімдеп қолдану мұғалім шеберлігіне тәуелді деп білемін.

Әдіс-тәсілдер дегеніміз не? Әдіс-тәсілдер – сабақтың мақсаты мен мазмұнына негізделген, оқушы мен мұғалімнің тақырыпты ашуға барар жолында қолданатын амалдары. Осы амалдар тиімді болса оқушының қызығушылығы арта түседі, ал егер тиімсіз болса құлшынысы жойылады. Бала ынтасын асыру үшін мен өз сабақтарымда қолданып жүрген тиімді тәсілдерім мен олардың жүзеге асырылу туралы айтып кеткім келеді.

Өз сабақтарыма жаңа әдіс-тәсілдерді түрлендіре отырып енгізудегі мақсатым:

- оқыту сапасын жоғарлатуға үлсімді қосу;
- оқушылардың білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру;
- балаларды жұпта да, топта да жұмыс жасауға бейімдей білу;
- информатика сабақтарында балалардың жас ерекшеліктеріне сай ойын элементтерін жиі қолдану;
- балалардың қызығушылығын арттыру үшін сабақта қолданатын амалдарын түрлендіріп отыру;

Ендеше сабақтарда жиі қолданылатын әдіс-тәсілдер мен жаңа платформаларға жеке-жеке тоқталып өтейін.

Информатика сабақтарында «Парадокс» әдісі (мұғалім оқыған мәтіннен балалар қатені тауып, дұрыстайды: принтер – енгізу құрылғысы, модем – шығару құрылғысы), «Өрбіту» әдісі (сөздерді сипаттау арқылы ой өрбіту: Enter, Shift, Tab, Ait батырмаларын айтқанда пернетақта екенін табу

керек), «Суретке қарап детальдарды жазу» (баланың зейінін шоғырландырып, байқағыштыққа баулиды, есте сақтау қабілетін анықтауға көмектеседі), «Жасап көрсет және әңгімеле» әдісі (практикалық жұмыс) «QUIZ LET» - әдісі.

Бұл әдісті жүргізудің 8 тәсілі бар:

1. Үлестіріме
2. Оқылым.
3. Мәтіндік жазылым
4. Тыңдалым
5. Тест тапсырмалары
6. Сәйкестендіру
7. Кім жылдам?
8. Топтық

«QUIZZ» - әдісі. Бұл әдісті жүргізудің 3 тәсілі бар:

Тест тапсырмалары, Топтық жұмыс, Суреттерге қарап атауын белгілеусынды танымдық зияткерлік ойындарды өткізу арқылы оқушыларды информатика пәні бойынша алған білімдерін сынап қана қоймай, олардың пәнге деген сүйіспеншілігін, оны әрі қарай терең зерделеуге деген ынтасын арттыруға болады. Ал қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, география және басқа да пәндермен сабақтастыра отыра кіріктірілген сабақтарды өткізу арқылы мұғалім оқушылардың ізденімпаздық әрекетін арттырады әрі өзінің кәсіби-шеберлігін шыңдайды.

Техниканың дамуы ілгері басқан бұл заманда оқушылардың өздері күнделікті өмірде смартфон, теледидар, планшет, ғаламторға қосылған компьютер сынды көптеген заманауи «гаджеттерді» емін-еркін пайдаланып үйренген. Сол себепті мұғалімдерге оқу үдерісі кезінде балаларға жай ғана ауызша түсіндіру, оқулықтағы ережелер мен жаттығуларды орындау, тақтада жұмыс жасату сияқты бұрынғыдай дәстүрлі жолдармен олардың назарын шоғырландырып оқыту қиынға соқты. Міне, осы кезде ақпараттық-коммуникативті технологиялар (АКТ) педагогтар үшін үлкен қолғабыс болады.

«Жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» ұғымының пайда болуы білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты. Көптеген электронды оқулықтар мен оқу бағдарламалары, мультимедиялық оқу бағдарламалары жасалады және жасалып та жатыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсетілген. Сол себепті білім беру саласында қызмет ететін барлық оқытушылар бүгінгі таңда АКТ технологиясына бет бұрып, оны оқу үдерісінде белсене пайдалану үстінде.

Сондай-ақ түрлі тақырыптарға пікірталас өткізу, дөңгелек үстел, «квест» сабағы, саяхат не ойын сабақтары кезінде оқушылардың айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым сынды төрт маңызды әрекетін белсендендіріп, тақырып бойынша тиісті арнаға «бұруға» болады. Мен әрдайым шығармашылық ізденісте боламын, отандық цифрлық онлайн-даму үстінде. Мен шағын ұжымдар немесе тіпті жеке берілген адамдар жасаған жобаларға үлкен құрметпен қараймын. Әсіресе, бұл біздің мұғалімдерімізге пайдалы білім беру жобасы болса. Ал енді нағыз шебер ұстаз жан-жақты шет

елдік цифрлық платформаларды да зерттеп, балаға жағымды, сабақ өтуде қызықты құралдарды пайдаланады.

Соның бірі Ресейлік Learnis білім беру платформасын ұсынғым келеді. Learnis білім беру платформасы, ең алдымен, көп функциялы болуымен ерекше. Оның көмегімен сіз жасай аласыз

§ білім беру квесттері

§ дидактикалық ойындар (ӨЗ ОЙЫНЫ)

§ терминологиялық сөздіктер (флэш-карталар)

§ интерактивті бейне.

Learnis-ті жасаушы - Екатеринбург мұғалімі Новиков Максим Юрьевич

Learnis.ru қызметі «бөлмеден шығу» жанрының квесттерін құруға мүмкіндік береді. Мұндай квесттерде ойыншыларға бөлмеден әр түрлі заттарды пайдаланып шығу, анықтамалар табу және логикалық есептерді шығару тапсырмасы беріледі. Білім беру квестін құру үшін іздеу квест оқиғасы арқылы алға жылжу үшін шешілуі керек міндеттерге жауап бола алады. Сонымен, оқытушы өзінің пәнінің мазмұнын қосып, ізденісті және қызықты етеді.


Алдағы уақытта балалардың білімін арттыру мақсатында жаңашыл технологияларды пайдаланып, заманға сай өзгеріп, жаңашыл ұстаз болу үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймын деп ойлаймын.

Білім берудің мазмұнын жаңарту жағдайындағы белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану тиімді.

Оқыту тәсілдері оқушылардың табысын арттырады.

Олай болса, ХХІ ғасыр - информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан - жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде - өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептеймін.



Алматова Айниса Амангелди қизи
Қарағанды облысы Шахтинск қаласы
“Еркетай” бөбекжайы
Қазақ тілі мұғалімі
Шахтинск қаласы

Білім беру саласы: «Коммуникация».

Бөлімі: «Қазақ тілі».

Тақырыбы: «Қазақтың ұлттық ою-өрнектері»

Мақсаты: Балаларды ою-өрнек түрлерімен таныстыру, есте сақтау қабілеттерін шындау, ой-өрісін, сөз байлығын, тілін дамыту, қазақ тілінде айтылатын ою-өрнектердің түрлерін жаттатқызу. Қазақ халқының асыл мұраларын, салт-дәстүрлерін, өнерін құрметтеуге, ұйымшылдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтар: суреттер, тақта, үлестірмелі материалдар, көрме.

Сөздік жұмысы: ою-өрнек, қошқар мүйіз, сынық мүйіз, итқұйрық, қос дөңгелек, ботакөз, таңдай.

Полилингвалды компонент: ою-өрнек – орнамент -.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелеу, түсіндіру, дидактикалық ойын, сұрақ-жауап.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбер:

Алақанды ашайық,

Күннің көзін жасайық.

Таза ауаға қол сермеп,

Жүрек жылуын жасайық.

Меірімділік шоған біз,

Қонақтарға шашайық.

Педагог: -Жарайсыңдар, балалар! Орындарына отырыңдар.

II. Негізгі бөлім:

Педагог: -Балалар, айтыңдаршы, біз қай елде тұрамыз?

-Қазақстанда қандай ұлттар тұрады?

-Қазақстан еліндегі ұлттар қалай тұрады?

-Әр ұлттың өз мәдениеті мен салт-дәстүрі бар. Бүгін біз қақтың ұлттық ою-өрнектер түрлерімен танысамыз. Ою-өрнектер латынның орнамент – әсемдеу, сәндеу деген сөзінен шыққан. Қақтың ою-өрнектерінің түрлері де, атаулары да көп, 360-қа тарта түрлері бар. Ою-өрнек өнері ғасырлар бойы қақ халқының бейнелеу өнерінің жеке түрі болып келеді. Үй ішінің тұрмысына қажетті заттарды, ұлттық киімдерді, бұйымдарды әшекейлеу үшін қолданған. Ою-өрнектерді – жануарлар, өсімдіктер, геометриялық пішіндерге ұқсап келеді. Бүгін біз ою-өрнектің осындай түрлерін өтеміз: «Қошқар мүйіз», «Сынық мүйіз», «Итқұйрық», «Ботакөз», «Таңдай», «Қос дөңгелек». Осы ою-өрнектермен біз бүгін жұмыс істейміз.

«Суреттерді екі топқа бөл» дидактикалық ойын.

Ойын шарты: Балалар суреттерге қарап, ою-өрнегі бар және ою-өрнегі жоқ суреттерді бөліп, қалташаларға салады.

Сергіту сәті:

Бас бармақты бассам егер,

«Ботакөз» боп шығады.

Алақанды ашсам егер,

«Бестаңба боп шығады.

Егер жұмсам алақанды,

«Тарақ» оюы шығады.

Оюларды білетін,

Біз ақылды баламыз.

«Кесенің оюын тап» дидактикалық ойын.

Ойынның шарты: Балалар берілген ою-өрнегі бар кеселерге түріне және түсіне ұқсас ою-өрнектерді табады.

Педагог: Келесі ойынды біз үстелдің басында ойнаймыз.

«Кілемшені ою-өрнекпен безендір» дидактикалық ойыны.

Ойынның шарты: Балалар суретке қарап немесе өз ойымен, кілемшені ою-өрнектермен безендіреді.

III. Қорытынды:

Педагог: -Балалар, біз бүгін сендермен не туралы өттік?

-Қандай ою-өрнектер естеріңде бар?

-Бүгінгі сабақта қандай ойындар ұнады?

-Балалар, бүгін сабақта қатысқандарын үшін мен сендерге сыйлық жасап әкелдім, бояу-кітапшалары. Бұл бояу-кітапшасында, ою-өрнектер салынған, оны бояп, атауы жаттауға болады. Және де сандық, кілемше, киім-кешек, ыдыс-аяқта ою-өрнегі бар суреттер де бар. Рахмет сендерге балалар. Сау болыңдар!

Жамбыл облысы Байзақ ауданы Діқан ауылы №2 орта мектебі

Алтынханова Мәриямгүл Бауыржанқызы

**Заманауи әдіс-тәсілдерді тарих сабағында қолданудың
өзекті мәселелері**

Қазіргі әлем – электронды мәдениет әлемі. Мектеп оқушыларын тарихи біліммен таныстыру процесі әртүрлі ақпарат ағыны жағдайында жүреді. Бала мен мұғалім бір-бірін түсінуі үшін мұғалім заманауи білім беру технологияларын меңгеруі керек.

Заманауи мұғалім өз жұмысында, оқу үдерісінде оң мотивацияға қол жеткізу және оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін тиімді әдістер мен инновациялық технологияларды пайдаланады. Білім беру мен ғылыми-зерттеу қызметіндегі инновациялық үдеріс бір-бірімен тығыз байланысты.

Мектеп оқушыларының бойында негізгі құзыреттіліктерді, жалпы тәрбиелік дағдылар мен қасиеттерді, іс-әрекеттің әмбебап әдістерін қалыптастыру тарихи білім берудің басым бағыты болып табылады. Тарихты оқытудағы инновациялық технологиялар жіктеу, пайымдау, қорытынды жасау және түйіндеу, бақылау дағдыларын, қолда бар ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын, эксперимент жасау дағдыларын, танымдық қабілеттер мен қажеттіліктерді, шығармашылық жобалау және зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Тарихты оқытудың классикалық әдістемесі пәнді мектепте оқытудың негізін құрайды. Ол ғасырлар бойы қолданылып келеді және тиімділігін әлі де жоғалтпады. Дәстүрлі әдіс мыналарды қамтиды:

Вербальды әдіс – әңгіме, лекция, пікірталас және мұғалім мен оқушылар арасындағы ауызша қарым-қатынастың басқа да түрлері.

Баспа-сөздік әдіс – жазба дереккөзді зерттеу және оны ауызша талқылау, мысалы, оқулықтың, тарихи құжаттың абзацын оқу, одан кейін талдау, талқылау.

Көрнекілік әдісі – тарихи карталарды, кестелерді, диаграммаларды, сызбаларды талдау, тақтаны және экрандық құралдарды пайдалану. Бұл әдіс көбінесе сөздік әдісімен біріктіріледі. Оқушылар көрнекі материалмен танысады, содан кейін әңгімелесу, пікірталас және т.б. жасайды.

Практикалық әдіс – оқу объектілерімен әртүрлі әрекеттер. Тарих сабақтары үшін бұл көбінесе үлгілер мен макеттер жасауды, контурлық карталарды толтыруды, диаграммаларды салуды, кестелерді құрастыруды және т.б. қамтиды.

21 ғасыр технология ғасыры деп аталады, өйткені бүгінгі таңда адам өмірінің бірде-бір саласы жоғары технологиясыз өте алмайды. Бұл әсіресе білім беру саласына қатысты. Өз тәжірибеме негіздей отырып тарих сабағында қолданатын кейбір білім беру технологияларын қарастырайық.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы. Дифференциация оқушыларға бірдей көлемдегі оқу материалын ұсына отырып, мұғалімнің оларды меңгеруге қойылатын талаптардың әртүрлі деңгейіне бағыттауына байланысты жүзеге асырылады. Бұл жағдайда сараланған тәсіл сынып-сабақ жүйесі жағдайында барлық оқушылардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылармен жұмыс әртүрлі тапсырмалар үлестіру жолымен жүреді. Мысалы:

- 1) тарихи терминдерді білу бойынша диктант құрастыру;
- 2) жаңа материалды оқу кезінде тапсырмалар карталарын құрастыру;
- 3) сыныптағы жұмыстың жиынтық кестелерін құрастыру;
- 4) берілген тарихи тақырып бойынша шығарма немесе эссе;
- 5) қосымша әдебиеттермен жұмыс.

Оқуда қиындықтары бар оқушыларға орындалатын тапсырмалар беріледі. Осылайша, аса ауыр күйзеліске ұшырамай, олар оқудың негізгі деңгейіне жетеді.

Интерактивті әдіс - өзара әрекеттесу немесе сөйлесу режимінде болу, бір нәрсемен немесе адаммен диалог жасау мүмкіндігі. Бұл әдісте өмірлік және кәсіби жағдаяттарды модельдеуді, ізденіс, эмпатия, қарама-қайшылық, тәуекел, күмән тудыруға мүмкіндік беретін тәсілдерді, рөлдік ойындарды және әдістерді қолдана отырып, барлық оқушылар бір-бірімен және мұғаліммен белсенді әрекеттесетін қолайлы оқу жағдайларын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Ғалымдар мен практиктер интерактивті оқыту оқуға қызығушылықты оятудың және оқу-танымдық әрекетті ынталандырудың тиімді әдісі болып табылатынын дәлелдеді және жалпы мойындады. Бұл әдісті қолдану мыналарға ықпал етеді:

- оқу іс-әрекетінің кезеңдерін меңгеру;
- сын тұрғысынан ойлауды дамыту;
- өзіне деген сенімділік арттыру;
- тәуелсіздікті дамыту;
- позитивті өзін-өзі бағалауды қалыптастыру;
- шығармашылық қабілетін дамыту,
- ұйымдастырушылық және коммуникативті дағдыларды қалыптастыру;
- тиісті өмірлік және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру;
- оқу үлгерімінің өсуі.

С.Б. Ступинаның көзқарасы бойынша келесі интерактивті әдістерді бөліп көрсету керек:

- қолайлы атмосфера құру, қарым-қатынасты ұйымдастыру әдістері;
- қызмет алмасуды ұйымдастыру әдістері;
- психикалық әрекетті ұйымдастыру әдістері;
- мағына жасауды ұйымдастыру әдістері;
- рефлексияны ұйымдастыру әдістері;
- интеграциялық әдістер (интерактивті ойындар).

Мұндай классификацияны құра отырып, С.Б. Ступина педагогикалық өзара әрекеттесудегі интерактивті әдістердің басымдық функциялары позициясын қалдырады. Педагогикалық өзара әрекеттестіктің басында оның барлық қатысушыларын бірлескен іс-әрекетке жедел қосу, олардың өзін-өзі белсендіруіне жағдай жасау үшін қолайлы атмосфераны құру және қарым-қатынасты ұйымдастыру әдістері қолданылады.

Тарихты оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар да инновациялық технологиялар қатарына жатқызылады. Мұғалім сабағында презентациялар мен мультимедиялық сабақтарды пайдалана алады. Бұл жағдайда мектеп оқушылары да өз бетінше көмекші жазбаларды құрастыра алады және оларды презентация түрінде көрсете алады, бұл бір уақытта жоба қызметінің элементі болады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар өз бетінше, зерттеушілік және шығармашылық жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, өзін-өзі көрсетуге және тұлғаның дамуына ықпал етуге, оқудың көрнекілігі мен эмоционалдық құрамдас бөлігін арттыруға, мұражайларға виртуалды экскурсиялар өткізуге және т.б. мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру жүйесі мұғалімге көптеген инновациялық әдістердің ішінен «өзінікін» таңдауға және өзінің жұмыс тәжірибесіне жаңаша қарауға мүмкіндік береді. В.Г. Белинский былай деп жазды: «Жаңа нәрсеге құштарлықсыз өмір де, даму да, прогресс те болмайды». Бұл сөздер баяғыда айтылғанымен, бүгінде өзекті болып отыр. Бұл сөздер заман талабына сай, алға ұмтылатын, барлық жаңалықты, жаңашылдықты игеріп, оны өз ісінің тәжірибесінде сәтті қолдануға дайын ұстазға қатысты.

Сонымен, заманауи педагогикалық технологиялар заманауи ақпараттық технологиялармен ұштастыра отырып, оқу-тәрбие процесінің тиімділігін айтарлықтай арттырып, жан-жақты дамыған,

шығармашылық тұрғыдан еркін жеке тұлғаны тәрбиелеудегі оқу орнының алдында тұрған міндеттерді шеше алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. Теория и методика преподавания истории. Москва: Владос, 2003.
2. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. II деңгей. НЗМ ДББҰ, 2017. -139 б.
3. Әлімов А.Қ.Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану: Оқу құралы. Алматы, 2015. -180 б.
4. Кизатова Г.С. Тарихты оқыту әдістемесі: Жоғары оқу орындарының тарихнамандығының студенттеріне арналған оқу-әдістемелік оқу құралы/ құраст. Г. С. Кизатова. – Павлодар : Кереку, 2011. – 33 б.

Түркістан облысы, Шардара қаласы
Б. Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектебі
информатика пәні мұғалімі

Атабаева Нағима Бөкенбайқызы



АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫН ИНФОРМАТИКА ПӘНІНДЕ ТИІМДІ ҚОЛДАНЫЛУЫ.

Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі. Бірге оқысқан, бірге оқытысқан, жылдарымыз бір, жолымыз бір, қазақ мұғалімдері! Қолымнан келген осы еңбегімді сендерге тарту қылам. Ниетімнің тазалығы үшін тартуымды қабыл көріп алыңыздар.

Мағжан Жұмабаев

XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының көптеген ақылды қайраткерлерінің идеялар қазіргі педагогикалық және психологиялық ғылымның дамуына көрнекті ғалымдардың еңбектері, үлкен әсер еткені сөзсіз.

Соның ішінде Мағжан Жұмабаев асқар асуынан өлшеусіз нәр алған біртуар тұлға, соңғы жылдары көрнекті ақын ретінде ғана емес, ұстаз ретінде де ерекше көңіл бөлінді. Ең бастысы, тұңғыш педагогикалық оқулықтар жазып қалдыру мақсатында әлемдік және халықтық педагогиканың озық тәжірибесін жинақтай отырып, қазақ педагогикасының дамуына негіз салды. Оның 1922 жылы «Педагогика» атты оқулығы – педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан үлкен үлесі. Ұлы отандасымыздың педагогикалық қызметі заманауи білім беру жүйесінде сұранысқа ие бола бастады.

Ағартушы еңбегін төрт бағытта жүргізді. Атап айтсақ, оқу, жазуға үйрету, емлеге дағдылау, жазбаша сөзді өркендету, баланың ұғымына лайық ауызша және жазбаша әдебиет түрімен таныстыру. Автор осы тәрбиенің төрт түрін тәпшітеп түсіндіре келіп, былай дейді: «Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса,

жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы ... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...» – деп Мағжан Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап берді.

Мен өз баяндамамда қазақтың педагог жазушысы, ақыны Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегіндегі үш педагогикалық идеясын мысалға ала отырып, қазіргі заманауи педагогтардың идеяларымен салыстырып, информатика сабақтарында қолданылған әдістеріммен бөлістім.

1. Қалыптастырушы бағалау әдісі		
Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922)	П.Блэк және Д.Уильямс, «Қара жәшік» ішіндегі жұмыс. (1998)	Өз тәжірибемде
Балада жақсы оқысам, молдадан мақтау, сый аламын, жаман болсам, молдадан таяқ жеймін, ұрыс естимін деген ой да болмасын. Мұндай болса, баланың іскерлігі соған жұмсалып, мұғалімнің беріп отырған сабағын білейін деген шын ынтамен тыңдамайды. [1.66-бет]	Оқушы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытуды икемдеуде бағалау кері байланыс ретінде қолданылса, бұндай бағалау қалыптастырушы бағалауға айналады [3.140-б]	Қазіргі ақпараттық-технологияның қарқынды дамыған заманда, студенттің түрлі техникалық құралдарды жетік меңгергендігі белгілі. Алайда студенттердің бойындағы бар білімін кері байланыс арқылы бағалай отырып, қателіктерін анықтап, түзету жолдарына бағалау әдісі тиімді екендігі, өз тәжірибемде дәлелденіп отыр.
2. Дамыта оқыту әдісі		
2. Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922)	Дамыта оқыту технологиясы Д.Б. Элконин – В.В. Давыдов	Өз тәжірибемде
Балаға білім бергенде жақыннан алысқа, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге	Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты	Ақпараттық технологияларды жетік меңгеру арқылы, қазіргі заманда барша әлем

байлап беру керек. Мысалы, балаға дыбыстарды айыртқанда, балаға таныс сөздерді алып, дыбыстарға айырту керек. Жағрафия оқытқанда тұрған ауылдан бастау керек. [1.67-бет]	назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. [4.24-бет]	мойындаған тұлғаларды (Стив Джопс, Чад Херли, Стив Чен и Джавед Карим және т.б) үнемі мысалға ала отырып, дұрыс әрі тиімді қолданудың нәтижесінде білімді дамыта оқытуға студенттерімді шабыттандырып отырамын.
3. Қызығушылықты ояту әдісі		
3. Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922)	Сын тұрғысынан ойлау Эдвард Глэйзер (1941)	Өз тәжірибемде
Болашақ әсерге даярлану болсын. Яғни бір нәрсені күтіп барып жолықтырсаң, сол нәрсеге іскерлік күшті болады. Сондықтан мұғалім балаларға жаңа бір нәрсені білдірмек болғанда балаларды күткізіп, даярландырып қойсын. Мысалы, сұрауды жалпы класқа берсін. Сонда бар класс құлағын түріп тұрады. [1.67-бет]	«Антиципация» әдісі - бұл әрі қарай талқыланатын нәрсені күту. Мәтіндегі бірінші сөйлемді оқимыз. Бірінші сөйлемді оқуға байланысты қандай ойлар мен сезімдер пайда болды. Әңгіме не туралы болмақ? [5]	«Қызығушылықты ояту» («Ой қозғау», «Ой шақыру», «Миға шабуыл») стратегиясы — мысалы, көпшіліктің көңілінен шыққан «Шрэк 3» 3D анимациялық мультфильмның рендерингі 20 млн сағатты алғандығы туралы ақпаратты айтамын, қандай бағдарламалармен жасалатындығы, сапалы анимацияларға қол жеткізу жолында, қанша этаптардан өтетіндігі туралы өз білімдерін ортаға сала бастайды, тақырыпқа деген қызығушылықтары

		артқан сәтте жаңа тақырыпты толықтыра отырып, іздену арқылы білімдерін тереңдетуге бағыт-бағдар беремін.
--	--	--

Қорыта айтқанда, «Мағжан Жұмабаев - қазақ халқының алғашқы кәсіби педагогтарының бірі», - деп, сеніммен айтуға болады. Демек, біз қазіргі уақытта шетелдік педагог-ғалымдардың пікірлерін «айды ашқандай» тамсанып, жаңалық ретінде өз тәжірибемізге енгізіп жүрміз, ал бұл идеяларды бір ғасыр бұрын Мағжан атамыз аталмыш еңбегінде дәлелдеп, нақтылап айтып кеткенін енді біліп жатырмыз. Осы тұрғыда айтарым: «Біреудің қаңсығын өзімізге таңсық қылуды» қойып, өз халқымыздан шыққан Мағжан, Ахмет, Жүсіпбек сынды арыстарымыздың педагогикалық идеяларына жаңаша көзқарас танытатын уақыт жетті демекпін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дамыта оқытудың тиімділігі. <https://kitaphana.kz/refkaz/236-pedagogika/2920-damita-okitudin-timdiligi.html>
2. Жұлдызды Жапония <https://ortalyq.kz/zh-ldyzdy-zhaponiya/>
3. Мағжан Жұмабаев «Педагогика» кітабы. 1922 жыл.
<file:///C:/Users/User/Downloads/M.Жұмабаев%20Педагогика.epub>
4. Мазмұны жаңарған білім – заман талабы. <https://bilimainasy.kz/%>
5. Оқу үдерісіндегі қалыптастырушы бағалау.
<https://ulagat.com/2020/07/31/%D0%BE%D2%9B%D1%83->

№19 Раушан бөбекжай бақшасы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені

Ашимова Меруерт Асылкановна

Мектепке дейінгі жастағы балалардың ойын арқылы сөздік қорларын дамыту жолы.

*Бала тілінің дұрыс өркендеуінің бірінші шарты –
балаға сөзді бұзып сөйлемей керек.*

Егеменді еліміздің талабына сай мемлекеттік тілді меңгеру, оқыту, қазіргі заманға сай білімді де, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу педагогтар еншісінде. Мектепке дейінгі балаларға тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу, тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, құрастыра сөйлеуге, сөздік қорының молаюына баса көңіл бөлген жөн. Сәбилердің дүниетануын кеңейтіп, ойын өрістетіп, тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Балабақшада балалардың дұрыс сөйлей білу мәдениетіне айнала қоршаған ортамен, сондай-ақ көркем әдебиетпен теңестіру арқылы жүзеге асыруға болады. Әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде дидактикалық ойындарды қолдану арқылы балалардың қиялын шарықтатып, ойлау қабілетін ұштауға болады. Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі – тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептеледі. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;
- жаңа сөздерді меңгерту;

үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет болып саналады. Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішіндегі ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды.

Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойыннан өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты.

Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы.

Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорын дамытады. Арнайы ойын-сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуына жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады.

Сонымен ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Өр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады.

Сондықтан ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелерін ескерген жөн.

Тәрбиеші балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да атын ата», «Қай ағаштың жапырағы?», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз?», т.б.. Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш?», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есінде сақта», т.б..

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйретеді. Мысалы. «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата», т.б.. Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысында ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Өрнекті есінде сақта», «Қиын жолдар», «Суретті жалғастыр», «Биші адамдар», «Көңілді таяқшалар» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін береді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады. Жалпы ойынды ұйымдастырып ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады.

Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады.

Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді.

**№19 Раушан бөбекжай бақшасы
Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені**

Аширова Ұлжалғас Жұмабайқызы

Біздің болашағымыз балалар

Бүгінгі күні жас ұрпақтың сана-сезіміне өз елінің, жерінің тарихы мен мәдениеті туралы алғашқы ұғымдарды кішкентай кезінен қалыптастырамыз. Балабақша-бүлдіршіндерді болашақта ата дәстүрін сақтайтын инабатты да ибалы, үлкен-кішіні сыйлай білуге үйрететін тәрбие мекені. Өмірге келген жас ұрпақты тәрбиелеу ата-аналар мен балабақша тәрбиешілерінің қасиетті борышы. Балалық шақ және жасөспірімдік кезең-адам өміріндегі сенім, мінез-құлық сияқты басты ұстанымдарды қалыптастыратын мезгіл. Бұл мезгілде тәрбиенің басы-отбасы. Отбасында ұрпақты тәрбиелеп шығаруда басты рөл ата-анаға жүктеледі. Өйткені өмірінің алғашқы кезеңінде нәресте қоршаған ортадан бұрын ең жақын жанашырлары-ата-анасына еркелейді. Солардан үйренеді, еліктейді. Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген даналық сөздің түпкі байламы осы. Отбасы-тұлға шындалып, шынығып қалыптасатын орын. Отбасы жағдайында баланың тұлғалық қасиеттері бірте-бірте қаланады. Осы қаланған қасиеттер, әдетте, ешқандай өзгерістерге ұшырамайды да, мызғымас тұлғалық тұтастыққа айналады. Кейбір ата-аналар баласының жағымсыз қылықтары мен жүріс-тұрыстарын айтып шағынады, тіпті, осы тұрғыда психологтардан ақыл-кеңес сұрап та жатады. Алайда, көп жағдайда ондай келеңсіздіктердің себебі ата-аналар берген тәрбиеден шығып жатады. Өйткені, сол ата-аналардың өздері бұрын түрлі қателіктерге ұрынған, психологиялық тежелістерге шалдыққан жандар болып шығады. Өздерінің қатекемшіліктерін түсінбеген ата-аналар сәбилерінің неліктен өзгергеніне қатты танданып жатады. Сондықтан да бала тәрбиесі ата-ананың өздері тәрбиелеуден, өздерін жақсы халге өзгертуден басталады. Бала тәрбиесіндегі басты алғышарттардың бірі де осы. Бала тәрбиесі-баршаның ісі.

Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүдесі біреу. Ол-болашақ ұрпақ тәрбиесі. Болашақ ұрпақ тәрбиеленетін алғашқы ұя-отбасы, ата-ана құшағы. Жас сәбидің өмір табалдырығын аттағандағы алғашқы еститіні-шешесінің мейірбан сөзі, көретіні-анасының аялы алақаны. Яғни, ата-әженің өнегесі, өнері балаға үлгі болатыны, бала үйде қандай игі істерге тәрбиеленсе, ұядан ұшқанда да сол өнеге-өсиет оған сарқылмас қазына болары сөзсіз. Қазірде дүниеге дені сау бала әкеліп, ол нәрестенің өсуіне, жан-жақты жетілуіне, жеті жасқа дейінгі дамуының педагогикалық мүмкіндіктерін айқындап, ата-аналармен бірлескен ынтымақты тәрбие жүйесін қалыптастыру көзделуде. Көрнекті ақын, ойшыл философ Ғұмыр Қараштың «Су басынан тұнады, өрт алдынан сөнеді» деген тұжырымы мен оның келешегі жайында айтылған. Сол тұнық судай мөлдір, пәк те таза, адал да аңғал сәбилеріміздің тәрбиесіне дұрыс көңіл аударып, оларды сөз әдебін қалыптастырып, салауатты өмір сүруге дағдыландыру-әрбір ата-ананың міндеті. Мағжан Жұмабаев өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген болатын: «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек». Иә, Мағжан атаның даналық ойы бүгінгі күні білімді ұрпақ екенін айқындайды. Өйткені, елдің ертеңгі тірегі-жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Қазіргі таңда ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік артып отыр. Бала тәрбиесі-баршаның ісі. Қазір

қоғам ата-анадан өмірді бағалайтын бала тәрбиелеуді талап етіп қоймайды, сонымен бірге қоғам алдындағы жауапкершілігі мен міндетін терең сезіне білетін бала тәрбиелеуді талап етеді.

Балаға айналадағы өмір шындығының әсері мол. Айналасындағы үлкендердің, ересек балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы, көңіл-күй ерекшеліктері, жүріс-тұрысы, еңбек әрекеті-бәрі де балаға үлгі-өнеге. Бүгінгі балалар айналадағы болып жатқан барлық оқиғаларды білгісі келеді. Баланың тұлға болып қалыптасуына отбасына тәрбиесі аздық етеді. Бұл орайда бала тәрбиесіндегі балабақшаның алар орны ерекше. Себебі, балабақшаға баратын бала қоғамда өз ойын ашық айтуға үйренеді. Сонымен қатар жан-жақты жетіледі. Әсіресе, балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруіміз керек. Және баланың үйде отырмай балабақшаға барғаны жөн. Өйткені бала сыртқа шықса, айналадағы ортаға үйренеді, мінезі тұйық болмайды, адамдармен тез араласады. Балабақша баланы ең алдымен тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді. Бала тәрбиесі бесіктен басталады. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болады. Қазіргі заманда әр отбасында дүниеге келген сәбиді, өсіп жатқан буынды өзінің ана тілімен сөйлету-ұлттық қасиетіміздің дамуының бірден бір жолы. Мектепке дейінгі тәрбие саласында ұлттық тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі-халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ана тілінде түрлендіріп, сол арқылы баланың тілін дамыту. Әрбір бөбектің өз ана тілінде тілі шығып, осы тілде ойлау қабілетінің дамуы-ұлттық мінез-құлықтың қалыптасу жолы. Ана тілінің қадір-қасиетін жастайынан түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар. Міне, біздің кішкентай ботақандарымыз тіл шұрайының шырын балын татып өссе екен дейміз. Бүлдіршіндерге үйрететін сөздер қылыштай кесіп түсетін өткір де дәл, сезімге әсер етіп, сөйлеуде жандандыратын, ойлаудың икемділігі мен тездігін дамытатын, балалардың сөздік қорын жетілдіре түсу қызметін атқаратындай болуы шарт. Сөйлеу қатынасы баланың білімді меңгеруіне, қажетті білік пен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Баланың өз ойын түсінікті, ұғымды жеткізе білуі отбасынан бастап қалыптасады. Оның алғашқы ұстазы-ата-анасы, тетелес ағалары мен әпкелері. Олармен күнбе-күн араласу, сөйлесу арқылы баланың тілі күн санап жетіле береді. Баланың тілі неғұрлым бай болса, ойы да соғұрлым кең болады. Сондықтан бала тілін кішкентай күнінен байытып, ойын кеңейте түсу отбасының, балабақшаның қажырлы еңбегінің арасында жүзеге асады. Халқымыз ұрпақ тәрбиесіне ешқашан енжар қарамаған. Олардың бойына жақсы қасиеттерді дарытуды, елінің ертеңін ойлар азамат етуді әу бастан-ақ мұрат тұтқан. Өйткені жас ұрпақ-елдің ертеңі, сондықтан «ұлықты ұл, қылықты қыз» өсіруге ерекше назар аударған. Ұрпақ тәрбиесі бір сәт те естен шықпауы керек. Бүгінгі таңда бала тәрбиесі өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Бала тәрбиелеуде ата-ана баласына тәрбие мен білімді беру мүмкіндігін де ескеруі қажет. Кез келген адамның өз дәрежесі өзіне белгілі екендігін ескерсек, онда ұрпақ сұранысы да соған сай болуы тиіс. Мұндайда балаға өзіміз үлкен боларлықтай амал-әрекетімізді, яғни, әкелік міндетіміз бен аналық парызымызды орындай білу бірінші кезекте тұрады. Ал, бұл мәселелерді орындау үшін ата-ана үлгі болуы шарт. Бұл «Балам дейтін әке болмаса, әкем дейтін бала қайдан болсын?» дегенді алға тартады. Қазақ халқында «Баланы бес жасқа патшасындай күт, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, он бес жастан асқан соң досындай сырлас» деген тамаша сөз бар. Бұл-мағынаны терең философиялық өмір шындығы. Адам мінезі бес жасқа дейінгі кезеңде қалыптасады деседі. Ендеше, жас сәбиді алғашқы күннен бастап тәрбиелеу керек.



Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы
Ақтөбе қаласы.МКҚК №52 «Құлагер» балабақшасы
Тәрбеші: Балғужиева Гульгуль Базаровна

Тақырыбы: Қыстап қалатын құстар.

Білім саласы: «Әлеуметтік», «Коммуникация», «Шығармашылық».

Білім бөлімдері:Қоршаған ортамен таныстыру, Тіл дамыту,Аппликация.

Оқу қызметінің түрі: интеграция

Мақсаты:Қыстап қалатын құстар туралы білімдерін кеңейту.

Білімділік:Тілін ,сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін,дүниетанымын,сұраққа толық жауап беруін дамыту.

Дамытушылық: Жұмбақтар шешу арқылы ойлау,қиялдау қабілеттерін арттыру. Құстардың мекені, қоректенуі және неліктен қыстап қалатын құстар деп аталатынын түсіндіру.

Тәрбиелік:Баланың есте сақтауын, шығармашылық қабілетін ,қол икемділіктерін жетілдіріп, Олардың адамға әкелетін пайдасы туралы айта отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Алдын-ала жұмыс:қыстап қалатын құстар тіршілігімен таныстыру.

Көрнекі құралдар:АКТ , ұнтаспа ,құстардың суреттері, құстар туралы жұмбақтар,ертегі кейіпкерлері, ақ бет құстың суретімен, қызыл түсті жіп, желім.

Қолданылған әдіс-тәсілдер:түсіндіру,көрсету, сұрақ-жауап,әңгімелеу,ойын, трек сызба сы, дәстүрден тыс әдіс (жапсыру).

ҰОҚ барысы

Құстардың дауыстары естіліп тұрады.

Тәрбиеші:Балалар, нелердің дауысы естіліп тұр? Бұл құстар жасырынып қалыпты. Ал , олар қандай құстар екенің білу үшін жұмбақтың шешуін табу керек.

Жұмбақ

1. Тақылдатып,мазаны алып,
Ағаштарды тазалап,
Ормандарды емдейді,
Зиянкесті жазалап.**(Тоқылдақ).**

2. Ұзақ тектес құс,

Шеркей жеп.

Ауыл маңынан,

Ұзақ кетпес құс.**(Шымшық торғай)**

Тәрбиеші:Бұлар қандай құстар?

Балалар:Қыстап қалатын құстар.

Қоян : Сәлеметсіздер ме, балалар?

Тәрбиеші:Сәлеметсің бе ,қоян! Қайдан келдің, нағып жүрсін?

Қоян: Мен орманнан келдім , орманда тып-тыныш болып қалды, құстардың да дауысы шықпайды. Неге екенің білмейім.

Тәрбиеші: қоян , кәне балалардың қасына отыр, бәріміз бірге ойланып көрейік.

Тәрбиеші:-Балалар, қыс қандай болады?Қыстың мезгілінде құстарға оңай болама өмір сүруге? Неліктен оңай болмайды?

Балалардың жауаптары.

Тәрбиеші:Біздер жемсауыт жасап жем шашып тұруымыз керек.

- Құстар немен қоректенеді?

Балалардың жауаптары.

Тәрбиеші:Дұрыс балалар. Қай құс немен қоректенетінің білгілерін келеме?

1. «Қай құс немен қоректенеді?».

Торғайлар бидай, тары, шемішкі, нан қиқымдарымен қоректенеді. Оны бұлай белгілеп қояйық

Шымшық торғайлар бидай, тары, шемішкі, нан қиқымдарымен және шошқа майымен қоректенеді екен.

Суықторғайларжидек, дәндердіқорек етеді, ағаш басында қалып қойған шетенді шоқып жейді.

Қарғалар қалдықтармен қоректенеді.

Тәрбиеші: Мына белгілерге мұқият қарап , қай құс немен қоректенеді екенін біліп құстардың қасына ілу керек болады.**Балалар бір-бірлеп шығып құстың қасына апарып қояды және айтады немен қоректенді екенін.**

2. «Жыл құстары мен қыстап қалатын құстар»

Шарты: қыстап қалатын құстарды айытқанда балалар ұшып жүреді, ал жыл құстарын айтқанда балалар орындарына отырады.

3.Ойын: «Қай құс қалай дыбыстайды» (балалар құстардың дауысын салады)

- торғайлар– шық-шық
- суықторғай – тинь – тинь
- қарға – кар – кар

3. «Бір қазан сүт» ертегісін оқып , талдап сахналау.

- Қандай құстар кездесті?
- Олар қандай құстар?
- Бір қазан сүтті нелер ішіп кетті?

5.Дидактикалық ойын :«Қай құс артық».АКТ слайдпен жұмыс.Мына құстардың ішінен артығын табу керек және неге ол артық екенің түсіндіру керек.

Жылы жаққа ұшып кететін құстарды қалай айтады?(Жыл құстары)

- Неліктен құстар ұшып кетеді?
- Мүмкін олар аяздан қорқатын шығар?
- Қане ойланып көрейік.

Біз білеміз күзде көп жәндіктер жоқ болып кетеді, ұйықтайды, тығылып қалады т.с.с. құстар жәндіктермен қоректенетін болса, қыста оларға тамақ болмайды сондықтан олар жылы жаққа ұшып кетеді.

5.Шығармашылық жұмыс. Құстарды әшекелеу, аппликация.

- Құстың қанаты нешеу?
- Құстарда неше аяқ болады?
- Неше көздері бар?
- Басы нешеу?
- Ендеше орнымызға барып«Құстарды» әшекеелейік.

Қорытынды:Педагог балаларға сұрақ қойып бүгінгі жиыннан алған әсерлерін, көңіл-күйлерін, немен айналысқандарын, не үйренгендерін сұрайды.

- Қандай құстар туралы айттық?
- Егерде құстар болмаса не болады?
- Құстарға біз қалай көмектесе аламыз?

Серуенге шыққанда құстарға шемішкі, алма, нан қиқымын береміз.



Басжанова Зинеш Кенесовна

"Бәйшешек" бөбекжай-бақшасы КМҚК

Тәрбиеші

**Атырау облысы Жылыой ауданы Майкөмген
ауылы**

Білім беру саласы: Физикалық қасиеттерді дамыту дағдысы

Оқу қызметі: Дене тәрбиесі

Тақырыбы: «Былғары доп» допты екі қолмен алға қарай лақтыру.

Мақсаты: Текшелер, арасымен жүруге, допты алға қарай лақтыруды үйрету. Ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсіндіру. Жалпы дамыту жаттығуларын орындау біліктерін арттыру.

Сабақтың түрі: аралас.

Көрнекіліктер: Доптар, кедергілер, матрастар, шарлар, суреттер.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойындар, жұмбақ.

Ұйымдастыру оқу қызметінің барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

Балаларды саппен кіргізу.

Шаттық шеңбер:

Жарқырап күнде ашылды,
Күн нұры түгел шашылды
Қайырлы күн қонақтар
Біз әдепті баламыз
Қайырлы күн ұстазым
Біз көңілді боламыз

Менің сұрақтарыма жауап беріңдерші:

- Балалар біздің Республикамыз қалай аталады? – Қазақстан Республикасы
- Біздің ауылымыздың аты мен балабақша атауы қалай аталады?
- Майкөмген ауылы, «Бәйшешек» бөбекжай-бақшасы
- Біздің бас қаламыз қай қала? – Нұрсұлтан қаласы
- ҚР Президенті кім? – Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы
- Біз қандай ҰОҚ өткізілетін жерге келдік? - Спорт зал

- Бұл жерде қандай іс-әрекеттер, қандай жұмыстар жүргізіледі? - (дене жаттығу жұмыстары, жүгіру, доп ойнау)

- Денсаулық саласы бойынша дене тәрбиесі пәнінен сіздерге кім дәріс береді? - Жазира Сәрсенғалиқызы

- Балалар мына бір жұмбақты шешіп бүгінгі ҰОҚ-нің тақырыбын тауып көрейікші.

Бала біткен соғады

Жеңіл шарды домалақ.

Ұрсаң

Ұшып жоғары,

Жерге түсер домалап. (Доп)

Осы жерде бізге Жалқаубек келеді. Балалар неге шулап жатсыңдар. Мен сендердің дауыстарыңнан оянып кеттім. Жүріңдер менімен бірге қыдырасыңдар ма? Бірге қыдырып көңіл көтерейік.

Тәрбиеші: Жоқ Жалқаубек біздің балалар қыдырмайды. Оданда сен біздің балалармен бірге жаттығу жаса. Кел бірге жаттығу жасаймыз.

Жалпы дамыту жаттығулары: (Музыка жүру керек) Жалқаубекпен бірге

Былғары доппен қозғалмалы бой жазу жаттығулары:

1) Балалар бір қатарға сапқа тұрамыз бір-екіге саналамыз. 2-ші балалар 1 қадам алға шығып, қолдарындағы допты бір-біріне береді.

2) Балалар ортаға келіп 2 қатар сапқа тұрыдыда қолдарындағы допты жоғары көтеріп, екі қолдап бір-біріне жалғастырып беріп, соңғы бала аяқтарының ортасымен допты домалатып алдағы балаға беру.

3) Одан кейін бір-біріне қарама-қарсы тұрып, қолдарындағы допты жерге ұру арқылы бір-біріне беру.

Сергіту сәті: Добым -добым домалақ
 Зымырайды домалап
 Секіреді тындайды
 Ұстап алам қуалап

Добым -добым домалақ
Тоқтамайсың домалап,
Үстел үстін бүлдірдің
Тереземді сындырдың

Добым -добым домалақ
Қайда кеттің домалап
Сүт құйып ем күшікке
Төгіп кеттің обал-ақ

Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары:

1). Балалар гимнастикалық матрасқа домалап және де кедергілер арасынан өту.

2) Балалар шеңберге тұрып, шпагатқа отыру арқылы бір-біріне допты домалатып беру.

3) Шеңбер арқылы жерге жатып, бастарын көтеріп, аяқ ұшына тигізу.

Тыныс алу жаттығуы: Шар үрлеу.

Қорытынды:

- Балалар біз бүгін не жасадық? – (Біз бүгін жаттығулар жасадық)
- Сендер жаттығуды немен жасадыңыздар? –(Бүгін біз жаттығуды доппен жасадық)
- Доппен қандай ойындар ойналады? –(футбол, волейбол, баскетбол ойындары ойналады)

Бағалау: Белсенді қатысқан балаларды атап өтіп, мадақтап, өте жақсы деген смайлік беру.



**№19 Раушан бөбекжай бақшасы
Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені**

Батырханова Ырыскүл Әбдіжаппарқызы

Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық –кеңістікті дамытушы орта

«Балалар сұлулық әлемінде, яғни ойын, ертегі, ән, сурет, қиял және шығармашылық әлемінде, өмір сүруі керек. Бұл әлем баланы қоршап алуы қажет...» В.Сухомлинский

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтарды пайдалану немесе педагогикалық үрдісті жүзеге асыруға қажетті уақыт пен кеңістік жағынан жүйелі ұйымдастырылған, қажетті заттармен, ойын құралдарымен жабдықталған эстетикалық, психологиялық-педагогикалық шарттардың жиынтығы. Бұндай ортада бала белсенді танымдық, шығармашылық іс-әрекетке қосылады, қызығушылығы дами түседі, қиялы, ақыл-ой және бейнелік қабілеттері, қарым-қатынас жасау дағдысы дамиды, ең бастысы, үйлесімді тұлға дамуы жүзеге асады.

Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар дамытушы орта баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға, оны бойына сіңіруіне септігін тигізеді, мектеп жасына дейінгі балаға өз қабілеттерін сезіну және қолдануға мүмкіндік береді, өз қабілетін, шығармашылық шешімдер қабылдай алу дағдыларын дамытады.

Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады. Дамытушы орта баланы әрекетке ынталандырады, оны тұлға ретінде дамытады, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал етеді. Осылайша, заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;
- қолжетімді;
- әртүрлі;
- мазмұнды;
- көп атқарымды;
- өзгермелі;
- тартымды болуы тиіс.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

1) ерте жас тобында және кіші топта: 17 танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

2) ортаңғы топта: дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

3) ересек және мектепалды даярлық топтарында: дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар.

Сонымен қатар, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру барысында барлық топтарда ойыншықтар мен ойын материалдарын толықтырып отыру қажет. Көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын жүзеге асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады.

Тәрбиелеу — білім беру жұмыстарын тәрбиешілер мен жеке мамандар бірігіп жүргізеді. Осындай жұмыс нәтижесінде баланың жан-жақты дамуында баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтың кәсіби деңгейін көтеруде және психопедагогикалық мәдениетілігін арттыру, ата-аналармен жұмыстың жаңа формаларын пайдалану арқылы міндеттерді сәтті шешуге көмегін тигізді.

Заттық-дамытушы орта мынадай психологиялық-педагогикалық өлшемдерге жауап беруге тиісті:

- баланың психикалық даму деңгейіне сәйкестігі;
- жүйелілігі;
- көп функциялылығы;
- баланың шамасына сай болуы;
- трансформациялануы;

мазмұны бойынша және функционалдық міндеттері бойынша вариативтілігі.

Заттық ортаға қойылатын бастапқы талап — оның дамытушылық сипаты. Ол балабақша бөлмелерін, сондай-ақ учаскені заттық кеңістікте ұйымдастыру арқылы баланың мүдделері мен қажеттіліктеріне, ал олардың элементтері (құрал-жабдықтар, ойыншықтар, дидактикалық материал т.б.) баланың дамуына қызмет етуге тиіс.

Тәрбиешілеріміз балалардың бойына қайырымдылық пен сүйіспеншілікті, адамгершілік пен ізгілікті, парасаттылық пен мейірімділікті қалыптастыру, олардың денсаулығын қорғау және нығайту, салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыру, әрбір балаға балдырған шақ кезеңін қуанышты да, мазмұнды өткізу мүмкіндігін беру мақсатында жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып: «Зерек бала», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы», «Өзін-өзі тану» эстетикалық тәлім-тәрбие беру бағдарламалары мен жұмыс жүргізеді. Бұл бағдарламаларда балалардың психикалық дамуына көп көңіл бөлінген. Сонымен бірге балалардың өз тобында өзара байыпты, сыйластық қарым-қатынастарын қалыптастырудың тиімді технологиялары әзірленіп ұсынылған.

Балалардың заттық-дамытушы орталықтарына ерекше көңіл бөлінеді. Әсіресе серуен алаңдары мен аулаларға жаңа үлгідегі әткеншектер, карусельдер, ойын алаңдары, жаңа көшеттер, құммен ойынау алаңдары, сырғанақтар, болған дурыс. Әрине, мұның барлығы балалар үшін, олардың қуанышы үшін жасалынып жатқан жұмыстар.

Кеген ауданы, Тасашы ауылы, Тасашы орта мектебі

Ағылшын тілі пәні мұғалімі

Бектемисова Куралай Сатыбалдиевна



Жасанды Интеллекті (Artificial intelligence) ағылшын тілінде қолдану үлгісі

Жасанды Интеллект дегеніміз заманауи білім саласындағы жаңаша жетістік деп айта аламыз. Яғни, ақпараттар ағыны дамыған заманда адамзаттың білім алу мүмкіндігі мен қабілетін тың деңгейде білім алуға және алған білімін барынша тиімді, қажетіне жаратуға мүмкіндік беретін жүйе деп сеніммен айтамын. Адамзаттың алдағы жүз жылдықта кең қолданатын, сол арқылы дамудың жаңа деңгейіне жеткізетін білім құралы.

Қазіргі уақытта Жасанды Интеллекттің жарқын мысалы күнделікті өмірімізде кеңінен қолданылуда. Біз сол жетістіктерді күнделікті пайдаланып жүрміз. Мысалға, банк қызметімен тұрақты байланыс, сауда-саттық үшін кері байланыс, өзара тиімді сөйлесу, сұрақ-жауаптарымызға жауап алып, қажетті ақпараттарды тезірек табуға мүмкіндік алу, мәтін, сурет, аудио, видео қызметтерін пайдалану сияқты көптеген қызмет салаларында кеңінен пайдаланылуда. Бұл жағдай тек қана біздің еліміз емес, барша әлемде кеңінен таралып, жаңаша үрдісті қалыптастырып отырған күнделікті өміріміз.

Бүгінгі күні білім беруде жасанды интеллекттің өте аспаптық форматымен – семантикалық талдаумен байланысты технологиялар қолданылады. Бұл мәтінді тану, дыбысты мәтінге айналдыру, бейнелер мен фотосуреттердегі эмоцияларды талдау.

Өздігінен білім алатын нейрондық желілер белгілі бір нүктелерде мұғалімнің мінез-құлқы мен оқушының мінез-құлқы қалай байланысты екенін, қандай нұсқалар бар екенін көрсететін үлгілерді таба алады.

Ұсыныс және сәйкес қызметтер саласында жасанды интеллекттің сәйкестік қызметтері пайдаланылады, олар қол жетімді деректердің үлкен көлемін талдау негізінде қайда бару керектігін немесе нені таңдау немесе сатып алу керектігін айтады. Мысалы, сіз Интернетте, содан кейін әлеуметтік желілерде немесе пошта арқылы бірдеңе іздеген кезде, сіз жарнамада дәл осындай хабарлама аласыз: сіз кітап туралы ақпарат іздедіңіз, енді сіздің жарнамалық баннерлеріңіз тақырыптар бойынша кітаптарды ұсынады.

Жасанды интеллект ұстазға көмекші репетитор бола алады. Арнайы репетиторлық қосымшалар арқылы, білім алушы кез-келген уақытта түсініксіз тақырыпты оқып түсіне алады. Сонымен қатар, Жасанды Интеллект білім алу мекемесінің қызметін сараптап, талдай алады, проблемалық аймақтарды анықтап, білім берудегі кемшін тұстарын толықтыруға кәсіби бағдар алуға жәрдемші болады.

Жасанды интеллект жазбаша жұмысты және емтихан тапсырмаларын белгіленген өлшемдер мен стандарттарды қолдана отырып толық тексеруді үйренеді, бұл мұғалімдердің

беделін арттырып, кәсіби дамуына жетелейді. Жасанды интеллект оқушылардың іс-әрекетін талдай алады

Сондай-ақ ЖИ оқушының қазіргі кездегі эмоционалдық және физикалық жағдайын, сабаққа келмеу себептерін, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін талдай алады.

Қарапайым мысалы ретінде, ағылшын тілі пәнінде мұғаліммен интеллектуал оқыту әдісі бақылаулы оқыту деп аталады. Оның мәні мынада: оқыту үшін нейрондық желі арнайы мәліметтер жинағын (деректер жинағы) алады, онда бұл деректердің нені білдіретіні алдын ала белгіленеді. Яғни, нейрондық желі өзі беруі тиіс сұрақты да, жауапты да алады. Ол мұндай деректердің үлкен көлеміне «қарайды», осылайша дұрыс жауап беруге үйренеді.

Ең бастысы – деректер туралы дұрыс сұрақтар қою. Міне, ата-ананың өзі балаларын үйреніп, үйретуі керек. Яғни, сұрақтар құрастыру, гипотезаларды тұжырымдау, осы сұрақтар мен гипотезаларды деректер бойынша тексеру. Осы сұрақтарды сол нейрондық желілерге, жасанды интеллектке қойыңыз. Олардың не ойлап тапқанын қараңыз. Сұрақтарды қайта құрыңыз, табысқа жеткенше жаңа тәсілдермен сұраңыз.

Бұл дұрыс сұрақ қоя білу 19 ғасырда қазіргідей маңызды болды. Ештеңе күрт өзгерген жоқ. Бұл жай ғана қазір біз ежелгі томдар мен ғалымдарға, профессорларға ғана емес, сонымен қатар нейрондық желілерге де сұрақ қоя аламыз.

Жасанды интеллектіні білім беру саласында қолдануы, мысалы, болашақта білім алушылардың шығармашылық тапсырмаларын – эссе, шығармаларын автоматты түрде тексеретін программалар ойлап шығарылады. Жасанды интеллектіні білім беру саласында қолдану идеялары өте ауқымды.

AI-дағы, атап айтқанда ChatGPT-дегі жетістіктер туралы сөйлесейік. Егер сабақ барысында сізге үйде берілген үлгіні қалай меңгергеніңізді көрсету керек болса, онда ChatGPT қажет емес. Өйткені үлгі сізге қалай берілсе, солай көрсетілуі керек.

Егер біздің сабағымыз дискурсивті форматта болса: қарым-қатынас және пайымдау форматы, онда сіз өзіңізді дайындауыңыз керек

Егер біз балалардан тек үлгі бойынша білетіндерін растауды талап етсек, ChatGPT білім беруді бұзады. Өйткені қызмет оларға оқитын, бірақ түсінбейтін мәтіндерді береді.

Егер сіз және мен жұмысты әртүрлі позицияларды білдіруге және әртүрлі көзқарастарды қорғауға болатындай етіп талқылау форматына ауыстырсақ, онда мұғалім тек модератор, баяндамашы ретінде әрекет етеді, ал AI көмегімен сіз екі сабақта да жақсы дайындала аласыз. сыныпта және үйде. Олардың сізге қандай сұрақтар қоятынын әлі толық білмейсіз. Өйткені, талқылау әрқашан импровизация болып табылады.

Жасанды интеллектіні қолдану салалары өте үлкен.

Ойын индустриясында. Ойында шынайылық сезімдерін тудыру үшін түрлі жасанды интеллект туындыларын қосады. Жасанды интеллект ойындарда сауықтыру емес, практикалық рөл атқарады.

ЖИ көптеген міндеттерді атқарады: негізгі нысандардың әрекетіне жауап беретін жалпы ережелер жиынтығын өңдеуден бастап персонажды басқаруға дейінгі әрекеттер. Жүйелік ресурстарға қойылатын талап жасанды интеллектінің мақсаты мен атқаратын міндетіне тікелей тәуелді. Жүйе күрделі болған сайын, жасанды интеллектіні жасау үшін қажетті ресурстар соғұрлым артады. Қарапайым тілде айтатын болсақ, ойын барысындағы әрекеттерді есепке алу үшін процессордың қуаттылығы мен жұмыс уақыты талап етіледі.

Күрделі ойындарда ЖИ-ден қоршаған ортаны талдау, қолданушының әрекетін бақылау, алдыңғы жетістіктерді бағалауға қабілетті түрлі құралдар талап етіледі.

Жасанды интеллектінің адамзаттан айырмашылығы:

ЖИ артықшылықтары:

1. Көп ақпаратты аз уақыт ішінде есте сақтау және өңдей білу қабілеті. Адамның есінде ауқымды ақпарат сақталуы үшін күніне 3–4 рет қайталап, уақыт өткен сайын жадысын жаңғыртып отыру керек болады. Ал жасанды интеллект бір жаттағанын ешқашан ұмытпайды.
2. Сандық ақпаратты жылдам өңдеу қабілеті. Мысалы, адам екі орынды санды қосып болғанға дейін, жасанды интеллект экономикалық жағдайды талдап, қай валютаны сатып алу тиімді екендігін есептеп үлгереді.

ЖИ кемшіліктері:

1. Жасанды интеллект ақпаратты әлі де толық сапалы етіп өңдей алмайды. Кез келген сапалы ақпарат математикалық модель түрінде ұсыныла алатындықтан, бұл кемшілік белгілі бір уақыт ішінде шешімін табады.
2. Жасанды интеллект әлі толық жетілдірілмеген және жиі істен шығып қалып жатады, сондықтан үнемі жасанды интеллект жүйесін басқарып отыратын адам керек.

Нақты өміріміздегі жасанды интеллект. Жасанды интеллект енді дамуда, оның барлық көріністері адамға қолжетімді емес. Күнделікті өмірімізде қолданылып жүрген жасанды интеллект мысалдарын келтіретін болсақ, олар:

1. Дамыту, жетілдіру, сауықтыру мақсатындағы түрлі мобильді қосымшалар.
2. FaceID қызметі. Бұл – смартфонды адамның түр-әлпетімен блоктан шығаруға мүмкіндік беретін қызмет. Арнайы алгоритм адамды сканерлеп, әмбебап түр-әлпетін құру арқылы оны идентификациялауға мүмкіндік береді.
3. Смартфондардағы виртуалды көмекиілер жасанды интеллектісін дыбысты танудан бастап, дайын нәтиже беруге дейінгі барлық қызметтер үшін қолданады. Мұндай мүмкіндіктер күн санап артып келеді.

Жасанды интеллектінің ең басты артықшылығы – адамның өз ақыл-ойын арттыруға қабілетті болуы.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Информатика: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстануматематикалық бағытының 11-сыныбына арналған оқулық. / Г.И.Салғараева, Ж.Б.Базаева, А.С.Маханова
2. Ағылшын тілінде жасанды интеллектіні қолдану , www.google.com



Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы
«Үстірт» бөбекжайы ЖБҚ МКҚК тәрбиешісі

Бердибаева Талшын Бердибаевна

Асфальтқа сурет салу сайысы

Білім беру саласы: әлеуметтік орта

Тақырыбы: «Анам, әкем және мен-тату тәтті отбасы»

Мақсаты: «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету;
балаларға өз отбасы мүшелері туралы айтып, олардың қамқорлықтары туралы білім беру,

Әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Ұйымдастыру кезеңі: “Қайырлы күн” деп айтамыз, Түсте бірге қайтамыз. Отбасының гүліміз. Көңілді өтер күніміз.	Балалар ұйымдастыру кезеңін қимылмен, іс-әрекетпен дене мүшелері арқылы көрсетеді.
Іздену ұйымдастырушылық	Күтпеген сәт: «Қонаққа Дымбілмесің келуі». Балалар қарандаршы бізге бүгін қонаққа Дымбілмес келіпті. - Сәлеметсің бе Дымбілмес? Дымбілмес: - Сәлеметсіңдер ме? Балалар маған сендерден көмек керек. Білгішбек екеуіміз бәстестік. Егерде мен оның берген жасырған жұмбақтарын шешіп берсем, ол мені өзінің «Білгіштер» тобына қабылдайды. /жылайды/ Енді қайттім, мен қанша оқысам да басыма түк кірер емес. - Дымбілмес жылама, Балалар не істейміз? Дымбілмеске қол ұшымызды береміз бе? - Рахмет, балалар. Міне, Білгішбектің тапсырмалары: 1-жұмбақ: <u>Кім</u> отыр кәріміз, Қуат берер дәріміз.	Балалар аң-таң болып қарайды. Сәлеметсіз бе. Иә,көмектесейік. Қол ұшымызды береміз. Ата

Әулиедей аялап, Ардақтаймыз бәріміз! 2-жұмбақ: <i>Кім менің асыл жан Жақсылыққа үйретін, Жамандықтан шектейді. Кімге ешкім жетпейді!</i> 3-жұмбақ: <i>Кімім менің ардақты Алтыннан да салмақты Қиын-қиын жолдардан Қорықпаймын ол барда Кім деген ардақты ат Өтемін оны ардақтап.</i> 4-жұмбақ:	Әже-
“Кімім” – деп балаң жырын арнаған Неге ғана естімеген тәтті үнін Кімім менің – өмірдегі тірегім Кімім менің – кеудемдегі жүрегім Егер менің қасымда сен болмасаң Бұл өмірде қалай ғана жүремін. Балалар біз жұмбақтың дұрыс жауабын таптық. Дымбілмес:	Әке-
- Рахмет балалар. Алақай, мен енді «Білгіштер» тобына қабылданам. Балалар сендер маған көмектестіңдер. Енді мен Білгішбекке барып жауабымды айтайын. Сау болындар.	Ана
- Балалар, біз кімдер туралы айтып отырмыз. Бір сөзбен қалай атаймыз? - Өте жақсы балалар, отбасы мүшелері. Отбасы - адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені осы отбасында өтіп жатады. Олар бізге осы дүниедегі ең жақын, бізді әркезде қолдап, қол ұшын беріп, көмектесетін, ақыл айтатын, жаман мен жақсыны, оңмен солды үйрететін ең жақын адамдар	Сау болыңыз. - Отбасы, отбасы мүшелері.
Құрметті Ата-аналар! Ендеше сөздерге тапсырма «Бақытты отбасы» деген сөзді естігенде сіздерге қанлай бейне елестейді. Жалпы отбасы деген үлкен ұғымды сурет арқылы сипаттап берсеңіздер. Ата аналар балалармен бірге сурет салады. Қане балалар, біраз сергіп алайық. Сергіту сәті:	

	Үйде нешеу екенбіз Кел санайық екеуміз, Бас бармағым әкем Балаң үйрек анам. Ортан терек ағам Шылдыр шүмек мен Кішкене бөбек сен Бір үйде біз нешеуміз Бір үйде біз бесеуміз. Балалар сергіту сәтінде кімдер туралы айттық? Иә, дұрыс айтасындар сендердің әрқайсыларыңның өз отбасыларың аналарың, әкелерің, апайларың, ағаларың, қарындастарың, інілерің бар. Сендер оларды қатты жақсы көресіңдер ме? отбасы мүшелерін айта отырып балаларға суреттерін көрсету/ Жылулық шеңбері Балалар бәріміз жылулық шеңбер құрып, атаналарың сендерге қандай жылы сөздер немесе еркелетіп айтатын сөздерін айту керексіңдер. Мысалы мен балама «күн шуағым» деп айтам. - Міне, балалар қандай әдемі жылы сөздермен сендерді отбасыларың аялап айтады, біздің жылулық шеңберімізде жылы лебізбен толы болды. Ал, сендер өз отбасыларыңды қандай отбасы деп ойлайсындар? Жақсы сөздермен қорытындылайық. Сендердің ата –аналарың, туыстарың жандарыңда, ал сендер бақыттысындар ма? Жақсы балалар, сендер ойынды өте жақсы ойнап шықтындар	Үйде нешеу екенбіз Кел санайық екеуміз, Бас бармағым папам Балаң үйрек анам. Ортан терек ағам Шылдыршүмек мен Кішкене бөбек сен. Бір үйде біз нешеуміз Бір үйде біз бесеуміз. Балалар сергіту сәтін тәрбиешімен бірге жасайды. Әке, аға, ана, әже, ата туралы. Иә, жақсы көреміз. Қатты жақсы көреміз. Балалар ойынды қызыға ойнайды.
Рефлексивті-корригиалық	Ендеше баріміз бір дауыспен «Біз бақытты балалар» әнімен оқу қызметін аяқтайық.	- иә Балалар көтеріңкі көңіл-күймен айтып береді.



**№40 Зейнолла Қабдолов атындағы орта мектебі Ағылшын тілі пәні
мұғалімі**

Боранкулова Асель Тулегеновна

**ЖАҢА ӘДІС - ТӘСІЛДЕРДІ АҒЫЛШЫН ТІЛІ
САБАҒЫНДА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ**

Бүгінгі таңда білім жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтап, білімнің халықаралық талаптарын меңгерудің маңызы үлкен. Өйткені бұл жас ұрпаққа сапалы білім берудің негізі болып табылады. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту заманның басты талабы.

Жаңа педагогикалық технологияны меңгерту мұғалімнің зейін – зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі - дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Оқу-тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің алғашқы шарты: мұғалімнің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының «білім туралы» Заңында «Білім құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Шет тілді оқытудағы негізгі мақсат шет тілді коммуникативті қалыптастыру және дамыту, оны еркін игеру. Шет тілі - қазіргі заманның талабына сай, қоғамның экономикалық, ғылыми- әлеуметтік техникалық және мәдениет дамуының қайнар көзі. Қазір шет тілін оқыту әдістемесінің деңгейі жоғары.

XXI ғасыр - озық технологиялар ғасыры. Сондықтан, беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Осы мақсатта еліміздің болашағы үшін осы мүмкіндікті қалай пайдалану, қоғамды ақпараттандыруды қолға алуда. Мақсатқа жетуде ғылым мен техниканың қазіргі замандағы озық үлгілерін пайдаланып, әлемдік ақпараттық кеңістікте әр түрлі деңгейдегі ақпараттарды қажетіне жарата білу керек. Білім берудің жүйесінің негізі мектеп болғандықтан, мектепте жаңа технологияларды кеңінен пайдаланудың маңызы ерекше. Сол себепті еліміздің барлық білім беру технологиялармен жабдықтылып, мультимедиялық кабинеттер, ашылды.

Оқытудың ақпараттық технологиялары дегенімізді тұтас кешендік компьютерлік және басқа дальноудеріс қолданумен болатын дидактикалық әрекетін танығанымыз жөн. Поляк педагогы В. Оконь оқыту құралдарын мұғалімнің іс-әрекетін ауыстыру мен білім алушылардың автоматтандыру мүмкіндігінің өсуіне байланысты жіктейді. Осыған сәйкес, оқыту құралдары екі топқа бөлінеді: жәй және күрделі. Жәй құралдар: сөздіктер, оқулықтар және басқа да мәтіндер; қарапайым визуалды құралдар: нақтылы заттар, модельдер, суреттер.

Педагогикалық - әдістемелік оқыту барысында оқу міндеттерін шешуге бағытталған оқу құралдары (электронды оқулықтар, электронды курстар, дәрістер, слайд- дәрістер, мультимедиялық презентациялар және т.б.) кеңінен қолданылады. Бұл технологияларды әсіресе шетел тілін үйренуде пайдасы өте зор. Себебі, тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Ал оны толықтай меңгеру үшін оқулықтың аздық етері Адам көру, есту тіл арқылы қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді.

Тіл үйрену барысында жаңа технологияларды қолдана отырып, педагогикалық қалыптасқан жазу, тыңдау, түсіну, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға әбден болады. Осы жаңа инновациялық технологиялардың

ішіндегі ACTIVboard интерактивті революциялық жабдық екендігі даусыз. Тақтаны қолдану үшін бар болғаны компьютерлік білімін тақта жабдықтарды болып, инновациялық құрал қолдана білу шеберлігіңіз жетіп жатыр. Ең алдымен интерактивті тақтамен танысып алайық. Компьютер және интерактивті құралдар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстармен заңдылықтарды табуға өздерінің кәсіби итеріп, нәтижесінде шеберлігінің қалыптасуына жол ашу керек, Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағында, оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы педагогикалық заңдылықтардан тарайтын технологияларды ғана тиімді деп болады. Интерактивті тақтаның мүмкіндіктері оқушыларды Көптеген интерактивті керемет таң қалдырады, шабыттандырады. Көптеген мектептерде интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін білмегендіктен, тек слайд көрнекіліктер көрсетумен ғана шектеліп жүрген мұғалімдер бар. Алайда интерактивті тақтаның қолдану мүмкіншіліктері өте көп. Мысалы, ActiveBoard электрондық тақтасы: талқылауға ерекше бөліп көрсетуге, нақтылауға, материалды қызу қосымша ақпарат қосуға, электрондық маркер арқылы түсін және сызықтың қалыңдығын өзгертуге; сөздер мен сөйлемдердің бір-бірімен байланысын көрсете отырып, тақырыпты немесе сөйлемді толықтай аударуға; flash-анимацияларды пайдаланып, өлеңдер мәтінін жаттауға, суреттермен слайдтар жасауға; ағылшын тілінде сөйлеушілердің дауысымен жазылған видео - роликтер көруге, сол тілде жазылған мәтінді тыңдауға; тест сұрақтарымен таныстырып, бір топ оқушыны тесттен өткізуге, суреттерді бір фонға қойып, суреттерді қимылдатып сөйлесу ситуациясын ұйымдастыруға; сөзжұмбақтар шешуге, әртүрлі ойындар ойнатуға мүмкіндік береді; электрондық оқулықтарды экран бетіне шығарып көрсетуге болады. ActiveBoard тақтасының дайын бағдарламасын қолдану маңызды.

Ұстаздардың алдына қойған міндеті оқытудың әдіс- тәсілдерін үнемі жетілдіру. Әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін- өзі дамытуға, оның өзіндік шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға қолайлы жағдай жасауға қажетті объективтік әдістемелік мүмкіндіктерді қамтиды. Жаңа технологияны қолдану мына кезендер арқылы іске асады:

I кезең: оқып үйрену;

II кезең: меңгеру;

III кезең: өмірге ендіру;

IV кезең: дамыту;

Оқыту үйрету арқылы іске асады. Бұл оқытудың маңызы. Оқыту мен тәрбие егіз үрдіс. Сондықтан да мұғалім инновациялық пайдалануға ықпал ететін технологияны көптеген шартты жағдайларды танып білуі талап етіледі. Жаңа жағдайларда оқытушы дәстүрлі оқу құралдарын ақпараттық технологияларды пайдалануға тиіс. Бүкіләлемдік желі, электрондық білім беру ресурстары өз оқушыларының, сондай-ақ өзінің білімін кеңейтуісі келетін оқытушы - пән мұғалімі үшін жақсы көмекші бола алады.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі - ағылшын тілін жана технологиялар арқылы оқыту ісі күннен күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық коммуникативтік технология арқылы оқыту тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады.

Компьютерлік және ақпараттық технологиялар заман талабы.

Бұл жұмыстың басты мақсаты компьютер желісін және мультимедиялық электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді қолдану, нақтылап айтқанда ағылшын тілі сабағында презентацияларды және мультимедиялық электрондық құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде терең қолдану.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
- хат жазуға үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

Қазіргі кезде ағылшын тілімен компьютер, телекоммуникациялық құралдарды меңгеруді уақыттың өзі талап етеді, тіпті кейінгі жылдары олардың рөлі зорая түсуде.

Оқушылардың ағылшын тілі пәніне деген қызығушылығын арттыруда көп ізденіп, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруді, әр түрлі әдіс-тәсілдерді білуді қажет деп санаймын және мен өз сабақтарымда қолданамын. Және мен өз сабағымда электронды оқулықтарын жиі қолданамын. Жана ақпараттық құралдарды ағылшын тілі сабағында қолданғанда күтілетін нәтижелер:

- үлгерімі төмен оқушыларға көмектеседі;
- оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
- оқушылардың шығармашылығын арттырады;
- оқушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;
- оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;
- пікірталас, талдау, анализ жасау мүмкіндіктерін арттырады;

Шетел тілін оқыту сабақтарында барлық ойын түрлері презентация көмегімен қолдануға болады. Себебі бұл ойындар сабақты сапалы, әрі қызықты етуіне септігін тигізеді.

Лексикалық ойындар сөздерді оқыту барысында қолданады. Компьютер көмегімен ағылшын тілі сабағын ойын арқылы қызықты қылып өткізуге болады. Мысалы: Сөзжұмбақтар, сөзтізбектер, берілген видео бейнені дыбыстау т.б. Шетел тілі сабағында көру, естумен жүргізілетін жұмыс, оқушыны қызықтыра түседі. Жұмыс оқушыны бір жағынан ойлануға жетелесе, екінші жағынан қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, белсенділікке ынталандырады.

Мысалы:

1. Әр оқушы отырған компьютер экранына сөз беріледі. Берілген сөздердің ішінен солдан оңға қарай оқығанда жаңа сөз шығатын сөздерді теріп жаз: raw, read, saw, mug, e.c.t.
2. Берілген сөздерге сөз қосып мағынасы өзгерген сөз жаз: tea + pot, bus + stop, e.t.c
3. Төмендегі әріптерден сөз құрап жаз, бір әріп бір сөзде екі рет қайталанбауы тиіс:
Мысалы, be, eat, dear, read, saw, beat, team, e.t.c.

Атырау қаласы "Жалпы білім беретін
№37 С. Зиманов атындағы орта мектеп" КММ

Бастауыш сынып мұғалымы


Мурзагалиева Гүлмара Багитжановна




Бөлім:		Су-тіршілік көзі		
Педагогтің аты-жөні:		Мурзагалиева Гүлмара Багитжановна		
Күні:		22.04.2024ж		
Сынып:		Қатысқандар	Қатыспағандар	
Сабақтың тақырыбы		Есептік және реттік сан есім 114 сабақ 47-51 жаттығулар		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу 3.4.2.6 есептік және реттік сан есімдердің айырмашылығын анықтау		
Сабақтың мақсаты		Сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) таббады Есептік және реттік сан есімдердің айырмашылығын анықтайды		
Құндылықтар		Талап, Ізденімпаз,жасампаз тұлға		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5мин	Ұйымдастыру кезеңі Биылғы атаулы күндерге М.Мақатаевтың 90 жыл болуына байланысты «Үш бақытым»атты өлеңімен бастаймыз	Барлығы хормен айтады	ҚБ: Жарайсыңдар! Керемет! Жақсы! Тамаша!	Слайд

	ҮШ БАҚЫТЫМ Мұқағали Мақатаев. Ең бірінші бақытым – Халқым менің, Соған берем ойымның алтын кенін. Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын, Қымбатырақ алтыннан нарқым менің. Ал екінші бақытым – Тілім менің, Тас жүректі тіліммен тілімдедім. Кей – кейде дүниеден түңілсем де, Қасиетті тілімнен түңілмедім. Бақытым бар үшінші – Отан деген, Құдай деген кім десе, Отан дер ем! ... Оты сөнген жалғанда жан барсың ба? Ойланбай – ақ кел дағы от ал менен. Үй тапсырмасын тексеру «Балық аулау» әдісі Өр балықтың артында мақал-мәтел жазылған, жалғасын тауып жауап беру керек. *Судың да бар. *Қайнаған қара суда бар. *Сыйлап берсе іш. *Жылай - жылай арық қазсаң, Күле - күле ішерсің. *Жақсы - суы тәтті көлмен тең, Жаман - желі қатты тең. *Тау мен тасты су бұзады, Азаматты бұзады. *От — арық, су — *Сылдырсыз аққан судан *Су аққан жерінен ағар, Шөп шыққан шығар. *Алпыс күн тасыған су, Алты қайтар	Өткен білімді зерделейді Сабак мақсатымен танысады	Дескриптор: -дұрыс жауапты анықтайды	
Сабактың ортасы 28мин	Жаңа сабак 1-тапсырма. Оқулықпен жұмыс. 47-жаттығу, 88-бет. «Дирижер» әдісі. Өлеңді тыңда. Жаңбыр Жауа берші, жау, жаңбыр, Дала көркін жандандыр. Жауа берші, жау, жаңбыр,	Мәтінмен жұмыс жасау машықтары артады.	Дескриптор: Өлеңді тыңдап, мазмұнын түсінеді; Сұрақтарға жауап береді;	оқулық

	Қаулап өссін алуан гүл. Жауа берші, жау, жаңбыр, Әрбір тамшың – тамған нұр, Әрбір тамшың – тамған дән, Асып жатсын қамбамнан! <i>/Бейсебай Кірісбайұлы/</i> • Өлеңде не туралы айтылған? Өлеңде жаңбыр және оның пайдасы туралы айтылған. • Жаңбыр жауғаннан кейін табиғатта қандай өзгерістер болады? Жаңбыр жауған соң ауа тазарады және жердің шаңы басылып хош иіс шығады. Өсімдік атауының барлығы суғарылады. Жазылым • Өлең мазмұнын әңгімеге айналдырып жаз. Жаңбырдың түрлері https://www.youtube.com/watch?v=msSIH7WNuJA «Кел саңырауқұлақ жинайық» әдісі 2-тапсырма. «Топтық жұмыс» 48-жаттығу, 89-бет. Сандарды сөзбен жаз. 4, 5, 6, 7, 10, 20, 90, 18, 23, 56, 67. • Бұлар қандай сан есімдер?	Жүйелі сөйлеуге дағдыланады сұрақтарға жауап береді Көркем, сауатты, ойын жүйелі жазуға машықтандыру Сан есім туралы білімдерін тиянақтау Есептік сан есім	Өлең мазмұнын әңгімеге айналдырып жазады. Есептік сан есімдерді жазады Есептік және реттік сан есімдердің айырмашылығын анықтайды	
Сергіту сәті 2мин	Нейро жаттығу 	Сәйкесінше қимылмен көрсетеді	Тамаша!	слайд
	49-жаттығу, 89-бет «Тақтамен жұмыс» Нешінші? сұрағына жауап беретін сөздерді қатыстырып сөйлемдер құра. ЕҚБ. 50-жаттығу Шығармашылық үзіліс Бос торкөзге тиісті әріптерді қойып, жасырынған	Нешінші? сұрағына жауап беретін сөздерді қатыстыры	Дескриптор: - реттік сан есімді қатыстырып, сөйлем құрайды.	Оқулық

	сөзді тап. Сол сөз неше әріптен тұрғанын айт.  Өткен сабақты қорытындылау тест «Жеке жұмыс» 1. Сан есімнің сұрақтары? А. кім? қанша? қайтті? В. неше? қанша? нешінші? С. неше? не істеді? кім? 2. Сан есімдер қатарын тап. А. қызыл, жеті, бірнеше В. отыз, жетпіс жеті, үшінші С. екі, оныншы, аспан 3. Есептік сан есім? А. жүзінші В. екі С. бірнешеу 4. Реттік сан есім? А. алпыс сегіз В. Елуінші С. жетеу	п сөйлемдер құрайды Есте сақтау, ойлау, көру қабілеттері н дамыту Сұрақтарға жауап жазады	-жасырынған сөзді табады Оқушылар тестке жауап жазады Тамаша!	Қосымша №1-4
Сабақт ың соңы 10мин	Бекіту Үй тапсырмасы: 51-жаттығу Кері байланыс: 	Кері байланыс жасайды	1-10 ұпай Өз-өздерін бағалайды	слайд



Досназарова Нұрсәуле Мұратбекқызы

Ағылшын тілі мұғалімі

Алматы қаласы

Using the Lego constructor method when teaching English.

The success of each student, the success of the teacher in his students and the success of the next generation.

Annotation: LEGO sets have proven themselves around the world as educational products that meet the highest demands for hygiene, aesthetics, strength and durability. Due to their pedagogical versatility, they are the most preferred visual aids and educational toys. Moreover, this designer encourages to work, equally, and the head and hands of the student.

The main goal of working with the Lego educational constructor in English lessons is to teach the language as a means of communication.

Tasks:

1. Development of memory, thinking, imagination and fantasy, attention, intellectual abilities and emotional and motivational sphere of the student's personality.
2. Expansion, study and consolidation of lexical units and speech turns that students should know according to the requirements of the program, familiarization with a foreign culture.
3. Formation of skills for working in a group and team, fostering a tolerant attitude towards each other, a sense of support and mutual assistance.

Non-traditional forms of an English lesson are implemented after studying a new topic. In the lessons with the use of Lego equipment, the following goals are achieved: control of knowledge, skills and abilities on the topic, active interaction of all

participants in the event - teachers and students, as well as students with each other is ensured. At such lessons, it is possible to achieve various goals of a methodological, pedagogical and psychological nature.

Modern education is currently undergoing significant changes. Interaction, cooperation and mutual understanding of the student with the teacher is the most important condition for the educational process. It is necessary to find a creative approach in teaching.

Preparing a modern English lesson requires a lot of creative effort from the teacher. It is very important to create positive motivation when learning English.

Children love to play with Lego. Any tasks using this constructor will become a holiday for them. In this article, we will look at the best Lego-based exercises for elementary school students.

So, with the help of the constructor in English lessons, children can:

1. Learn letters.

They can be made voluminous from the designer or use stickers pasted on Lego Duplo. Letters can be sorted (for example, vowels / consonants), combined with pictures (b - banana), form words from them, and even sing songs.

2. Understand grammatical structures.

Lego pieces come in a variety of colors and shapes, making it easy to draw diagrams. At the same time, parts of speech / sentences can be glued onto cubes or agreed on their conditional meaning.

3. Learn vocabulary.

Depending on the contents of the sets, Lego allows you to learn colors, numbers, animals, body parts, house parts, products and more. For example, with my daughter I play shop (based on the Lego Friends Supermarket set) in English. At the beginning of the game, I show and name items in the store in English, then the characters go to the supermarket to buy, and you can act out mini-dialogues.

4. Write stories.

Working in groups (for example, with the Lego Story Starter Kit), the guys assemble a "scene" that becomes an illustration for their story, fairy tale or hero's biography. The three-dimensional picture becomes a source of inspiration.

Work can be built according to the following plan:

1. Learning the parts of a Lego set.

2. Discuss your ideas in pairs.
3. Creation of a three-dimensional picture from the constructor.
4. Individual work - writing a story plan.
5. Writing work.
6. Checking the work by the teacher.
7. Develop instructions.

Working with the constructor involves actions in a strict order, according to clear instructions. The student can practice assembling figures according to the instructions (after repeating verbs and prepositions) under the dictation of a desk mate. This is how listening skills develop. Then invite the pairs to exchange the shapes, take them apart carefully while writing down their actions, and then try to develop instructions for making this craft. An easier option is to put the instructions in the correct order.

There are many building ideas on the official Lego website.

Ideas for working with Lego when teaching English are suitable for extracurricular activities, circles, organizing classes in children's centers. If you use Lego tasks, the guys will be completely immersed in the process, full of enthusiasm, and the results of the work will pleasantly surprise you.

I am currently working on improving the use of Lego technology in English classes. Lego toys are good material for developing skills such as self-regulation, planning, self-esteem, communication, etc. In any class, students build a situation based on the material studied and act it out, mastering the skills of communicating in English in a polite form during the game at the time of constructing the task (give me, please; thanks for the help; help me, please). I see how students learn to evaluate their personal contribution to this type of activity, try to evaluate what they did well, and where they still need to work, thus developing personal universal actions. When students try to predict their end result, plan joint work, distribute words and roles, then I achieve the development of regulative universal actions. Lego helps students to listen, understand, respond to the statements of others, improve their speech, i.e. develop communicative universal actions. The guys try to independently solve and implement the task, which allows me to see the result in improving cognitive universal actions.

Lego sets can be used for both group and individual work. Thus, students simultaneously acquire the skills of cooperation and the ability to cope with individual tasks, which is part of the overall task. By constructing and ensuring that the created

models come to life, apply the resulting designs, students have the opportunity to learn from their own experience. Students master tasks of varying complexity in stages. The principle of learning "step by step", provides the student with the opportunity to work at his own pace. This method is at the heart of Lego. It is precisely step by step, brick by brick, detail by detail, that contributes to the formation and development of various skills of students, which are the beginning of the formation of a diversified personality. Lego technology can be used to study any subject.

This technology allows the teacher to diversify his lesson, make it lively and interactive. Any teacher of any subject can use Lego technology in their lessons. Working with Lego takes time to adapt and acquire skills for students, as in any other new activity that is introduced by the teacher in the classroom.

Working in different classes, with different levels of English, I see that the result of the use of play technology with the participation of Lego technology gives a positive result. Children go to lessons with pleasure and are not afraid of the difficulties of the English language, as unfamiliar to them. The language barrier becomes surmountable for them without any difficulties. By creating a "children's game" atmosphere in the classroom, I immerse children in a comfortable environment that allows me to direct them in the direction I need. The above method, used in the classroom, can increase the desire of students to master the English language. Children want to be better than others, to make things more interesting than others. When constructing situations, they plan their speech, plots, topics, sequence of actions.

Consequently, the guys try to anticipate their end result and strive for it. They need to apply not only their knowledge of English, but also the ability to work in a group, in pairs, apply design and forecasting skills.

My experience of using the Lego educational set showed that this non-traditional form of conducting a lesson maintains students' interest in the subject and increases the motivation for learning.

The use of the educational constructor "Lego" has a certain emotional state of the students, which greatly facilitates further work on the linguistic and grammatical aspects of the English language. Joint construction activates the desire of students to contact each other and with the teacher, creates conditions for equality in speech partnership, destroys the traditional barrier between the teacher and the student.


A prerequisite for conducting a lesson using the Lego training kit can be formulated as follows.

1. The teacher must accept all the answers and reactions of the children (oral answers; answers that have a literary and non-literary form;
2. Each student's idea should be admired by the teacher.
3. Student error should be used as an opportunity for a new, unexpected look at something familiar.
4. An indispensable condition for the conduct is positive support for the personality of each child.
5. In the learning process, any criticism of the personality and activities of students is excluded.

In the educational process, LEGO technology is not a set of tasks used from time to time, not the definition of any one stage of the lesson, it is a system. This is a daily work that allows you to overcome possible learning difficulties in mastering the material. It's a game. A game with a capital letter. Learning through play. Through naturalness and immediacy, through fascination and cognition.

List of literature:

1. <https://infourok.ru/metodi-i-priemi-ispolzovaniya-obuchayuschego-konstruktor-lego-na-urokah-angliyskogo-yazika-v-nachalnoy-shkole-2798088.html>
2. <https://kamnedelmiass.ru/istoriya-kompanii-lego-kratko-kak-eto-sdelano-kak-eto-rabotaet/>
3. <https://allforlady.info/beremennost-deti/vospitanie-i-razvitie/lego-konstruktor-istoriya-pojavleniya.html>
4. <https://zen.yandex.ru/media/turistigid/rai-dlia-rebenka-ili-rasskaz-o-legolende-v-danii-5ced46a530aad400b03b4226>



Дүйсенбек Әзиза Сәрсенғалиқызы

Школа-лицей "Қазғарыш"

№ 50 имени Райымбек батыра" акимата города Астаны

Учитель русского языка и литературы

Функциональная грамотность на уроках русского языка: содержание обучения, типология упражнений и заданий (вводные замечания)

Происходящие процессы в различных сферах жизни социума определяют востребованность тех или иных профессий и специальностей, диктуют определенный набор компетенций специалистов. Содержание образования и требования к результатам обучения призваны отвечать вызовам современного мира и создавать условия для формирования умений и навыков, способных обеспечить успешное развитие личности. Именно поэтому современное образование, в том числе и отечественное, ориентировано на формирование функциональной грамотности обучающихся, выступающей условием для дальнейшего самообучения, эффективной самореализации и активного взаимодействия личности в обществе.

Разберемся, что есть «функциональная грамотность», в чем проявляется функциональная грамотность при изучении русского языка, посредством каких

упражнений и заданий следует формировать функциональную грамотность у обучающихся.

Функциональная грамотность – способность человека применять приобретенные знания, умения и навыки для достижения поставленных целей и решения различных жизненных задач в различных сферах деятельности. Функциональная грамотность включает в себя комплекс умений и навыков: читательскую, математическую, финансовую, естественнонаучную грамотность, глобальные компетенции, критическое мышление.

Формирование и развитие функциональной грамотности на уроках русского языка обеспечивается как содержанием обучения, так и средствами обучения, и осуществляется в нескольких направлениях.

1.Содержание обучения предмету «Русский язык».

Если функциональная грамотность предполагает развитие способности применять полученные знания для решения различного рода задач в разнообразных жизненных ситуациях, то особую роль в процессе овладения данной компетенцией должно играть содержание получаемых знаний, которые призваны сформировать у обучающихся адекватное представление об изучаемом объекте. Изучаемым объектом в нашем случае выступает язык – русский язык. Соответственно, знания о языке, его законах, устройстве и единицах не должны противоречить функциональной сущности языка, а наоборот, обеспечивать формирование целостного представления о языке как системе, устройство которой подчинено выполнению социально значимой функции. Такой функцией, обусловившей возникновения языка и его устройство, является целенаправленное воздействие на собеседника: формирование или преобразование знания или ценностных представлений о чем-то, побуждение к конкретным действиям, вызов определенных эмоций и чувств. Поэтому сведения о языке, его подсистемах и единицах, предполагаемые содержанием образовательной программой и включенные в учебники, должны быть изложены в соответствии с указанной функцией. Основное внимание в подаче теоретического лингвистического материала необходимо уделить функциональной сущности изучаемых явлений, то есть исходить из содержания, а не характеризовать особенности и свойства формы и структуры языковых явлений.

В этом случае принципиальное значение приобретает формулировка определения языковой единицы, характеристика форм её существования (функциональный инвариант и варианты его реализации), распределение единиц по языковым подсистемам.

Например, *словосочетание* – средство именования, которое является вариантом выражения языкового понятия в конкретных условиях и представляет собой соединение двух или нескольких слов, связанных по смыслу и грамматически (ср. традиционное определение: словосочетание - соединение двух или нескольких слов, связанных по смыслу и грамматически). Аналогично следует формулировать дефиниции и других языковых единиц.

2. Функциональна грамотность как способность применять полученные знания о языковой системе, его нормах для решения различных задач, то есть способность пользоваться языком согласно его назначению – быть инструментом воздействия.

Обучение языку и изучение языка предполагает формирование умения эффективного пользования языком, которое проявляется в достижении планируемого говорящим воздействия на собеседника в разнообразных ситуациях речевого взаимодействия. Что в свою очередь зависит от развития умения выбирать вербальные средства для выражения мысли и способ их организации. Поэтому важную роль играет системная работа с учащимися над усвоением номинативной системы языка (традиционно – лексической), которая должна быть направлена на овладение системой вариантов выражения языковых понятий и позициями номинации для каждого из вариантов.

Формирование умения применения полученных знаний о языке в процессе его практического использования – создания текстов – зависит от особой организации и подачи материала в учебниках и на уроке по русскому языку. Программные теоретические языковые, речеведческие темы, темы, направленные на формирование орфографической и пунктуационной грамотности, на развитие речи, творческих способностей должны быть взаимосвязаны. Отработку и закрепление изучаемого материала необходимо осуществлять посредством упражнений, выполнение которых предполагает создание собственных устных или письменных текстов, в том числе и вторичных. При этом задания к этим упражнениям должны быть стимулятивно-

мотивационными, то есть в формулировке задания необходимо задать параметры ситуации речевого взаимодействия, для которой текст должен быть создан. Ситуации и темы, которые предлагаются, должны быть как близкими, актуальными для обучающихся соответствующего возраста, так и неактуальными, но возможными в будущем.

3. Читательская грамотность.

Читательская грамотность как способность понимать прочитанную информацию и использовать ее для решения различных задач предполагает формирование и развитие трех групп умений обучающихся:

- поиск и извлечение информации;
- интерпретация, преобразование;
- оценка и критическое осмысление.

Указанные группы умений связаны с формированием навыков мышления высшего порядка: *поиск и извлечение информации* – анализ, *интерпретация, преобразование* – синтез, *оценка и критическое осмысление* – оценка.

Развитие каждой группы умений осуществляется комплексом упражнений и заданий, которые встраиваются в учебный процесс и включаются в разные формы работы на всех этапах урока: на мобилизационном и мотивационном, освоении новой темы, отработки и закрепления.

Навык читательской грамотности формируется и развивается как специальными упражнениями, основная цель которых обеспечить овладение всеми группами читательских умений на материале одного или нескольких текстов, так и неспециальными, основная цель которых не предполагает развитие данных умений, но овладение ими осуществляется попутно и определяет эффективность выполнения упражнения в целом. В случае использования специальных упражнений, как правило, задания формулируются с учетом формирования всех трех группы умений и на материале сплошных текстов. Например:

1. Прочитайте текст/тексты. Найдите информацию о... / В какой части говорится о.../ Сравните, как автор/автор характеризуют... и т.д.

2. Сформулируйте основную мысль текста/текстов /Скажите, какой вывод можно сделать, прочитав текст/ Озаглавьте текст, отражая основную мысль/ Передайте основное содержание текста, сохраняя основную мысль, учитывая

следующую ситуацию речевого взаимодействия... / Составьте план текста и т. д./ Составьте текст о..., отразив ... , используя информацию из предложенных для прочтения текстов/ Составьте задание к тексту и т.д.

3. Укажите, подтверждает или опровергает автор/авторы мысль о том, что.../ Представьте аргументы, подтверждающие мысль о том, что.../ Докажите, что в прочитанном тексте нет ложной информации / Выразите свое мнение по поводу изложенной в тексте точки зрения на... / Оцените сделанные автором выводы с точки зрения современности... .

В том случае, когда читательская грамотность развивается неспециальными упражнениями, то обучающиеся овладевают одним/двумя умениями на материале как сплошных, так и несплошных текстов (таблицы, схемы). На этапе освоения новой темы и знакомства с теоретическим материалом такие задания особенно важны, так как позволяют учащимся самостоятельно прийти к формулированию теоретических положений, правил, поработав с той или иной информацией, эффективнее усвоить и понять теоретический материал, успешно справиться с выполнением упражнения при условии понимания дополнительной информации.

Примерами таких заданий могут быть следующие:

1. Поиск и извлечение информации.

1). Прочитайте материал Какая информация вам известна, а какая оказалась для вас новой.

2). Прочитайте материал параграфа и сопоставьте его со схемой/таблицей. Какая информация не отражена в таблице/схеме?

3). Спишите текст, ставя слова в скобках в нужную грамматическую форму, предварительно ознакомившись с материалом памятки *Внимание*. Что необходимо усвоить, согласно материалам памятки, чтобы правильно выполнить упражнение?/ Какую информацию памятки вы будете учитывать, выполняя упражнение?

2. Интерпретация, преобразование.

1). Используя материал параграфа, подготовьте сообщение о... .

2). В материалах параграфа найдите информацию о... Выпишите ... Приведите примеры к каждому выдвинутому положению... Используя эти материалы, подготовьте высказывание на тему...

3). Представьте содержание материала параграфа в виде схемы или таблицы... / Составьте высказывание о... , пользуясь материалами схемы или таблицы.

4). Прочитайте материал параграфа. Задайте друг другу вопросы по материалам параграфа.

3. Оценка и критическое осмысление.

1). Ознакомьтесь с примерами... Докажите, что...

2). Рассмотрите.. Назовите... . Распределите.... Самостоятельно сформулируйте определения ...Сверьте свое определение с определением, данным в теоретической части параграфа. / Рассмотрите.... Подчеркните.. Сделайте вывод об особенностях...



БҚО Теректі ауданы "Ұзынкөл" ауылы

МКҚК "Бүлдіршін" бөбекжайы

Еркін Жанар Балтабекқызы

«Достығымыз жарасқан»

Мерекелік ертеңгілік

Мақсаты: 1-Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні екенін балаларға айтып ұғындыру. Балаларды татулыққа, достыққа, елін, жерін сүйе білуге үйрету. Басқа ұлт өкілдерімен таныстырып олармен тату, достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Әсем безендірілген зал, мерекелік шарлар, ұлттық киімдер мен жалаушалар.

Жүргізуші: Қайырлы күн құрметті қонақтар, құрметті ұстаздар!

Қазақстан Республикасының мекендеген ұлттармен ұлыстар достығы және бірлігіне арналған «Достығымыз жарасқан» тақырыбындағы мерекелік ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Қазақ халқы - халқы жомарт, даласы дархан, орманы қарқан, таулары қалқан, болған ақ бесік ата мекені бар, сол мекенде жусанның жұпар иісін иіскеген, өздігінен ешкімге тиіспеген елміз.

Тілі бөлек болғанменен тілегі бір,
Ұлы достық мәпелеген жүрегі гүл.
Қазақстан барлық ұлтқа шаңырақ,
Шайқалмастан шаттығымыз тіреп тұр.

Ұлтаралық татулық арқасында бүгінде ел тыныш, жұрт аман. Осы берекеміз бұзылмағай.
Қазақстанда тұратын барша ұлт арасындағы айнымас достығымыз мәңгілік болғай- дей
отыра ортамызға

Қазақ халқының өкілдерін қошеметпен шақырайық.

-Бейбітшілік жасасын, ынтымақтастық жасасын! -Ура- ура- ура!

Келесі кезекте Орыс халқының өкілдерін қошеметпен ортаға шақырайық.

-Қазақстан халықтарының бірлігі жасасын! -Ура-ура-ура!

Ендігі кезекте өзбек ұлтының өкілдерін қошеметтеп ортаға шақырамыз.

-Ынтымағы жарасқан Қазақ елі жасасын! -Ура-ура-ура!

Келесі кезекте грузин ұлтының өкілдерін қошеметтеп ортаға шақырамыз.

1-Мамыр ынтымақ,бірлік күні жасасын! Ура-ура-ура!

Ендігі кезекті ұлттар достығы жайлы ертеңгілігімізді ашып беру үшін балабақшамыздың
меңгерушісі: Мөлдір Балғабайқызына сөз береміз.

Хор «Дос болайық бәріміз»

- 1 Шуақ ойнап арайлы.
Күн күлімдеп аспанда,
Мамыр әні тарайды.
- 2 Қазақ елі қашаннанда жыр елі,
Тарихында тұлғалар көп киелі.
Қазақстан аясында бұрыннан,
Бірнеше ұлт өмір сүріп келеді.
- 3 Жайдары жаз түрге еніп,
Жадыратты жанымды.
Жер дүние тербеліп,
Дала, қала құлпырды.
- 4 Ортақ жұтар ауамыз,
Ортақ жарық күніміз.
Достық туған анамыз,
Жердің қызы, ұлымыз.
- 5 Мамырдың бірі, достықтың күні,

Ән салып, билеген халықтың үні.

Тұтасып, тойлаған ұлттар,

Керемет мереке мамырдың бірі.

6 Қырғыз, қазақ, өзбектер,

Монгол, ұйғыр, дүнгендер,

Армиян, тәжік, грузин,

Орыспенен украин,

Терезесі тең жатыр.

7 Бір шаңырақ астында

Тату тәтті тұрамыз.

Бірге ішеміз асты да,

Бірге сайран құрамыз.

Хор: «Бақытты баламыз»

Би: «Қамажай»

1 Күте тұғын асыға әр күнін біз,

Арналатын ең тәтті ән- жырымыз.

Мерекелі мерейлі айдың басы,

Құтты болсын бірінші мамырымыз!

2 Болсын жермен су да ортақ,

Болсын біздің ту да ортақ.

Ақпыз, қара, сарымыз,

Ағайынбыз бәріміз.

3 Енді бүгін қарасам,

Айналам бақыт кең жатыр,

Бірімен- бірі туысқан,

Қол ұстасқан ел жатыр.

4 Сары, ақпыз, қарамыз,

Бәрімізде баламыз.

Бір отанда тұрамыз,

Біз мектепке барамыз

- 5 Достығымыз жарасқан,
Ақпыз, қара, сарымыз.
Қара жер мен көк аспан,
Ортақ дала, тауымыз.
- 6 Бір-бірімен тату тәтті тұрады,
Бәрінің де Қазақстан тұрағы.
Туған жерге тебіренген сәттерде,
Ағылады өлең жырдың бұлағы.
- 7 Достар тату-тәттіміз,
Болса қолда тәттіміз.
Біз бөлісіп жатамыз,
Бәріміз дәм татамыз.

Хор: «Достық жыры»

Хор: «Әрқашан күн сөнбесін!»

1-Мамыр мерекесі дүние жүзіндегі халықтардың достығы мен бірлігін атау күні. Біздің мемлекет бейбітшілікті жақтаушы, достықты жырлаушы, тыныштықты сақтаушы ел. Елімізде әр түрлі ұлттар тату- тәтті өмір сүруде. «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады» -деген халық мақалы біздің елге айтылғандай.

Осымен «Балдырған» ортаңғы тобының «Достығымыз жарасқан» тақырыбындағы мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды. Көріп тамашалағандарыңызға көп рахмет.



**Атырау облысы Қызылқоға ауданы Сағыз ауылы
Жалпы білім беретін №9 орта мектеп**

Ескалиева Бақытгүл Жанбырбайқызы

Жыл 2023	Дүниетану	2 «б» сынып	№ 9 мектеп	Ескалиева Бақытгүл
Сілтеме	ҚР Мемлекеттік стандарты. Дүниетану 2 сынып. Мұғалімге арналған нұсқаулық			
Сабақ тақырыбы	Ауа. Ауаның қасиеті			
Мақсаты	Ауаның қасиетін білу.			
Оқыту нәтижелері	Ауаның қасиеті туралы тәжірибе жасайды және қорытындылайды. Ауаның негізгі қасиеттерін бөліп көрсетеді және құрастырады, сипаттайды.			
Негізгі идеялар	Оқушы сыни ойлап, өз ойын түйіндей білуге жағдай жасау.			
Дереккөздер және жабдықтар	Интернет сайты. Дүниетану «Атлас – хрестаматия», тәжірибе құрал – жабдықтары, мультимедиялық проектор, Азқағаз, түсті маркерлер, қарындаш, стикерлер, түрлі түсті дидактикалық материалдар.			
Тапсырма (VII модульді кіріктіру).	«Жигсо» әдісі арқылы әр топқа тапсырма үлестіру. (Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету)			
Уақыты	Мұғалімнің іс - әрекеті			Оқушының іс - әрекеті
1 минут	Ұйымдастыру. «Кірпі» биімен сыныпта психологиялық ахуалды қалыптастыру.			Мұғаліммен сәлемдесу. Кезекші мәліметі
2 минут	Сыныптың оқушыларын «Жануарлар» суреттері арқылы 6 топқа бөлу. Көңілді әуенмен әсем музыка жіберіледі. Топта топ жұмысын ұйымдастырушы – топ басшысы, жұмыс нәтижесін жазып отыратын – хатшы, сынып алдында топ жұмысын баяндайтын – баяндамашы, топ мүшелерінің айтқан ойын жинақтаушы – тәлімгер, флипчартты безендіруші – суретші сайлап алуын ескерту. Сабаққа қатыспаған оқушыны белгілеу.			Жануарлар суреттері арқылы 6 топқа бөлініп өз орындарына жайғасады Топта өз қызметтерін бөліп алады.
4 минут	«Ыстық орындық» арқылы «Табиғат» тарауларынан оқып, біліп, үйренгенін талқылайды.			Диалог әдісімен әр топтардан кез – келген оқушы жауап береді.
1 минут	Бүгінгі сабақтың тақырыбымен және мақсатын таныстыру. Бағалау парағымен таныстыру. Тапсырманы бірінші орындаған оқушы мұғалім көмекшісі болатындығын ескерту.			
5 минут	Ауаның негізгі қасиеттері: 1.Көзге көрінбейді. 2. Түссіз. 3.Иссіз. 4. Дәмсіз екендігіне практикалық жұмыс жүргізу арқылы қазір түсінетін боламыз. 1. Жұмбақ. Бар ма, жоқ па, оны анық білмейсің, Ол жоқ болса өмір сүріп жүрмейсің. 2. Мұрыныңды қысып, дем алмай тұр. Қанша уақытқа шыдай алатыныңды байқа, ішіңнен санап көрші. 3. Саусақпен мұрын қысайық, Әншіге біраз ұқсайық. Әрбір сөздің дыбысы, Қандай екен ұғайық. - Ауа сөзін бірге айтайық. – Дыбыс неге дұрыс шықпады? 4. Бет алдарыңнан желпеуішпен желпіндерші. 5. Ауа. Ауаның қасиеті. Интерактивті тақта мен түсіндіру .			1. III: (Ауа) 2. Оқушы қорытынды тұжырымды өзі айтады. 3. -Ауа ауымыз арқылы шыққандықтан дыбысымыз өзгерді. 4. Салқын жел келді. Біз әлсіз самалды сезінеміз- бұл ауа қозғалысы.

10 минут	Оқулықпен жұмыс. Оқуды белгі қойып отырып жүргізу. (+) – ақпаратты білемін. (-) – білмеймін. Оқушылар мәтінді оқи отырып оқулық шетіне таңбаларды қояды. Өзіне таныс және таныс емес ұғымға белгі (+, -) қою тапсырылады. Тәжірибелер жасалады. Оқушыларға түсіндіре отырып тәжірибені бәріміз бірге жасаймыз.			Оқуды белгі қойып отырып жүргізу. (+) – ақпаратты білемін. (-) – білмеймін. Оқушылар таңбаны мұқият қарындашты қатты баспай қояды. Тәжірибелердің нәтижесін оқушылар қорытындылайды.
2 мин	Сергіту сәті «Қамажай» биі			Билеп сергіп алады.
10 мин	«Жигсо» әдісі арқылы топтық тапсырмаларды орындайды. Жылқы тобы: Ауаның қасиеттерін атап жазыңыздар? Сиыр тобы: Ауаның иіссіз, дәмсіз, түссіз, көзге көрінбейтінін дәлелдеңіздер? Түйе тобы: Ауаның орын алатынын дәлелдеңіздер? Қой тобы: Ауаның жылуды сақтайтынын дәлелдеңіздер? Ешкі тобы: Ауаның сығылады және серпілетінін дәлелдеңіздер? Лақ тобы: Ауа отты жанғызатынын дәлелдеңіздер?			Әр топ ақылдасып бір шешімге келіп түйінді ой жасап қорғайды.
5мин	«Кәмпит шашу» ойыны арқылы сабақты қорытындылау.			Сұраққа дәл, нақты жауап береді.
2 минут	Бағалау. Бағдаршамның қызыл, жасыл, сары түстерімен әр оқушы өзін – өзі бағалайды. Топ басшылары «Бағалау парағымен» тобына баға береді.			
1 минут	Үйге тапсырма. 35 – 37 беттерді оқу. (Жаңа сөздер: түссіз,мөлдір, серпімді, сығылады сөздерін қолданып сөйлемдер құрастыру).			
2 минут	Рефлексия Смайликке бүгінгі сабақтан алған әсерін, көңіл - күйін стикерге білдіріңдер.			
Сабақтан кейінгі рефлексия	Не сәтті өтті? Неліктен?	Не сәтсіз өтті? Неліктен?	Сабақта кездескен қиындықтарды шешу үшін не істейміз?	

Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің "М.Өтемісұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Информатика пәні мұғалімі

Әбдірахман Индира Әбілханқызы

ЦИФРЛАНҒАН БІЛІМ

Зерттеудің өзектілігі:XXI ғасырдың бас кезіндегі адамзаттың даму процесі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен ерекшеленеді, оның негізгі бағыты ақпарат және оны өңдеу болып табылады. Осыған байланысты бірінші кезекке қарапайым еңбек құрылымы мен табиғи байлықтар емес, білім құндылығы шығады. Біздің қоғамымыздың жалпы инфрақұрылымын ақпарат жинау, сақтау және тарату құралдары мен тәсілдері анықтайды. Яғни қазіргі әлемді ақпараттық және коммуникациялық технологиясыз, сонымен бірге интернет желісіз көзге елестету мүмкін емес. Соңғы кездегі жеке пайдаланылатын компьютерлердің өндірісте, бизнесте кеңінен қолданыла бастауы жалпы көпшілікке кәсіби ақпараттық технологияларды пайдалана білудің аса қажеттігін көрсетті. Өндірістегі ақпарат жиыны сызбалар мен мәтіндер түрінде, анықтамалар мен есеп беру, кестелер түрінде кездеседі. Компьютерлерді өндіріс пен жобалау ісінде, зерттеу жұмыстары мен білім беруде пайдалану, миллиондаған адамдардың жұмыстарының мазмұны мен орындалуын түбегейлі түрде өзгертті деуге болады.

Білім беру үрдісінде цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану мүмкіндіктері

Қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен ақпараттық-коммуникативтік технологиялар білім беру процесінде білікті педагогтар мен жаңа буын әдістемелерін талап ете отырып, жаңа талаптар қояды.

"Білім беру" ұлттық жобасының басым бағыттарының бірі оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістерін дамыту, жабдықтармен, электрондық құралдармен жарактандыру, білім беру қызметкерлерінің ақпараттық құзыреттілігін арттыру, интернет мүмкіндіктерін пайдалана отырып, заманауи білім беру технологияларын енгізу болып табылады [1].

Бүгінгі таңда ең перспективалы цифрлық білім беру ресурстары болып табылады, олар оқу процесінде бірлік ретінде қолданылатын цифрлық қол жетімді деректер жиынтығы

ретінде танылады. Сандық білім беру ресурстары-бұл фотосуреттер, бейне фрагменттер, статистикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шындық және интерактивті модельдеу объектілері, картографиялық материалдар, Дыбыстық жазбалар, символдық нысандар және іскерлік графика, мәтіндік құжаттар және оқу процесін ұйымдастыруға қажетті басқа да Оқу материалдары .

Цифрлы білімнің атқаратын рөлі

2022-2023 оқу жылынан бастап ІТ-мамандықтарға түсуші талапкерлер қажетті пәндердің бірі ретінде информатикадан тест тапсыратыны туралы ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин пікір білдірген.

Министр болашақта барлық мамандық ІТ саласымен байланысты болады дейді. Соған орай әрбір адам математиканы білгені сияқты бағдарламалау негіздерін де білуі керек.

Информатика Ақпараттық технологиялар саласындағы көптеген мамандықтардың негізіндегі пән болып саналады. ІТ-индустрия ең қарқынды дамып келе жатқан қызмет түрлерінің қатарына кіреді, соның салдарынан талапкерлердің саны артып келеді, информатика бойынша емтихан тапсыруды таңдайды және информатикамен оқуға түсетін оқу орындарын таңдайды.

Бұл пәннің басқа пәнмен тығыз байланысты екенін ескеру маңызды – емтихан шеңберінде міндетті түрде өту керек бейіндік пән математика. Сондықтан информатика мен математикадан қайда түсу керектігін қарастыруға болады.

Егер мен информатиканы сәтті тапсырсам, қайда баруға болады

Информатика екі міндетті пәнмен (орыс және математика) үйлесімде талапкердің алдында 11-сыныптан кейін жоғары оқу орындарына түсу үшін кең мүмкіндіктер ашады. Қабылдау емтихандарының мұндай жиынтығы тек ІТ маманы үшін ғана емес, сонымен қатар басқа да сұранысқа ие мамандықтар бойынша оқуды бастауға мүмкіндік береді. Информатика, орыс және математикамен айналысуға болатын Ақпараттық технологиялар саласынан басқа тағы екеуі бар: экономика және менеджмент.

Бұл мамандықтар бойынша оқыту ведомстволық немесе тар бейінді ЖОО-ларды қоспағанда, еліміздің барлық дерлік жоғары оқу орындарында жүргізіледі. Сондықтан

талапкердің жоғары білім алудың әртүрлі бағыттарын, соның ішінде елдің ең танымал университеттері мен институттарын таңдау мүмкіндігі бар.

Ақпараттық технологиялар саласында жұмыс істеу кезінде ағылшын тілін білу жиі жақсы көмек болады. Сондықтан, ол көбінесе информатика үшін жұпта таңдалады. Осының арқасында ағылшын және информатика пәндерін тапсыру арқылы оқуға түсуге болатын IT-бағыттардың тізімі кеңейтілуде.

Алдыңғы дайындық бағытына ұқсас. Оның басты айырмашылығы-оқу бағдарламасының қолданбалы бағдарлануы, онда математикаға аз орын беріледі, ал ақпараттық технологиялар саласындағы білімді практикалық қолдану мүмкіндіктері көбірек. Мұндай бейіндегі мамандарды даярлау көптеген оқу орындарында да жүргізіледі.

Оқытуды сәтті аяқтау дизайн, Құқықтану, педагогика, экономика және менеджмент сияқты әртүрлі қызмет түрлерінде жұмыс табуға мүмкіндік береді.

Дайындық бағыты күрделі бағдарламалық жасақтаманы, оның ішінде ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарға, маңызды мемлекеттік мекемелер мен билік органдарына арналған бағдарламалық жасақтаманы әзірлеуге, қызмет көрсетуге және жетілдіруге маманданған бағдарламашыларды оқытуды көздейді. Мұндай профильдегі мамандыққа арналған Конкурс ең жоғары болып саналады. Түсімдердің күрделілігінің екінші жағы-еңбек нарығындағы сұраныс және тіпті жаңадан бастаған жұмысшылар үшін өте жоғары табыс.

Дайындықтың салыстырмалы түрде жаңа бағыты. Кәсіби қызметі Менеджмент, Экономика, зияткерлік құқық және инженерлік-техникалық пәндер тоғысында тұрған мамандарды оқытуды көздейді. Жақында оқу бағдарламалары кейбір университеттердің жоспарларына енді және әлі де белгілі емес. Бұл емтиханға ең жоғары емес ұпайлармен түсу үшін жақсы перспективалар ашады-бұл жай ғана төмен конкурсқа байланысты. Сонымен қатар, инновациялық қызмет саласындағы мамандар әр түрлі салаларда – кез-келген деңгейде мемлекеттік басқарудан бастап бизнестің барлық бағыттарына дейін сұранысқа ие.

Оқу бағдарламасының негізгі мазмұнын екі бөлікке бөлуге болады. Біріншісі ақпараттық технологияларды зерттеуге, ал екіншісі – оларды нақты бизнесте практикалық қолдану дағдыларын игеруге қатысты.

Дайындықтың күшті коммерциялық бағыты мемлекеттік немесе муниципалды органдарға жұмысқа орналасу мүмкін .стігін білдірмейді. Керісінше, IT дағдыларын іс жүзінде

қолдану білімі мен шеберлігі барлық жерде бағаланады. Сонымен қатар, осы деңгейдегі мамандарға деген сұраныс соңғы бірнеше жылда тұрақты түрде артып келеді. Трендтің өзгеруіне ешқандай алғышарттар болмағандықтан, бизнес-информатика информатикамен оқуға болатын танымал факультетке айналууда.

Оқыту бағдарламасының басты ерекшелігі-Ақпараттық жүйелерді, компьютерлік желілерді, сондай-ақ жүйелік әкімшілендіру технологияларын зерттеуге бағдарлану. Қазіргі уақытта олар барлық жерде қолданылады, бұл осы саладағы мамандарды жұмыс берушілер үшін өте тартымды етеді. Нәтижесінде проблемасыз жұмысқа орналасу, жақсы мансаптық перспективалар және жоғары жалақы болады.

Осы бағыт бойынша оқу тек сабақтың күндізгі форматын қарастырады. Түлектердің мемлекеттік және бюджеттік, сондай-ақ коммерциялық ұйымдарға жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар. Бұл қазіргі жағдайда компьютерлік және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барлық жерде талап етілетіндігімен түсіндіріледі.

Информатика бойынша білімді қолданудың тағы бір мүмкін нұсқасы тақырыппен байланысты емес мамандық алу, содан кейін байланысты мамандықты игеру арқылы кәсіби қызмет саласын кеңейту болуы мүмкін. IT-білімді практикада және қолданбалы бизнес-қызметте қолдану мүмкіндігі бүгінде еңбек нарығында өте жоғары бағаланады. Сондықтан информатиканы зерттеу Кәсіби мансап құруда пайдалы болады.

Бұл бағыттарда сіз it-мен тікелей байланысты мамандықты игере аласыз, сонымен қатар информатика білімі болашақ жұмысқа орналасу үшін жақсы бонус болады. Бұл бизнес-талдаушы, it-аудитор, жоба менеджері, экономист, HR-маман, интернет-маркетолог, веб-талдаушы және басқа да сұранысқа ие мамандықтар

Информатиканы ҰБТ-ның бейінді пәндер тізіміне кіргізу арқылы пәнді оқуға қызығушылық танытқан оқушылар санын ұлғайтуға мүмкіндік болады. Ал бұл өз кезегінде информатика мұғалімдері кәсібінің беделі мен мәртебесін арттырады.

"Әрбір адам, мәселен, математиканы білгені сияқты бағдарламалау негіздерін де білуі керек деп ойлаймын. Бағдарламалау кез-келген кәсіпте пайдалы болуы мүмкін, мейлі ол медицина болсын, инженерлік сала болсын. Өйткені болашақтың барлық мамандығы IT саласымен байланысты болатыны шындық", - дейді Мусин.

Қорытынды

Бүгінгі таңда келесі кәсіби дағдылар бірінші орында қажет етеді: өзгермелі нарықтық жағдайларға тез бейімделу мүмкіндігі; қоғамда болып жатқан процестерге бағдарлану қабілеті; теле коммуникациялық құралдарды қолдана отырып, ынтымақтастық жасау мүмкіндігі; сыни ойлау және тәуелсіз шешімдер қабылдау қабілеті. Жаңа уақыт қоғамда бәсекеге қабілеттілікті арттыруға көмектесетін жаңа оқыту мүмкіндіктерін ұсынды. Қашықтан білім беру технологияларын тиімді енгізу және электрондық білім беру ресурстарын пайдалану педагогикалық қызметкерлер мен білім алушылардың интернеттің ақпараттық және теле коммуникациялық желісіне сапалы қолжетімділігі болған жағдайда мүмкін болатыны айқын.

Цифрлық технологияларды қолдану оқушыларға қолайлы оқу қарқынын, материалды ұсынудың ыңғайлы принципін, сабақтың ұзақтығын, қосымша ақпаратты таңдауға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда біздің елімізде енгізіліп жатқан заманауи білім беру жүйесі өз бетінше оқуға кететін уақыт мөлшерін ұлғайтуды білдіреді. Оқу процесінде ақпараттық білім беру технологияларының рөлі артып, электронды оқулықтарға жетекші орын берілді. Қашықтықтан оқыту стратегиясының негізгі мақсаты-оқушыларға түрлі мүмкіндіктер беру және заманауи педагогикалық технологияларды іске асыру.

Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Сарыкөл ЖОББ мектебінің жанындағы шағын орталық тәрбиешісі

Әбілханова Сая Жұмагелдіқызы

Мектепке дейінгі тәрбие ұйымының денсаулық саласы немесе дененің қимыл жасау мәдениетіне көшудің кейбір мәселелері

Салалардың бірі - «Денсаулық» саласында, баланың дамып жетілуі, яғни қозғалу қимыл әрекетінің белсенділігі ұйымдастырылған дене тәрбиесінің нақты шараларымен қалыптасуына жағдайлар қарастырылған. Ол балабақшада балаға дене тәрбиесі бойынша міндетті түрде нормативті қимыл қозғалыс әрекеттері үйретіліп, тәрбиеленеді деген сөз. Бұл талаптар дұрыс және орынды, себебі кез келген қимыл іс әрекет ол - жетістік және спорттық нәтиженің көрсеткіші деуге болады.

Дене тәрбиесін жетілдіріп қана қоймай, оны мәдениетін тәрбиелеуді үлкен бір мәселе етіп шешу жолдарын іздестірді. Дене тәрбие сабақтары мен таңертеңгі және реалаксацияшынығу жаттығулары балалардың дене мүшелерінің қимылын шапшаңдыққа, үйлесімді қозғалуға әбден машықтандыруда қалыптасқан шаралар. Ал біздің педагогикалық ұжымды ойландырған басқа мәселе болады. Ол бала қозғалу қимыл әрекетінде өз шығармашылығын білдіре ме қимыл қозғалыстарын мәдениетін ереже талаптарымен үйлестіре қолдана ала ма.

Мысалы күнделікті жаттығуларды балдырғандарға тәрбиешінің үлгіге қарап көрсетумен орындауға, үйретіп, меңгертеміз. Ал жалпы өмірдегі жағдайларда бала сол жаттықтырылған қимыл-қозғалысын қолдана ма, жоқ өзінің денесіне қолайлы, өз еркімен жасайтын қозғалысты ептілікпен орындай ма.

Мысалы, бөрене үстімен өрмелеп өту жаттығуын дене тәрбиесі оқу қызметінде нұсқаушы әр балаға жеке үйретеді. Ал серуенде бала демалыс алаңындағы бөренеден нұсқаушы үйреткен әдісімен емес, өзінің үйреншікті әдісімен тез және шапшаң өрмелеп өте алады.

Міне осындай бақылауларды және зерттеулерді доппен, секіртпелермен, сатыларда орындалатын жаттығуларда ұйымдастырдық және ата-аналар қауымы осы жаттығуларды орындай алатынын немесе орындай алмайтынын бақыладық. Нәтиже анықталғаны:

-Біріншіден балаларға жаттығуларды орындау әдісін меңгертуді қалыпты ету қажет.

-Екіншіден тәрбиешіге ол жаттығуларды автоматтандыру жолдары мен әдістерін меңгерту қажет.

- Үшіншіден ата - аналарға қимыл - қозғалыс жаттығулардың таныс болуы және тәрбиеші ата - анамен бірге балаға жаттығуды үйреткенде талаптың бір ізділігін қалыптастыру.

-Төртіншіден баланың қимыл-қозғалыс мәдениеті мен құрастырушылық қабілетін қалыптастыру.

Сондықтан көрсетілген жаттығуларды автоматты түрде жаттап алып, орындауда тез және жылдам қимыл қозғалысты реттеп, таңдауды бала мүмкіндігіне беріледі. Оны біз қимылды ойындар арқылы ұйымдастырдық. Оны біз қимылды ойындар арқылы ұйымдастырдық. Мысалы мысық тышқанды қуған тышқан жаттанды қимылдарды емес, қимыл арқылы ойлана жанын сақтау әрекетін жасайды. Осы стереотип (қалып негізінде «маймылдар» ойынында көрсетілген жаттығулар мен қатар, маймылдарды жолбарыс қуды деп айтқанда, әр маймыл өзінше ойлап тапқан қимыл әрекетін жасайды. Сонда әр баланың иілуі, созылуы, епті қимылдауы, сонымен қатар ол қимылдарды тез орындау қабілеті айқын көрініс табады.

Мұндай қимылдарды қайталаусыз еркінше орындату ойындардың қатарына «Тауық аңдыған түлкі», «Соқыр теке», «Аюдың апаны», «Көбелектер», «Аңшылық», т.б ойындар жатады. Бұл ойындар арқылы біз тәжірибе аясында Н.А.Бернштейннің 1920 жылдары дәлелденген қайталаусыз қайталау теориясын орындап, әр балаға бірдей жүгіру, қашу жаттығуында, бір-біріне ұқсамас жүгіру түрлерін меңгерттік.

Сондықтан біздің түсінігіміз бойынша бірде бір бала үлгі жаттығу эталонын толық меңгермейді, егер оны қолдану фантазиясы болмаса. Ал оны меңгертіп қалыпқа айналдыру үшін міндетті үш талапты орындау қажет

1. Қимыл-қозғалыстың үлгісі дайындап өзгертпей бекіту.
2. Үлгі қимыл қозғалысты жасағанда белгілі бір жағдайды шешу нәтижесінің болуы мүмкін.
3. Үлгі қимыл әрекеті түрлі дәстүрден тыс жағдайларда қолдануға ықшамды, өзгертуге қолайлы болуы қажет.

Осындай қағида болып қалыптасқан жағдайларды біздің ұжымда барлық дәстүрлі дене тәрбие оқу қызметінде қолдануды қалыптастырған тәжірибеміз бар. Баланың дене қимылын дұрыс қалыптастырып және өз бетінше қимылын шабытпен өңдей білу, күнделікті қозғалыстарда, ерекше қолайлы, дұрыс қозғалыс жасай білуге бейімдеу.

Аталған қимыл қозғалыстарды орындауды еріктендіру мақсатын біздің ұжым дене тәрбиесіндегі тапсырмаларды шешу, жеңіп шығу әдісімен ұйымдастырады.


Мысалы, «Керісінше жасай біл, шатаспа» атты жаттығуларында тәрбиеші дәстүрлі екі қолын жоғары көтеріп созу жаттығуын орындаса, балалар екі қолын жанына созады, керісінше тәрбиеші жанына созғанда балалар қолдарын жоғары көтереді. Немесе балаларды екі топқа бөліп екі түрлі кедергілерден түрлі қимыл-қозғалыстарды жасап ұсынылған мәреге жетіп, жалаушаны алып қайтуға үйретеді.

Мұндай әрекеттер баланы бір мезгілде көру, түсіну, ойлау мен тиімді және қолайлы қимыл жасауын пысықтайды. Осы аталған жаттығулар талап дәрежесіне жету үшін, міндетті талаптардың бірі- ол баланың дәстүрлі негізгі қимылдары жүгіру, секіру, өрмелеу, еңбектеу, лақтыру, қағуды толық меңгеруі. Бала осындай қалыпта болмаса, ол кері жасайтын (упражнения перевертышы) жаттығуларды орындай алмайды.

Сондықтан балабақшадан балалармен дене тәрбиесін ұйымдастыруда оның қимыл әрекетті дұрыс орындау мен ойлау қабілетін қатар дамыту бұл біздің негізгі ұстаным.

Әйпесе бала жаттап алған бір сарынды қимылын түрлі жағдайларда қолдануы екі талай.

Ал тәжірибе жүзінде осы зерттеулеріміз түрлі әдістемелік құралдар ретінде жинақталды «Мектепалды және ересек топтарындағы дене тәрбие» оқу қызметі жинағы, «Бөлме ішінде ұйымдастырылатын ойындар» жинағы, «Тынығу (релаксация) жаттығулар», «Спорттық шерулер, эстафеталар» бағдарламаларының жинағы. Бұл әдістемелік құралдар балабақшаға жанадан жұмысқа, университет қабырғасынан келген жас маманға, алғашқы кеңесшісі болады. Ал тәжірибелі педагогтарды ізденуде қалыптағы жаттығуларды басқа түрлі әдістермен орындау жолдарын іздестіріп, дене тәрбие оқу қызметтерін ұйымдастыруда өз шығармаларын танытуға мүмкіндік туғызды. Үлкендер және құрбылармен қарым-қатынас мәдениетін жоғары деңгейде қалыптастыру. Жақын адамдары арасында өзін адамгершілік нормаларына сай қалыпты ұстай білуге, қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. Адам деген атқа сай тек жақсы іс жа- сауға ұмтылу керектігін ұғындыру, бір-біріне түсіністікпен және қайырымдылықпен қарауға үйрету, еркіндік сапаларын тәрбиелеу. Басқа адамдардан көмек сұрай алады. Өзгелердің тілегін құрметтей білуге үйрету.



Әбішева Әйгерім Мұратқызы

№280 орта мектебі

Бастауыш сынып мұғалімі

Қызылорда қаласы

**Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат,
өйткені мұғалім – мектептің жүрегі.
Ыбырай Алтынсарин**

Ұстаз деген-ұлы есім

Қазіргі жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші ол білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан, әлемдік білім жүйесіне кіріп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Бұл мәселені шешудің кілті - ұстаздардың қолында.

Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» – деген еді. Ұрпаққа тәрбие беру, білім нәрімен сусындату екінің бірінің қолынан да келе бермейді. Сондықтан, ұстаз болу – жүректің батырлығы деп бағалауға болады.

Дүниедегі мамандық атаулының ең үлкені, ең мықтысы, төресі десекте артық айтқаным емес ол – ұстаз болу. Негізінде, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімдіде мейірі үстем жан. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді.

«Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» - деп француз ойшылы Жан Жак Руссо айтпақшы, ұстаздардың еңбегі ерен, тіпті сөзбен айтып жетізу мүмкін емес.

Жас ұрпақтың болашағы, халқымыздың келешегі қазіргі ұстаздардың қолында. Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, тқрт құбыламыз тіңеліп, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы-жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуде. Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі-мұғалім.

«Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, ұстаз әрқашан білім мен ізгілікті алға қоятын тұлға. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу аса жауапты әрі күрделі міндет. Ұстаздардың арқасында тұтас бір буынның құндылықтары мен қасиеттері қалыптасады.

2022 жылдың Тамыз конференциясы барысында «Педагог мәртебесі» туралы заң жобасына тоқталған Қасым-Жомарт Тоқаев ұстаздарды ынталандырудың жолдарын атады.

«Педагогтардың мәртебесін шынайы көтеруді қамтамасыз ету маңызды. Қазір айтып жатқанымыздың барлығы мұғалімдерге байланысты. Бәсекеге қабілеттілікті көтеру үшін педагогтардың жоғары мәртебесіне сөз жүзінде қол жеткізуіміз керек. Педагог мәртебесі туралы заң жобасында қолдаудың кешенді шаралары қарастырылған. Бұл ұстаз жүктемесін қысқарту, ар-абыройының сақталуына кепіл беру, материалдық ынталандыру... Соның ішінде сынып жетекшілігі мен дәптер тексергені үшін екі есе ақы төлеу, барлық педагогтардың еңбек демалысын 56 күнге дейін көбейту, магистрлік деңгей үшін қосымша төлем және өзге де ынталандыру шаралары бар» деді Мемлекет басшысы.

Мен ұстаздық жолға қалай келдім? Маған несімен ұнады? Деген сұраққа келетін болсақ:

Менің бастауыш сынып мұғалімім Әмірбекова Гүлзира Сағатбекқызына деген алғысым шексіз. Ол кісінің мінезі, айтқан ақылы мен берген білімі бәрі-бәрі бастапқыда- ақ мықты ұстаз болуға жаратылғандай, күндей сәуле шашып тұратын. Мен сол кісіге еліктеп мақсат қойдым өскенде мен де дәл сондай мықты ұстаз боламын деп. Сонымен қатар өмірде мамандыққа келгенде шатаспай таңдауға өз үлесін қосқан мен үшін ең үлкен ең мықты ұстаз Ақмешова Роза Мүсілімқызы. Маған үнемі айтып отыратын сөзі: «көп еңбектенсең, бақыт басын иеді». Бұл кісіге айтар алғысым шексіз. Қандай да бір маман иесі болмасын жауаптылықпен қарауға, бастаған істі соңына дейін жеткізуге үйреткен ақылын айтқан бірден бір жан Роза Мүсілімқызы. Айта кететін ұстаз болу оңай мамандық емес. Қаншама еңбек, қаншама ізденіс бір орында тоқтап қалмау осыны жете

түсіндірген, үйреткен Рахымжанова Назиля Сәлімтайқызына да айтар алғысым шексіз. Міне менің өмірімде мамандық таңдауда шатастырмай тура жол сілтеген, қараңғыда шырақ жаққандай сәуле шашқан білім майталмандары, екінші анамыздай болған жандар осы жоғарыда айтқан жандар. Бүгінде сол шәкірттерінің жетістіктеріне марқайып, қуанып отырған зейнеттегі жандар.

Ұстаздардың еңбегін ұлы ететін өздері емес, шәкірті. Білім нәрімен сусындатып, үйретуден талмаған ұстаздың сан жылдар бойғы еңбегінің жемісі – аяулы әрі білімді шәкірт. Бәйгеден оза шауып, мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік келген шәкірт үшін ұстаздың қуанышы сіз бен бізге елестетуге келмейтін сезім.

Сөз соңында айтарым ұстаз болу – өте жауапты, әділдікті іздейтін білімді шәкірт тәрбиелейтін ұлы жол. Осы жолда аянбай еңбек етіп жүрген барлық ұстаздар қауымы үлкен мәртебе мен құрметке лайық деп санаймын.

«Ұстаз деген – қасиетті мамандық. Бәріміз ұстазды сыйлаймыз. Себебі ұстаз – жоғары деңгейдегі тұлға. Балаларға лайықты білім беріп жатырсыздар. Білімсіз адам қауқарсыз деп айтуға болады. Қауқарсыз адам қазіргі бәсекеге толы әлемде қалай өмір сүреді? Сондықтан жас мамандарға мен ризамын. Өздеріңіз сияқты жастарды мемлекет те әрқашан қолдайды», – деп ел басымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың сөзімен аяқтағым келеді.

**№19 Раушан бөбекжай бақшасы
Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені**

Жакипова Жаксыгуль Базархановна

«Ата-аналармен байланыс технологиясының формалары мен заманауи модельдері»

Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру қоғамдағы ең ірі, маңызды мәселе болып тұр.

«Бала тәрбиесі басты байлығың, кешіксең көретінің қайғы мұң» деп Ұлы Абай айтқандай, балалардың тәрбиесіне ерте жастан мән беру керек.

Бала тәрбиесінде алғашқы ұстазы ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, әдептілік сияқты қасиеттер отбасында балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің ісімен сіңеді.

Ата-ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, ана да балаларының жан дүниесіне үңіліп мінез құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Әрбір ата-ана балабақшаға келіп күнделікті өткізілетін іс-әрекеттерге қатысып отырса, мерекелік ертеңгіліктерге атсалысып жүрсе, ол ата-ана баласының көпшілік ортада өзін қалай ұстайтынын, басқалармен қалай араласып, тіл табысуын, білім деңгейін зерттей алады. Сондай ақ өзінің берген тәрбиесінің дұрыс-бұрыстығына бір сәт көз жүгіртеді. Ата-аналарды ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатыстырудың маңызды нәтижесі ата-аналар өз балаларының ортадағы қылығын, оның басқалармен қалай араласуын, білім деңгейін, балалармен қарым-қатынасын зерттей алады. Өз баласының дамуы басқалардан артта қалған жоқ па, үйде және балабақшада өзін қалай ұстайтынын салыстырады. Ата-аналардың балабақшадағы балалардың өмірін мейлінше қызықты етіп өткізуіне мейлінше үлес қосу үшін тәрбие шараларына қатысып отырғаны нәтижесін берері сөзсіз. Ата-ана өзінің мінезі, дағдысы іс-әрекеті арқылы балаға үлгі көрсетеді. «Жұмылы көтерген жүк жеңіл» дегендей, отбасы және балабақша біріге күш салып, бала болашағына зор үмітпен қарап, түзу жолға салуда ерінбей еңбектенсек, өте жақсы нәтижелерге қол жеткізетініміз айдан анық. Бала әрқашанда ата-анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата-ананы өмірдің тірегі деп санайды. Әрбір ата-ана – өзінің баласының алдында да, мемлекет алдында да жауапты. Балабақша мен ата-ана арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін пайдасы тиімді болмақ.

Мектепке дейінгі ұйымдардың басты мақсаты – отбасында баланы тәрбиелеуге кәсіптік көмек беру. Баланы және ата-ананы сыйлауға тәрбиелеу.

Ата-аналарға балалармен жұмыстың дағдыларын қалыптастырып, ата-аналармен жұмыста әріптестіктің әртүрлі формалары мен заманауи модельдерін қолданған дұрыс болмақ.

Ата-анамен бірігіп жұмыс жасау тәрбиешінің жұмысын жеңілдетіп, баламен қарым-қатынастары жақсарады. Ата-анамен бірігіп жұмыс жасауда тәрбиеші жұмысты әр түрлі бағытта жүргізіп, түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланғаны жөн.

«Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмыс формалары мен заманауи модельдерінің»

түрлері:

Ата-аналар конференциясы

Ата-аналар бұрышы

Сұрақтар мен жауаптар кеші

Ата-анамен жеке жұмыс

Тенингтер

Көрмелер

Отбасылық сайыстар

Тәрбиелеудің үш көзі
Ашық есіктер күні
Сауалнама жүргізу

Отбасы- бұл баланың өмір сүру ортасы, қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орны.

Ата-ана өзінің мінезі, дағдысы, сөзі, іс-әректі арқылы баласына үлгі көрсетеді. Отбасы адамзат тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы ата-ана. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздің сырына үңілер болсақ, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Бала тәрбиесі- ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасатын құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланып, балабақшамен байланысу арқылы одан әрі жалғасады. Бала тәрбиесіне тек балабақша ғана емес отбасы мүшелерінің тигізер әсері мол. Отбасының басты қазығы, алтын тіреу дінгегі бала.

Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды.

Ата-аналармен бірлесе жасаған жұмыстың маңыздылығы:


Ата-аналар балабақшадағы оқу қызметтеріне, іс-шараларға қатысқан кезде балаға жақын болудың, онымен ашық сөйлесудің, балаға көбірек көңіл бөлудің маңыздылығын түсінеді.

Әке де, ана да баларының жан дүниесіне үңіліп, мінез құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Өкінішке орай өз баласымен ашық сөйлесе, сырласа білмейтін ата-аналар болады. « екуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Әрине ол дұрыс емес. Баланың бас ұстазы ата-ана. Көбінесе ата-аналар тарапынан мектепке дейінгі ұйымдарға көңілі толмай тұстары болып жатады. Себебі ата-аналар баланы таңертең балабақшаға қалдырады, ал кешке дейінгі мұндағы атқарылатын жұмыс түрінен бейхабар. Ата-аналар күнделікті балабақша ішкілік жұмыстарға қатысып отырса тәрбиешіге оқу қызметіне көмектеседі, балаларының жақсы жақтары мен көмек қажет ететін әлсіз жақтары туралы мәліметтер бере алады.

«Бақытты балалық шақ» деген ұғымның өзі отбасы мен балабақшаның тығыз байланыста ұйымдастыра жүргізген жұмысының нәтижесі іспетті. Балабақша мен отбасы арасында тығыз сабақтастық қажет, өйткені осы бағыттағы тәлім тәрбие сабақтаса, ұштаса жүргенде ғана көздеген мақсат нәтижелі болмақ. Жүсіп Баласағұнның зерделі ойлары біздің өрбітіп отырған мәселеміздің түйінін шешкендей

Бала білім жалын қусын десеңіз,
Бесігінде-ақ білім шоғын көсеңіз,
Білім үйрет сәбиіңе сарыла,
Уыздай ұйыт,сүттей сіңір қанына.

“Балақай” бөбекжай-балабақшасы
Музыка жетекшісі
Жақсылық Қарлығаш Бахытқалиқызы



Дәстүрлі ән

Құлақтан кіріп, бойды алар
Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар

Әнді сүйсең, менше сүй, — деп дана Абай қазақтың ән мен күй құдіретін осылай жырлаған. Себебі, қазақтың әні мен күйі — халқымыздың көне заманнан бері қалыптасқан асыл қазынасы, ұлттың бекзат болмысы, жүрек сыздатқан сағынышы, көңілдің нәзік қылын шертер сезімі, мұң-шері, қызық қуанышы.

Қазақ халқының мерей тұтып, мақтаныш етер асыл мұрасы, рухани жәдігерліктері ішінде замана сүзгісінен өтіп, бүгінгі ұрпақтың еншісіне егжей-тегжейлі жеткен ән қазынасы қашаннан дәстүрлі өнердің қаймағы саналады.

Дәстүрлі ән үлгілері ғұрыптық әндер, халық әндері, кәсіби халық композиторлары шығармалары болып, баға жетпес құндылықты құрайды.

Қазақтың осынау ғасырлар бойы жинақталып келген ән өнері сан алуан болып келеді. Қазақтың фольклортанушылары мен музыка зерттеушілері қазақтың дәстүрлі ән өнерін тұрмыс — салтқа байланысты ғұрыптық әндері және кәсіби әндер деп жіктеп қарастырып жүр.

Ғұрыптық әндердің өзі- бесік жыры, тойбастар, беташар, жоқтау, көрісу, сыңсу, жар-жар, жарапазан болып тармақталса, әншілік өнердің кең өріс алған кезінде пайда болған кәсіби ән өнері-халық әндері және кәсіби халық композиторларының әндері болып саналады.

Қазақ халқы ән мен күйге аса бай халықтардың бірі. XIX ғасырдағы қазақтың музыка мәдениетін зерттеушілер қазақта мың ән, бес жүз күй барлығын жазған болатын. Қазақтың музыкалық мәдениеті дәуірден дәуірге дамып келді, қазақ халқы ән мен күйге аса құмар халық.

Қазақтың ақын, жырау, өлеңші және әншілері өлеідер мен жырларды, ұзақ дастандарды домбыраға қосып әнмен айтады. Эпостық немесе тарихи жырлардың қысқа қайырылатын баяу әндері болады, лирикалық әндер көтеріңкі айтылады, неше түрлі сарынға соғып құйқылжиды. Халық музыкашыларының эпостық, тарихи ертегі және тұрмыс тақырыптарына арнап музыка

аспаптарымен орындауға шығарған шығармалары «күй» деп аталады. Күй әнге қосылмай, тек музыка аспабымен ғана орындалады.

Қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталға рухани байлықтарының толықтыра айтатын болсам асыл мұрасының бірі бұл әрине – дәстүрлі әндер. Музыка зерттеушілерінің айтуына қарағанда, халқымызда 5 мыңнан аса күй, 12 мыңға жуық ән бар көрінеді. Бұл — қазақ әншілік өнердің сан ғасырлық даму тарихының бар екендігін бірден бір айғағы.

Киелі қара домбыра мен қарт қобыз, жетігеннің сүйемелдеуімен айтылатын дәстүрлі ән өнері кемел құрылымымен, кең диапазон, күрделі ырғақ-иірімдерімен ерекшеленеді. Талай ғасыр сүзгісінен өтіп бүгінге жеткен дәстүрлі әндерді бүгінгі жас ұрпақтың бойына сіңіріп асыл мұрамызды жаңғырту біздің басты мақсатымыз. Осы мақсатта балабақша қабырғасында дәстүрлі әндер, ұлттық аспаптар, халық күйлерімен балаларды жақыннан таныстыра отырып олардың бойына ұлттық рухани құндылықтарды сіңіріп, асыл мұрамызды барынша насихаттауға тырыстым. Алғашқы қадамды біз әрине ұлттық аспаптардан бастадық. Өйткені кез келген әсем әннің нақышын келтіріп, сән беретін осы ұлттық аспаптар. Аспаптармен балаларды жақыннан таныстыра отырып аспаптар әлеміне саяхат атты ашық ұйымдастырылған іс әрекетімізді өткіздік. Ұлттық аспаптардың ішінде балалар – шаңқобыз, домбыра, қобыз, дауылпаз, асатаяқ, жетіген, даңғыра сазсырнай сынды аспаптармен жақыннан таныс болды. Балалардың әнге, аспаптарға деген қызығушылығын, талпынысын ескере отырып балабақша ішінде «Көркем-ай»

тобы құрылды. «Көркем ай» тобының бүлдіршіндерімен Тараз қаласында өткен «Жарық жұлдыз» республикалық байқауға қатысып жүлделі 1 орын иегері



атанып сонау Ташкент қаласына жолдама алдық.

Балалар байқауда өз өнерлерін жоғары деңгей көрсетіп көрермен көзайымы болды. 19 – мамыр



күні Ташкент қаласындағы "Корей мәдениет" үйінде өткен байқауда 1 орынды қанжымызға байлап.

Алматы қаласында өтетін "Жұлдызды ЖаStar" байқауына жолдама алдық.

Осылайша балаларды әнге, өнерге соның ішінде дәстүрлі әнге деген қызығушылығын, дарынын дамыта отырып, көрші елдерде қазақ халқының өнерін жаңғырту біз үшін үлкен құрмет!



Шилдебай Аяна жасы .6 да. Ұлты - қазақ. Мінезі ашық, кез келген ортаға бейімделіп кете алады.

Хобби спорт, сурет салғанды жақсы көреді
Қызығушылығы ән айтып би билегенді ұнатады.



ЕЛУАН ЖАНЕЛ

6 жас

Білімді! Озат! Ақылды! Музыка және би мен айналысқанды жақсы көреді!



Орынбек Нұргүл

6 жаста

Музыкаға деген құштары өте жоғары. Өскенде биші болғысы келеді.



Талғат Амина

6 жаста

Өте зерек ,ақылды қыз. Болашақта күміс көмей әнші болам деп армандайды.



Қалдыбек Айжүрек 6 жаста талғамын музыка мен биге арнаған жас жеткіншек. Мың бұралған биін, күміс көмей әншілігін шыңдап үлкенбелестерді бағындырып, Қазағымның көк туын биікте шығарамын дейді.



Қанатқызы Рамина

5 жаста

Алға қойған мақсаты. Болашақта ұлттық киімдерімізді әлемге танытатын сәнгер болуды армандайды.



Таңат Балым

6 жаста

Ән айтып би - билегенді ұнатады. Болашақта атақты әнші болуды армандайды .



Ғаниқызы Аяла

6 жаста

Сымбатты , тәртіпті өте зерек қыз. Сурет салғанды ұнатады. Өскенде биші болуды армандайды

**«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп –интернат»
кешені КММ**

Жанахметова Махаббат Рысбековна

Психологиялық- педагогикалық қолдау табысты баланың дамуының шарты ретінде

Соңғы жылдары көптеген елдерде мүмкіндіктері шектеулі балаларға ерте жастан түзете-дамытушылық көмекті көрсету бағдарламаларын іс жүзіне асыру денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау салаларының өзекті мәселерінің бірі болып, ірі әлеуметтік мәселе сипатына ие болды. Бұл мәселенің аумағында мүмкіндіктері шектеулі балаларға мектепке дейінгі кезеңде олардың мектепке дайындығын қамтамасыз ететін даму жағдайларын жасау ерекше рөлге ие. Балалық шақтың ерте жасында мектепте оқудың табысты болуына әсер ететін мектепке дейінгі дайындықтың қалыптасуына алғышарттар жасалады.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды мектепте оқытуға жоспарлы түрде дайындау үшін ерте жастан көмек көрсетуді анықтайтын факторлар қатары бар. Біріншіден, бұл бағыттың болашағы баланың белсенді түрдегі динамикалық жағдайда дамуы және кез келген жағдайда баланың даму заңдылықтарының жалпыламалығы туралы ұғымдар арқылы түсіндіріледі. Бұл мәселе қажетті жағдай жасалған кезде баланың орнын толтыру күшін іс жүзіне асыруға және қалыпты жағдайға келуге болатынын көрсетеді. Баланың дамуында басым жүйе ретінде орталық жүйке жүйесі болып табылатыны және ерте жаста бұл жүйе жоғары деңгейдегі бейімделуші және үйлесімді қызметке ие екендігі, сонымен қоса бала өмірінің алғашқы жылдары ең икемді екендігі дәлелденген. Ерте жастағы белсенді түрдегі репрезентация мен физикалық және әлеуметтік өмірді түсінудегі туа біткен және басты кестелерді қолдануға қабілетті болып табылады. Бала өмірінің алғашқы жылдарына бала ағзасының психикалық және моторлы қызметтердің белсенді дамуы тән.

Ерте жастағы кезеңдердің маңыздылығының дәлелі ретінде жүйелілік, иерархиялық, сатылық, ырғақтылық, қарқын, мазмұн, бала психикасының қалыптасу бағыттарымен байқалатын көпқырлылық пен құрылымдылық болып табылады. Ең кішкентай баланың психикалық өмірінің ретке келуі кез келген жағдайда оның ынталану мүмкіндігіне жету болатынын байқатады.

Ерте жастағы баланың дамуындағы кез келген жаңа кезеңде әр психикалық үдеріс жаңа сапа мен қасиеттерге ие болатын күрделі қызметаралық жаңа құрылымдар нәтижесі ретінде болады. Нәтижесінде баланың дамуындағы әр кезең түзету жұмысының ерекше стратегияларын талап етеді.

Баланың дамуына отбасында тәрбиелеу мен күнделікті тұрмыс-тіршілік жағдайы, оның сырт пішіні, зердедегі өзара қатынасының қарқындылығы мен ұзақтылығы, сөйлеу арқылы қатынас пен тәрбиелеудің әдісі, ата-аналардың балалармен қарым-қатынасқа түсуге психикалық тұрғыдан дайындығы ерекше рөл атқарады.

Дамуында тежелістері бар балаларға арналған ерте жаста педагогикалық араласу бағдарламаларының тиімділігінің алғы шарты ерте жастағы жүйелі бағалау жұмысы болып

табылады. Бағалау жұмысы психикалық онтогенездің бастапқы кезең ерекшеліктеріне негізделеді. Бұл шақта бала жылдам даму ерекшелігіне ие. Сондықтан осы кездегі даму барысындағы мардымсыз кішігірім ауытқулардың өзі жас ұлғая келе күрделі мәселелерге әкеп соғуы мүмкін. Сонымен қатар, ерте жаста атқарылатын түзету жұмыстарының мүмкіндіктері де мол. Себебі бұл кезде бала психикасы икемді, сезімтал, әрі сыртқы әсерді қабылдағыш келеді. Ерте жаста «тәуекел» тобына жататын балаларды әртүрлі тиімді әдістер арқылы анықтап, олардың даму барысына бақылау жүргізу бастапқы ауытқуды анықтау мен оқыту жұмыстарының арасында болатын алшақтықтың алдын алар еді.

1. Ерте жаста кірігу бағдарламасын жобалау барысында баланың психикалық қызметтерінің әлеуметтік көрінісін, бала дамуының жүйелік құрылымы мен қарқындылығын есепке алу тиіс.
2. Бағдарламаның жобалау бірлігі іс-әрекет ерекшеліктерімен анықталған баланың стандартталған жас кезеңі болып табылады.
3. Педагогикалық түзету жұмысының құрылымы мен мазмұныны анықтайтын даму профилін қолдану жұмыстың негізгі принципі жеке-жіктеу бағытын ұстануға мүмкіндік береді. Яғни түзете-дамыту көмегі баланың жеке қажеттілігін өтеуге бағытталады.
4. Жеке дамыту бағдарламасы баланың жас ерекшеліктеріне сай аффективті, ақыл-ой және қимыл-қозғалыс қызметтерін ынталандыру арқылы онтогенездік реттілікті қамсыздандыру керек.
5. Ерте жаста кірігу бағдарламасы вариативті, пәнаралық және отбасына жұмылдырылған сипатта болуы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мағжан Жұмабаев Педагогика 1992ж
2. Қ.Жұмасова Психология Астана -2006ж
3. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, 2000



Жапар Гүлнар

"Келешек" бөбекжай балабақшасы

Қазақ тілі педагогі

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БҮГІНІ,ЕРТЕҢІ,БОЛАШАҒЫ

«Тіл мәселесіне бейжай қарап,немқұрайлылық танытатын болсақ, мемлекеттігіміз бен ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіріп алуымыз мүмкін» - деп, мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаев тілге үлкен жауапкершілікпен қарауды тапсырды.Сол қатердің төнбеуі үшін жүрегі «елім» деп соққан әрбір қазақ туған тіліне үлкен құрметпен қараса, басқаларды да мойындатарымыз хақ. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуде мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының рөлі орасан зор деп айтар едім. Сондай орталықтардың бірі – «Тіл» оқу – әдістемелік орталығының Текелі қалалық филиалы. Бұл орталықта тіл үйренемін деушілерге қарапайым деңгейден бастап, жоғары деңгейге дейін тілді меңгеріп шығуға үлкен мүмкіндік бар,барлық жағдай жасалған. Ең бастысы – ниет болса болғаны. Орталық 2007 жылдан бері қала халқына қалтқысыз қызмет атқарып келеді. Бүгінгі күні 6 топ , барлығы 78 тыңдаушы әр түрлі деңгейде мемлекеттік тілді үйренуде. Үстіміздегі жылдың тамыз айынан бастап

ағылшын курсы ашылып, мемлекеттік тілмен қатар 2 топта 26 тыңдаушы ағылшын тілін оқып жатыр.

Астана қаласында өткен стандарттау жөніндегі кеңейтілген ғылыми – техникалық кеңесте қазақ тілін меңгеруге арналған тілдік жобасы қаралып, нәтижесінде енді еліміздің кейбір сала мамандары мен студенттеріне қазақ тілінен тест тапсыру міндеттелмек. Бұл жоба 2024 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап іске асырылады деп айтылып, тіл жанашырларын бір қуантқан жаңалық болды.

Алдағы уақытта осы жоба іске асып, тіліміздің тұғырлы болуына үлкен қызмет етеді деп үміт артамыз. Мемлекеттік тілдің болашағының кемелденуі үшін міндеттелген талап қажет екендігі бұрыннан айтылып жүрді, осы жоба сол талап тілекке жол ашқандай болды деп ойлаймын. Тарихқа жүгінсек, ата – бабаларымыз шешен сөйлей алмаған адамға ел билетпеген екен. Шешен сөйлеу дегеніміз – қазақтың бай тілімен, қасиетті төл тіліміздің мүмкіндігін қолдану емес пе? Сондықтан да тілімізді қадірлеп, тілімізді шұбарламай таза сөйлеу – азаматтық борышымыз деп санаймын.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ – АҒАРТУ МИНИСТІРЛІГІ

**«Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған
«Үміт» мектеп-интернаты» КММ**

Жаппарова Зарина Мәлікқызы

**Бастауыш сыныптарындағы қазақ тілі сабағында ойын әдістері пайдалана отырып
функционалдық сауаттылықты дамыту**

Балалар әлемі - ерекше әлем. Оның өзіндік лексикасы, фольклоры, мөлшері, ар-намыс кодексі, өздік қызықтары бар. Бұлтаңғажайып әлемнің құралы – ойын. Балалық шақта ойын қызықтырады және қуантады, барлық бос уақытты толтырады, балалар үшін өте маңызды жұмыс болып табылады.

Ойын – барлық балаларды педагогикалық ұйымдарға қосылуға, өзіндік шығармашылық әрекетпен шұғылдануға мүмкіндік береді. Ойын балаларды коммуникативті дамуын және жеке өзіндік бекінуін, өзін-өзі тануын қадағалайды.

Тәжірибе өзектілігі: Қазіргі таңда білім мен ғылымның уақыт өте өзгеріс үдерісінде бастауыш сынып оқушыларды оқытудағы мемлекеттік білім беру стандартының негізіне сүйене отырып жүйелік-белсенділік тәсілдері мен технологиялар мыналарды көздейді: әртүрлі ұйымдастырушылық нысандарды және әрбір оқушының жекеерекшеліктерін ескере отырып, шығармашылық әлеуеттің, танымдық мотивтердің өсуін қамтамасыз ету, танымдық әрекетте құрдастарымен және ересектермен өзара әрекеттесу формаларын байыту. Оқыту мен тәрбиелеу процестері өз бетінше тұлғаны тікелей дамытпайды, тек олардың белсенділік формалары болған кезде және тиісті мазмұнға ие болған кезде, белгілі бір жаста қызметтің белгілі бір түрлерінің қалыптасуына ықпал етеді. Осылайша, белсенділік баланың танымдық процестерін дамытудың сыртқы шарты ретінде әрекет етеді. Баланың толыққанды дамуы үшін оның іс-әрекетінің белсенділігін, оқуға деген қызығушылығын арттыратын жаңартылған бағдарлама мақсатына сүйене отырып дұрыс оқыту жүйесін ұйымдастыру керек. Көптеген педагогика саласында пайдаланып жүрген кез келген технологияның оқушының білім деңгейін және сабаққа деген құштарлығын, қызығушылығын, белсенділігін арттыратын тиімді тұстары болатыны сөзсіз. Білім көзі-бастауыштан басталатындықтан, педагогтердің таңдап алынған технологияларды дұрыс пайдаланып, мақсатқа жету-әрбірм әрбір ұстаздың шеберлігінде. Тиімді технологиялардың ішінен иен оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, қазақ тілі бойынша тілдік дағдыларын, функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында тәжірибеде ойын технологиясының тиімділігін ашып ұсынып отырмын. Себебі педагогикалық ойын – оқытудың нақты белгіленген мақсатымен және оған сәйкес педагогикалық нәтижемен сипатталатын іс-әрекет түрі, оқытудың жүйелік-әрекеттік тәсілін жүзеге асыратын оқу-танымдық бағыт.

Бастауыш сыныпта сабақ барысында жалпы мәдени, ақпараттық, коммуникативтік сияқты негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру жүзеге асады. Бұл оқытуда жүйелік-әрекеттік тәсілді жүзеге асыру үшін ойын технологияларын қолданудың өзектілігін білдіреді.

Тәжірибенің педагогикалық жаңаша идеясы:

Бастауыш сыныпта сабақта ойын технологияларын қолдану оқу процесін оқушы мен мұғалімнің бірлескен шығармашылық процесіне айналдырады, сол арқылы оқу мотивациясын арттырады және сабақта өнімді оқу-іс-әрекетін ұйымдастырады, бұл табысты өтудің ең маңызды шарты болып табылады. Оқушылардың пәндік және негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру. Осыған сүйене отырып, тәжірибенің жетекші педагогикалық идеясы белсенділік тәсілін жүзеге асыру арқылы оқытуды

жетілдіру болып табылады, сәйкесінше жұмыстың мақсаты – бастауыш мектепте білім сапасы мен оқуға деген қызығушылықты арттыру, сонымен қатар сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға жағдай жасау. **Жоба мақсаты** – ойын технологияларын оқу процесіне енгізу тәжірибесін қорытындылау, әдістеменің тиімділігін көрсету.

Міндеттері:

- ✓ жеке қасиеттердің барынша көрінуіне, әрқайсысының табысты болуына қолайлы жағдай жасау;
- ✓ оқушыларды табанды, жүйелі тәрбие жұмысына ынталандыратын оң және тұрақты мотивацияны дамыту;
- ✓ білім алушылардың жеке ресурсын дамытуға (тұлғаның мотивациялық, аспаптық және когнитивтік сфералары) оқу-тәрбие процесінің бағдарлануын қамтамасыз ету;
- ✓ әрбір оқушыны белсенді танымдық іс-әрекетке, білімді өз бетінше меңгеру процесіне қосу, оны осы процеске қызықтыру;
- ✓ оқушылардың жеке, шығармашылық және зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруарқылы шығармашылық әлеуетін дамыту;
- ✓ оқытылатын педагогикалық технологиялар негізінде оқудың оң нәтижелеріне қол жеткізе отырып, күнделікті тәжірибеде пәнді оқыту жүйесін дамыту.

Тәжірибенің жаңалығы:

Ойын технологияларын қолдану негізінде білім сапасы мен пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру және дамыту бойынша жұмыс жүйесі құрылғандығында.

Инновациялық бағыттағы жаңашылдығы:

- ✓ оқушылардың ойынды оқу-тәрбие жұмысында қолдану мүмкіндіктері туралы түсініктерін кенейту;
- ✓ оқушы тұлғасын дамыту, қазіргі қоғам жағдайында өз бетінше өндірістік әрекетке дайындау;
- ✓ шығармашылық ойлауды дамыту;
- ✓ бірлескен іс-әрекет дағдыларын дамыту;
- ✓ қиын жағдайда оңтайлы шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру;
- ✓ ақпараттық мәдениетті, ақпаратты өңдеу, оны ойын әрекетінде пайдалану дағдыларын қалыптастыру;

Гипотеза: Ойын технологиялары оқушылардың танымдық қызығушылықтарын тәрбиелеуге және белсенділіктерін арттыруға ықпал етеді

Өзектілігі:

Ойын балаларды ақыл-ой мен адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Ойынға тәрбие құралы ретінде үлкен мән берген А.С. Макаренко: «Бала ойында қандай болса, ол есейгенде көп жағынан жұмыста болады. Сондықтан болашақ қайраткердің тәрбиесің алдымен ойында жүзегеасады», деген.

Ойын немесе ойын жағдаяттарын қолданатын сабақтар оқыту мен тәрбиелеудің тиімді құралы болып табылады, өйткені сабақтың дәстүрлі құрылымынан үзіліс жасау және ойын сюжетін енгізу бүкіл сыныптың назарын аударады. Ойынның мазмұны әрқашан бірқатар оқу міндеттерін жүзегеасыру болып табылады. Ойында оқушылар белсенді әрекетте өз білімін сыни тұрғыдан бағалауға, осы білімді жүйеге келтіруге мүмкіндік беретін жағдайға тап болады.

Мен бұл маңызды қорытындыларға бірден келген жоқпын, бірақ кіші жастағы оқушылармен жұмыс істеудегі білім мен тәжірибені жинақтау барысында. Қойылған мәселенің өзектілігі балалардың дербестігін, интеллектуалдық, коммуникативті және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында қалыптасып келе жатқан баланың жеке тұлғасына психологиялық-педагогикалық әсер ету әдістерін жетілдіру қажеттілігінен туындады.

Мен тәжірибем бойынша жүргізілетін жұмысымның 3 аспектісін бөліп көрсетемін.

Әлеуметтік аспект	Қазіргі өмір жағдайында ата-аналардың көпшілігі балалармен қарым-қатынасқа және олардың дамуына бос уақыт бөле алмайды (олар кешке дейін жұмыс істейді, ең жақсы
-------------------	--

	жағдайда үй тапсырмасын тексеруге уақыты бар). Ата-аналардың өздерінің білім және мәдени деңгейі төмен (менің сыныбымда оқушылардың ата-анасының 21% жоғары білімді). Бұдан шығатыны, ата-аналар көп жағдайда өз балаларының ойлауын дамыта алмайды.
Ғылыми аспект	Қазіргі мектепте оқу-тәрбие үрдісінің қарқындауы, бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауы мен шығармашылық қабілеттерін пайдалануға арналған бағдарламалардың күрделенуі байқалады.
Практикалық аспект	Ойын оқушылардың көру, есту қабылдау жүйесін дамытуға көмектеседі. Сабақты қызықты, қолжетімді ету балалардың белсенділігін арттыруға, білім алуға, білім сапасын арттыруға көмектеседі.

Ойын технологиясы Үшінші деңгейлік курсының жеті модулімен ықпалдастыруға келетін ең тиімді әдіс. Сабақта қолданылатын жаңа тәсілдерді оқушылардың жас ерекшелігіне сай таңдаймын, әрі бұл тәсілдер ойынға өте жақын. Ойын элементтерін жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында пайдаланамын. Себебі ойындар оқушылардың ой - өрісін дамытып, қана қоймай ойлау қабілетін арттырады. Сөздік қорларын да молайтып, сауатты жазуға да баулиды және өтілген тақырыптарды меңгеруге үлкен әсер етеді. Ал, біркелкі сабақ оқушыны зерігу мен жайбарақаттылыққа алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, оқушылардың алған ақпаратты сақтауының орташа пайызын, яғни оқу пирамидасын, оның ішінде 0 % - дәріс, 10 % - оқу, 20 % - аудио – визуалды қабылдауы, 30 % - көрсетілім, 50 % - талқылау, 75 % - тәжірибеде жасау, 90 % - өзгелерді оқыту пайызын ескере отырсاق, ойын технологиясын қолдана отырып, оқушылар алған теориясын тәжірибеде, яғни ойында қолданса оқу табысты болмақ.

Сабақ барысында ойын элементтеріне ақпараттық коммуникациялық технологияларды, атап айтсам интерактивті тақта, аудио жазбалар, электронды кітапшаларды да қолданамын.

Ойын балалардың жас ерекшеліктеріне және өтілетін сабақтың тақырыптарына мазмұнына сай етіліп таңдалып алынғаны дұрыс. Бала ойын іс – әрекеті үстінде білімді қалай игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс.

Жалпы мектепте балалар сабақтааса зор ынтамен ойнайды, олар ешқашан шаршамайды, тіпті уақыттың қалай өткенін де байқамай қалады. Ойын оқушының жеке ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді, мысалы, өзара көмек, бірін - бірі қолдау, жолдастық сезім, сондай - ақ бірқатар психикалық үдерістердің: есте сақтау, ойлау, көңіл бөлу, сөйлеу, пайымдау т. б. дамуына әсер етеді. Ойын төменгі сынып оқушыларының топта жұмыс істеу арқылы ұжымдасуына көп көмегін тигізеді. Егер ойын сабақтың басында өткізілсе, балалар қалған уақытта тамаша жұмыс істейді, нашар оқушылар жеткілікті дәрежеде белсенділік танытады, сабақтың ортасында да, соңында да сабаққа қызығушылығы артып, назар аударуы жоғарлайды.

Жумадилова Айнура Абуғалиевна

31 орта мектеп тарих пәні мұғалімі

Тараз қаласы, Ainura_29_Zhumadilova@mail.ru



«5»-сыныптың «Ежелгі дүние тарихы» оқулығы бойынша жыл санау жүйесін оқыту

Оқулықтағы күрделі тақырыптардың бірі –«Жыл санау жүйесі» деп аталады. Бұл параграф көлемді 4 тақырыпшадан тұрады. Олар: «Уақыт туралы алғашқы түсініктер», «Ежелгі Шығыс күнтізбелері Юлиан күнтізбесі», «Григориан күнтізбесі» және «Жылдарды қалай санаймыз?».

Мәтіннің бірінші мәселесіне байланысты өзгеру фазалары және сүмбіле жұлдызының көрінісі суреттері Юлиан күнтізбесі атты тақырыпшаға сәйкес ежелгі Египет жұлдызнамашылары аспан әлемін зерттеудегі көріністері, Ежелгі Рим күнтізбесі «Аспанда ұлы Сотис жарқыраса, арқырап Ніл шығады қайнар көзден» деген шумақтың көне Египетте иероглифтермен жазылған түрі және бұдан екі мыңдай жыл бұрын өмір сүрген римдік билеуші Юлий Цезарьдың мүсіні бейнеленген. Параграфтың үшінші мәселесі Григориан күнтізбесі тақырыпшасына сәйкес Майя күнтізбесінің суреті және төртінші мәселеге байланысты біздің заманымыздан бұрынғы –б.з шартты түрдегі уақыт сызығы айқындалып көрсетілген түрлі-түсті сызба берілген.Параграфтың соңында оқушылардың қаншалықты түсінгендігін тексеру мақсатындағы пысықтау сұрақтары берілген.

Жаңа материалды түсіндіруде оқулықтың көмегіменен жаңа сабақты өту барысында оқулықпен кең түрде жұмыс жүргізу керек.

Үй тапсырмасының орындалуын тексеру үшін сұрақ қою барысында мұғалім оқушыны ынталандырып, жауаптың сапалылығын көтеруге әрекеттенуі керек. Бұл кезеңнің мәні барлық оқушыларды ұжымдық танымға жұмылдыру, соның нәтижесінде бүкіл сыныптың білімі жетіле түседі, ал оқушылардың бір бөлігінің білімі тиянақталады. Кезеңдегі іс-әрекетті таңдаудың түпкілікті мақсаты осында жатыр.

Үй тапсырмасының орындалуын тексеру барысында «Халықтық шежіре деген не? Оны қалай қалай түсінесің? Тайпалық шежіре, хандық шежірені қалай түсінесің? Осы сұрақтарды қою барысында мұғалім оқушыны ынталандырып жауаптың сапалылығын көтеруге әрекеттенуі керек. Осының ішінде басты назарға алатын нәрсе халықтық шежіре болуы керек. Әрбір оқушы қазақтың үлкен атасы – Алаш, одан таралған Қазақтың үш ұлы болғандығын, олар – Ақарыс, Бекарыс және Жанарыс, Ақарыстың ұрпақтары – ұлы жүзді, Бекарыстың ұрпақтары – орта жүзді, Жанарыстың ұрпақтары – Кіші жүзді құрайтындығын жаттап алу керек.

Тағы бір назарға алатын мәселе – ең тамаша ескерткіштердің бірі – «Моңғолдың құпия шежіресі» еңбегі. Онда кезінде дүниені дүрілдеткен монғол билеушісі Шыңғыс хан туралы жазылған. Бірінші бөлім «Темүжіннің тегі мен балалық шағы» деп аталған. Темүжіннің ата-бабалары туралы әңгімемен басталады да, шежіре Шыңғысханның қайтыс болуымен аяқталады. Моңғолдың құпия шежіресінде негізінен, Шыңғысханның басынан өткендері баяндалады. Ол өзара үнемі күресіп келген руларды біртұтас ел етуге ұмтылады. Оның бұл бағыттағы әрекеттерін мадақтаумен бірге қатыгез, әділетсіз мінезін де жасырмаған. Шыңғысханды дәріптеу мақсатына қарамастан «Моңғолдың құпия шежіресінде» тарихи оқиғалар өте дәлдікпен және шынайы сипатталған. Өйткені бұл шежіре Шыңғысхан қайтыс болғаннан кейін көп уақыт өтпей-ақ жазылған. Осы мәселерді «Жұмыс дәптері» бойынша да тексеруге болады.

Сабақтың мақсаты – мұғалім уақыт есебін жүргізу, алғашқы күнтізбе жасау тек жер кәсібімен мал шаруашылығына көшкен ежелгі заманда ғана басталғаны адамдардың жылды ауа райының ерекшеліктеріне қарай төрт

маусымға бөлгені туралы баяндап, күнге негізделген күнтізбенің алғаш ежелгі Египетте жасалғанына тоқтала кету қажет.

Мұғалім жаңа сабақты өту барысында сабағының мақсатына жету үшін әр тақырыпшаны байланыстыра отырып баяндауы қажет.

Мұғалім кітаптағы суреттерді пайдалана отырып, Юлиан күнтізбесінің ежелгі Рим билеушісі Юлий Цезарьдың ұсынысымен жасалып, соның құрметіне юлиан күнтізбесі деп аталғандығын, бұл күнтізбе де египеттіктердікі сияқты жыл 365 тәулікке бөлініп, 4 жылда бір рет қосымша тәулік қосып отыратындығын, қосымша тәулік қосылған жыл ұзартылған немесе кібісе деп аталатындығын оқушыларға мән бере мазмұндау керек.

Сонымен қатар, Григориан күнтізбесінің де католик дінінің басшысы Григорий атымен аталғандығы және тағы да басқа ерекшеліктері жөнінде және жылдарды қалай санау керектігін шартты түрдегі уақыт сызығы сызбасын пайдалана отырып, тақтаны пайдалану арқылы түсіндіру қажет.

Жаңа сабаққа оқушыларды белсендіре қатыстырып отырудың тағы бір жолы – оларға әр сыныптың деңгейіне сай, оларға түрліше сұрақтар қойып отыру. Бірақ бұл көбіне ойланып барып жауап беретіндей сипатта болғаны дұрыс.

Сабақты пысықтауда мұғалім біріншіден оқушылардың жалпы күнтізбе сөзді қалай түсінгендіктерін бақылау қажет. Сабақтың негізгі мәселелері күрделілеу болып, оқушылардың түсінуіне қиындық келтірсе, жаңа материалды пысықтауды әрбір мәселені түсіндіріп болғаннан кейін, яғни, ілестіре жүргізіп отырған дұрыс.

Үйге тақырыпты мазмұндап келу және «Жұмыс дәптері» бойынша кестеде көрсетілген күнтізбелерді салыстырып, ұқсас жақтары мен айырмашылықтарын табу тапсырмаларын беру керек.

«Тарих пәні негіздері» атты бөлімнің соңғы әрі маңызды параграфы «Дәуірлер тоғысында» деп аталады. Бұл тақырыпты өтуде мұғалімнің мақсаты-Адамзат басынан өткізген оқиғалардың бір-бірімен байланысын білмей уақыт

шеңберін анықтап, әр дәуірдің ерекшеліктерін ескермесек, адамзат тарихын шатастыруымыз мүмкін екенін оқушыларға баяндап, дәлелді түрде жеткізу қажет.

Мұғалім біздің заманымыздың алғашқы жылынан бері қарай есептегенде екі мың жыл өткенін, әрбір мың жылдың өзі бірнеше жүз жылдан құралғанын айта келіп, жүз жыл бойынша есептеу жүйесіне тоқталады. Әрбір жүз жыл өткен соң, жаңа жүз жылдық, яғни жаңа ғасыр басталатыны, мысалы, 1999жыл жиырмамыншы ғасырдың соңы екені, ал 2001жыл жиырма бірінші ғасырдың басы болып есептелетіндігі айтылады.

Мұғалім мыңжылдық, ғасыр дәуір сөздерінің мағынасын дәптерге қысқаша жазғызу керек. Мұғалім бүгінгі таңда тарихшылардың адамзат дамуын ежелгі дүние, орта ғасырлар, жаңа тарих және қазіргі заман тарихы деп төрт негізгі дәуірге бөлінетіндігін айта келе, «Археологиялық дәуірлеу тақырыпшасына тақырып соңындағы «Археологиялық дәуірге бөлінуі» тірек-сызбасын тақтаға бормен жазу арқылы түсіндірген тиімді.

Тарихи дәуірлеуді, яғни, адамзат тарихын ғылыми негізде дәуірлеуге бөлуге тырысқан алғашқы зерттеушілердің бірі Льюис Морган атты этнограф адамзат тарихын 3 кезеңге: 1) тағылық; 2) варварлық; 3) өркениеттілік деп бөлгендігіне баса мән беру қажеттігін айта кеткен жөн.

Осындай археологиялық дәуірге бөлу жүйесі бойынша біз өте ертедегі адамдардың еңбек құралдарын, олардың жасалу тәсілдерін, шаруашылығының түрлерін біле аламыз. Сол негізде олардың әр дәуірдегі өмір тіршілігі туралы мәліметтер ала отырып, тарихын оқып үйренеміз. Мұнымен бірге, қола және темір дәуірлеріне тән деректер алғашқы таптық қоғамдар мен мемлекеттер тарихы туралы мәліметтер толықтырады. Олардың даму ерекшеліктерін зерттеп, оны оқып-білуге көмектеседі. Параграфты осылай қорытындылай келе, жалпы алғанда, тарихи және археологиялық деректер бірін-бірі толықтырып, нақтылайтындығын, сөйте отырып, адамзат тарихын дұрыс баяндауға мүмкіндік беретіндігіне, сондықтан оларды салыстыра отырып, пайдалану тарихты шынайы, әрі толық сипаттауда

үлкен рөл атқаратындығына баса мән бере отырып сабақты қорытындылау қажет.

Келесі сабақ жалпы 1-тарауды қорытындылау сабағы болатындықтан оқулықтың 64-бетіндегі бірінші бөлімді қайталау үшін берілген сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып, жалпы тараудағы мәселелерді қайталап келуін ескерту керек.

Қорытынды қайталау сабағында оқушылардан бүкіл тарау бойынша тест алып, оқушылардың өздерінің қызығушылығымен салған суреттерін пайдалана отырып сабақты қызықты етіп өткізуге болады.

№19 Раушан бөбекжай бақшасы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені

Ибрагимова Карима Уринходжаевна

«Ұлттық тәрбие — сапалы білім берудің негізі»

Бүгінгі білім саласындағы өзгерістер, бірнеше ойдан таралған аса бай мұраларды қолға алу арқылы білім алушылардың ел мүддесі үшін жұмыс жасауына септігін тигізіп отыр.

Оқыту мен тәрбие бүгінгі өмірмен ғана астасып жатқан жоқ, тарихтың тұңғышымен астасып жатыр. Сол себептен де өткеннің кейбір іргелі тағылымдарына ден қоюға тура келеді. Бүгінде жаңа бетбұрыс жасау кезеңі деп білеміз. Педагогика ғылымы алдында оқу-тәрбие жүйесін ұдайы жетілдіру мәселесі қойылып келеді. Қазіргі кезде қазақ балабақша балаларының игеруіне арналған бағдарламалар бұрынғы жылдармен салыстырғанда анағұрлым күрделі. Ақпараттарды жоғары ғылыми-теориялық деңгейде терең және тыңғылықты оқыту, оқу мәліметтерін терең және шығармашылықпен меңгеру талап етіледі. Яғни өздік білімін көтеруіне, ақпарат көздерін алуға, ақыл-ой қабілетінің дамуына, білім негіздерін саналы түрде игеруіне барынша көңіл аударылуы қажет деп білеміз.

Еліміздің болашағы әлеуметтік тапсырыстың табысты орындалу деңгейіне байланысты. Әр бақшаның өзіндік ерекше сипаты бар екені бәрімізге белгілі. Нақтырақ ұлттық балабақшаларға тоқталар болсақ, балаларды ғылыми негізделген және сыналған әдістердің көмегімен іріктеуден басталады. Балалардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін анықтауға бағытталған кешенді психологиялық-диагностикалық тексеру міндетті түрде жүргізіледі. Тексерудің нәтижесінде баланың жалпы және психологиялық даму деңгейі анықталып қана қоймай, оның өзіндік қабілеттері мен дарындылығын, әлеуеттік мүмкіндіктерін одан әрі дамыту жолдары қарастырылады. Дарынды балаға талантты тәрбиеші қажет. Егер педагог өз жұмысын жан-тәнімен жақсы көрмесе, оның негізгі білімді жеткілікті түрде білім алушыға беруі мүмкін емес. «Еліміздің, ертеңі-бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында», - деп тұңғыш елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай әр тәрбиеші өзінің білімін үздіксіз көтеріп отыруы қажет. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ: — ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Ал, қазақ халқының ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы – халықтық педагогика. Бүгінгі балабақшалардың алдында тұрған басты міндет – балалардың ұлттық сана-сезімін оятып, тәрбиелеп қана қоймай, оның бойына халықтық педагогиканы, ғасырлар бойы қалыптасқан тіл, дін, тәрбие, ұлттық салт-дәстүр, үлгі-өнегені сіңірту, яғни тәрбие беру мен оқыту әдістемелерінің түрлері көп. Ұлттық тәлім тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу тәрбиешілердің, ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты, өйткені, бірінші ұлттық тәрбиені ошағы — отбасында, екіншіден, балабақшадан болғандықтан, ата-ана мен бақша болып бірігіп жұмыс атқару — біздің басты міндетіміз. Халқымыздың тілін, тарихын,

ұлттық дәстүрін, ата салтын ұмыта бастаған бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуге ат салысу жалпы ұлтымыздың міндеті. Халқымыздың асыл қазынасын тиімді пайдалану, оның салт-дәстүрі мен мәдениетіне құрметпен қарауға үйретуі сөзсіз. Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Қазірде солай. Арғы ата-бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүюге үндеп, ұлттық салт-дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқан. Сол рухани үндеу бүгінгі күнге жеткізді. Жаңа ғасырлардың белесінде өзінің 20 жылдық тарихына табан тіреген Қазақ елінің патриоттардың мекеніне айналуы өзгеге үлгі, өзімізге медеу. Сондықтан да болар, мемлекет тарапынан отансүйгіштікті дамыту, сапалы білімге жол бастау бағытында келелі шаралар атқарылып, көлемді бағдарламалар жасалып жатқаны қаншалық деген сұрақ ойға оралады.

Соңғы 20 жыл ішіндегі өзгерістер, шыққан биік, қайта оралған құндылықтар, өлмес-өшпес мұра, тапқан табыстарды тілге тиек етсек, әр қазақстандықтың жүрегіне қуаныш пен мақтаныш келер күнге деген сенім ұялатады. Бір сөзбен айтқанда, бүкіл қазақстандықтар өз елінің, жерінің өткенін сезінбей, оның ерлікке, адамгершілікке толы тарихын, өнерін жете ұғынбай, отаншылдық сезімді қалыптастыру мүмкін емес.

Рухани тәрбиемен нұрланбаған адам өзінің алған білімін қара басының пайдасына жұмсап, өз мүддесі үшін адамзатқа апат әкелуі мүмкін. Оның мысалы тарихта аз емес. Тек сол арқылы ғана халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған бай рухани мұрасымен жастардың бойына адамгершілік ізгі қасиеттерді қалаыптастырып, сіңіртіп, өзінің Отанына адал азамат етіп тәрбиелеу ата-ана мен тәрбиешілер қауымына жүктеледі.

Оқу мен тәрбиелеудің үлкен ортасы – балабақша екені белгілі. Ондағы жоспарлы тақырыптық сабақтар тәрбиенің ең негізгі, ықпалдастығы болып отыр. Бүгінгі таңда, ұрпағымыздың азамат болып қалыптасуы барысында біз олардың жаһанданудың теріс ықпалдарына қарсы тұруын ескеруіміз қажет. Бұл жағдайда тәрбие жұмысының тиімділігі ата-ана мен бақшаның өзара байланысынан көрінеді. Өскелең ұрпаққа адамзат тарихында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан патриоттық тәрбиені, отаншылдықты, сапалы білімді дарыту – қазіргі кезде көкейкесті мәселенің бірі болып отыр. Ақиқатында, осынау мәселе еліміздің тұтастығын, оны ішкі және сыртқы күштерден сақтау міндетінің өзі жастарды отаншылдық, елжандылық, патриоттық рухта тәрбиелеуді жүктейді. Өткенін білмеген халқының қадірін білмейді, халық нені бастан кешірді, бүгінге қол жеткені ненің арқасы, халық өз тарихын жасау үшін тер төгіп, азап шекті, тар жол, тайғақ кешуден өтіп, жерін қорғап, елін сақтады. Отансүйгіштік сезімнің нысаны мен қайнар көзіне Отан, туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі ұлттық құндылықтар жатады. Ұлттық сезім – өзінің ұлттық өкілділігін мойындай отырып ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, халық мұраларын бағалай білу.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:
— балалардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

Қазақ отбасында балаға тілі шығып, анық сөйлей бастаған кезден-ақ, ағайын туысты, нағашы жұртын, ата-тегін, руын, ел жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлген. «Жеті атасын білу» заң болған. Ата-бабаларымыз өз тегінің шығу тарихын білуді әр азаматқа парыз деп ұққан. «Жеті атасын білмеген ер жетім», «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген аталы сөз содан қалса керек. Баланың өзі шыққан тегін білуі оның азаматтық, елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады деп есептеген. Отбасы мүшелері балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатып қана қоймаған. Олардың қандай адам болғанын, өнегелерін үлгі етіп отырған. Әрі сол арқылы отбасы шежіресін жалғастыруға баулуды мақсат еткен. Қазіргі медицина ғылымы дәлелдегендей, жеті атаға дейін қыз алыспай қанның тазалығын, яғни ұлттың таза болуына әкеледі екен, екіншіден, қазақ ұрпағы жеті атасына дейін араласып, ынтымағы бір болсын дегеннен болса керек. Балабақша қабырғасында тәрбиеленіп жатқан жас ұрпақтарға ұлттық тәрбиені сіңіріп, оның ерекшелігін терең білуге, құрметтеуге, үйретуге тиіспіз.

Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды дәріптеп, білімге ден қойып көп ізденіс жасамайынша оқыту мен тәрбиені бірге ұштастырып, ықпалдастыру мүмкін болмайды. Оқыту мен тәрбиені ықпалдастырып қажымай еткен еңбек арқасында әлемдік деңгейдегі дарынды да тәрбиелі балалар шығатынына сеніміміз мол.

**Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған «Үміт» мектеп –интернаты
музыка пәні мұғалімі**

Иноятова Айгуль Асановна

БҰЛБҰЛ ДОМБЫРА, ДҮЛДІЛ ӘН!

Қазақ пен домбыра егіз ұғым демекші, қос ішектен төгілген сыйқырлы үнге құлақ түріп, рухы көтерілмейтін, жан жүрегі езіліп, денесі шымырламайтын қазақ жоқ. Талай ғасырлар сақталып келе жатқан күй құдіретін, домбырадан төгілетін әсем әуенді одан әрі әрлеп, келешек ұрпаққа аманаттау біздің парызымыз.

Домбыра – қазақтың ұлттық аспабы. Оның өн бойында ата – бабамыздың ептілігі, даналығы, ұсталығы, шеберлігі мен өнерінің өрнегі жатыр. Қазақ халқы домбыра аспабына ерекше құрметпен қарап, оның әр бөлшегін ұқыптылықпен әзірлеуге тырысқан. Суырып салма ақындардың үніне үн қосып, сал – серілердің сенімді серігіне айналған, күйшілердің ішкі тебіренісін толғаулар арқылы тамаша жеткізе білген аспап – әрқашан ұлтымызбен бірге жасай бермек.

Мен де домбыра сыныбының оқытушысы ретінде өскелең ұрпақтың өнерге деген құлшынысын оятып, қара шаңырақтың қақ төрінде орын алып, биікке ілінетін аспаптың қадір қасиетін терең ұғындыруға тырысамын. Қазіргі таңда ұлт ұландарының ұлттық құндылықтарға деген икемі мен құлшынысының жоғары екені жыл өткен сайын айқын аңғарылып келеді. Себебі, саз мектебіне келушілер қатары артып, домбыраны үйренуге ниетті жандар көбейіп келеді. Бұл әрине, бізді қатты қуантады. Халқымызға тән қазынаны бүгінгі жастар қастер тұтып, қадіріне жете алса, келешек үшін алаңдауға еш себеп жоқ.

Мен он жылдан аса А.Байқыдыров атындағы саз мектебінде еңбек етіп келемін. Осы уақыт аралығында талай шәкірт шыңдалып, өнерімен өрге жүзіп, өз дарындарын күллі қазақ еліне паш етіп келеді. Марқайып, мақтанатын оқушылар қатары аз емес. Бұл әрине үлкен еңбек пен табандылықтың нәтижесі. Өкінішке орай, кейбір оқушылардың шыдамдылығы мен өз – өзіне деген сенімділігі төмен болғандықтан, бастаған істі соңына дейін жеткізбей, домбыраны үйренуді орта жолдан тастап кететін жайттар кездесетіні жасырын емес. Осы тұста, мен педагогикалық іс – тәжірибеммен қатар, психологиялық қолдауды да мейлінше жүзеге асырып, әр шәкірттің жүрегіне тек оқытушы ретінде ғана жол табуды көздемей, оларға сенімді сырлас болуды жөн көремін. Әр баламен жекелей жұмыс жасап, оның өзіне тән ерекшелігін айтып, бойындағы жалынды сөндіріп алмау менің басты парызым. Сол себепті, өнер саласында тәлімгерлік қызметте еңбек етіп жүрген жандардың тек кәсіби шеберлігі ғана емес, адами құндылығы, адамдармен дұрыс коммуникация құра білу қасиеті, психологиялық машықтарды меңгеруі аса үлкен қажеттілік.

Әрине, оған қоса домбыра сыныбында әр баланың жұлдызын жағып, мәдениетке деген көзқарасын оң қалыптастыру үшін тарихты та жетік меңгерген абзал. Күй құдіретінің шексіздігі баршаға мәлім. Олардың өздеріне тән тарихы, ұлттық боямасы, тамаша хикаясы бар. Сол тамаша жайттарды сабақ барысында сәтті пайдаланып, оқушылардың ынтасын одан әрі арттыруға болады. Мәселен, «Жошы ханның» жалғыз ұлына арнап шығарған «Ақсақ құлан» күйінің өзін алып қарайтын болсақ, қанша тарихи оқиға, өнерге деген керемет құрмет, адамдардың тапқырлығы мен уәдесіне біріктігі, домбыра аспабына тән ерекшеліктермен жақын танысуға болады. Ал, айтыс өнерінің тамаша мақамдарынан үзінді келтіру, оқиға мен өнерді өз – ара байланыстыру, ауылдың алты ауызының шеберлігін жіпке тізгендей баяндау балалардың бойында домбыра аспабына тән құрметті одан әрі арттырып, ата – бабамыздың үлгі – өнегісін бойларына сіңіруге мүмкіндік береді.

Домбыра аспабын меңгеру барысында – ең алдымен балалардың жас ерекшелігін ескеріп, дене бітіміне сай құралдарының болуын қадағалап, әр сабақты алдын – ала жоспарлаймыз. Жүктеменің шамадан тыс көп болуы шәкірттерді шаршатып, сабаққа деген құлшынысты бәсеңдетеді. Сол себепті, балаларды жалықтырып алмауды ескерген дұрыс.

Оған қоса, қазіргі таңда инновациялық технологиялардың қарқынды дамып, сандық сауаттылықтың сайрап жатқан кезеңі. Оны да сабақ барысында сәтті пайдаланып, оқушылардың назарына мультимедияны ұсыну, дәріс элементтерін түсіндіру барысында көрнекілік ретінде қолдану артық етпейді. Бұл біріншіден архивте сақталған көне жәдігерлерді ғаламтор арқылы шәкірттерге таныстыруға негіз болып, оған қоса уақыт үнемдеуге септігін тигізбек. Дыбысты тыңдау, бейнені көзбен көру арқылы тәрбиеленушілер ақпаратты қабылдап, оны көпке дейін естерінде сақтайды. Олай болса, ұлттық аспапты меңгеру барысында заманаи құрал – жабдықтардың да көмегі тиеді.

Жалпы, бұлбұл домбыра, дүлділ ән иесі қазақ иесін елеңдетпей қоймайды. Дәстүрлі әншілердің дауысы дархан даламыз тәрізді құлашын кеңге салып, құлақ құрышын қандырса, күмбірлеген күйдің құдіреті мың ауруға шипа, жүрекке тыныштық сыйлайтын тамаша үн. Ақындар айтысының арқасын қоздырып, алты алашты ауызына қаратуы домбыраның сүйемелдеуінсіз әсерлі де болмас еді. Олай болса, ұлттық аспабымызды қашан да биік көтеріп, оның қадір – қасиетін жас ұрпақ бойына дарыту біздің басты парызымыз.

Домбыра сыныбында тәлім алып жатқан жас буын өкілдеріне бойымдағы бар білімді дарытып, тағылымды тәрбие мен ұлтымызға тән ұлылықты дәріптеу менің алдымда тұрған үлкен міндет.

Өнер – жалпыға ортақ қасиет. Мәдениетті мәйегіне көтеретін ұл – қыздарымыз көп болып, ұлттық аспаптарымыз жасай берсін!



Калиева Женискуль Нуртугановна

№280 орта мектеп

Бастауыш мұғалімі

Қызылорда қаласы

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Білім беруді жаңарту оқушы білімін ғана емес, функционалдық сауаттылығын қолдау дағдыларын қалыптастырады. Оқушылардың бойында өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін – өзі жан – жақты дамыту, таныту үшін білімін пайдалана отырып, қоғамға пайда келтіру жолдарын қарастырылады.

Негізінде, «функционалдық сауаттылық» термині өзінің 1957 жылы ЮНЕСКО енізген уақытынан бастап «сауаттылық» және «минималды сауаттылық» ұғымдарымен қатар қолданысқа түсіп келеді. Осылардың әрқайсысына жеке-жеке түсініктеме беріп тоқталып кету жөн болмақ.

1) Сауаттылық дегеніміз – оқу, жазу, санау және құжаттармен жұмыс жасай алу дағдылары.

2) Минималды сауаттылық дегеніміз – қарапайым хабарламаларды оқу және жазу дағдылары.

3) Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адам өзінің оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті, яғни адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға барынша тез әрі жайлылықпен бейімделуіне жағдай туғыза алатын сауаттылық деңгейі. Бұл деңгейде адам мәтіндерден өзіне қажетті ақпаратты, мәліметті іріктеп алуы үшін және сондай ақпаратты басқаларға жеткізе алуы үшін қажетті құрал болып табылады..

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым - қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол

тек 4 білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Бұл орайда білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Ендеше, мемлекеттік тілді оқытуда білімнің түпкі нәтижесі деп саналатын құзыреттіліктердің біртұтас бірлігі ретіндегі функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін айқындаудың, оны мектеп тәжірибесіне ендірудің уақыт талабымен толық сай келуі де зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей түседі.

Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарымқатынасжасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың 5 әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзыреттіліктерден көрінеді: – оқу, жазу сауаттылығынан;

- жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;
- математикалық сауаттылығынан;
- компьютерлік сауаттылықтан;
- денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
- құқықтық сауаттылығынан.

Н.Г.Калашникова «Идеал мектеп оқушысының портретін» қалыптастыру үшін оқушыда келесі қарым - қатынас сферасы қалыптасуы керек деп атап өтті: – оқушысы тұлғасының мотивациялық - бағалау сферасы;

- рухани - көркем- бейнелік сферасы;
- қарым - қатынас сферасы арқылы;
- білімді игеру әрекеті сферасы.

Кіші мектеп оқушысы тұлғасының мотивациялық - бағалау сферасын қалыптастыруда бастауыш мектеп оқушысында білім алумен қатар білім мазмұнын игеру,

оқыту процесіне, білімін жетілдіруге, оқыту барысында ынтымақтасуға мотивтер пайда болады.

Оқушы өз - өзіне, Отанына, басқа адамдарға, қоршаған әлемге, еңбекке, оның ішінде оқу - еңбегіне жағымды қарым - қатынас орната алады. Сонымен қоса денсаулықтың құнын түсінеді, салауатты өмір сүру салты мен өмір қауіпсіздігін сақтау керектігін түсінеді. Өз әрекетін сынау, пікірі мен әрекетін өмір жағдайларға байланысты өзгерту, сараптауға рефлексиялық қабілеттерін игереді. Өзін - өзі тануға, өзі туралы жеткілікті дәрежеде мағұлматар бере алады.

Рухани - көркем бейнелік сферасы қалыптасқанда оқушы өзге адамдар мен өз табиғаты мен ішкі әлемі, көркем шығарма туралы пайымдай алады.

Шығарма мазмұнының өрбіуін, кейіпкерлердің жан дүниесін, мінез - құлқындағы өзгерісті, табиғат құбылыстарын түсініп қабылдайды.

Мұғаліммен басшылығымен әдеби шығармалардағы адам қарым - қатынасының эмоционалды - эстетикалық мәнін түсіне отырып, шығарманың рухани мәнін қабылдайды.

Ғылыми-танымдық және публистикалық мәтіндерден өзіне қажетті мәліметті табуды және оны берілген үлгіге (кестеге, сызбаға т.б.) сай өңдеп, жүйелеуді үйрене түседі .

Көркем шығармада суреттелген оқиға, кейіпкерлердің іс-әрекеті мен қарым қатынасының нақты өмірімен байланысын көрсете алады. Мәтін туралы ауызша және жазбаша пікір білдіруді, әдеби кейіпкерге, туысқандарына, достарына хат, құттықтау жазуды үйренеді.

Көркем шығармадан алған әсерін жазбаша түрде (8-10 сөйлем) орындауды, ауызша, жазбаша сөйлеуде мақал-мәтелдерді орынды қолдануды, сөйлегенде, жазғанда көркем сөз, шешендік сөз үлгілерін қолдануды біледі.

Тақырыбы бір-біріне үндес шығармалардың кейіпкерлерін, оқиғаларын салыстыра алады. Көркем шығармада суреттелген оқиға, кейіпкерлер іс-әрекеті мен қарым - қатынасының нақты өмірінің байланысын көрсетеді.

Қарым - қатынас сферасы

Бастауыш сынып оқушысының мұғаліммен, сыныптастарымен, басқа балалармен ынтымақтасуға жеке белсендік танытады. Адамдармен диалог құруды әңгімелесудің ерекше формасы ретінде қалыпты мінез - құлық танытуды қажет етіп, диалог мақсатын ұғынады.

Әңгімелеу жағдайына бағдары бар: әңгімелесуші сөзін тыңдай алады, әңгімелесушінің коммуникативті еміренуін түсіне алады, әңгімелесуде өзгенің реакциясын бағалай алады, сөзін дұрыс құра біледі, қажетінше өзгертіп, түзете алады.

Автор шығармасын сынай алады, автордың негізгі ойын, идеясын түсініп, өзге шығармалармен ұқсастығын анықтайды, ойды өрбітеді, қарама - қайшылықты анықтайды, кемшіліктерді көреді.

Білімді игеру әрекеті сферасы арқылы

Оқушы өзін - өзі реттеу мен өз іс – әрекетін ұйымдастыру тәсілдерін меңгерген, оқу әрекеті тек өзіне қатысты екенін түсінеді, өзін- өзі ұйымдастыру қабілеті келесі функционалдық әрекетінде байқалады:

1. Дене жаттығуларын жұмыс қабілетін жақсарту, зейінін шоғырландыру, ой – еңбегі арқылы, сөз, дене шаршауын басуда қолдану.

2. Әңгімеге тарта алады, әңгімені көзқарасымен, ым - ишрасымен, сұрақтарымен қолдай алады.

3. Өз жұмыс орнын, уақытын ұйымдастыра алады.

4. Оқу- әрекетінде белсенділік танытады, өздігінен пікір, байлам жасайды, түсінбеген тақырыптарды анықтауға талпынады, оқу әрекетінің құралдары мен тәсілдерін біледі, қажет болған жағдайда көмек сұрай алады.

5. Есте сақтаудың рационалды тәсілдерін біледі.

Оқудың мұғалім анықтаған мақсаттарын түсінеді, өз бетімен мақсат келесі жұмыстарда анықталады:

1. Мұғалімнің басшылығы, сыныптастарымен бірге оқу жағдаятын талдай алады, өз мүмкіндіктерін бағалау мен ондағы мәселелерді көре алады.

2. Біліміндегі кемшіліктерді өздігінен түсінеді, жаңа міндеттерді шеше алады.

3. Сыныптастарымен бірге сызбаға қажетті сұрақты, жетімсіз немесе қажет амалдың мақсат міндетін түсінеді, өздігінен оқу тапсырмасы мақсатын анықтай алады.

4. Мұғалім басшылығымен әртүрлі оқу мақсаттарының ара- қатынасын топтық жұмыста анықтайды, талдайды. Оқу мақсатына жету үшін, оқу міндетін шешу үшін іс - әрекет ұйымдастыра алады:

«Сендердің білімдерің – ол сендердің еңбектеріңнің нәтижесі.

Сендер өздігінен білім алуға неғұрлым көбірек еңбектенсеңдер, соғұрлым көбірек білетін боласыңдар», - деп Елбасымыз айтқандай, білім беруде ұстаздар қауымы аянбай еңбек еткен абзал, себебі бүгінгі шәкірттеріміз - біздің ертеңгі болашағымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Мақала

Қазіргі білім беру үрдісі: Тәжірбие. Дәстүр. Инновация // II халықаралық ғылыми – практикалық конференция материалдары – Қарағанды, 2018 - 62 – 64 б

Электрондық ресурстар

© Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013

<http://dev-s.balatili.kz>

**МАҢҒЫСТАУ ОБЫЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АҚТАУ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
№33 ӘЛИЯ БӨБЕКЖАЙЫ
КАМАЛОВА МӨЛДІРЖАН АСЫЛЖАНҚЫЗЫ**



«Баланы өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле»
(халық даналығы)

Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік- отбасы, ата- ана тәрбиесі болса, екінші бесік- білім беру мекемесі. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие- барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан- жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын.

Патриоттық құндылықтары қалыптасқан тұлға мына төмендегідей қасиеттерге ие болуы тиіс:

- Жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтарды меңгерген;
- Халық арасындағы достықты нығайтуға күш салатын;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне, тарихына, тіліне, дәстүріне, діне құрметпен қарайтын;
- Жас ұрпаққа өз ауданымыздың тарихымен тереңірек таныстыру;
- Өлкемізде әр түрлі замандарда өмір сүрген тарихи тұлғалармен қайраткерлердің өмірі мен қызметін зерттеп білу;
- Туып өскен жерлеріндегі өлкетану мұражайларына саяхаттар ұйымдастыру;
- Балаларға елін, жерін сүйетін патриоттық сезімдерін аша түсіп, жетілдіру;

Неге десеңіз, туған ел тарихы- халықтың рухани санасын ұлттық намысын оятатын бұлақ көзі, ал адам бойындағы патриоттық сезім- отансүйгіштік рухтың құнарлы мәйегі.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы- ел дамуының жарқын үлесі мен нақты қадамдары көрсетілген келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат- мүдделер туралы өзекті мәселе көтерілген.

Патриоттық тәрбие- біздің балабақшамыздың жұмысындағы басыңқы бағыттардың бірі болып табылады.

Балабақшаның басымдылық бағыты: балалардың бойында рухани- патриоттық сана сезімді қалыптастыру.

Мақсатымыз: балаларға ұлттық рухани мәдениетті танып біліп оны сақтап дамытуға ықпал ететін тұлға қалыптастыру.

Міндетіміз: «Тәуелсіз жеке тұлға бойына ұлттық рухты, ұлттық сананы, дәстүрді, әдет-ғұрыпты, мәдениетті сіңіру».

Бұл бағытта жұмысты бастамас бұрын:

1. Тәжірибеде бұрыннан қолданып келген жүйені өзгертіп, педагог мамандармен жүргізілетін жұмыстарға жаңалықтар енгізілді;
2. Жинақталған іс- тәжірибені шығармашылық іс- әрекетпен жаңартылды;
3. Әдістемелік көмек бетшілерін дайындап, тәрбиешілерге ұсынылды;
4. Тәрбиешілердің тәжірибелік іс- әрекетіндегі кейбір мәселелерді шешу жолында әдістемелік көмек берілді.

Сондай- ақ алдымен педагогтардың, балалардың ата- аналардың арасында сауалнама өткізілді, сауалнама қорытындылары бойынша жұмыстың міндеттері: педагогтармен, балалармен, ата- аналармен жұмыс жүргізудің негізгі үлгілері мен әдістері белгіленіп анықталды.

Балаларды оқыту үшін, алдымен педагогтың өзі ақпарат материалын толық түсінікті тілде жеткізе білуі қажет. Педагогтың берілген ақпаратының қандай әдіс- тәсілдер арқылы жеткізе алуына байланысты балалар оны қабылдайды және жаңа нәрсе білгісі келетін қызығушылығы пайда болды. Бақшамыздың тәрбиеші- педагогтары күнделікті жоспарларын жазумен шектеліп қоймай өз- өздерін дамытып, өз жұмысына жоғары жауапкершілікпен қарап, шығармашыл болуға тырысады. Балабақшаның шығармашылық тобы мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттыққа тәрбиелеу бойынша диагностикалық материалдар жасауда белсенді жұмыстар жүргізді. Біз әдістемелік жұмыстың мынандай формаларын да қолданамыз: мәселелі консультациялар, педагогикалық шеберхана, педагогикалық шеберлік мектебі, тәжірибелі педагогтардың шеберлік сыныптары, дөңгелек үстел, тақырыптық семинарлар, семинар – практикумдер, мәселелі жағдайларды талдау, педагогикалық және әдістемелік рейтингтер, байқаулар, сонымен қатар өзара әрекеттестікке негізделген интербелсенді әдістемелер кеңінен қолданылады.

Басымдылық бағыт тақырыбына сай балаларды рухани- патриоттық тәрбиелеу бойынша «Кәусар бұлақ», «Өлкетану» атты әдістемелік нұсқаулық құрастырылған. Бұл жинақтарда біріншіден, тәрбиешілерді шығармашылық талпынуға ынталандырады, екіншіден вариативтік компонент бойынша шығармашылықпен айналысатын тәрбиешілерге жылдық жоспар дайын, үшіншіден үздік материалдар бір жерде жинақталып оны әр жас маман, әр тәрбиеші өз жұмысында пайдалана алады.


Ондағы тақырыптық- оқу жоспары туған өлке тарихы, өлкенің табиғи байлығы, салт-дәстүр, өлке мақтаныштары блоктар бойынша жүргізіледі. Ұйымдастырылған оқу іс- әрекеті

көңіл көтерулер, бой сергітулер, сайыстар, көрмелер, алғырлар мен тапқырлар клубы, марафондар түрінде өткізіледі. Оқу іс- әрекеті барысында балалар айналаны қоршаған әлемге, тарих пен мәдениетке, туған өлкенің қаламыздың әлеуметтік өміріне, өз- өзіне, адамдарға деген жақындасуларын, оң көзқарастарын байқатты. Мемлекеттік рәміздерге және халықтық мәдениетке арналған құрмет балалар жүрегінен орын алды.

Басқару саласында мектепке дейінгі балалар мекемесін дамыту және қалыптастыру толығымен ұйымдастырылды, әдістемелік жұмыстың белсенді, толық үлгілері әзірленді. Күнделікті барлық топтарда таңертеңгі қабылдаудан кейін Қазақстан Республикасының гимні балалар хормен орындау әдетке айналған.

Балалар жанына рухани- патриоттық тәрбие берудің жүйеленген және жоспарланған жұмыстары өзінің алғашқы нәтижелерін бере бастады, тәрбиеленушілердің еңбектері қалалық, облыстық, республикалық байқауларда жүлделі орындарды иеленді. Балалар мен үлкен және кіші Отан дегенді біледі,, олардың бойында азаматтылық сезімі, мақтаныш сезімі қалыптасты, ал педагогтардың кәсіби шеберліктері мен құзіреттілігі жоғарылады.

Жылдық өтпелі лексикалық тақырыбымызға сәйкестендіріп күнделікті ұйымдастырылған оқу іс әрекеті барысында күннің екінші жартысындағы іс- әрекеттерде ұлттық құндылығымызды дәріптеп қазақ елінің өткені мен болашағы тұрмыс- тіршілігі, оның жетістіктері мен жеңістері туралы айтып әңгімелеп, көрсетіп отырсақ, балалардың да өз еліне дегенсүйіспеншілік сезімдері қалыптасады. Менің ойымша мұндай ұстанымдар «Шынайы патриотизм» түсінігінің мәнін ашып көрсетеді.



Карибаева Ғалия Асқарқызы

**«Жетісу облысы денсаулық сақтау басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің «Облыстық
мамандандырылған балалар үйі» МКК**

Тәрбиеші

Талдықорған қаласы

**«Технологиялар арқылы мектепке дейінгі балалардың ана тілін оқытуда,
сөйлеу мәдениетін қалыптастыру»**

Сен ешбір нәрсе меңгермеген және өзіңнің біліміңе
ештеңе қоспаған осынау күнді немесе сағатты бақытсыз сана.
Ян Каменский

Бала өмірінің алғашқы мектепке дейінгі кезеңі-оның өсіп жетілуіндегі ең жауапты кезең, бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бұл кезде баланың ақыл-ойы, қабілеті, қасиеттері және эстетикалық сезімдері қызықты, мазмұнды ұйымдастырылған оқу іс- әрекеті, еңбек, ойын үдерісінде жан- жақты қалыптасады.

Мектепке дейінгі мекемеде ойынның маңызы ерекше. Ойын барысында білім мен біліктілігін арттырамыз. Ойлауға үйрету дегеніміз-дидактикалық қарама- қайшылықтарды көре білуге, сол арқылы шындықты тануға үйрету деген сөз. Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі—бұл балаларға өз бетімен немесе бірлескен түрде ұжымдық шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз-өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін педагог өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет. Қазіргі кезде оқыту үрдісіне заманауи технологияларды кеңінен енгізу—сапалы білім берудің алғышарты болып отыр. Солардың бірі—флипчарт технологиясы бойынша құрылған сабақтар. Флипчарт сабағын Activ Studio немесе Activ Inspire бағдарламасымен құрастырып, дайындаймыз. Бұл дайындаған сабағымыздың екінші нұсқасын ашу үшін арнайы интербелсенді тақта керек. Интербелсенді тақта—бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де ақпараттық бейнесі мен

қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрылғы. Ескі үлгідегі тақта мен бордың, тақта мен магниттің орнына жаңа интербелсенді тақталар келуде. Оның ішінде интербелсенді тақта проекторымен бірге, кез-келген жерден сабақты жүргізуге арналған сенсорлы қалам бар. Сенсорлы қалам кәдімгі бордың қызметін атқарады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тіл мәдениетіне тәрбиелеу, сөздік қорын дамыту, сурет қарау, заттарды сипаттау, жұмбақ шешу, құрастыру, тақпақтар, мақал- мәтелдер, жаңылтпаштармен қатар ертегі тыңдау, әңгімелесу баланың тілдік құзыреттілігін, қызығушылығын арттырады. Тілдің грамматикалық дұрыс құрамын қолданады.

Бала біткен бәрі де ес білгеннен бастап «білсем, көрсем, естісем, ұстасам, алсам» деп әрекет етуге ұмтылады. Бұл-баланың өзін қоршаған өмірді терең де толық білуге құштарлығы. Бала құмарпаз, әуесқой, тынымсыз зерттеуші. Ұйымдастырылған іс- әрекеттерді ойын түрінде өткізуде сөздік қорын дамытып, ауызша сөйлеу машығы игеріледі, таным белсенділіктері қалыптаса түседі.

Флипчартты сабақта қолдану оң атмосфераны туғызады, балалар арасында бірлесе жұмыс жасау дағдысына ие болады. Белсенді және тынымсыз балаларға тосқаулықтар мен шектеулер болмайды. Баяу қабылдайтын балалар да үлкен экраннан көрген дүниені тез есте сақтай алады. Балалар тақтаға қуана шығып геометриялық фигуралар сызуға, тірек-сызба жасауға, тақтаға маркермен жазып, оны сұртуде белсене жұмыс жасайды. Сондай-ақ интербелсенді тақтада жұмыс жасау, баланы белсенділікке тәрбиелейді, суреттермен, текстермен жұмыс жасауда қызығушылықпен орындайды. «Коммуникативтік дағдыны қалыптастыруда» білім мақсат жан- жақты қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін ойын технологиясымен қатар Флипчарт АКТ әдісін қолданудың тиімді жолдарын тауып, әрбір іс әрекетті тиімді ұйымдастыруда балалардың қиялын, логикалық ойлау, сөзге сурет ойлап табу, ойлау қабілеті ұшталады.

Міржақып Дулатов «Мұғалімдерге» деген еңбегінде «Оқи білу мен оқыта білу екеуі екі түрлі» деген. Жас балаларды оқыған шығарманың мағынасын, қасиетін сезінуге қалай үйрету керек. Әрбір жазылған сөз сезумен, естумен, көрумен шыққан. Жазушының ойында ретке келіп, мағынаға айналғаннан кейін сөз болып сөйленіп, жазу болып қағаз бетіне түседі.

Қазіргі заманның даму қарқыны педагогтар шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Сондықтан, ХХІ ғасыр–информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы–жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету педагогтың шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі баланың жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде–өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі

жоғары деп есептеймін. Сызба, тақпақ, жаңылтпаш, ертегілер балалардың іс-әрекетке қызығушылығын арттырады. Жаңадан шыққан әдіс-тәсіл қолдану арқылы балалардың жаттауға есте сақтауға деген ынталарының дамуына, тілдерін машықтандырғанына көз жеткізеді.

Балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту ісінің бір ерекшелігі көрнекіліксіз іске аспайды. Ал біз әр тақпақ пен жаңылтпаштарға Флипчарт Inspire салып көрнекілік түрінде пайдаланамыз.

Ойын түрінде өткен бұл әдіс бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным, қатынас, шығармашылық, әлеумет, денсаулық дағдыларында белсенділіктерінің дамуына, қолдануына жол ашады.

Ойын баланың ойлау, есте сақтау, салыстыру, қиялдау, еркін сезінуге, еркін сөйлеуге, жеке тұлға болып табылуына көмектеседі.

Баланы тәрбиелеу мен оқыту үрдісі дегеніміз -қазіргі заман талабына сай бекітілген стандарт талаптарына сүйене отырып баланың сан қилы іс- әрекетінің тиімді ұйымдастырылуы, әлеуметтік ортаның әсері, адамдардың қарым- қатынасы, тілді меңгеруі, қабылдауы мен түсінуі берілетін білім сапасы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты баланың жалпыадамзаттық рухани құндылықтарға сәйкес келетін жеке басының мәдениетіне , оның базисіне тәрбиелеу арқылы оны жан- жақты дамытуы болып табылады.

Жаңа технологияны меңгеру тәрбиешінің кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін өзі дамытып оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Тәуелсіз еліміздің келешек ұрпақты тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің өзекті тақырыбы. Бұл мәселенің шешімін табуға үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде қайта қаралып,оны жетілдіру жолдары іздестірілуде. Айтылған талаптардың жүзеге асырылуы бағытындағы жұмысты үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы мектепке дейінгі ұйымдарда баланың білімге деген құштарлығын арттырудан, ұлтымызға тән қасиеттерді бойына сіңірген шәкірт тәрбиелеуден бастағанның маңызы зор.

«Армансыз адам қанатсыз құспен тең» демекші, менің ұстаз ретінде де, еліміздің ұлтжанды азаматы ретінде де арманым еліміздің әрбір азаматы терең білімді, интеллектуалды, заманауи техникаларды еркін меңгере алатын, әрқайсысы еліміздің дамуына өз үлесін қоса алатын болса деймін. Ол үшін оларға білім беретін ұстаздар өз пәнін жетік меңгерген, теория мен тәжірибені баланың бойына сіңіре алатын шығармашыл, ізденімпаз, ең бастысы еңбекқор болуы қажет.





Картайганова Саулеш Ахметбековна

**“Алматы облысы білім басқармасының
Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің
“Келешек” бөбекжай балабақшасы
коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТӘРБИЕНІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан - ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, діні, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Біздің ата-баларымыз бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі - әлемде теңдесі жоқ тәрбие десек артық айтқандық емес. Баланың жастайынан ұлттық құндылықтарды дәріптеуінің, елімізді, туған жерімізді, дініміз бен тілімізді құрметтеуінің негізі осы ұлттық тәрбиенің негізінде жатыр.

Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат тәрбиелеу үшін ұлттық құндылықтарымызды басшылыққа алу қажет.

Оның маңыздылығы мен қажеттілігі зор. Біз үшін еліміздің өркендеуі, ұлттық ерекшелігіміз бен ұлттық құндылықтарымызды сақтау – қымбат қазына.

Осы ұлттық тәрбиені балалардың бойына сіңіру мақсатында “Келешек” балабақшасының тәрбиешілерінің, ата-аналарының атқарып жатқан жұмысы мен тәрбиеге қосып жатқан үлесі өте көп. Балалардың ұлттық санасының қалыптасуында әрбір жүргізілетін іс-шаралардың алатын орны ерекше. Балабақшамызда жүргізіліп отыратын тәрбиелік мәні зор іс-шаралар осының дәлелі десек болады.

Ұлттық құндылықтар адам өмірінің әр саласында өз көрінісін табады. Олар адамның моральдық қасиеттерін қалыптастырады, рухани байлығын арттырады, қоғамның дамуына ықпал етеді. Ұлттық құндылықтарды бала кезден бастап бойына сіңірген адам өзінің туған жеріне, еліне, тіліне, мәдениетіне құрметпен қарайды. Бұл қасиеттер адамның тұлғалық дамуында, әлеуметтік және рухани өмірінде маңызды рөл атқарады.

Тәрбие процесінде ұлттық құндылықтардың орны ерекше. Олар балаларды патриоттық рухта тәрбиелеуге, олардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі. Ұлттық құндылықтар арқылы балалардың өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігі артады, олардың рухани-адамгершілік қасиеттері дамиды. Тәрбие процесінде ұлттық құндылықтарды пайдалану балалардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырады.

Тіл – ұлттық құндылықтардың ең негізгісі. Тіл арқылы халықтың тарихы, мәдениеті, дәстүрі сақталады және ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. Ана тілін білу және құрметтеу әрбір адамның азаматтық борышы

Мәдениет ұлттық құндылықтардың ажырамас бөлігі. Халықтың мәдениеті оның рухани байлығын көрсетеді. Мәдениет арқылы халықтың өнері, әдебиеті, музыкасы, дәстүрлері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырады

Дәстүрлер де ұлттық құндылықтардың маңызды құрамдас бөлігі. Олар халықтың өмір сүру салтын, әдет-ғұрыптарын, рухани мұраларын

көрсетеді. Дәстүрлер арқылы халықтың өмірі, оның құндылықтары мен ұстанымдары көрініс табады. Дәстүрлерді сақтау және оларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – әрбір ата-ананың, тәрбиешінің міндеті. Дәстүрлерді сақтау арқылы балалар өз халқының мәдениеті мен тарихын терең түсінеді, оны құрметтейді

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар демекші, Ұлттық құндылықтар тәрбиенің түп қазығы. Олар балаларды патриоттық рухта тәрбиелеуге, олардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі. Ұлттық құндылықтарды білімге біріктіру мәдени және ұлттық бірегейлікті сақтауға ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бәсекеге қабілетті тұлға

қоғамдағы заманауи сын-қатерлер мен өзгерістерді сәтті жеңуге мүмкіндік беретін бірқатар қасиеттер мен дағдыларды қамтиды.

Тіл, мәдениет, дәстүрлер арқылы ұлттық құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. Бұл құндылықтарды сақтау және дамыту әрбір адамның міндеті болып табылады. Ұлттық құндылықтар тәрбиенің негізі бола отырып, қоғамның дамуына, оның бірегейлігін сақтауға үлкен үлес қосады.





Касанова Жадра Беймбетовна
Әл-Фараби атындағы BINOM SCHOOL
мектеп лицейі
Бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін дамыту

Қазіргі мектептерде тәрбиенің сапасына, әдіс-тәсілдерінің мазмұнына, мақсатына зор көңіл бөлуде және жаңаша көзқарастар қалыптастырылуда. Жаңа талап негізі қарқынды өркениет бағыттарынан қалыспай, терең білімді игеру. Осыған орай, қазақ мектептерінің оқыту жүйесінде әлемдік және ұлттық негізде жеке тұлғаны дамыту үшін өте орынды жағдайлар жасалып, нәтижелері көрінуде болашақ ұрпақты тәрбиелеу ең басты міндеттердің бірі- мектеп оқушыларының іс-әрекетін ізгілендіріп, рухани дамуының дұрыс жолға қойылуы. Ол үшін оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін гуманистік бағытта тәрбиелеп, олардың алдын-ала шығармашылықпен дамытуына жол ашу. Осыған орай біздің мектепте де тәрбиенің бағыттарына қарай бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу жолы қолға алынып отыр.

Оқушының бос уақытын ұйымдастыруы- тәрбие үрдісін ізгілендірудің және мектептен тыс тәрбие жұмысын жетілдірудің негізгі шарты - оқушыларға даралап ықпал ету тәсілі болып саналады. Оқудан бос уақытында жасөспірім ортақ істің ұйымдастырушысы, белсенді қатысушысы болуға үлкен мүмкіндік алады. Іске қатысушы ретінде ол алдына міндеттер қояды, оларды шешу жолдары мен құралдарын таңдайды ақпарат алды яғни жеке тұлғаның дамуы, ержетуі және әлеуметтік бағытталуы іске асады демекпіз. Бос уақытты жүйелі ұйымдастыру, мәдени құнды мазмұнмен толықтыру, әлемдік және отандық мәдениетке баулу, өзін-өзі саналы түрде бағалай білу сияқты аса маңызды әлеуметтік-педагогикалық шешуге

көмектеседі.

Оқушының демалуы, сауығуы мен бос уақытын өткізуі тәрбие ісінде маңызды функцияны атқарады, оны тек әлеуметтік тұрғыдан қорғау ғана емес, сондай-ақ, шығармашылық дамыту, рухани байыту мен интеллектуалдық ахуалын кеңейту үшін жағдай жасалған. Әрбір ата-ана өз баласының толыққанды демалуын ғана көздеп қоймайды, сонымен қатар олардың қажетті дағды мен біліктерді меңгеруін, ой-өрісі мен іс-әрекетінің кеңейгенін қалайды.

Оқушылардың бос уақыттары мәдени шараларға; көлге шомылу, көкке шығу, спорттық ойындар, мазмұнды мерекелермен ұйымдастырылып тұрады. Кітапхана қорында оқушыға керекті кітаптар жетерлік, кітапхананың жұмыс уақыты таңғы сағат 9 дан, кешкі сағат 9 ға дейін. Оқушылардың бос уақытына кинозал қызмет етеді. Және де сабақтан кейінгі уақытта үйірмелер жұмысын атқаруда.

Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін дебаттық, спорттық, өнертапқыш клубтары және әр түрлі конкурстар, фестивальдар ұйымдастырылады.

Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін және бос уақытын жоспарлы түрде ұйымдастыру тек ұстазға ғана жүктелмей, ата-ананың қолдауы қажет. Мектептен тыс орталықтар, аула мекемелерінің қолдауы арқылы ғана ұйымдастырылады.

Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін және бос уақытын жоспарлы түрде ұйымдастырудың пайдасы оқушының басқа немесе жаман әрекетке баруға уақыты болмайды. Ата-ананың да баласына деген сенімі арта түседі. Мұндай оқушылар өздерін қоғамда ұстауды үйренеді және ортамен жақсы байланыста болады.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі тарихи қысқа уақыт аралығында еліміз экономика, қаржы саласында прогрессивгі технологияларға арқа сүйей отырып, кешенді реформалар жүргізу үстінде. Сөйтіп әлемдік өркениетке қауымдаса отырып, қарқынды дамушы елдердің алдыңғы қатарынан көріне бастады.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қазіргі даму кезеңіндегі қоғамның түрлі салаларының құрылуы мен тұлғаның белсенділігінің жоғарылауы арасында байланыс айқындала түсуде. Осыған байланысты балалардың танымдық әрекетін белсенділендіру, оны тиімді басқару және дамыту, әдістемелік ұйымдастырушылық және моральдық-психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету күрделі педагогикалық мәселе емес, маңызды әлеуметтік міндет болып

табылады. Еліміздің егемендікке ие болып, Қазақстан өз алдына мемлекет мәртебесіне жетіп бүгін әлемге, жер жүзіне өзінің елдігін саясатын танытатын шаққа жетіп отыр. Елімізді танытып, оны жетілдіріп, дамытатын жас ұрпақ. Сондықтан да, егеменді еліміздің болашағы жас жеткіншектен білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді

Бастауыш мектеп бұл – оқушы тұлғасы мен санасы дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезеңі. Жас және педагогикалық психологияда бастауыш мектеп жасының өзіндік орны бар. Бұл жаста [оқу іс-әрекетін меңгереді](#), психикалық функцияның еріктілігі құрылады, рефлексия туындайды, өзін-өзі бақылауы ерекшеленеді, ал әрекет ішкі жоспармен арақатынаста болуды бастайды. Бастауыш сынып оқушылары мектепке келгенде, таным іс-әрекеті еркін сипатқа ие болады, әрі таным көлемін кеңейтеді. Оқу арқылы өзінен бұрынғылардың практикалық іс-әрекетін, ғылым-білім жүйелерін меңгереді, сөйтіп өзін практикалық іс-әрекетке даярлайды. Білім жүйесін меңгеру арқылы ғана адам ой мен дене еңбегінің тетіктерін түсінеді.

Танымдық іс-әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Бұл проблеманың кейбір қырлары тамыры тереңге бойлайтын көне замандардан бастау алады. Сократтың өзі де оқыту барысында шәкірттің танымдық іс-әрекетін арнайы басқарудың маңыздылығын атап көрсеткен. Баланың әрбір еңбегі құр босқа жаттауға жұмсалмай, мағыналы және жүйелі болуы керек. Баланың жас кезінен-ақ танымдық әлемін кеңейту, сол бағытта әрекет ету маңыздылығы Абай Құнанбаевтың да еңбектерінде көрініс тапқан. А.Байтұрсыновтың пікірі бойынша, «бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің қызметі – оның білімінің, шеберлігінің ұзақ жолды қысқарту үшін, ол жолдан балалар қиналмай өтуі үшін, керек білімді кешіктірмей, кезінде беріп отыру үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзетіп отыру керек», - деген.

Оқушылардың іс-әрекет ерекшелігіне: өзіндік мақсаты мен нәтижесінің болуы (білім, білік және т.б.) оқушы іс-әрекеттің жоспарлы жадайда өтуі (бағдарлама, оқыту мерзімі) оқыту құралдарының болуы (кітаптар, зертханалық құрал-жабдықтар, т.б.); жоғарғы интеллектуалды жүктеме (емтихан, сынақ тапсыру, ғылыми жұмыс қорғау, т.б.) жатады.

Танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және оны жетілдіру мәселесі төңірегінде жүргізілген зерттеулерді талдай отырып, бұл мәселені өмірде шешудің түрлі жолдарын төмендегіше бөліп көрсетуге болады:

– танымдық іс-әрекеттің дербестігін қалыптастыратын өзіндік жұмысты ұйымдастыру мен оқу міндеттерін іріктеп шешу арқылы.

– танымдық іс-әрекеттің тәсілдерін қалыптастыру.

– іс-әрекеттің бағдарланушылық негізінен құрайтын жалпылама білімдерді енгізу арқылы.

– оқу іс-әрекетін өздігінше бақылауды дамыту арқылы.

Мұғалім бұл жағдайда білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын ұжымдық шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Қорыта келгенде, ең алғаш бала мектеп жасында тек қана білімді жаттау негізінде ғана алмай, оны практикалық яғни іс жүзінде жүзеге асыру негізгі қағида болып табылады. Оның барлығы тікелей мұғалімнің дағды жұмыстарын дұрыс жүргізе білуі мен оны жүзеге асыра білуі аса маңызды орын алады. Демек, осы орайда белгілі қытай ойшылы Конфуцийдің сөзін айта кетуге болады: «Естігенімді – ұмытамын, көргенімді – есте сақтаймын, өз істегенімді – меңгеремін», - дейді.


«Жетісу облысының білім басқармасы»

ММ «Көксу ауданының №2 облыстық

психологиялық-медициналық-педагогтік консультациясы» КММ

педагог-психолог маманы

Касенова Асем Сериковна



Зиятында ауытқуы бар балаларды жаңартылған оқу бағдарламасымен оқытудың ерекшеліктері

Арнайы маман болғандықтан «Бағалау» сөзі білім алып отырған әрбір ерекше қажеттілігі бар балалар үшін маңызды деп білемін. Кез-келген оқушы алған бағасының әділ болғанын қалайды. Өзімізге белгілі оқушылардың оқу жетістіктерін дұрыс бағаламаудың салдарынан, бала психикасына жазылмас жара салған ұстаздар қаншама. Біздің ата-аналарымыз білім алған Кеңестік білім беру кезіндегі бағалау жүйесі әлі күнге жалғасуда. Бұрынғы 5 жүйелік бағалау оқушының нақты қай деңгейде екенін анықтап бергенімен, баланың жақсаруына, нәтижеге жетуіне мүмкіндік бермейтінін түсіндім. Теориялық білімімді тәжірибемен ұштастыру барысында оқушының өзін және өзгені бағалауы үлкен оқушыға артылған жауапкершілік, сенім. Сондықтан да, оқушы өз міндетін жақсы атқарудың жолдарын қарастыруға талпынады және қызығады.

Еліміз егемендік алып дамыған, руханиятты елдердің қатарынан көріну үшін білім сапасына да зор көңіл бөліп, жастарды болашақ жоғары квалификациялық маман ретінде қалыптасуына ықпал етуіміз керек. Қазіргі кезде тұлғаны жан-жақты білімді, ізденімпаз, ойы ұшқыр, саналы, зерек, жауапкершілігі зор, қоғам талаптарын қанағаттандыратындай етіп қалыптастыру ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Оны шешу үшін білім берудің мазмұнын жаңартып, озық әдіс-тәсілдерді пайдалану керек. Соған байланысты мектеп бағдарламасындағы сабақтарды өтуде Кембридж университеті ұсынып отырған жеті модульдің кіріктірілуі сөзсіз керек екенін түсіндім.

Бүгінгі күні оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау — оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі болып табылады. Сол себептен, зерттеу іс-әрекеттерін кеңінен қолданып, оқушылардың жетістіктерін бүгінгі күннің талабына сай жаңаша бағалау жүйесі қажет етіледі. Бұл жерде оқушылар өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау, топтық бағалауда оқу үдерісінің белсенді қатысушысы бола алады. Өйткені, дәстүрлі бағалау процесінде мұғалім оқушыға жауап бергені үшін немесе сабақ оқымағаны үшін баға қояды. Сонда оқушы қаншалықты әділ баға алғанын білмей қалады, күмәнмен қарайды. Бағалаудың жаңа әдісінде оқушы бағаны қандай критерийлер бойынша алғанын, келесі сабақтарда қандай критерийлерге көңіл бөлу керектігін ұғынады. Бұл жүйеде оқушының нәтижесімен бірге іс-әрекеті де бағаланады. Одан басқа оқушыларды бағалауда мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алады. Біріншіден, оқушының қызығушылығы артады, екіншіден, мұғалімнің жұмысы да жеңілдеуі мүмкін.

Білім ордасы оқушыларға тек қана білім беріп қана қоймай, сонымен бірге

оқушылардың білімін бағалау, оқушыларды алға ұмтылуға ынталандыру орталығы болып табылады. Ал, оқушының дұрыс қалыптасуындағы шешуші рөлді бағалау атқарады деп ойлаймын. Оқушылардың сабаққа даярлығының, қабілеттінің көрінісі бағамен есептеді. Кейде оқушылар және мұғалімдер арасында «баға үшін оқисың ба» деген сияқты сөздерді естеп қаламын. Бұл дұрыс түсінік емес, баға ол білімнің, жұмыстың нәтижесінің көрінісі, алған білімінің дәрежесін көрсетеді.

Сонымен формативті бағалау мұғалімдерге сыныптағы оқушылардың үлгерімін бақылап отыруға мүмкіндік береді. Мұғалімнің бағалауы мадақтау, ынталандыру, фишкалар, жұлдызшалар, тілек, смайликтер. Мұғалімнің бағалауы, яғни мадақтау, ынталандыру оқушылардың көңіл күйін көтеріп, өздерінде сенімділікті тудырады.

Бүгінгі таңда бағалау барысында критерийлік және өзін-өзі бағалау жүйесін қолдануды өзекті деп санаймыз. Формативті бағалау ата-аналар, мұғалім және оқушыларға ашық, түсінікті және нақты болады. Өзін-өзі бағалаумен қатар оқушылардың бірін-бірін бағалауды жүргізуге болады. Оқушы өзін-өзі бағалаған кезде өздері нәтижеге мүдделі болады. Енді мен арнайы сыныпта сабақ беру барысында өзім қолданаған бағалау түрлерімен таныстырығым келеді.

Ғаламтор жаулап алған қазіргі заманда әрбір мектеп оқушылары өз көңіл күйлерін смайликтер арқылы жақсы көрсете алады. Мен де сол смайликтерді сабақты бағалауда тиімді қолдана алатын болдым. Мысалы «Өте көңілді», «жақсы», «көңілсіз» смайликтерді алып сабақтың соңында «Өзіме өте жақсы баға беремін», «Сабаққа жақсы қатыстым», «Орташа қатыстым» деген смайликтермен өздерін-өздері бағалайды.

Оқушы білімін бағалауға тоқталар болсам, жаңа білім беру мазмұнында бес балдық бағалау емес, критериалды бағалау арқылы бағалануы – оқушылардың оқу жетістіктерін нақты айқындалған, бірге даярланған, оқу үдерісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі, арнайы білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сай критерийлермен салыстыруға негізделген бағалау үдерісі. Критериалды бағалау оқыту, тәлім-тәрбие беру және бағалаудың өзара байланысына негізделген. Бұл бағалау жүйесінің оқушы үшін ерекше екендігін тәжірибе барысында байқауға болады:

- Қалыптастырушы бағалау шынайылыққа бағытталады;
- оқушының өз бетімен жұмыс жасап, тұжырым жасауына ықпал етеді;
- мұғалім үшін қай оқушының қандай деңгейде екендігін байқауға мүмкіндік береді;
- оқушының өзара бір-бірін бағалауын қалыптастырады;
- ата-ана өз баласының қай оқу мақсатынан төмендігіне көз жеткізіп, сол бойынша жұмыс жасауға мүмкіндік жасап отыр;
- әр мұғалім қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын жасау арқылы өздерінің кәсіби бағытта дамуына қол жеткізетіндігі.

Шығармашылық – бұл адам іс-әрекетінің түрі, бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігімен сапалы, дәлелді шешімдер кезінде қабылдай білуге үйренуі керек. Тек шығармашылық қана адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге мүмкіндік әпереді. мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру ісінің алғашқы сатыларының бірі болып табылатын арнайы мектептің алатын орны ерекше, өйткені арнайы мектеп:

1. Оқушылардың интеллектуалдық, рухани, табиғи нышандарын дамытуға өзінің

қызығушылықтарымен бейімділіктерін іске қосуға жағдай жасайды.

2. Жеке адамдық сенімдерін қалыптастыруға жағдай жасайды.

3. Ұжымдық және жеке іс-әрекеттертәсілдеріне үйретеді.

Баланың еркін шығармашылықпен ойлауына, оның барлық қабілеттерін дамытуға, өз күшіне деген сенімнің болуына жағдай жасайды. Кіші жастағы баланың оқуға, оқу арқылы қабілеттерінің дамуына көп мүмкіндіктер бар.

Ұстаз үшін ең маңызды мақсат-әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы –оқушыларға білім беру, тәрбиелеу барысында кеңінен қолданылып келген, оқушылардың білім сапасын көтеруге жағдай жасайтын, сабақты тиімді ұйымдастыруға, сабақ уақытын ұтымды пайдалануға, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға көп көмегін тигізетін әдіс – диктанттарды қолдана білу. Сондықтан диктант неғұрлым жиі алынса, оқушылардың сауаты неғұрлым табысты болады. Диктанттардың мынандай түрлері өткізіліп отырылды: әріп, буын, сөз, сөздік, ескерту, шығармашылық, көру, графикалық, есту, бақылау диктанттары. Осы диктанттардың ішіндегі ең күрделісі –шығармашылық диктант. Қазақ тілі сабағында оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін осы шығармашылық диктантты көп қолданып жүрмін.

Мен жаңа сабақты өтпес бұрын тақырыбын проблемалық ой тудыра отырып хабарлаймын, оқушы жаңа сабаққа ерте еніп, ұмтылып жауап іздейді, талпынады, қызығушылығы артады. Үнемі сұрақ қою жүйесімен жұмыс жасау білімді меңгерту барысында оқушы деңгейін шығармашылық сатыға көтереді. Бұл - сабағыма жан бітіріп, шығармашылық серпіліс тудырды. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру үшін қосымша әдебиеттерді, ертегілер мен жұмбақтарды, жаңылтпаштарды, мақал-мәтелдерді де бала шығармашылығы дамытындай етіп пайдаланып отырдым.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарымды мынадай жолдармен өткіздім:

- Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
- сабақты түрлендіріп өткізу;
- сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, кестелер мен сызбаларды пайдалану;
- интерактивті тақтамен слайдтарды тиімді қолдану;
- сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруда мынадай нәтижеге жеттім:

- Өз бетімен оқуға, жұмыстануға дағдыланады;
- шығармашылық ізденіске жетелейді;
- өз ісіне деген сенім пайда болады;
- әр нәрсеге сын көзбен қарауға үйренеді;
- салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді;
- шығармашылық белсенділік артады.

Осылардың нәтижесінде дарынды, қабілетті жеке тұлға қалыптасады. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Ата-ана үшін де бұл бағдарлама бір жағынан қорқыныш тудырса, екінші жағынан

қызығушылық та тудырып отыр. Ата-аналар мәжілістерінде әр оқушының қалыптастырушы бағалау нәтижесін есеп беру бетшесі арқылы таныстырудың өзі ата-ана мен мұғалімдердің арасында ынтымақтаса жұмыс жасауға ықпал ететіндігін көрсетуде. Кері байланыс бетшесінде алған мәліметтерін, жазған ұсыныстарына қарай отырып ата-ананың бағдарлама мақсатын түсінгендігін байқауға болады.

Зиятында ауытқуы бар балалардың санатына бас ми қабығының диффузды органикалық зақымдануы салдарынан танымдық іс-әрекетінің және эмоционалдық-ерік өрісінің тұрақты бұзылуы бар балалар жатады. Бұзылыс белгілерінің көрініс беру дәрежесі зақымдалудың ауырлығына, оны таратпау ерекшелігіне, сондай-ақ зақымдалу уақытына байланысты.

Зиятында ауытқуы бар оқушылардың ерекшелігі – жоғары психикалық функцияларының, мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін реттеуінің бұзылуы

болып табылады. Ең алдымен, танымдық процестер зардап шегеді: түйсік, қабылдау, ес, ойлау, қиял, сөйлеу, зейін. Эмоционалдық-ерік өрісінің, моторикасының және жалпы адамның бұзылуы байқалады. 1994 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (АХЖ-10 ДДҰ) қабылдаған жіктеуге сәйкес, зиятында ауытқуы зерденің төмендеуінің төрт (негізгі) деңгейін қамтиды: жеңіл (F70), орташа (F71), ауыр (F72) және терең (F73). Мектепте оқыту жеңіл және орташа зиятында ауытқуы бар оқушылар үшін ұйымдастырылады. Жеңіл зиятында ауытқуы бар балалар санатына танымдық қызметі мен ойлауының күрделі формаларының жетілмеуі жекелеген талдамалардың өрескел бұзылмаған және эмоционалдық-ерік өрісінің салыстырмалы түрде бастапқы сақталған дебильтіктің жеңіл және орташа дәрежелі олигофрениясы бар балалар жатады. Бұл балалардың айрықша ерекшеліктері – мінез-құлқының салыстырмалы сақталуы жағдайында оларға түсінікті тапсырмалар аясында мақсатты бағытталған әрекет ету қабілеті болып табылады. Есту қабілеті қалыпты болған жағдайда және сөйлеу органдарының құрылымында айқын ауытқулар болмаған жағдайда оларда экспрессивті және импрессивті сөйлеуінің дамуы тежеледі, моториканың ең күрделі түрлері дамымай қалады. Осы топтағы балаларға психикалық процестердің бәсеңдігі және инерттілігі тән.

Зиятында ауытқуы бар оқушылар танымдық қызметі мен жалпы тұлғалық айқын жетілмеуі салдарынан оқыту процесінде едәуір қиындықтарға ұшырап жатады. Арнайы ұйымдастырылған оқыту мен тәрбиелеудің әсерінен балалар дамиды, белгілі бір білім, білік, дағдыларды меңгереді, алайда оқыту және дамытудағы бұл ілгерілеушіліктер әр оқушыда әр түрлі болады. Ақыл-ойы кем балаларды оқытудың алуан мүмкіндіктері даму бұзылыстарының тереңдігі мен таралуына байланысты.

Зиятында ауытқуы бар балаларды оқытудың арнайы жағдайлары. Зиятында ауытқуы бар балаларды оқытудың негізгі міндеттері оқушылардың танымдық қызметіндегі және эмоциялық-ерік өрісіндегі кемшіліктерді барынша еңсеру, оларды өздігінше өмір сүруге, өндірістік еңбекке қатысуға, қазіргі заманғы қоғам жағдайында әлеуметтік бейімделуге дайындау болып табылады.

Жалпы білім беретін мектепте зиятында ауытқуы бар балаларды оқытудың анағұрлым дәл келетін жағдайлары арнайы сынып жағдайы болып табылады. Арнайы сыныптар жеңіл зиятында ауытқуы бар оқушылар үшін жеке сынып және орташа зиятында ауытқуы бар оқушылар үшін бөлек сынып құрылуы мүмкін. Бұл оқушыларды бір сыныпта біріктіріп

оқытуға да болады. Арнайы сыныпта «Олигофренопедагогика» мамандығы бар жоғары білімді дефектолог мұғалім жұмыс істеуі қажет.

Жеңіл зиятында ауытқуы бар балаларға арналған сыныптардың бірінші сатысында ақыл-ой кем оқушының тұлғасын жан-жақты психологиялық- медициналық-педагогикалық зерттеу, білім беру процесін ұйымдастырудың түрлері мен әдістерін әзірлеу мақсатында оның мүмкіндіктері мен жеке ерекшеліктерін анықтау жүзеге асырылады.

В.В. Воронкова зерттеуіне сүйенетін болсақ, екінші сатысында балалар жалпы білім беретін практикалық бағыты бар пәндер бойынша білім, әртүрлі бейіндегі еңбек дағдыларын алады. Әлеуметтік бейімдеуге және кәсіптік еңбекке даярлауға назар аударылады. Оқу процесі оқушыларға сараланған және жеке тәсілдемені қолдана отырып, жүзеге асырылады. Саралау тәсілінің негізіне зиятында ауытқуы бар оқушылардың педагогикалық жіктелуі алынған.

Бірінші, екінші, үшінші типологиялық топқа жататын оқушылар бір тақырып көлемінде оқиды, бұл ретте оқыту процесінде оларға сараланған тәсілдеме қолданылады. Ол, мысалы, вариативтілігінен көрінуі мүмкін:

- оқушылардың өзіндік дәрежесі;
- мұғалім көмегінің түрлері;
- көрнекілік-дидактикалық материалдың түрлері;
- орындалатын жұмыстың көлемі;
- оқу тапсырмаларының күрделілігі және т.с.с.

4-ші типологиялық топтың оқушылары көбінесе оқытудың жеке бағдарламасына сәйкес басқа оқу тақырыбының аясында жұмыс жасайды. Педагог жеке-дара сипаттағы тапсырманы және жеке көмек шарасын ойластырады. Төрт типологиялық топтардың оқушыларын оқытудың маңызды тұсы оқу жетістіктерінің әркелкі болу фактісі болып табылады, яғни әр баланың оқытудағы өз ісі болады. Мұны мұғалім оң нәтиже ретінде бағалауы тиіс.

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Бағдарламаның ерекшелігін тәнті болғанымызбен әттеген-ай дерлік жағдайлар да кездесіп, мұғалім жұмысына кедергі келтіріп жатқан кездер де аз емес. Ол бағдарлама мен оқулықтың сәйкес келмеуі. Бұл ата-анаға да, оқушыға да, мұғалімге де аз қиындық болмай тұр. Әрине, жаңа бастаманың қашанда қиындығы да қызығы да аз болмайды. Бірақ осы үлкен міндетті абыроймен атқарып, шәкірттерді бәсекеге қабілетті жеке тұлға дәрежесіне жеткізе білу әр ұстаздың міндеті. Сондықтан заман талабына сай болып жатқан өзгерістерден қауіптенбей, мақсатқа сай, нәтиже аламыз деп сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жалпы білім беретін ұйымдары жұмысының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім) Типтік ережелері. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен 2013 жылғы 17 мамырда № 499 бекітілген.


2. Кембридж университетінің білім беру факультетімен бірлесіп, Педагогикалық шеберлік орталығы құрастырған, Қазақстан Республикасындағы педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының деңгейлік бағдарламасының глоссарийі: оқу-әдістемелік құрал (2012). Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
3. Вязовова О.В. Организационный рейтинг системы оценки знаний учителя// Информация и образование. – 2011.

Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Т.Рысқұлов ауылы,

Абай атындағы мектеп-лицейі

Орыс тілі мен әдебиет пән мұғалімі

Кендирбаева Индира Сайлаубайқызы



ОРЫС ТІЛДІ АУДИТОРИЯЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ОҚЫТУ МАТЕРИАЛДАРЫН ИГЕРТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Орыс тілді аудиторияларға қазақ тілін теориялық тұрғыдан үйрету әдістері тілдік материалдардың теориялық негіздері мен заңдарын, анықтамалары мен ережелерін меңгертумен бірге, оларды практика қажетіне жаратуға бағыт сілтейді. Орыс тілді аудиторияларда сабақ беретін мұғалімдер белгілі бір тілдік тақырыптың өзіндік белгілерін ғылыми тұрғыдан сұрыптап, материалдың мазмұны мен көлеміне және әрбір өткізілетін сабақтың құрлымына орай тақырыптың оқыту жүйесін белгілейді. Бұл әрқашан арнаулы оқу орындарының бағдарламасының көлеміне негізделеді де, әр топтағы оқушылардың ой дәрежесі мен жас ерекшелігіне сәйкестендіріледі. Мұғалім теориялық материалдарды үнемі өзі мазмұндап, оған оқушыларды да қатыстырып, практикалық тұрғыда өздеріне жүктеп отырады. Өтілетін материалдың өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтарын оқушыларға меңгертуде, әуелі тақырыптың ішкі қасиеттерін саралап, лайықты дидактикалық мысалдар табуды жүктеген жөн.[1: 56]

Орыс тілді аудиторияларға қазақ тіліне саралай және кіріктіре оқыту ұстанымын материалдарды игерту мәселесінде қолданған орынды. Қазақ тілін өзге ұлтқа оқытып үйретудің көп жылғы тәжірибесі мынаны көрсетіп отырып: әр түрлі сөйлеу әрекетінің тек өзіне ғана тән табиғи әрекеттер жиынтығы және лексика-грамматикалық бедерлеуі бар. Ана тілімізді саралай оқытып үйрету әр түрлі деңгейде жүзеге асады және оның өте нақтылы айқын шектемесі болады:

Қазақ тілін оқытып үйрету кіріктіре оқыту ұстанымы арқылы да жүзеге асады. Ол ана тілімізді оқытып үйретуде тіліміздің барлық салаларын, яғни фонетика, лексика, грамматиканы жеке-жеке алып оқытудың емес, керісінше, оларды кіріктіре оқытып үйретуді көздейді. Оқушылар оларды белгілі бір сөйлеу жағдайында нақтылы сөздерді, сөз тіркестері, сөйлемдер, диалогиялық бірліктер, тұтас тіркестер, сондай-ақ текстер ішінде қолдана отырып, сөйлеу әрекеті барысында тез меңгереді.

Орыс тілді топтарға қазақ тілін оқытып үйретуде ауызша тілдесімді жетістікпен меңгеруге мүмкіндік беретін тыңдалымға ерекше көңіл бөлінетіні белгілі. Сондықтан алғашқы сабақтан бастап оқушылардың таңдап отырған тексттің мазмұнын аудармасыз түсіну дағдысын қалыптастырған жөн. Және де студенттердің сөйлеу тілін тындап қалыптастырған жөн. Және де студенттердің сөйлеу тілін тындап түсінуін дамытатын әр түрлі дыбыстау, техникалық құралдарын қолдану тиімді.

“Қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беруде, мұғалім мен оқушының қарым – қатынасын анықтайтын, бірде мұғалімнің өзі түсіндіріп, бірде оқушының өзін іздендіретін

әдістің бірі – әңгіме әдісі”[2: 154] Бұл теориялық материалдарды іс – тәжірибелік жұмыстар мен ғылыми негізде ұштастыруда іске асырылады. Бұл әдістің жүргізілуі мен іске асырылуына орай сұрақ – жауап әдісі деп те атайтыны белгілі. Қазақ тілінде меңгерілетін грамматикалық тақырыптардың әңгіме әдісін қолдану арқылы іске асырылуы білім мазмұнын игерту мен қатар оқушылардың шығармашылық - танымдық қабілетін дамытуға іргелі де жемісті қадамдар жасайды. Атап айтсақ, оқушылардың грамматикалық теорияны, орфографиялық қалыпты меңгеруде белсенділігі артатынын көреміз. Тілдің өзіндік белгілерін дәлелдеп айтуға, тілдік талдаулар жасауға машықтанады. Оқушы тілін ұстарту негізінде сөйлемнің грамматикалық және стилистикалық тұрғыдан дұрыс құруға бейімделеді. Өз пікірінен қорытынды шығаруға үйренеді.

Орыс тілді оқушылардың білім мазмұнын игерудегі теориялық әрі практикалық дағдыларын қалыптастыруда түсіндірілетін материалдық объектілер әдеби тіл жағынан мінсіз де келісті, мұғалімнің ғылыми әрі теориялық білімінің терең болуы шарт. Және де сөз саптауы, сөйлем құрау жағынан ой күрделілігі мен құрмаласымдық мәнділігі, мұғалімнің жаңа сабақты түсіндірудегі ой мен тіл қатысы жеңілдікке құрылуы шарт.

Ал, оқушыларға қойылатын талап межесі қандай десек, оқушы ойынң дәлді де нақты әрі сөздік қорының кең болуы, оқушының жай сөйлем немесе құрмалас сөйлем құрылысына негізделген сөйлем түрлерін құрай білуі, берілген ақпаратты сын тұрғысынан саралауға, ой – тұжырым жасауға белсенді болуы қажет. Оқушыларға қойылатын сұрақ мағнасы жағынан дәл, анық, логикалық жағынан терең болғаны абзал. Бірнеше меселердің басын қоспай, әр тарау бойынша жеке маңызды әрі күрделі сұрақтар берілгені жөн. Бір тақырыпқа байланысты берілетін сұрақтардың танымдық сипатын әр деңгейге құрып, бірде күрделі, бірде жеңіл болғанын қадағалау керек. Неге десек, мұндай ұсынылатын жұмыс түрінің оқушылардың ойлау дәрежесі мен логикалық таным қабілетін жетілдіруге бағытталады. “Оқушы жауабында төмендегідей логикалық – психологиялық үрдістерге баса назар аударған жөн. Біріншісі, берілген сұрақтағы негізгі ойға, яғни тілдік құбылыстар мен заңдылықтарды меңгеру дәрежесін, екіншісі - сұраққа жауап беруде оқушының өз ойын, тұжырымын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп беру мүмкіндігін ескеру қажет. Жаңа тақырыпты әңгіме әдісімен түсіндіруде дидактикалық материалдардың берері мол”[2:47]. Осы орайда, ізденімпаз мұғалім тілдік материалдарды оқушы санасына жеткізуде бағдарлама негізінде ұсынылар білім көлеміне байланысты сөйлемдер мен мәтіндерді күн ілгері сұрыптап, оны ой елегінен өткізіп және оқушылардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған іс әрекеттер басымдылығын ажырату қажет.

Орыс тілді аудиторияларға қазақ тілінен берілетін теориялық білім мен грамматикалық аксиомаларды игертуде әңгіме әдісінің құрылымын басшылыққа алуы міндетті алғы шарт болып табылады. Алғы кезекте озық деп танылған педтехнологияларды өз тәжірибесіне белсенді енгізіп жүрген ұстаздар әңгіме әдісінің құрылымдық элементтерін танып, оларды дамыта оқыту технологияларымен ұштастырып отыруы маңызды болмақ. Құрылымдық элементтер түрі: оқушылардың тілдік материалдарды бақылауы, мұғалімінің сұрыптап алған материалдары бойынша оқушылар тілдік заңдылықтар мен фактілерге сүйенеді. Жаңа тақырыпқа сай эстетикалық тұрғыдағы талапқа сай келетін көрнекі құралдармен ғылыми мазмұны бай дидактикалық мысалдар қолданылу орынды болмақ. Екінші кезекте тілдік материалдарды сұрақ – жауап негізінде меңгертудің де маңызы зор. Бұл

жұмыс түрі диалогтық ой алмасу қатысымы арқылы іске асырылады. Өтілетін тақырыптарға сәйкес мұғалім оқушыларға танымдық бағыттағы сұрақтар қояды. Бұл ретте, мұғалім тарапынан берілетін сұрақ тіл табиғатын және ондағы ерекшеліктерді ашатын деңгейдегі сипатты қамтуы шарт. Материалдың өзіндік белгілерінің сұрақтары арқылы айтылуы ескеріледі. Әңгіме үрдісінде оқушыларға тілдік материалдардың ережелері мен анықтамаларын меңгерту көзделеді.[3:65]

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілінің теориялық саласын игертуде қолданылатын ендігі бір белсенді әдіс – хабарлау әдісі. Бұл әдіс тілдік материалдың жалпы заңдылығын, өзіндік белгілерін ғылыми құнды мысалдар арқылы меңгертумен ерекшеленеді. Тілдік фактілердің жалпы қасиеттерін хабарлай отырып, оның жасалу жолдарын арнайы түрде тоқталады. Сабақта хабарлау әдісін пайдалану кезінде тақырыптың өзіндік белгілері сұрақтар арқылы меңгерілмейді. Оқушылар қорытынды пікірді, анықтама мен ережені өздері шығармайды, мұғалімінің хабарлауы бойынша игереді. Белгілі бір тақырыпқа байланысты анықтама мен ережені түсіндіріп болған соң, оқушылар сол тақырыптың ғылыми – теориялық негізін көрнекі құралмен әралуан бағыттағы дидактикалық мысалдарға бағдар жасай отырып түсінеді.

“Оқушыларға жаңа тақырып материалдарын түсіндіруде қолданылатын ендігі бір жұмыс түрі – түсіндіру әдісі болып табылады. Білім мен дағдыларды меңгертуде бұл әдістің әдістемелік қуаты мен құндылығы ерекше. Оқушыларға жаңа тақырыпты меңгерту, түсініксіз құбылысты ұғындыру кезінде берілген сұрақтарға қоса оқулық материалдардан басқа білім көздерін қосымша әдебиет ретінде қолдану жолымен толықтырылады” [4:67]

Орыс тілді дәрісханаларға қазақ тілін оқыту ерекшеліктерін сөз еткенде негізгі басшылыққа алатын әдістердің бірі – тәжірибе әдісі. Бұл әдіс қазақ тілі материалдарын тікелей көрсету негізінде іске асырылады. Сондықтан дыбыс заңдылықтарының жасалу жолдарын түсіндіріп, теориялық білім беруде төмендегідей сипаттағы көрсету аппараттарына назар аудару қажеттілігі туындайды. Мәселен, дыбыстың жасалу дыбыстау мүшелерінің қызметі арқылы көрсету, дыбыстың өзіндік белгілерін көрнекі құралдар негізінде дәлелдеу, дыбыстардың өзіндік ерекшеліктерін эксперименттік фонетиканың материалдары негізінде тәжірибе нысанына алу осы мақсатты әдістің түпкі әдістемелік негізін айқындайды.

Тәжірибе әдісі қазақ тілінің лингвистикалық негіздері мен психологиясына берік бағытталып, олардың заңдылықтарына сүйенеді. Бұл әдістің жасалуындағы негізгі ақпараттық әдістемелік көздері төмендегідей құрамда орналастырылады. Қазақ тілі материалдарының ғылыми ерекшеліктері, оқушылардың көргені мен жазғанын тез әрі тұрақты түрде байқау талабы ескеріледі. Айту мен есту тұсындағы меңгерген білімінің кеңеюі және көрнекілік тәсілінің білім мазмұнын игертудегі ықпалы айқын көрініс табады. Оқушылардың жылдам әрі ұтымды ұғынып, есінде ұзақ сақтауын ескеру қажеттілігі алғы кезектегі маңызды іс.[23:45] Оқушылардың өздігінен шығармашылық еңбекпен шұғылдануын ұйымдастырып, танымдық қабілетін арттыруда мұғалім жетекші рөл атқарады.

Орыс тілді оқушыларға қазақ тілі материалдарын, тілдік фактілер мен заңдылықтарды мемлекеттік стандарт негізінде меңгертуде кітапты пайдалану әдісінің тигізер септігі зор. Оқушыларға берілетін теориялық білім оқулық пен оқу құралдары бойынша жеткізіледі. Бұл құралдар әр бір сыныптарға арналған оқу бағдарламаларына негізделіп жасалады. Мұғалім қазақ тіліне арналған материалдардың ерекшеліктерімен бірге оларға байланысты берілетін анықтамалар мен ережелерді оқытып, түрлі жаттығу жұмыстарын оқулық пен көмекші

құралдар негізінде іске асырады. “Ол қазақ тілі материалдарына орай берілетін ішкі заңдылықтар мен анықтама, ережелерді оқушыларға оқыта отырып, соған лайықты мысалдарын тапқызады. кітапта берілген мәтіндердің ішінен керекті объектілерді іздеттіріп, астын сыздырып, дұрыс – бұрыстығын дәлелдету қажет болып табылады”[11:56]. Мұғалім оқушыларды ойландыратындай жалпы сұрақтарды қояды да, ол сұрақтарға жеке – жеке жауапты оқулық пен оқу құралын пайдаландыру арқылы шығармашылық ізденіске бағыттайды. Оқулықтағы материалдарды іштей оқып, жауап беруге даярланып, теориялық білімдерін ортаға салады.[25:126]

Қазақ тілі тақырыптарын қамти отырып, оқулықтағы жеке әріптерден сөздер, жеке сөздерден сөйлемдер құратып, тілдік материалдың өзіндік белгілері мен ерекшеліктеріне оқушылар назарын аударады. Мұғалім қазақ тілі тақырыптарына сәйкес термин сөздерді танытуға белсене әрекеттенеді. Термин сөздердің жазылуын орфографиялық сөздіктен қаратып, өздеріне дұрыстап оқытып, дәптерге жазғызу әрекетін ұйымдастырады. Бұл сөздердің білдіретін мағыналық сипатын мысалдар арқылы дәлелдейді. Оқулық пен көмекші құралдардағы берілген кестелерді қосымша білім ақпараттары негізінде толықтырып, ғылыми мазмұнын кеңейтіп түсіндіру алғы шарт болып танылады.

Қазақ тілі тақырыптарына сәйкес жүргізілетін жаттығу жұмыстарының күрделі түрлерін сыныпта орындату арқылы білім мен біліктілік дағдыларын кеңейтеді. Ал қалған жеңіл түрлерін үй тапсырмасы етіп, оқушылардың өз бетімен ізденуіне мүмкіндік тудырады. Мұғалім сынып және үй тапсырмасы ретінде көркем әдебиеттерден, ғылыми кітаптар мен мақалалардан қажетті материалдарды сұрыптап, керекті білім объектілерін талдатып, дәлел келтіруге бағыттап отырады. Қазақ тілі тақырыптарына мысалдар тергізіп, тиісті баяндамалар әзірлету дағдысын машықтандырады. Сондай – ақ ғылыми сипаттағы әңгімелер мен әдеби кітаптарды оқытып, мазмұнын сұрап отыруы қажет. Осыларға сай мазмұндамалар мен шығармалар жаздырады. Сабақ үстінде түрлі сөздіктер мен пунктуациялық анықтамаларды жүйелі пайдалану арқылы оқушылардың білімі мен біліктілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік ашады. [4:32]

Оқулықты пайдалану тұсында жүргізілген жұмыс жақсы ұйымдастырылған іс оқушылардың қазақ тілі бойынша алған білімі мен дағдысын тұрақты есте қалдырады. [5:43]

Оқулық пен оқу құралдарын пайдаланда алғы кезекте мұғалім керекті әдебиеттер тізімі және библиографиялық көрсеткіштермен таныстырады. Және оны дұрыс пайдалану жүйесімен таныстырып, әдістемелік тәсілдері мен келешектегі жұмыс бағдарламасын болжатады.

Мемлекеттік білім стандартын игертуде оқулықтар мен көмекші құралдарды пайдалану ережесі сақталуы шарт. Мәселен, жаңа оқу тақырыбын түсіндіру, жаңа білім мазмұнын бекіту үстінде әдістемелік көмекші құрал негізінде пайдаланылғаны жөн. Сонымен қатар бұл әдіс жүйелі түрде біріккен сабақты өткізу барысында қолданыс табады. Қайталау сабақтарында оқулық пен оқу құралы бір ізділік бағытында пайдаланылады. Оқылған мәтін ішінен өздеріне қажет дерек көздерін белгілеп алуы олардың танымдық әрекеттерін арттыруымен ерекшеленеді. Жазылған мысалдарынан тақырыптың өзіндік белгілері мен ерекшеліктерін анықтап, оларды нақты дәлелдермен түсіндіреді. Бұл әдіс қазақ тілі материалдарының бір – бірінен айырмашылығы, бір – бірімен байланысын, жасалу жолдарын, өзіндік айырым белгілерін, дәлді анықтамалары мен теориялық ережелерін қайыра қайталап, пысықтап бекіту мақсатында қолдану әдістемелік тұрғыдан маңызды.

Түйіндей айтсақ, орыс тілді дәрісханаларға қазақ тілінен оқыту материалдарын игерту әдістемесінің жемісті болмағы мұғалімнің шеберлігі мен мемлекеттік оқыту бағдарламасының шығармашылық жарасымына байланысты болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы, Алматы, 1991.
2. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту методикасы, Алматы, 1989, с.96.
3. Сарыбаев Ш. Х. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. I-білім. Алматы, ОПБ, 1956.
4. Бегалиев Ғ. Бастауыш мектептегі қазақ тілі методикасының мәселелері. Алматы, 1993.
5. Құдайқұлов М. Мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуге қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдалану, Алматы, 1972, с.21.

Астана қаласы әкімдігінің «Дулат Бабатыұлы атындағы №89 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Китмамбетова Мархабат Акилбековна



Сынып: 4

Тақырыбы: Кішкентай тігінші

Мақсаты: Барлық оқушылар: жаңа сөздердің ана тіліндегі баламасын анықтап, жоспарлы әрекетті айта алуды үйренеді. ;

Оқушылардың көбі: етістіктің шақ формаларын қолданып, жоспарлы әрекетін ауызша не жазбаша ретімен баяндай алады

Кейбір оқушылар: берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құра алады

Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу. Психологиялық ахуал туғызу

«Атомдар мен молекулалар» ойыны. Әр оқушы – жеке атомдар. Мұғалімнің айтуы бойынша атомдар қозғалысқа түседі, бір-бірімен жеңіл қақтығысқа түседі. Мұғалім қанша атомның қосындысынан молекула құралатынын айтады, сол кезде сол санға сай бірігіп тұра қалу керек. Молекула құрамына кірмей қалғандар ойыннан шығады. Осылай бірнеше рет қайталанады. Соңында атомдарға бірігуіне қарай оқушылар топқа бөлініп отырады.

ҰҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ. «Миға шабуыл» әдісі.

Сабақтың тақырыбын сурет арқылы болжату.

-Суреттен кімді көріп тұрсың?

- Қыз не істеп жатыр?

- Саған тігінші болған ұнай ма?

Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру

қайшы –ножница

түйме –пуговица

ине – игла; иголка

қию – резать

бүктеу – складывать

дана – экземпляр

дайын – готовый

-тапсырма.

Сөйлемдерді оқы. Мағыналық өзгешелігі мен ұқсастығын тап.

Бірінші бағанда нақты қашан жүзеге асатыны белгісіз, бірақ жоспарда бар істер туралы айтқанда қолданылатынын, ал екінші бағанда ертең нақты орындауға ниетті болғанда қолданатын құрылым екенін мұғалім оқушыларына ұғындырады.

Мен енді түйме қадағалы жатырмын	Мен енді түйме қадаймын
Анам ертең көйлек тіккелі жатыр	Анам ертең көйлек тігеді

ылым.2-тапсырма. Жақшаны ашып жаз.

Жақшаны ашып, *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі* қосымшаларын жалғап жазады.

Үлгі: Мен көйлек тіккелі жатырмын.

1. Сен матаны (қию). 2. Ол көйлекке түйме (қадау).

3. Сіз үлгіні (қию). 4. Мен матаны (үтіктеу). 5. Сен көйлекті (жуу). 6. Ол көк түсті жіп (іздеу). 7. Мен мата дүкеніне (бару).

гіту сәтін орындайды.

4. 3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Қуыршағыңа көйлек тігіп бер. Әрбір әрекетінді мұғалімге айтып отыр.

Оқылым мәтіні:

Мен қуыршаққа жылы көйлек тіккелі жатырмын.

Ақ қағаздан үлгі қиып аламын. Үлгі қағаздың биіктігі – 14 см, ені – 16 см. Қағазды екіге бүктеймін. Сонда оның ені 8 см болады. Енді суретке қарап, үлгіні қиып аламын. Үлгіні матаның үстіне қойып қиямын. Үлгі бойынша екі дана дайындаймын. Көйлектің екі бетін беттестіремін. Көйлектің екі жанын және иығын қосып тігемін. Міне, көйлек дайын.

Деңгейлік тапсырма беру.

Айтылым. «Ой жалғау» әдісі. Жеке жұмыс.

С- Үлгіні пайдаланып, қуыршағына көйлек жасалу жолын түсіндір. *Үлгі:* Апай, мен қағазды қиғалы жатырмын.

Бірінші, ...

Екінші, ...

Үшінші, ...

Төртінші, ...

нші ... Ең соңында...

В – мәтіннен етістіктерді теріп жазып, келер шақта

- *ғалы, -гелі, -қалы, -келі* қосымшаларын жалғап жаз.

Дескриптор

- жоспарланған іс туралы айта алады немесе жаза алады

Рефлексия. Оқушылар сабақтан алған әсерлерін смайликтерді көрсету арқылы білдіреді.

Үй тапсырмасын беру : 25 б. 6-тапсырма а) /жазу/

Бағалау. Мұғалім формативті бағалауы бойынша қорытынды балын қояды.

Ақтөбе облысы, Темір ауданы

Шұбарқұдық

"Балақай" бөбекжай балабақшасы

Койшыгулова Амангуль Жуманбековна



Балабақша- бақыт баспалдағы

*«Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде,
оларға жастайынан жақсы қасиеттерді
сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық
рухы дамыған, Отанның гүлденуіне өз үлесін
қоса алатын азамат өсіре аламыз».*

Н.Ә.Назарбаев

Балабақшада әрбір келген бүлдіршінді жан тәнімен сүйетін, оны үнемі түсінуге тырасатын адамдар жұмыс істеуі қажет деп есептеймін. Пәк көңілді балалармен қарым-қатынас маған қуаныш, шаттық сыйлайды. Өйткені, мен оларға, олар маған қатты сенеді. Менің бақытты болуым, осы балаларымның сенімінің арқасы. Мен балаға деген ыстық ықыласын бір сөзбен айтып көрсетіп қана қоймай, бар жүрегімен және жан -тәнімен сезіне білемін. Жұмысым күрделі де қызықты. Шынымды айтсам, кейде жұмыстан үйге келгенде қатты шаршағанымды сеземін. Өйткені балалармен өткізген күнімді ой елегінен өткізсем, олардың ақжарқын сәбилік жүректерін, тәп-тәтті қылықтарын, маған қарағанда үміт толы көздерін бәрін есіме алсам шаршағанымнан құлан таза айғып кетемін. Осы бір «Балалар әлемінің теңізіне» бір бойласам, ешқашан өз мамандығымды өзгерткім келмейді. Өйткені,

бала-пәк, бала тап-таза мөлдір бұлақтың бастауы сияқты. Көзін ашып, тұнығына қану үшін тәрбиешіде жылы жүрек, аялы алақан, мейірімді жылы жүз керек-ақ.

Дүние есігін ашқан әрбір нәресте отбасында ата мен әженің, әке мен шешенің, бауырлардың махаббаты мен жылулық шапағатына бөленіп өседі. Отбасында берілетін тәрбие әр отбасында түрліше, өздерінің қалыптасқан отбасылық құндылықтары арқылы, үлкендердің өмір жолдары арқылы тәрбиеленеді. Ал білім мен тәрбие беретін орындарда жаңашылдық пен заманауилықты ұштастыра отырып, ел ертеңін тәрбиелеуге үлкен жауапкершілік танытылады. Ары қарай өмірдің өсу сатысында білім мен тәрбие ұйымдарында қалыптасқан бір ізділік жүйе арқылы өз көзқарастарын қалыптастырып, «Мен» танылып, жеке тұлға ретінде қоршаған ортада өз орындарын табады.

Осының бәріне арқау болып отырған тақырыпқа тоқталатын болсақ, балабақша тек бүлдіршіндердің келіп-кететін мекені болмау керек. Ал, ата-ана үшін бала-бақша өз жағдайларын жасап, баламыз жұмыс жасауға кедергі болмасын деген ниетте балаларын кешке дейін апарып тастайтын орын болмау керек. Осындай көзқарастар қалыптаспас үшін балабақша жұмысының, ұжым ауызбіршілігінің мықты болуы абзал.

Бүлдіршін бақшаға-достарымды көрем, үйде еш ойналмайтын қызық ойындар ойнаймын, ешкім білмейтін тек тәрбиешім ғана білетін қызықты ертегілерді тыңдаймын, әндер үйренемін деп, қызығып келетін шуақты мекеніне айналуы керек.

Ал, бала жүрегінде осындай орын алып, балабақшаға демалыс күндері де сәби жүректерін алып ұштырып тұратын деңгейге дейін жеткізетін ол әрине-балалардың бағбаны-тәрбиешілер болып саналады. Бір тәрбиеші - бірнеше баланың өміріне жауапты болғандықтан, ешқандай атүстілік танытпау керек, немесе кешке дейін жұмыс уақытын өткізіп, күн көрістің қамын ойламау керек. Әрине, үлкен ыждағаттылық пен кең жүректілікті қажет ететін мамандық болған соң тәрбиеші болу кез-келгеннің қолынан келе бермейтін нәзік кәсіп иесі деп білеміз. Күнделікті сұранысқа ие қат мамандық болмағанмен, өмірге келген әрбір бүлдіршіннен ел азаматтарын тәрбиелеп шығару үшін қай кезде де қажет, ешқашан керектігі мен қажеттілігі жойылмайтын тұрақты мамандық деп білемін.

Тәрбиеші күннен-күнге білімін жетілдіріп отырумен қатар, өмірлік тәжірибелерді де белсене пайдалана білу керек. Қазіргі таңда баланың санасы мен зейініне тікелей әсер етіп, баланың тез арада қызығушылығын арттыратын нәрсе техника екені ешкімге де таңсық емес.

Тіпті, бақша жасындағы бүлдіршіндер емес, кішкентай айлық сәбилердің көзі түрлі-түсті теледидарға түсіп, түрлі мультсериалдардың кейіпкерлері мен дыбыстарына ерекше назар аударады. Демек, қызығады, қарайды, әуестенеді.


Біздің балабақшалар-тәрбиешілер арқылы өздерінің алға қойған мақсаттарын жүзеге асыра отырып, егемен еліміздің саналы да сапалы ертеңін тәрбиелеуде үлкен жауапкершілікке бастау алады. «Баланы бастан...» деп айтылған халықтық қағиданың бала болашағына ықпалы зор екеніне ешкімнің да ауы жоқ.

Әрбір балабақшаға келген кез келген тәрбиеленуші, алдағы үлкен өмір атты өзенде өзін тұлға ретінде қалыптастыру үшін барлық жеке қасиеттермен өз жасына сай білімді осы мектепке дейінгі мекемеде алып шығады.

Әл-Фараби атамыз айтқандай «Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы» демекші алдымен біз, алдымызда көздері мөддіреп отырған жас ұрпақтың бойына тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді сіңіре алуымыз қажет. Ол үшін біз тәрбиешілер өте білімді, эстетикалық және мәдени, сондай-ақ аждамгершілік қасиеттерге бай, баланы бар жан тәнімен сүйетін адам болуымыз қажет. Сондай-ақ алдымыздағы кішкене жас ұрпаққа қазақи әдет – ғұрыптарымыз бен тыйымдарымызды да қоса үйретуіміз қажет. Және де ата-аналардан үйде болған кезде де осы талаптарды орындап отыруын қалауымыз керек.

Бүгінгі жас ұрпаққа тәрбие мен қатар білімді де сіңіріп отыру өте маңызды. Балабақша білім берудің - алғашқы баспалдағы. Білім беруде қазіргі балалардың мүмкіндіктеріне сай құрастыру қажет. Және тәрбиеші өзін де үнемі жетілдіріп, жанжақты ізденіп, білім беру процесіне заманауи әртүрлі әдіс тәсілдерді жиілеп пайдаланғаны дұрыс деп есептеймін.

Егемен еліміздің мәңгілік болып, қазақ елінің мәңгі жасауы және «қазақ» атауының ешқашан өз тұғырынан түспеуі болашақ ұрпақтың қолында. Ал болашақ ұрпақты талапқа сай елжанды, ел мақтанышы етіп тәрбиелеуде-бақша өмірінің рөлі зор.



Коктенова Эльмира Атакуловна

№19 Шұғыла бөбекжайы бақшасы

Өнер-білім берем десең басынан,

Бер оқуға балаларды жасынан.

Жүсін Баласағұн

БІЗГЕ БАЛАБАҚША БІЗГЕ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Кейде ата-аналар баласын балабақшаға беруге күмәнданады. Бұл сұрақ әсіресе анасы үй шаруасындағы әйел болса, отбасында немерелерімен отыруға дайын әжелер болса немесе күтуші жалдауға мүмкіндік болса, жиі қойылатын сұрақтың бірі болып табылады. "Мектеп жасына дейінгі баланың қатарлас, құрдас балалармен өсуінің қандай маңыздылығы бар?" - деп ойлайды.

Бала жаңа әсерлер мен тәжірибелер алу арқылы дамиды. Ата-аналар балабақшаның көмегіне жүгінбей-ақ, балалардың жан-жақты дамуы үшін қажетті жағдайларды өз беттерінше жасай алады: үнемі ерекше нәрселерді

көрсету, шығармашылықпен және спортпен айналысу, мұражайларға бару, баланы музыкамен таныстыру, саяхаттау. Алынған тәжірибе бала әлемінің шекарасын кеңейтіп, санасын кеңірек қалыптастырады. Бірақ, тәжірибенің толық спектрін өз бетінше қамтамасыз ету үшін ата-аналар соншалықты көп уақыт пен күш жұмсауы керек, сонда бұл қаншалықты ұтымды деген сұрақ туындайды. Өйткені, жақсы балабақша мұны тамаша жеңеді, барлық жүктелген міндеттерді шешеді және өте үлкен қолдау көрсетеді. Балабақша көптеген тактильді көрнекі, әлеуметтік мүмкіндіктерді жасайды, бала көптеген жаңа нәрселерді байқап көруге болатын әртүрлі ортаны ұсынады. Балабақша ата-анамен қарым-қатынасты алмастырмайды, балаға отбасыда да уақыт бөлуі қажет. Мұны елемеуге болмайды.

Денсаулық және физикалық даму

Балабақша баланың дамуын қадағалап, қиындықтар туындаған жағдайларды тез арада жеңуге көмектеседі. Балабақшада әрбір баланы мұқият қарастырады: олардың қалай жүріп, сөйлейтінін, физикалық және эмоционалдық дамуын бақылайды. Балабақша тәрбиешілерінің кәсіби тәжірибелері болғандықтан, олар не нәрсеге назар аудару керек екендігін айта алады.

Даму ортасы

Балабақшаның негізгі міндеті – дамытушылық ортаны құру. Балаға мүмкіндігінше көп білімді сыйғызуға тырысудың қажеті жоқ. Оның орнына, оған әртүрлі әрекеттерді сынап көру және өзіне ұнайтын нәрсені табу үшін мүмкіндігінше көп мүмкіндік беруге тырысу маңызды.

Жақсы балабақша спорттық және шығармашылық шаралардың кең ауқымын ұсынуы керек. Әртүрлілік үлкен рөл атқарады, өйткені әрекеттің әртүрін басынан өткеру арқылы ғана бала таланты нені баурап алатынын, оның темпераментіне не сәйкес келетінін түсінуге болады. Балабақшада әр баланың жыл бойына әртүрлі іс-шараларда өзін сынауға тырысады: би, құм, су терапиясы, сурет, модельдеу, музыка, балет, футбол және т.б. Әдетте тәрбиеші балаға не ұнайтынын көреді және бірінші болып көруге тұрарлық заттарды ұсына алады. Баланың ұзақ мерзімді құмарлықтарын дамытып, дарындылығын толық дамыту үшін, сүйікті іс-әрекетін анықтау өте маңызды.

Үйрену және ойнау

Баланың жеке басының үйлесімді қалыптасу үшін спортты, шығармашылықты және интеллектуалды дамуды үйлестіру қажет, ал әртүрлі әрекет түрлерінің дұрыс теңгерімі шамадан тыс күйзелістен аулақ болуға көмектеседі. Мектепке дейінгі жаста дәстүрлі мағынада оқыту жоқ. Балабақшадағы тәрбие барлық формадағы ойын: санау, карточкаларды қайта реттеу, ән айту, оның барысында дыбыстар басқа дыбыстарға қосылып, сөз алынады. Балалар керемет ізденімпаз, олар жаңа нәрселерді сынап көргісі келеді, олар әлемде және кез келген тәжірибеге таңданады. Біздің міндетіміз-оларға білім алу мүмкіндігіне бай жайлы орта жасау.

Көбінесе оқу есте сақтау, қайталау, қайта жазумен байланысты деген стереотип бар. Біз балалардың ойын және белсенді әрекет арқылы жақсырақ үйренетінін түсіндіре отырып, бұл мифті жоюға тырысамыз. Тапсырманы күшпен орындау арқылы баланы қинамау керек. Барлығын, оның ішінде академиялық бөлімді ойын ретінде көрсету керек. Біздің басты міндетіміз-баламен ойнау, оны баурап

алу, оған өзі үшін өте қызықты және маңызды іспен айналысып жатқанын сезіндіру арқылы нәтижеге жету.

Бірдей нәрселерді әртүрлі тәсілдермен үйретуге болады және нәтиже тікелей тәсілге байланысты болады.

Байланыс

Балаларда өте ерте жастан қалыптаса бастайтын негізгі дағдылардың бірі – басқа адамдармен тіл табыса білу. Әлеуметтенудегі басты рөлді, әрине, ата-аналар атқарады : балалар анасы мен әкесінің мінез-құлқын олардың реакциясын, сөйлеуін және қоршаған әлемге деген көзқарасын көшіреді. Бірақ үш жастан бастап басқа балалармен қарым-қатынас маңызды бола бастайды. Бала өз бетімен достасуды және осы қарым-қатынастарды сақтауды, бір нәрсені бірге істеуді, басқалардың жеке кеңістігін құрметтеуді, бөлісуді және бас ((тартуды, өз көзқарасын қорғауды үйренуі керек. Балабақша қарым-қатынас жасау үшін көптеген мүмкіндіктер береді . Сонымен қатар, жақсы балабақшада балалар арасындағы кез келген қарым-қатынас ересектердің бақылауымен өтеді. Тәрбиешілер өзін және айналсындағыларды түсінуге көмектеседі, оған қоғамдағы қарым-қатынас пен мінез құлық нормаларын үйетеді , әртүрлі жағдайлардан қалай шығу керектігін іс жүзінде көрсетеді, психологиялық қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

ТОО “ЕСКАМ” “Еркемай” бөбекжай балабақшасы

Куаншалина Динара Елубайқызы

Балабақша бақыт мекені

Бала шыр етіп дүние есігін ашқан сәттен бастап ана мен әке мейірімімен сусындап, бар жылулыққа шомылып өседі. Кішкентай шағын ғана мемлекеттен болашақтың негізін қалаушылар пайда болады. Өсіп келе жатқан баланы тәрбиелеудің алғашқы мектебі отбасы екенін осыдан ұғынуға болады. Ол бала үшін тұтас әлем, мұнда ол сүйөді, қуану мен жанашырлық, мейірімділікті үйренеді. Сондықтан балабақша жұмысын жүргізуде негізгі міндеттеріміз ата-анамен тығыз байланыста болу. ЕКі жақтап берілетін тәрбиеден нәтиже шығару. Бұл міндеттер «балабақша және отбасы» міндеттерін жүйелі дұрыс атқарған кезде бала әрдайым даму үстінде болады.

Мекеме дәрежесі тәрбиеші қызметінің көрінісі. Тәрбиешіге артылар жүк жеңіл емес. Балабақшада дұрыс тәрбие бере алсақ, ол ертең мектепке барған кезде де саналы түрде сапалы білім алуға тырысады. Біз тәрбиешілер болашақ негізін қалаушы ұрпақтарды тәрбиелемекпіз. Олар тілі шығып, өзіндік ойы өрісі дамыған сәттен бастап ойын ойнай отырып өзі армандаған мамандықтың рөлін сомдайды. Балабақшада қаланған негіз болашақтың үлкен жоспарлы сәулетшісі. Құрылымы жүйелі, нақты мақсатқа бағытталған әрекет. Тәрбиеленушілер ойын кезінде ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын есте сақтау, қабылдауын дамытуға, икемділіктерін арттырып, достары мен қарым-қатынас кезінде бір-бірін құрметтеуге үйренеді. Еркін ойын кезінде бала өз қалауымен ойнай жүріп кейде ересектердің көмегіне мұқтаж болуы мүмкін. Ойын кезінде күтпеген жағдайлар да кездесуі мүмкін. Бала шығармашылық қиялы мен сөйлеу дағдысы жоспардан тыс дами береді. Балабақша баланың барлық қырын ашуға мүмкіндік беретін орта. Өн салып, би билеп, түрлі сайыстар мен жеке жұмыстар жүргізе отырып бала үйреншікті күн тәртібінде бекітілген жоспарға сай жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Балабақша бала тәрбиесіне ғана емес ата-ананы жақын тани отырып баланың дамуы үшін әрдайым кеңестер жүргізіп отырады. «Тәрбие тал бесіктен» басталады. Баланың бірінші тәрбие алатын ортасы-отбасы болса, екіншісі ол балабақша. Тәрбиеші бала бойына ылғи тек жақсы қасиеттер мен жақсы сөйлеуді үйреді. Көбіне балалар үйреткеннен көрі бақылай жүріп қандай қасиеттер болса да бойына сіңіріп өседі. Балабақша – шексіз қиялдарға жетелейтін құтты мекен.

Балабақшаның жұмысы топ тазалығы мен бала қабылдауынан басталады. Таңғы жаттығудан кейін таңғы асқа, дәрігер қабылдауынан өту, таза жүру, оқу іс-әрекетіне қатысу, серуен, ойын, қосымша үйірмелер, ертеңгіліктер мен ертегі қойылымдарына дайындық, ұлттық құндылықтармен қатар жағымды орта құрып алады. Тәрбиешінің міндеті-топта эмоционалды жайлылықты ортана білу. Балалардағы шаршаудың алдын ала отырып,

белсенді әрекет етуге үйрету. Қазақстан мемлекеті ешқашан ұлттар мен дінге бөліп қарамайтыны секілді, топ тәрбиесі мен жұмытар жүргізу барысында оларды әлеуметтік жағдайлар мен топтарына қарамай, жеке ерекшеліктеріне мән бермей барлығына бірдей әділ болу. Тәрбиеленушілердің алдында ылғи мейірім мен жанашырлық таныту. Ата-ананың үмітін ақтап әрқашан өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беру.

Ойымның түйіні «Ағаш түзу өссін десең шыбық кезінде түзет». Тамыры жайылған діңі қатайған ағашты ешқашан да түзу мүмкін болмайды. Нәсондықтан алдымызға келген әр бүлдіршінге балабақшадан бастап тәрбие беріп, ұлтжандылыққа тәрбиелейік. Балабақша бақытының ең бірінші баспалдағы –бала болашағы.



Астана қаласы, «Ақылтай» балабақшасының тәрбиешісі

Кушмагамбетова Шұғыла Серікқызы

Бала мен Балабақша!

Бала - енді қалыптасып келе жатқан, әлсіз жеке тұлға! Баланыңда өз ойы, өз пікірі, өз қалыптасуы бар! Баланыңда әр сөзін мұқият тыңдап, бағалап ата - ана және педагогикалық кеңеспен қамқорлық жасауымыз керек! Тұрпайы дәрежелік баланың сағын сындырмауы керек! Балаға байлықтан гөрі, махаббат көбірек керек! Ата- аналық жылулыққа тойып өскен бала, таныс түйсігі кең, өй өрісі дамыған мықты тұлға болады деп сенемін! Себебі, ата - аналық жылулыққа бәрі сыяды! Тәлім-тәрбие, мінез - құлық, түйсік пен сана!

Тәрбиеші - тәрбие беруші жан! Жан-жақты даму мен қалыптастырудың негізгі айнасы! Тәрбиеші бірақта, әрине ата-ананың тәрбиесін бере алмайды, бірақта болашаққа бағыт-бағдар берері анық!

Балабақша- орта әрі топ! Баланың қауіпсіздігімен білімін шыңдайтын орта! Балабақшаның өзіндік қағидалары бар! Өзіндік орта бүлдіршіндердің топтық жұмыстары, тіл дыбыстарының дамуы, зейіннің қалыптасуына септігін тигізеді!

Ойын және түрлері- заманына сай адамы демекші, ойынныңда тигізер пайдасы мол! Ойын ойнап қана қоймай бала- зейін мен ойлауды қалыптастырады! Екпінділікпен табандылықты шыңдайды! Қазір ойын түрлері өте көп! Балаға қызықтыра отырып, дидактикалық ойын ұйымдастырамыз! Дидактикалық ойын арқылы- қол моторикасын қарастырамыз! Қол моторикасының пайдасы, қол қозғалса-мида дамиды! Ми арқылы баланың ой өрісін дамытамыз! Құрастыру, жапсыру, сурет салу және т.б баланың тікелей әрі жеке дамуы үшін қарастырылады!

Менің тәрбиеші ретінде көз қарасым әрі ойым - Бала ол -тұлға! Ал біз тұлға болып қалыптасуына бағдар береміз! Себебі, ертең келешек - бүгінгі жас ұрпақтың қолында! Жас ұрпақтың тәрбиесі мен білімі, патриоттық санасы бәрі біздің қолымызда!

Менің негізгі қағидам- тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы!



*Атырау облысы, Жылыой ауданы, Майкөмген
селосы*

«Бәйшешек» бөбекжай бақшасы

Тәрбиеші

Қабидуллина Ақмарал Жалғасбайқызы

«Дәрігер Айбалит қонақта»

Қызығушылықтарын ояту.

Миға шабуыл

Дид ойын: «Кім тапқыр?»

Шарты: Қыс мезгілі туралы жұмбақ жасыру, жұмбақтың шешуін табу.

Қалбалақтап ұшады.

Қанаты талып,

Жерді барып құшады. (Қар)

Жұмбақ жасыру.

Қолымен қаламы жоқ,

Бірақ сурет салады (Аяз)

Көлдің беті көк әйнек,

Сырғанауға тым әйбет. (Мұз)

АҚТ технологиясымен жұмыс.

Мнемокестемен жұмыс.



Ғажайып сәт. АҚТ технол

Айболит ата қонақта. Сұрақ -жауап

Қыс мезгілі салқын болғандықтан аңдарды тексеруге Айболит дәрігер келді.



- Айболит бәріне жақындауды сұрайды.

Ой қозғау

-- Айболитке аңдар не үшін келді?(емделу үшін)

- Әр ауру Айболитке бәрінен бұрын жақын келгісі келді.

-Қалай ойлайсыңдар, Дәрігер Айболит дауласпас үшін аңдарға қандай ақыл берді?

Кезекке тұруға



-Қоян балаларын қорғап тұрғанда өз кезегін ұмытып қалған.

- Түлкі де қулық жасап жүргенде өзінің нешінші екендігін ұмытып қалыпты.



- Қасқыр ұлып тұрғанда, дұрыс естімей қалыпты.

-Тиіндер билеп жүргенде бәрінен кеш келді ол нешінші екен мүлде білмей қалды.



Аю қорбандан жүріп нешінші екенін білмей қалады.



Енді бәрі кезегін ұмытып тұрғанда ірімшік ішінде жатқан тышқан шиқылдап мен бәрінің кезегін білемін , бірақ менің тапсырмаларымды орындасаңдар ғана айтамын деді де тышқан мына шарларды жару арқылы тапсырма орындау керексіңдер деді.

Балалар аңдардарға көмектесеміз бе?

Дид ойын: «Аңдарға көмек»

Көк шар. Тәрбиеші: Балалар,мына шар қай мезгілді бейнелейді?

Қыс мезгілін бейнелейді. Қане, қыс туралы кім тақпақ айтады?

1-тапсырма: Көк шарды жару.

Миға шабул:

Шарды жару,тапсырмасын орындау.

Суретпен жұмыс.



Тышқан жарайсыңдар 1 ші кезекте тұрған ТИІН деді.

Тышқанның екінші тапсырмасы:

Тәрбиеші: Балалар,мына шар қай мезгілді бейнелейді? (жасыл шар)

Көктем мезгілін бейнелейді. Қане, көктем туралы кім тақпақ айтады?

2- тапсырма: Жасыл шарды жару

Дид ойын: «Кім тапқыр?»

Кұртақандардың қолындағы пішіндерді ата және үйбұрышты көрсет.



Дид ойын: «Жол картасын бейнеле»

Ағаш, күн,, тас, гүлдер, жол, мектеп, үйлер) т. б. суреттерді үстел үстіндегі жасыл матаға өздерінің орналасу реті бойынша балалар жапсырады.



Тышқан екінші тұрған Түлкі екенін айтты

Тышқанның үшінші тапсырмасы:

Тәрбиеші: Балалар,мына шар қай мезгілді бейнелейді? (қызыл шар)

Жаз мезгілін бейнелейді. Қане, жаз туралы кім тақпақ айтады?

Қызыл шарды жару.

Логикалық сұрақтар.

1.Қолда қанша саусақ бар?

2.Машинаның неше дөңгелегі бар?

3.Қоянның неше құлағы бар?

4.Сиырдың неше аяғы бар?

5.Бағдаршамның неше көзі бар?

6.Піл үлкен бе,тышқан үлкен бе?

7.Үш бұрыштың әр бұрышында отыру үшін неше торғай қонады?

8. Қайсы пішін тез домалайды

Үшінші кезекте қоян тұр деді тышқан

Тышқанның төртінші тапсырмасы:

Балалар, мына шар қай мезгілді бейнелейді? (сары шарды алу.)

Балалар: Күз мезгілін бейнелейді..

Тәрбиеші: Балалар, күз туралы кім тақпақ айтады?

Тақпақ

Сары шарды жсару.

Шығармашылық саласымен жұмыс.

Дид ойын: «Айболитке көмек»

Шарты: Айболитке құралдарын тауып беру және аңдарды жақындату





Төртінші қасқыр тұрғанын айтты тышқан

5-ші қандай аң тұрғанын тышқан өздерің тауып алыңдар деп қулық жасады

Ендеше аңдарды кезекке тұрғызып білейік.

Дид ойын:: «Аңдарды кезекке тұрғызу»

- Қане, аңдар естеріне сақтау үшін, олар реті бойынша кезекке тұрғызайық



Айболит барлығын емдеп, үйлеріне жіберді.



Қорытынды. Балаларды мадақтау.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«Шәкәрім атындағы №1 орта мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қажыбаева Жадыра Кенжеханқызы



ОРЫС ТІЛДІ АУДИТОРИЯЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ОҚИТУ МАТЕРИАЛДАРЫН ИГЕРТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Орыс тілді аудиторияларға қазақ тілін теориялық тұрғыдан үйрету әдістері тілдік материалдардың теориялық негіздері мен заңдарын, анықтамалары мен ережелерін меңгертумен бірге, оларды практика қажетіне жаратуға бағыт сілтейді. Орыс тілді аудиторияларда сабақ беретін мұғалімдер белгілі бір тілдік тақырыптың өзіндік белгілерін ғылыми тұрғыдан сұрыптап, материалдың мазмұны мен көлеміне және әрбір өткізілетін сабақтың құрлымына орай тақырыптың оқыту жүйесін белгілейді. Бұл әрқашан арнаулы оқу орындарының бағдарламасының көлеміне негізделеді де, әр топтағы оқушылардың ой дәрежесі мен жас ерекшелігіне сәйкестендіріледі. Мұғалім теориялық материалдарды үнемі өзі мазмұндап, оған оқушыларды да қатыстырып, практикалық тұрғыда өздеріне жүктеп отырады. Өтілетін материалдың өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтарын оқушыларға меңгертуде, әуелі тақырыптың ішкі қасиеттерін саралап, лайықты дидактикалық мысалдар табуды жүктеген жөн.[1: 56]

Орыс тілді аудиторияларға қазақ тіліне саралай және кіріктіре оқыту ұстанымын материалдарды игерту мәселесінде қолданған орынды. Қазақ тілін өзге ұлтқа оқытып үйретудің көп жылғы тәжірибесі мынаны көрсетіп отырып: әр түрлі сөйлеу әрекетінің тек өзіне ғана тән табиғи әрекеттер жиынтығы және лексика-грамматикалық бедерлеуі бар. Ана тілімізді саралай оқытып үйрету әр түрлі деңгейде жүзеге асады және оның өте нақтылы айқын шектемесі болады:

Қазақ тілін оқытып үйрету кіріктіре оқыту ұстанымы арқылы да жүзеге асады. Ол ана тілімізді оқытып үйретуде тіліміздің барлық салаларын, яғни фонетика, лексика, грамматиканы жеке-жеке алып оқытудың емес, керісінше, оларды кіріктіре оқытып үйретуді көздейді. Оқушылар оларды белгілі бір сөйлеу

жағдайында нақтылы сөздерді, сөз тіркестері, сөйлемдер, диалогиялық бірліктер, тұтас тіркестер, сондай-ақ текстер ішінде қолдана отырып, сөйлеу әрекеті барысында тез меңгереді.

Орыс тілді топтарға қазақ тілін оқытып үйретуде ауызша тілдесімді жетістікпен меңгеруге мүмкіндік беретін тыңдалымға ерекше көңіл бөлінетіні белгілі. Сондықтан алғашқы сабақтан бастап оқушылардың таңдап отырған текстің мазмұнын аудармасыз түсіну дағдысын қалыптастырған жөн. Және де студенттердің сөйлеу тілін тыңдап қалыптастырған жөн. Және де студенттердің сөйлеу тілін тыңдап түсінуін дамытатын әр түрлі дыбыстау, техникалық құралдарын қолдану тиімді.

“Қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беруде, мұғалім мен оқушының қарым – қатынасын анықтайтын, бірде мұғалімнің өзі түсіндіріп, бірде оқушының өзін іздендіретін әдістің бірі – әңгіме әдісі”[2: 154] Бұл теориялық материалдарды іс –тәжірибелік жұмыстар мен ғылыми негізде ұштастыруда іске асырылады. Бұл әдістің жүргізілуі мен іске асырылуына орай сұрақ – жауап әдісі деп те атайтыны белгілі. Қазақ тілінде меңгерілетін грамматикалық тақырыптардың әңгіме әдісін қолдану арқылы іске асырылуы білім мазмұнын игерту мен қатар оқушылардың шығармашылық - танымдық қабілетін дамытуға іргелі де жемісті қадамдар жасайды. Атап айтсақ, оқушылардың грамматикалық теорияны, орфографиялық қалыпты меңгеруде белсенділігі артатынын көреміз. Тілдің өзіндік белгілерін дәлелдеп айтуға, тілдік талдаулар жасауға машықтанады. Оқушы тілін ұстарту негізінде сөйлемнің грамматикалық және стилистикалық тұрғыдан дұрыс құруға бейімделеді. Өз пікірінен қорытынды шығаруға үйренеді.

Орыс тілді оқушылардың білім мазмұнын игерудегі теориялық әрі практикалық дағдыларын қалыптастыруда түсіндірілетін материалдық объектілер әдеби тіл жағынан мінсіз де келісті, мұғалімнің ғылыми әрі теориялық білімінің терең болуы шарт. Және де сөз саптауы, сөйлем құрау жағынан ой күрделілігі мен құрмаласымдық мәнділігі, мұғалімнің жаңа сабақты түсіндірудегі ой мен тіл қатысы жеңілдікке құрылуы шарт.

Ал, оқушыларға қойылатын талап межесі қандай десек, оқушы ойынң дәлді де нақты әрі сөздік қорының кең болуы, оқушының жай сөйлем немесе құрмалас сөйлем құрылысына негізделген сөйлем түрлерін құрай білуі, берілген ақпаратты сын тұрғысынан саралауға, ой – тұжырым жасауға белсенді болуы қажет. Оқушыларға қойылатын сұрақ мағынасы жағынан дәл, анық, логикалық жағынан терең болғаны абзал. Бірнеше меселердің басын қоспай, әр тарау бойынша жеке маңызды әрі күрделі сұрақтар берілгені жөн. Бір тақырыпқа байланысты берілетін сұрақтардың танымдық сипатын әр деңгейге

құрып, бірде күрделі, бірде жеңіл болғанын қадағалау керек. Неге десек, мұндай ұсынылатын жұмыс түрінің оқушылардың ойлау дәрежесі мен логикалық таным қабілетін жетілдіруге бағытталады. “Оқушы жауабында төмендегідей логикалық – психологиялық үрдістерге баса назар аударған жөн. Біріншісі, берілген сұрақтағы негізгі ойға, яғни тілдік құбылыстар мен заңдылықтарды меңгеру дәрежесін, екіншісі - сұраққа жауап беруде оқушының өз ойын, тұжырымын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп беру мүмкіндігін ескеру қажет. Жаңа тақырыпты әңгіме әдісімен түсіндіруде дидактикалық материалдардың берері мол”[2:47]. Осы орайда, ізденімпаз мұғалім тілдік материалдарды оқушы санасына жеткізуде бағдарлама негізінде ұсынылар білім көлеміне байланысты сөйлемдер мен мәтіндерді күн ілгері сұрыптап, оны ой елегінен өткізіп және оқушылардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған іс әрекеттер басымдылығын ажырату қажет.

Орыс тілді аудиторияларға қазақ тілінен берілетін теориялық білім мен грамматикалық аксиомаларды игертуде әңгіме әдісінің құрылымын басшылыққа алуы міндетті алғы шарт болып табылады. Алғы кезекте озық деп танылған педтехнологияларды өз тәжірибесіне белсенді енгізіп жүрген ұстаздар әңгіме әдісінің құрылымдық элементтерін танып, оларды дамыта оқыту технологияларымен ұштастырып отыруы маңызды болмақ. Құрылымдық элементтер түрі: оқушылардың тілдік материалдарды бақылауы, мұғалімінің сұрыптап алған материалдары бойынша оқушылар тілдік заңдылықтар мен фактілерге сүйенеді. Жаңа тақырыпқа сай эстетикалық тұрғыдағы талапқа сай келетін көрнекі құралдармен ғылыми мазмұны бай дидактикалық мысалдар қолданылу орынды болмақ. Екінші кезекте тілдік материалдарды сұрақ – жауап негізінде меңгертудің де маңызы зор. Бұл жұмыс түрі диалогтық ой алмасу қатысымы арқылы іске асырылады. Өтілетін тақырыптарға сәйкес мұғалім оқушыларға танымдық бағыттағы сұрақтар қояды. Бұл ретте, мұғалім тарапынан берілетін сұрақ тіл табиғатын және ондағы ерекшеліктерді ашатын деңгейдегі сияпатты қамтуы шарт. Материалдың өзіндік белгілерінің сұрақтары арқылы айтылуы ескеріледі. Әңгіме үрдісінде оқушыларға тілдік материалдардың ережелері мен анықтамаларын меңгерту көзделеді.[3:65]

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілінің теориялық саласын игертуде қолданылатын ендігі бір белсенді әдіс – хабарлау әдісі. Бұл әдіс тілдік материалдың жалпы заңдылығын, өзіндік белгілерін ғылыми құнды мысалдар арқылы меңгертуден ерекшеленеді. Тілдік фактілердің жалп қасиеттерін хабарлай отырып, оның жасалу жолдарын арнайы түрде тоқталады. Сабақта хабарлау әдісін пайдалану кезінде тақырыптың өзіндік белгілері сұрақтар арқыл меңгерілмейді. Оқушылар қорытынды пікірді, анықтама мен ережені

өздері шығармайды, мұғалімінің хабарлауы бойынша игереді. Белгілі бір тақырыпқа байланысты анықтама мен ережені түсіндіріп болған соң, оқушылар сол тақырыптың ғылыми – теориялық негізін көрнекі құралмен әралуан бағыттағы дидактикалық мысалдарға бағдар жасай отырып түсінеді.

“Оқушыларға жаңа тақырып материалдарын түсіндіруде қолданылатын ендігі бір жұмыс түрі – түсіндіру әдісі болып табылады. Білім мен дағдыларды меңгертуде бұл әдістің әдістемелік қуаты мен құндылығы ерекше. Оқушыларға жаңа тақырыпты меңгерту, түсініксіз құбылысты ұғындыру кезінде берілген сұрақтарға қоса оқулық материалдардан басқа білім көздерін қосымша әдебиет ретінде қолдану жолымен толықтырылады” [4:67]

Орыс тілді дәрісханаларға қазақ тілін оқыту ерекшеліктерін сөз еткенде негізгі басшылыққа алатын әдістердің бірі – тәжірибе әдісі. Бұл әдіс қазақ тілі материалдарын тікелей көрсету негізінде іске асырылады. Сондықтан дыбыс заңдылықтарының жасалу жолдарын түсіндіріп, теориялық білім беруде төмендегідей сипаттағы көрсету аппараттарына назар аудару қажеттілігі туындайды. Мәселен, дыбыстың жасалу дыбыстау мүшелерінің қызметі арқылы көрсету, дыбыстың өзіндік белгілерін көрнекі құралдар негізінде дәлелдеу, дыбыстардың өзіндік ерекшеліктерін эксперименттік фонетиканың материалдары негізінде тәжірибе нысанына алу осы мақсатты әдістің түпкі әдістемелік негізін айқындайды.

Тәжірибе әдісі қазақ тілінің лингвистикалық негіздері мен психологиясына берік бағытталып, олардың заңдылықтарына сүйенеді. Бұл әдістің жасалуындағы негізгі ақпараттық әдістемелік көздері төмендегідей құрамда орналастырылады. Қазақ тілі материалдарының ғылыми ерекшеліктері, оқушылардың көргені мен жазғанын тез әрі тұрақты түрде байқау талабы ескеріледі. Айту мен есту тұсындағы меңгерген білімінің кеңеюі және көрнекілік тәсілінің білім мазмұнын игертудегі ықпалы айқын көрініс табады. Оқушылардың жылдам әрі ұтымды ұғынып, есінде ұзақ сақтауын ескеру қажеттілігі алғы кезектегі маңызды іс.[23:45] Оқушылардың өздігінен шығармашылық еңбекпен шұғылдандыруын ұйымдастырып, танымдық қабілетін арттыруда мұғалім жетекші рөл атқарады.

Орыс тілді оқушыларға қазақ тілі материалдарын, тілдік фактілер мен заңдылықтарды мемлекеттік стандарт негізінде меңгертуде кітапты пайдалану әдісінің тигізер септігі зор. Оқушыларға берілетін теориялық білім оқулық пен оқу құралдары бойынша жеткізіледі. Бұл құралдар әр бір сыныптарға арналған оқу бағдарламаларына негізделіп жасалады. Мұғалім қазақ тіліне арналған материалдардың ерекшеліктерімен бірге оларға байланысты берілетін анықтамалар мен ережелерді оқытып, түрлі жаттығу жұмыстарын оқулық пен

көмекші құралдар негізінде іске асырады. “Ол қазақ тілі материалдарына орай берілетін ішкі заңдылықтар мен анықтама, ережелерді оқушыларға оқыта отырып, соған лайықты мысалдарын тапқызады. кітапта берілген мәтіндердің ішінен керекті объектілерді іздеттіріп, астын сыздырып, дұрыс – бұрыстығын дәлелдету қажет болып табылады”[11:56]. Мұғалім оқушыларды ойландыратындай жалпы сұрақтарды қояды да, ол сұрақтарға жеке – жеке жауапты оқулық пен оқу құралын пайдаландыру арқылы шығармашылық ізденіске бағыттайды. Оқулықтағы материалдарды іштей оқып, жауап беруге даярланып, теориялық білімдерін ортаға салады.[25:126]

Қазақ тілі тақырыптарын қамти отырып, оқулықтағы жеке әріптерден сөздер, жеке сөздерден сөйлемдер құратып, тілдік материалдың өзіндік белгілері мен ерекшеліктеріне оқушылар назарын аударады. Мұғалім қазақ тілі тақырыптарына сәйкес термин сөздерді танытуға белсене әрекеттенеді. Термин сөздердің жазылуын орфографиялық сөздіктен қаратып, өздеріне дұрыстап оқытып, дәптерге жазғызу әрекетін ұйымдастырады. Бұл сөздердің білдіретін мағыналық сипатын мысалдар арқылы дәлелдейді. Оқулық пен көмекші құралдардағы берілген кестелерді қосымша білім ақпарлары негізінде толықтырып, ғылыми мазмұнын кеңейтіп түсіндіру алғы шарт болып танылады.

Қазақ тілі тақырыптарына сәйкес жүргізілетін жаттығу жұмыстарының күрделі түрлерін сыныпта орындату арқылы білім мен біліктілік дағдыларын кеңейтеді. Ал қалған жеңіл түрлерін үй тапсырмасы етіп, оқушылардың өз бетімен ізденуіне мүмкіндік тудырады. Мұғалім сынып және үй тапсырмасы ретінде көркем әдебиеттерден, ғылыми кітаптар мен мақалалардан қажетті материалдарды сұрыптап, керекті білім объектілерін талдатып, дәлел келтіруге бағыттап отырады. Қазақ тілі тақырыптарына мысалдар тергізіп, тиісті баяндамалар әзірлету дағдысын машықтандырады. Сондай – ақ ғылыми сипаттағы әңгімелер мен әдеби кітаптарды оқытып, мазмұнын сұрап отыруы қажет. Осыларға сай мазмұндамалар мен шығармалар жаздырады. Сабақ үстінде түрлі сөздіктер мен пунктуациялық анықтамаларды жүйелі пайдалану арқылы оқушылардың білімі мен біліктілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік ашады. [4:32]

Оқулықты пайдалану тұсында жүргізілген жұмыс жақсы ұйымдастырылған іс оқушылардың қазақ тілі бойынша алған білімі мен дағдысын тұрақты есте қалдырады. [5:43]

Оқулық пен оқу құралдарын пайдаланда алғы кезекте мұғалім керекті әдебиеттер тізімі және библиографиялық көрсеткіштермен таныстырады. Және оны дұрыс пайдалану жүйесімен таныстырып, әдістесмелік тәсілдері мен келешектегі жұмыс бағдарламасын болжатады.

Мемлекеттік білім стандартын игертуде оқулықтар мен көмекші құралдарды пайдалану ережесі сақталуы шарт. Мәселен, жаңа оқу тақырыбын түсіндіру, жаңа білім мазмұнын бекіту үстінде әдістемелік көмекші құрал негізінде пайдаланылғаны жөн. Сонымен қатар бұл әдіс жүйелі түрде біріккен сабақты өткізу барысында қолданыс табады. Қайталау сабақтарында оқулық пен оқу құралы бір ізділік бағытында пайдаланылады. Оқылған мәтін ішінен өздеріне қажет дерек көздерін белгілеп алуы олардың танымдық әрекеттерін арттыруымен ерекшеленеді. Жазылған мысалдарынан тақырыптың өзіндік белгілері мен ерекшеліктерін анықтап, оларды нақты дәлелдермен түсіндіреді. Бұл әдіс қазақ тілі материалдарының бір – бірінен айырмашылығы, бір – бірімен байланысын, жасалу жолдарын, өзіндік айырым белгілерін, дәлді анықтамалары мен теориялық ережелерін қайыра қайталап, пысықтап бекіту мақсатында қолдану әдістемелік тұрғыдан маңызды.

Түйіндей айтсақ, орыс тілді дәрісханаларға қазақ тілінен оқыту материалдарын игерту әдістемесінің жемісті болмағы мұғалімнің шеберлігі мен мемлекеттік оқыту бағдарламасының шығармашылық жарасымына байланысты болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

6. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы, Алматы, 1991.
7. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту методикасы, Алматы, 1989, с.96.
8. Сарыбаев Ш. Х. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. I-білім. Алматы, ОПБ, 1956.
9. Бегалиев Ғ. Бастауыш мектептегі қазақ тілі методикасының мәселелері. Алматы, 1993.
10. Құдайқұлов М. Мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуге қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдалану, Алматы, 1972, с.21.

LEVEL UP бөбекжай бақшасы

Қожабекова Маржан Мадиханқызы

ЖОБА ТАҚЫРЫБЫ

«Көңілді шарлар»

Қимылды ойыны

1. Кіріспе

- Тақырыптың өзектілігі
- Жобаның мақсаты
- Жұмыстың жоспары (мазмұны)

2. Жобалық жұмыстың сипаттамасы және оның нәтижелері

- Теориялық білім
- Практикалық бөлімі (зерттеудің әдістерін, барысын және оның нәтижелерін сипаттау)
- Қорытынды
- Қолданылған әдебиеттер тізімі, электрондық мекен-жай

3. Іс-әрекеттің рефлексиясы

Кіріспе

Тақырыптың өзектілігі

Жоба бойынша жұмыс нәтижесінде баланың физикалық қасиеттерінің дамуы, коммуникативтік, танымдық-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалдық, шығармашылық –зерттеу іс әрекеті және негіздері қалыптасады. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру) жетілдіру.

Қай ойын түрлері болмасын балаларға ұлттық нақышта үйретіп, балаларды Отансүйгіштікке, қамқорлыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу-мектепке дейінгі мекеменің, ондағы тәрбиеші педагогтардың басты міндеті.

Жобаның мақсаты:


Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың физикалық біліктері мен дағдыларын қалыптастыру және негізгі қимыл түрлерін жетілдіру болып табылады.

Жобаны жүзеге асыру міндеттері:

- Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: берілген бағытта шеңбер бойымен бір-бірінің қолынан ұстап жүру, берілген бағытта шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру, 30-40 с. бойына тоқтамай жүгіру;
- -Жалпы дамытушы жаттығуларды: қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу арқылы балалардың денсаулығын нығайту;
- -Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және ересектің нұсқауымен құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.

Жоба кезеңдері:



Негізгі бөлім

Ойын тапсырмаларды кезек-кезеңімен орындау.

Тәрбиеші:Балалар кім келді? (Баланың жауабы)

Сайқымазақтың қолында не бар екен?

Шарлар оған не үшін қажет?Бұл шарларды кімге әкелді?

Не үшін әкелді? Қалай ойлайсыңдар?



-Балалар бүгін сайқымазақтың туған күні екен.Сайқымазақтың шарларының түсі бірдей ме? Онымен не істеуге болады?(Сенсорика-таным және зияткерлік дағды)

Ортаға үлкен лентадан шар жасалады.

-Сайқымазақ:Балалар қараңдаршы, мына жерде де үлкен шар бар екен. Қане бәріміз осы шардың бойымен жүгіріп ойнайық.

- 1 Берілген бағытта бір-бірінің қолдарынан ұстап жүру.
- 2 Берілген бағытта аяқтың ұшымен жүру.
- 3 30-40 сек шеңбер бойымен тоқтамай жүгіру.

Жалпы дамытушы жаттығулар. Шармен

- 1 Б.қ Аяқ алшақ қойылған, шар төменде

Шарды жоғары көтеру
Б.Қ келу.

2 Қолдарын алға созу.
Артқа шарды қою
Б.қ келу.



3 Еденге отырып жанында отырған балаға қолдарындағы шарды беріп оңға,солға бұрылу.

1. Б.қ келу

Орындарынан тұру (шарлармен секіру)
Шеңбер бойымен жүру бірінің артынан бірі

Тыныс алу жаттығулары (шарды үрлеу)

Қимылдық ойын «Көңілді шарлар»

(дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру-физикалық, әлеуметтік эмоционалдық дағды)

Қызыл, сары, көк шар
Қолымызда көп шар,
Әдемі шарлармен
Ойнаймыз, күлеміз.
(көркем әдебиет-коммуникативтік дағды)



-Сайқымазақ: Балалар, мен достарыма сыйлық дайындаған едім, бірақ достарыма ұнамай қалатын сияқты, өйткені ол көңілсіз.




Дәстүрден тыс сурет салу, мүсіндеу арт терапия арқылы шарларды әр түрлі түске бояу, асықтар арқылы шарлардың бейнесін құрастыру.
(сурет салу, мүсіндеу, құрастыру-шығармашылық дағды)

Ән: «Туған күн»
(музыка**-шығармашылық дағды)**

(Сайқымазақ қоштасып, салынған суреттерді алып, шарларын балаларға сыйлап кетеді).

Рефлексия: «Менің көңіл-күйім» смайлик әдісі



Серуен. «Ауа райын» бақылау

Еңбек. « Әдемі гүлдер»

Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу,аялау,күту.

Жеке жұмыс. Балалармен гүлдер туралы тақпақ айту.

Гүлім,гүлім өсе бер

Әдемі боп,асыл боп

Күндей жайнап,кете бер

Қызыл,сары,жасыл боп.

Қимылдық ойын. «Мысық пен балапандар»

Мақсаты:Кейіпкерлердің қарапайым іс-әрекеттерін қайталауға, орындауға дағдыландыру.

Шарты: Күнге шықты балапан,

Мойнын созып, тамсанып.

Анасына қарады,

«Чик-чирик»,- деп ән салды.

Көріп қалып кенеттен,

Ас іздеген мысықты.

Жан ұшыра шырылдап,

Анасына асықты.

Еркін ойындар ойнау

Серуеннен оралу.

Балалардың дербес әрекеті Балаларды топқа бөлу.

1 топ: ермексаздан жұмыс жасау

2 топ: қима суреттермен жұмыс жасау.

Қимылдық ойын: «МАГНИТ»

Ойын орталықтарында еркін ойындар.

III.Қорытынды

Мектепке дейінгі ұйымдарда бес дағдыны кіріктіре отырып ұйымдастырылған іс-әрекеттер балалар жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіреді. спорттық жаттығуларды орындау техникасын, ересектермен бірге дене жаттығуларын орындауды меңгереді.

“SMART ILIM” мектеп-гимназиясы

Қуатова Айдана Бердіханқызы

Оқушылардың ойлау қабілетін логикалық есептер шығару арқылы дамыту

Математиканы оқуда, еңбекке деген оң көзқарас жүзеге асырылатын оқу үрдісіне қалыптаса бастайды. Оқушының оқуға деген дайындығын қалыптастыратын барлық нәрсе осы математиканы оқу барысында қалыптасады.

Математика сабағында өздігінен жұмыс істеудің тәрбиелік мәні бар. Тек өздігінен жұмыс істегенде ғана оқушы өз мүмкіндіктерін біледі. Математиканы оқып еңбектену барысында оқушының рухани өмірінің байлығы: ой өрісі мен сезімдерінің тереңдігі, қиял еркінің күші ашылып, мінезінің негізгі қырлары қалыптасады.

Қазақстан Республикасының білім беру стандартында білім берудің басты міндеті логикалық ойлауды дамыту болып табылатындығы атап айтылған. Бастауыш сынып оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі. Бастауыш сыныпта балалардың ойлары нақты бейнеліден абстрактылы логикалық ойлауға қарай дамиды.

Логикалық ойлауды дамыту туралы сөз етпес бұрын логика туралы қысқаша айтып кету керек. Логика (грек тілінен алынған *logis* – сөз, ой, ойлау, ақыл-ой) ойлаудың заңдылықтары мен түрлері туралы ғылым.

Оқушыларды логикалық ойлауға қалай үйретуге болады? Бастауыш сынып оқушыларын логикалық ойлауға үйретуге бола ма? Балаларға жас ерекшелігіне байланысты қандай қиындықтағы тапсырмалар беру керек?

Мұғалімнің басшылығымен балалар түрлі есептер мен тапсырмалар орындай отыра логикалық тәсілдер қолдануды үйренеді. Сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушының ойлау қабілеті дамып, ізденуге, өз жұмыстарының ойларын ортаға салуға дағдыланады, сөз қорлары молаяды. Олардың басқа пәнге қарағанда математика ойлау, есте сақтауын қажет етеді, қызығушылығы оянып, ой-өрісі дамып, алған білімдерін анықтайды.

Оқушының математикалық ойлауы дамуы үшін түрлі тапсырмаларды орындауы тиіс.

1. Өз бетінше есеп шығарудың сан қилы жолын іздестіру.
2. Пәнге қызығып, оған көңіл қойып, тереңдете оқып үйрену.
3. Сабақ барысында қолданылатын ойындарға, математикалық сайыстарға, жарыстарға қатысу.

Осы мәселе тұсындағы өзім жүргізіп жүрген шаралармен таныстырайын.

Есеп шығару көбінесе байқап көру, іздену үрдісімен жүреді. Ойша болжай білу балалардың бойындағы тапқырлық пен аңғарымпаздықты байқатады. Аңғарымпаздық өз білімін пайдалана білудің көрсеткіші. Осы мақсатта дәстүрден тыс қолданылатын әдіс-тәсілдерге математикалық ойындар, ауызша есептер, шығармашылық тапсырмалар қолданылады. «Ойлан тап!» , «Жім

жылдам!»»Тез есепте!»»секілді ойындар ойнатуға болады.Бұл ойындарға логикалық ойлаудың деңгейін көтеру мақсатында төмендегідей есептерді сабақ басында немесе соңында беруге болады.

..Логикалық жаттығулар.

1.Айжан мен Маржанның әкелерінің аттарын ата.

Айжан мен Маржан –Асқар менМұраттың қыздары.Айжан Асқардың қызынан үш жас кіші болса,бұлардың әр-қайсысының әкелерінің аты кім?

(Айжан-Мұраттың,Маржан-Асқардың қызы)

2.Үш ағайынды.

Арман,Аян,Абзал ағайынды үшеуі әр түрлі сыныпта оқиды.Абзал Арманнан,ал Аян Абзалдан кіші емес.Бұл үйдің үлкені ортаншысы,кішісі кім?

(Ең үлкені Аян,ең кішісі Арман,ортаншысы Абзал)

3.Қай ауылдың балалары?

Әділет,Еркін,Ерлік үшеуі лагерьде кездесті.Бұлардың біреуі-Қосқұдықтан, екіншісі-Үштөбеден, үшіншісі- Көктөбеден.Әділет пен Қосқұдықтан келген Еркін екеуі бір бөлмеге орналасты,екеуі де Үштөбеде болып көрмегендігі белгілі болса,қай бала қайдан келген?

(Еркін-Қосқұдықтан,Әділет-Көктөбеден,Ерлік-Үштөбеден).

Қызықты әзіл есептер.

1.Түнгі сағат 10-да жауын жауып тұрса,24 сағаттан кейін күннің жарық болып

тұруы мүмкін бе?

2.Дорбадағы 10 асықты 10 бала бір-бірлеп алды.Сонда бір асық дорбада қалды.

Бұл қалай?

3.7 таяқша арқылы 3 үшбұрышты 2 шаршыны қалай құрастыруға болады?

Дидактикалық ойындар.

«Математикалық телефон»

Дидактикалық мақсаты: 20 көлеміндегі сандарды ауызша қосуға және азайтуға жаттықтыру.

Керекті құралдар: Ойыншық телефон,картон қағаздан дайындалған телефон тұтқасы.

Мазмұны: Бұл ойынды мұғалім мен сынып толығымен болып,екі оқушы дара,немесе бір оқушымен сынып болып ойнайды.Күнделікті өз үйлеріндегі телефонмен сөйлескендегі сияқты екі бала бір-біріне математикалық тапсырмалар беріп,жауабын алады.Ойынға

қатыспаған балалар олардың жауаптарының дұрыс не бұрыстығын тексеріп отырады. Бір бала сұрақ қояды, ал екінші бала жауап береді. Жауап бере алмаса орнына отырады да, ойынды басқа бала жалғастырады. Осылайша тездеті отырып, бүкіл сыныптың балаларын толық қамтуға болады.

Тапсырмаларды түрлендіріп, күрделендіріп жалғастырып ойнай беруге болады.

2. Оқушылардың ойлау қабілеттерін логикалық есептер арқылы дамыту.

Математиканы оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың программалық материалдарды меңгеруі берік білімдеріне, сонымен бірге математиканы оқытудағы қызығушылығын дамытуға да байланысты.

Сынып оқушылары бірдей емес. Олардың ішінде математиканы сүйіп оқитын, оған ынтасы зор да бар. Оларды жеңіл бірыңғай жаттығулар орындау жалықтырады. Сондықтан белгілі бір ережені меңгеретін жаттығуларды орындағанда оларға қиынырақ тапсырмалар, міндетті емес тапсырмалар беру қажет.

Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында бастауыш сыныптан бастап логикалық есептерді шығару керек.

Ұлы ғалым Д.И. Менделеев мұғалімдердің ғылымының сарқылмас көзін ашудағы еңбектерін жоғары бағалаған. Ғылымда мұғалім ғана оқушыларына терең де мағыналы білім бере алады деген.

Оқушылардың білімді меңгеру үрдісі негізінен мына компоненттерден тұрады.

1. Қабылдау.
2. Түсіну.
3. Есте сақтау.
4. Қорыту және жүйелеу.

Балалардың ойлауын дамыту туралы М. Жұмабаев былай деген: Ойлауды өркендету жолдары. Ойлау-жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде басқыштап іс істеу керек.

Өркендету жолдары мыналар:

1. Баланың жанында ашық суреттердің болуына жағдай жасау керек. Себебі адам суреттер бойынша ойлайды. Сондықтан бала пікір айту үшін суреттен шығарып алсын.
2. Бала заттарды, көріністерді, ұқсас сандары бойынша топ-топқа бөлу.
3. Бала көрністерінің, ойларының аралығындағы байламды, олардың қайсысы қайсысына себеп екенін біліп үйренсін. Бұл арқылы балаға мысалдардан ерекше заң шығарып үйренеді.

Жаңа буын математика оқулықтарында жасыл қоршаудағы стандартты емес тапсырмалар берілген. Бұл материал қазіргі математиканың бастауыш буынының білім мазмұнындағы –

төртінші блок-мазмұндық логикалық есептер.Әрбір сабақ қызықты есептермен аяқталып,логикалық есептер баланың жас ерекшелігіне қарай күрделене түсуі қажет.

Оқулықтағы шығармашылық жаттығулар оқушылардан тек математикалық білім емес,күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі жағдайға байланысты білім талап етілетін тапсырмалар.Бұлар негізінен оқушылардың байқағыштығын ,ойлауын,қиялын дамытуға негізделген.

3.Баланың ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық ойындар.

Ойын-баланың даму құралы,тәрбиелік дамытушылық мәнге ие бола отырып ,адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.А.С.Макаренко былай деп жазды:Бала өмірінде ойынның маңызы зор,ересек адам үшін еңбектің,жұмыстың,қызметтің қандай маңызы болса ,нақ сондай маңызы бар.Бала ойында қандай болса ,өскенде сол жұмыста да көп жағынан сондай болады.Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады.Математика сабағында қазақтың ұлттық ойындары қолданылады.Мысалы: Сақина салу,Ақсүйек ойыны белгісіз санды табуға арналған ойын. Атау ұйқастарын санау арқылы оқушылар сан үйренеді.санға аты ұйқас заттарды танып біледі.Санамақтар сан үйретеді,әрі дүние танытады.Ойында балалар әр нәрсеге жақсы зейін қояды және көбірек есіне сақтайды.Ойын үстінде ол алға қойылған мақсатты шұғыл және оңай жүзеге асырады.Ойын шарттарының өзі баладан заттарға айналатын көріністер мен сюжетке зейін тоқтатуды талап етеді.

Сабақ үстінде жүргізілетін дамытуға арналған логикалық ойындар баланың ойлау белсенділігін қажет етеді.Сондықтан сабақта оқушылардың ойлау қабілетін арттыратын түрлі логикалық тапсырмаларды қолданып ,балалардың пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды көздеймін.

Талдықорған қаласы, №5 орта мектебі


М.Ломоносов атындағы


Дене шынықтыру мұғалімі

Айтбаев Мақсат Унласунович

Сынып: 11		Қатысатындар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Қауіпсіздік ережесі. Адамның табиғи қозғалысы жүгіру			
Сабақтың оқу мақсаты	11. 3. 4. 4. Өзгелердің денсаулықты нығайтуға бағытталған дене белсенділігі көмегімен қауіпсіз сабақтар өткізу			
Сабақтың мақсаты:	1. Оқу тапсырмаларын орындау кезінде қауіп қатерді болдырмауды талдайды. 2. Қысқа қашықтыққа жүгіру техникасын жетілдіру			
Құндылықтарды дамыту:	Сабақ кезінде оқушылардың бір-біріне деген сенімділігін арттыру. Дене жаттығуларын орындау барысында қауіпсіздік ережені сақтау. Топта әділ жұмыс жасауға бейімдеу.			
Сабақ барысы				
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 10 минут	Ынтымақтастыру атмосферасын орнату. Оқушыларды сапқа тұрғызу, сәлемдесу. Сергіту. “Шаттық шеңбері” оқушыларға жылы сөздер жазылған смайликтер таратып беру. (Оқушылар шеңберге тұрып, смайликтердегі сөздерді оқып, бір біріне жақсы көңіл сыйлайды). Жалпы жетілдіру жаттығулары:	Оқушылар сапқа тұрып, сыныпта кім бар, кім жоғын айтады. Оқушылар шаттық шеңберін жасап, бір-	Қол шапалақ. Мадақтау арқылы бағалау	Үлкен, бос кеңістік, ойын алаңы, ысқырық, секундомерлер, конустар, хаттамалар.

	1. Бір орында: Оңға, солға, кері бұрылу. 2. Жүру: Қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру. Қолды жанға созып өкшемен жүру. Жартылай отырып, толық отырып жүру. 3. Жүгіру: Еркін жүгіру, тізені көтеріп жүгіру, аяқты артқа сермеп жүгіру. Жүріске ауысып, тыныс алу жаттығуларын орындау. Бір орында жалпы дене шынықтыру жаттығуларын орындау. Жаңа тақырыпты игеру. Сабактың тақырыбы мен мақсатын түсіндіру. Техника қауіпсіздігін түсіндіру және қауіпсіздіктің алдын алу шараларын оқушыларға таныстыру. Қысқа қашықтыққа жүгіру техникасы: - Оқушыларды екіге бөліп спорт алаңын айналдыра жүгірту; - «Сөреге!», «Дайындалыңдар!», «Жүгір!» командаларын түсіндіру және орындау; - Кеудені дұрыс ұстап, қолдың дұрыс сілтеу және дұрыс тыныс алу жаттығуларын жасау; - Қол мен аяқты айқастыра кең адымдап және қысқа адымдап жүгірту; Төменгі сөреден шығу техникасын үйрету. «Сөреге» деген бұйрық берілгенде сөре сызығына келіп, бір жарым табан санап алып, қолды сөре сызығының үстіне қойып, итерілетін аяқты алдыға қойып, екінші аяқтың тізесі итеретін аяқтың табанының орта тұсында тұрады, салмақ қолға түсіп тұрады	біріне жылы сөздерін айтады. Жалпы жетілдіру жаттығуларын жасайды		
--	--	---	--	--

Негізгі бөлім 25 минут	Жеңіл атлетика сабақтарында қауіпсіздік техникасына қойылатын талаптар бойынша әңгіме жүргізу. 1) Оқушылар 60-100м қашықтықты 2-3 рет өтіп, төменгі сөреден жүгіру әдісін жетілдіруге жұпта жұмыс жасайды. Жіберілген қателіктерді және оны дұрыстау әдістерін көрсетеді. Төменгі суретті қараңыз.  Рис. 41. Начало бега с низкого старта 2) Ойынға екі команда қатысады. Бір-бірінен 3-4м қашықтықта орналасқан өздерінің А және В сөре сызығының бойына тұрады. Мәре С сызығы В сызығынан 9-11м қашықтықта орналасады. Мұғалімнің «Дайындал!» белгісімен оқушылар А және В сызықтарында бірдей бастапқы қалыпта тұрады – отырып тірену, жатып тірену, отыру, жоғарғы сөре және с. с. «Жүгір!» белгісімен екі команда бір уақытта жүгіруді бастайды. А командасының жүгірушісі алдында жүгіріп келе жатқан қарсы команданың ойыншысын С мәре сызығынан өткенше «дақтауға» тырысады. Әр «дақталған» ойыншы үшін қуалаушы командаға 1 ұпайдан беріледі. Келесі жүгірісті бастағанда командалар рөлдерімен ауысады.	Дескриптор: Оқушы: - ойын ережесін сақтайды; - топпен жұмыс жасайды; - допты алып жүрудің кем дегенде жеңілдетілген бір-екі түрін көрсетеді.	Мадақтау әдісімен оқушыларды бағалайды	Үлкен, бос кеңістік, ойын алаңы, ысқырық, секундомерлер, конустар, хаттамалар. Жүгіруәдісі интернет ресурсының сілтемесі: 1) https://www.youtube.com/watch?v=JL9s0ny5VwE https://www.youtube.com/watch?v=7PONdH5QQWA
--	--	---	---	--



Машықтық жұмыс: Қысқа қашықтыққа 60 метірге жүгіруді, уақыт есептей орындау. Мұғалім оқушыларды өзінің төмендегі бағалау парақшасына бағалайды. Қысқа қашықтыққа жүгіруді бағалау парақшасы

ФИО	Сөреден дұрыс старт алу	Қол-аяқтың дұрыс қимыл жасауы	Мәреге жету уақыты

Оқушыларды сапқа тұрғызып сабақты теория жүзінде түсіндіріп, практика жүзінде көрсету.

1. Төменгі сөреден шығу техникасын үйрету. «Сөреге» деген бұйрық берілгенде сөре сызығына келіпбір, бір жарым қадам санап алып, қолды сөре сызығының үстіне қойып итеретін аяқты алдығы ұшына қойып, итермейтін аяқтың тізесі итеретін аяқтың табанының орта тұсында

	тұрады, бас пен иық бір деңгейде, салмақ қолға түсіп тұрады. «Дайындал» деген бұйрықта сәл көтеріліп алға қарап тұрады. «Жүгір» деген бұйрықта бар екпіні мен аяқты жылдам қолды алға-артқа сермеп, 20 метрге максимальді қарқын алғанша жиі-жиі басып жүгіреді. «Сөреге» деген бұйрықта сөреге тұру. «Дайындал» деген бұйрықта көтерілу. «Жүгір» деген бұйрықта аяқ-қолды тез-тез қимылдатып, 20 метрге дейін аяқты жиі-жиі басып, максимальді қарқын алғанша сөйтіп жүгіріп, қалғанын барынша қарқынмен жүгіріп келіп, мөре сызығын кесіп өту қажет. 100 метрге жүгірту.	Дескриптор Білім алушы -Оқушылар қажеттіліктерін е қарай, жүгіру қабілеттерін, дағдыларын дамыту.		
Қорытынды 5 минут	Оқушылар көкіректі демді реттейді, демді ішке алғанда аяқтың ұшымен жүру, демді шығару. Көзді жұму, бүгін жақсы жасаған нәрсе туралы ойлану. Сабақтың жағымды жақтарын белгілеу. Рефлексия және бағалау.			

**№19 Раушан бөбекжай бақшасы
Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені**

Мамбетова Жансая Ерманқызы

«Тәрбие тал бесіктен басталады»

А.С.Макаренконың “Балаларды тәрбиелеу – біздің өміріміздегі ең жауапты сала. Дұрыс тәрбиелеу – бұл біздің бақытты қарттық шағымыз, жаман тәрбиелеу – бұл біздің келешек қасіретіміз, бұл біздің көз жасымыз, бұл біздің басқа адамдар алдындағы, бүкіл ел алдындағы айыбымыз” – деген пікірінің мағынасын түсінуі тиіс.

Неліктен мен барлық мамандықтардың ішінен балабақша тәрбиешісі мамандығын таңдадым? Кішкентай кезімде мен мектепте оқитынмын. Анам балабақшада күтуші – тәрбиешінің көмекшісі болып жұмыс істеді. Мен оның жұмысына көмектесу үшін жиі баратынмын. Ал бірнеше жылдан кейін мен анама емес, тәрбиешіге көмектесетінімді түсіндім. Мен балаларға кітап оқыдым - ертегілер, әңгімелер, жұмбақтар жасыратынмын. Олармен түрлі ойындар ойнадым. Және бұл маған қатты ұнады. Сегізінші сыныпта «Менің сүйікті мамандығым» деген тақырыпта шығарма жазған болатынбыз. Ал мен «Тәрбиеші мамандығы» деген тақырыпта жаздым. Он бірінші сыныпты бітірген соң тәрбиеші мамандығына оқуға түскім келді. Мен 2015 жылы мектепті бітіргеннен кейін, Қарағанды қаласындағы Болашақ колледжіне педагогика мамандығына оқуға түстім. Тәрбиеші мамандығы бойынша орта арнаулы білім алдым. 2018 жылы шілде айында оқуымды тәмәмдап дипломымды алдым. Тәрбие тал бесіктен басталады деген бос сөз емес. Бес жарым жаста тұлғаның негізі қалыптаса бастайды. Әр баланың табиғи даралығы болады. Ал оны отбасылық, қоғамдық қарым-қатынастармен бұзбау, басып тастамау өте маңызды. Туғаннан бастап тәрбиелеу баланың табиғатқа тән қабілеттерін дамытуға арналған. Сонымен, бастаудың басы - жаңа туған нәрестенің жасы. Ата-ана мен бала жүйесіндегі қарым-қатынастар өмірдің алғашқы айларынан бастап күрделі. Жеке ерекшеліктер қазірдің өзінде баланың бірінші жылауында көрінеді. Бірі ренжіген күйде, екіншісі талапшыл, ашулы айқайлайды. Бала бастапқыда өзінің даралығын қабылдайды. Білім алтын ортаны ұстануы керек және ондағы кез келген шектен шыққан қателік.

Көбінесе ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас келесі схема бойынша дамиды: алғашында сәбидің үлкен отбасы мүшелерінен басқа мінез-құлық үлгісі жоқ, сондықтан оларға еліктеуге тырысады. Әкесін, анасын, әжесін, атасын қуантады. Бәріне бірінші сөйлеген сөз, содан кейін үйренген өлеңдері әсер етеді және әндер, ертегілер бала-балабақшаға барған кезде бәрі жақсы болып жатқан сияқты.

Мектеп жасына дейінгі балалардың мінезінің жас ерекшеліктеріне осындай қасиеттер жатады. жауаптылық, білуге құмарлық, стихиялылық, сенгіштік. Балалар өз сезімдерін тежеуді, олардың сыртқы көрінісін басқаруды білмейді, олар қуанышты, қайғыны, қорқынышты, ләззат

немесе наразылықты тікелей және ашық білдіреді. Бала сөзге деген қажеттілігін білдіре алмайды, себебі ол әлі сөйлеуді меңгермеген. Көбінесе балалардың жылауы мен қыңырлығы біз ересектерге сигнал болып табылады; біз дұрыс жасаймыз деген үміт. Олардың шифрын ашып, когнитивтік инстинкттің жүзеге асуы үшін оңтайлы жағдай жасау. Үш жасқа қарай балаларда әлем туралы негізгі база құрылады. Болашақта ол толықтырылады, нақтыланады, бірақ онша қарқынды емес, ерте балалық шақта»

Мен әрқашан балалардың қаншалықты эмоционалды, өте байқағыш, риясыз және сенімді екеніне таң қаламын. Олар кішкентай нәрселерді байқайды. Менің шаш үлгімді, қандай жейде, кроссовкам бар... Олар мақтау айтуды біледі және бұл өте жақсы! Бұл олардың отбасында бұл маңызды және ересектер оған назар аударатынын білдіреді. Тәрбиеші мамандығы қазіргі қоғам өміріндегі ең маңызды және маңызды мамандықтардың бірі деп есептеймін. Бұл үлкен жұмыс болса да және үнемі өзін-өзі жетілдіру мен үшін маңызды нәтиже. Кішкентай балалар үлкендердің қамқорлығына эмоционалды түрде мұқтаж, шын жүректен сенеді, жақсы көреді және күтеді. Тәрбиеші, менің ойымша, негізі сүйіспеншілік, сенім, түсіністік болып табылатын санаулы мамандықтардың бірі. Балабақшаға келген бүлдіршіндердің жарқыраған көздері, ашық жүректері мен махаббаттары маған өмірдің мәнін береді. Мен өмірде дұрыс таңдау жасағанымға сенімді болдым. Неліктен мен тәрбиеші мамандығын таңдадым? Жылдар өткен соң, мен баратын жерге ешқашан күмәнданбаған сұрағымға жауап бере аламын. Бұл өмірде әрқайсымыз қажет адам болу қажеттілігін сезінеміз. Қазіргі жағдайда тәрбиеші – ғылыми психологиялық-педагогикалық ойлауы, сыни талдауы бар, озық педагогикалық тәжірибені орынды пайдаланатын, сонымен қатар өзін-өзі жетілдіруді қажет ететін зерттеуші. Бұдан шығатыны, жаңашылдықтарды пайдалана отырып, өзінің кәсіби шеберлік деңгейін үнемі жетілдіріп отыратын ұстаз ғана оқу-тәрбие процесін сапалы жүргізе алады.

Біздің бәріміз де, ата-аналар да, ұстаздар да балаларымыз бен шәкірттеріміздің тамаша, ақылды және табысты адам болып өсуін армандаймыз. Жаңа талаптар бойынша Мұғалім санаты бойынша өттім. Міне қазір балабақшада жұмыс істеп жүрмін. Мен өз мамандығымды жақсы көремін. Мен өз мамандығымды өте жақсы көремін, мен бақытты адаммын, күн сайын балалардың күлкісімен қоршалған сүйікті ана мен әйелмін.

Қорытындылай келе айтарым: Мен өз мамандығымды мақтан тұтамын.

«Сен тәрбиеші және мұғалім болып туылуың керек; ол табиғи әдептілікке негізделген».

А.Дистерверг

Мен әрқашан мақтанышпен айтамын: «Мен тәрбиешімін!»

Мамырбекова Молдир Сериковна

Шет тілін оқытуды ұйымдастырудың әдістемелік негіздері

Бүгінде егемен еліміз еңселі елу елдің қатарына енуді стратегиялық маңызы бар міндеттеме етіп отырғаны белгілі. Сол үшін елбасымыз білім реформаларына ерекше мән беріп отыр. Озық елдер қатарына ену үшін оның тілін үйренуде айырықша маңызды болмақ. Осы ретте тәуелсіз мемлекетіміздегі аранулы білім беретін колледждерде шет тілдері пәні бойынша білім мазмұнын игерту, оқу әрекетін ұйымдастыру әдістеме саласының күн тәртібіндегі өзекті мәселесіне айналып отыр. Бұл орайда шет тілінің грамматикалық тұрғыдан дұрыс игерілуі бүгінгі жаңашыл технологиялар мен сабақтың типтері, құрылымдық түрлерінің ерекшелігі негізінде іске асырылады.

Жалпыға бірдей білім беретін отандық мектебімізде және оның даму тарихы мен кезеңдерінде оқыту әрекетін ұйымдастырудың сан алуан бағыты бір түрлері пайда болды. Шет тілін оқыту түрлерінің өзгерістерге ұшырауы мұғалім мен оқушылардың іс – әрекетінің заман талабына сай және ғылыми – техникалық жетістіктерге байланысты екені баршамызға мәлім.

Сабақ шет тілдерін оқыту әрекетін ұйымдастырудың негізгі өзегі болып танылады. Сабақ - бұл ұстаз бен шәкірттердің бірлесе атқарған ұжымдық әрі шығармашылық еңбегінің жемісі. Сабақта оқыту үрдісіне және тәрбие көздерінің мақсат – міндеттері ескеріледі, тұрлаулы білім алуға талпынған оқушылардың танымдық ой- өрісі кеңиді, қабілеті мен дағдылар қалыптасады, дамиды. Сонымен қатар, оқушылардың жаңа ғасыр адамзатына тән жан – жақты шығармашылық тұрғыдан кемелденген жеке тұлға ретінде қалыптасып, оның өмірге қоғамдық ортаға деген көзқарасы, адамгершілік рухы қалыптасады.

Оқыту үрдісінің көздеген нысанасы - жеке тұлғаны, оның қабілеті мен дарындылығын білім мазмұнына сүйене отырып дамыту болып келеді. Әрбір сабақ үрдісі әсіресе шет тілі сабақтары ғылыми мазмұны терең, әдістемелік тұрғыдан сапалы, қисын тұрғысынан қиюласқан мұғалімінің шығармашылық әрекеті.

“Қисындық бірлік - бұл оқыту мен сабақ үрдісінің, яғни құрылым бөліктерінің аралығындағы өзара заңды байланыс” деген пікір орынды да нақты десек қателеспейміз. [1:52] Мәселен, шет тілдері сабағында өткен материалдарды қайталау, қорытындылау бөліктері білім мазмұнын толыққанды меңгеруіне мүмкіндіктер ашады. Қайталау, қорытындылау сабағын бүгінгі таңда педагогикалық технологиялар шеңберінде озық деп танылған

Ж.Қараевтың “Оқу материалдарын деңгейлеп оқыту” технологиясы, сын тұрғысынан ойлау стратегиясы және тағы да басқа дамыта оқыту технологияларын қолдану арқылы

жүзелендіруге болады. Сонымен қатар, бұл сабақ түрі дәріс, әңгіме, жаппай сұрау, сынды жұмыс түрлері шеңберінде де қамтыла қарастырылса нәтижелі болмақ. Мұндай сабақта игерілген білім, еске түсіріледі және бір жүйеге келтіріледі, екіншіден, білім іскерлік, дағды, ұғым шеңберіндегі кемшіліктер жойылады. Үшіншіден, игерілетін білім мазмұны толық ашылады. [1:64] Сонымен қатар, бүгінгі өмір талабына сай, өмірмен байланысты мысалдар келтіріледі. Ұстаз бен шәкірт алдындағы соны міндеттер шешімін табады.

Оқыту әрекетін ұйымдастыруда психологиялық бірлік өлшемінің де өзіндік маңызын ешкім жоққа шығармайды. Бұл арнада оқушылардың танымдық іс-әрекетіндегі белсенділік дағдысы ұқыптылық пен жинақтылығы түйсік, қабылдау, ойлау, зейін сынды психологиялық үрдіспен тығыз байланыста келетіні анық. Бұл бірлік өлшемі іс-әрекет пен таным мотивтерін жасауды көздейді. Мәселен, сабақ үрдісінде тікелей талаптандыру, басымдықтар бойынша талаптандыру және ой белсенділігін арттыру дағдылары қалыптасқан. Сонымен қатар, психологиялық бірлік өлшемі оқушылардың дербес ерекшеліктерін есепке алуды, ескеруді талап етеді. Шет тілдері сабағында білім мазмұнын ғылыми әрі практикалық тұрғыдан игертуде психологиялық бірлік ұйымдастыру бірлігімен тығыз байланыста болған жағдайда оқыту үрдісі нәтижелі болмақ.

Ұйымдастыру бірлігі – сабақ үрдісінде жүргізілетін дұрыс түрлерін және алдын – ала қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтарды пайдалану, сабақ бойында оқушыларды белсенді, тиімді жұмысқа бағыттау және ұйымдастыру. Сабақ үрдісін тиімді ұйымдастыру және оқушылар қызығушылығы мен белсенділігін артыру алғы кезекте тұруы шарт. [2:42]

Ағылшын тілі пәні сабақтарының осы талаптарға сай өткізілуі үшін әр түрлі жағдайлар мен мүмкіндіктер жасалуы қажет. Атап айтсақ, біріншіден, әлеуметтік - педагогикалық жағдай. Бұл жағдайда мұғалімнің қазақ тілі сабағында жан - жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру тұрғысындағы ізденісі мен шығармашылық жұмысы, шет тілі бойынша игерілетін білімнің көлемі мен сапасының тамырластығы, ынтымақтастық, яғни ұстаз бен оқушылардың бірлескен әрекеті және шет тілдері бөлмелерінің жаңа заман талабы мен сұранысына сай жабдыкталу міндеттері қарастырылады. Екіншіден, дидактикалық жағдай. Дидактикалық жағдайда оқыту үрдісінің берік те іргелі ұстанымдары мен әдіс - тәсілдерінің бір мүдде мен әр алуан бағыттағы заңдылықтарын сақтау, дамыту және оны әдістемелік тұрғыдан тиімді де ұтымды етіп қолдану көздері болып табылмақ. Сонымен қатар бүгінгі білім беру мәселесіндегі жаңашыл мұғалімдердің озық әдіс - тәсілдері мен іс - тәжірибелерін анықтау, тарату, зерттеу мен зерделеу қажеттіліктері де туындайды. Жалпыға бірдей білім беретін мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі және қазақ тілі сабақтарына қандай дидактикалық талаптар мен міндеттер қатары қойылады.

Шет тілдері сабақтарының білімдік және танымдық, тәрбиелік міндеттері, яғни үш таған бірліктері жаңашыл технологиялар мен сабақтың түрлері мен құрылымдық ерекшеліктеріне негізделері белгілі. Қазақ тілі сабағының дидактикалық мақсаты болып

пән бойынша білім дағдыларын оқыту арқылы игерту және ұлттық менталитет пен ұлттық рух, ұлттық өрнек негізінде тәрбие үрдісін дұрыс жолға қою екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Міне, осындай бағыттағы арналас жұмыстар негізінде дидактикалық мақсат тиімділігі айқындалары белгілі.

Ағылшын тілі сабағында оқыту мақсатын ұйымдастыру негізінде жаңа білім материалдары игеріледі, бұл пәннің ғылыми - практикалық міндеті іске асырылады, оқушылардың іскерлік дағдылары қалыптасады.

Шет тілі сабақтарында оқу материалдарының көлемі мен жүргізілу сапасы әдістемелік тұрғыдан дұрыс жолға қойылған жағдайда ғана, оқыту үрдісі нәтижелі болмақ. Бұл тұрғыда мұғалімдер тарапынан ізденімпаздық пен әдістемелік біліктілігін жетілдіру қажеттілігі ескерілуі шарт. Сабақтық дидактикалық мақсатына сай, яғни оқушылардың білім деңгейі мен біліктілік дәрежесі, жас және дербес ерекшелігі ескеріледі.

Оқыту мен тәрбие ажырамас бірліктегі міндеттер болып табылады. Шет тілі сабағында оқыта отырып тәрбиелеудің маңызы мен міндеттері, ерекшеліктері айқындалған. Оқытудың ұтымды да тиімді әрі озық әдістерін сұрыптай - іріктеп алудың сабақ түрлеріне, сабақтың әрбір кезеңіндегі оқу материалының мазмұнына сәйкес жүргізілуі оқушылардың қазақ тілі пәнін ғылыми - практикалық тұрғыдан сапалы да саналы игеруіне мүмкіндік береді. [2:62]

Шет тілі сабақтарында білім мазмұнын игерту орайында көрнекі құралдар мен арнайы жабдықтарды үйлестіру, дұрыс та ұтымды қолдану, қазіргі таңдағы оқыту үрдісінде кеңінен қолданылатын жаңа техникалық құралдарды, атап айтсақ, компьютерлерді, бағдарлама бойынша оқыту машиналарын қолдану екені белгілі. Әсіресе, ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың білімді терең ұғынуын қамтамасыз ету үшін мұғалім тарапынан әдістемелік шеберлік пен ізденімпаздық талап етіліп, оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде отандық және әлемдік әдістемелік көмекші құралдар кеңінен қолданылу талабы туындайды. Шет тілі пәні бойынша білім мазмұнын толыққанды игерту орайында негізгі талаптарды комплексті түрде жүзеге асыру әрекеті оқыту үрдісінің жоғары деңгейде ұйымдастырылуы мен сабақтың сапасын арттыруға жол ашады, әдістемелік мүмкіндіктер береді.

Шет тілінен сапалы білім беруде оның күрделі грамматикасын меңгертіп, оқушылардың пән бойынша сауаттылық дағдысын қалыптастырып, дамыту әрекеті қарастырылады. Және осындай әдістемелік шеңберде оқыту әрекетін ұйымдастырудың өзге де түрлерінің ескерілгені жөн. Соңғы кезеңде жалпыға бірдей білім беретін мектептерде сабақтан өзге оқытуды ұйымдастырудың бірнеше түрлері белсенді қолданыс

тауып жүргені белгілі. Десекте, шет тілі пәнінен білім мазмұнын сапалы игертуде сабақта және сабақтан тыс жұмыстар бір мүдде мен әр бағытта жүргізілуі қатаң ескерілуі шарт.

Оқыту үрдісі кезеңінде оқушылардың зейіні мен қабылдау деңгейлері және олардың ақпаратты саралай білу, өз ойын еркін де дәл жеткізе білу дағдыларын ескеру шарт. Себебі, оқушылардың психикалық ерекшеліктерін есепке алу негізінде олардың ауыз екі сөйлеу дағдысы және сөйлеу мәдениетін жетілдіру негізінде сөздік қор, тіл байлығы кеңейіп, тіл ұстарту жұмыстарының маңыздылығы арта түспек. [3: 54]

Оқушының танымдық әрі ой - өріс қабілетін қалыптастыруда білім, білік, дағды, ұғым шеңберлерімен қатар оқу дағдысы және жеке тұлғаның шығармашылық белсенділігі қатар зерделеніп, қарастырылуда. Шет тілдер сабақтарында оқыту үрдісін ұйымдастыру дұрыс жолға қойылған жағдайда оқушылардың сауатты оқу, жазу, яғни орфоэпия мен орфографиялық заңдылықтарды игеру дағдылары қалыптасады, ой қорыту, тұжырым жасау, көркем ойлау сынды қабілеттері де нәтижелі болмақ.

Шет тілдер сабақтарында оқыту үрдісін нәтижелі ұйымдастыруда назарда ұстайтын негізгі шарттар білім мазмұнын толыққанды әрі сапалы игеруінде негізгі маңдай түзер темірқазық болып табылады. Атап айтсақ, оқушының шығармашылық тұрғыдан ойлануына бағыт беру, өз ойын, пікірі мен тұжырымын өзгелермен бөлісуіне мүмкіндік беру, игерілген материал мазмұны бойынша түсінігі мен шешімін ортаға салуға жағдай жасау, оқушылардың топта, жұпта жұмыс әрекетін ұйымдастыра алу дағдыларын ұштау және олардың өзгелердің жауабы мен сұрағына сын айту біліктілігін қалыптастыру маңызды болып табылмақ. Міне, осындай сипаттағы ұстанымдар мен шарттар негізінде оқушылардың білім қорының молайуына мүмкіндік жасалады.

Шет тілдер сабақтарында оқыту үрдісін ұйымдастыруда білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі бағыттарын белгілеу алғы шарт екені баршамызға мәлім. Білім беру мазмұнын қоғамның қазіргі әлеуметтік - экономикалық сұранысына сәйкестендіру, білім беру мазмұнын ізгілендіруді қамтамасыз ету қажеттілігі орын алып отыр. Білім беру мазмұнын оқушының ғылыми тәсілмен тануына, өз бетімен ізденуіне мақсатты және жүйелі таратуға бағдарлау әрекеті де ескерілсе оқытуды ұйымдастыру ісі нәтижелі болмақ. Сонымен қатар білім мазмұнын ұлттық мәдениетті құрметтеуге, өзге мәдени бастамаларға құштарлықтарын дамыту ісі де алға қойылуды талап етеді. [4: 82]

Жалпыға бірдей білім беретін мектептерде ағылшын тілі пәні бойынша оқытуды ұйымдастыру жалпы дидактикалық ұстанымдармен бірге шешуші мәні зор мынандай ұстанымдарға негізделуі талап етіледі. Атап айтсақ, жеке тұлғаның жас және психофизиологиялық даму ерекшеліктерінің ескерілуі, пән бойынша игерілген білім мазмұнынан қол жеткізетін нәтижеге жетуге бағдарлығы мен интерактивтігі болмақ.

Баланың тұлғалық қалыптасуын, оның қабілеттерінің тұтастай дамуын қамтамасыз ету - басты міндет. Шет тілдері сабақтарында қажетті біліктер мен дағдыларды игеруге, сауатты оқу, жазу, шығармашылықпен ойлау, көркем ой мен тіл байлығын кеңейтуге ықпал ететін оқу әрекетін ұйымдастыруға талпыныс жасау әдістемелік тұрғыдан қажеттіліктер туындатуда. Оқыту әрекетін ұйымдастыру кезеңінде ізденімпаз маман әрі шебер әдіскер ұстаз оқыту әдістерін сұрыптау, таңдау және ұтымды қолдануда білім мазмұнын игертудегі басым дидактикалық ұстанымдарға сүйенуі шарт. [5:64] Оқыту үрдісін ұйымдастыруда оқу жоспары, оқу бағдарламалары мен оқулықтар басым қызмет атқарады. Сол себепті оқулықтар мазмұны терең, оқу бағдарламалары нақты құрылып, сабақтың білімділік мақсатын дұрыс жүзеленуіне мүмкіндік жасауы қажет. Оқыту үрдісін ұйымдастыруда оқушылардың білім, білік, дағды, ұғым, зейін шеңберлерін қалыптастырып, олардың рухани келбеттерін, адамгершілік қасиеттерін және ақыл – ой қабілеттерін дамыту мақсаты басты нысана болмақ, яғни оқытуды ұйымдастыруда сабақтың білімділік, танымдық, тәрбиелік міндеттері педагогикалық ұстанымдар негізінде іске асырылуы тиіс. Сонымен қатар оқыту әрекетін ұйымдастыруда білім беру саласының пәндік және негізгі мақсаттарын ескере отырып, оқу үрдісінің нақты мақсаттарын жобалау, сабақты білім беру стандарттарының талаптарына сай конструкциялау, оқу материалдарын даярлау және оқу мақсаттарына сәйкес оқытуды ұйымдастыру, оқу үрдісін жобалауға және іс жүзінде іске асыруда ақпараттық ортаның әлеуетін кеңінен пайдалану және оқушының озық дамуын ұйымдастыру үшін толыққанды жағдай жасау, оқушының оқу материалын меңгеруінің тұлғалық - әрекеттік бағыттылығын реттеу сынды мақсаттар көзделуі шарт.[6:75]

Қорыта айтқанда, шет тілі сабағында оқыту үрдісін ұйымдастыру арқылы білім мазмұны ғылыми - практикалық тұрғыдан толық игеріліп, сабақтың үш таған бірлігі негізінде шығармашылық тұрғыдан жан - жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыруға талпыныс жасау қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әміров Р. Қоғам реформасына сай шет тілін оқыту концепциясы. // Қазақстан мектебі\1992. №15
2. Әміров Р., Дәулетбекова Ж. Шет тілі пәні мазмұнының жаңа бағыттары жөнінінде. //Қазақ мектебіндегі оқу-тәрбие деңгейін көтеру проблемалары.//Ғылыми . прак. конф. материалдары//, Алматы, 1966.
3. Сарыбаев Ш. Х. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. I-бөлім. Алматы, ОПБ, 1956.



Түркістан облысы Төлеби ауданы

Қ.Мамытов ЖББМ

Мизамбай Толғанай Балатайқызы

Affixation in Kazakh and English languages.

Word is the principal and basic unit of the language system. The term morpheme is derived from Greek morpheme “form” + -eme. The Greek suffix -eme has been adopted by linguistics to denote the smallest unit or the minimum distinctive feature. Affixational morphemes include inflectional affixes or inflections and derivational affixes. Inflections carry only grammatical meaning and are thus relevant only for the formation of word-forms. Derivational affixes are relevant for building various types of words. They are lexically dependent on the root which they modify. They possess the same types of meaning as found in roots, most of them have the part-of-speech meaning which makes them structurally the important part of the word as they condition the lexico-grammatical class the word belongs to. Due to this component of their meaning the derivational affixes are classified into affixes building different parts of speech: nouns, verbs, adjectives or adverbs

Word formation is a process of creating new words from material available in the language after a certain structural and semantic formulas and pattern, forming words by combining root & affix morphemes. There are different types of word formation. One of them is affixation.

Affixation is the formation of new words by means of suffixes and prefixes to stems/basis. All suffixes are divided into lexical and grammatical. In the Kazakh language affixes are divided into the same groups: inflectional affixes and derivational affixes. The study of derivational affixes focuses on the derivational words, which can be formed by adding prefixes or suffixes or prefixes plus suffixes. Meanwhile the meanings of the derivational words will be changed. While the study of inflectional affixes pays attention to the Inflectional Morphology, which shows grammatical changes between words but does not change word meanings.

1) Lexical suffixes build new word. Productive affixes. For example in English: read-readable, happy-happiness, act-actor and in Kazakh: бір-бірлік, көк-көгеру, оқу-оқушы.

2) Grammatical suffixes change the grammatical form of a word. For example in English: finish-finished, say-says, rose-roses. In Kazakh: айту-айтты, келдім-келді, бала-балалар, үйге-үйден.

By grammatical structure Kazakh language and English languages are very different. If we compare the inflectional affixes in Kazakh and in English forms, we will see the difference between them.

1) Plural: KL has six various affixes to express the plural form of words, which usually are directly linked to the general nouns, pronouns and numerals. There are: -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер. For example: балалар, дәрігерлер, ұстаздар, үстелдер, оқулықтар, етістіктер.

In English the plural is formed by adding – (e) s. For example: clocks, kisses. The English language has other non-productive ways of expressing the number opposition this is vowel interchange in several relict forms (man-men, woman-women, box-boxes), the archaic suffix – (e) n supported by phonemic interchange in a couple of other relict forms (ox-oxen, child-children, brother-brethren), the correlation of individual singular and plural suffixes in a limited number of borrowed nouns (formula-formulae, phenomenon-

phenomena). In some cases the plural form of the noun is homonymous with the singular form (sheep, deer, fish).

2) Possessive pronouns: KL has six various affixes to express the possessive forms of personal pronouns.

Менің	-ым/ім/м	Менің қаламым, менің дәптерім, менің балам
Сенің/Сіздің	-ың/ің/ң - ыңыз/іңіз -ңыз/ңіз	Сенің достарың, сенің әжең Сіздің достарыңыз, сіздің әжеңіз
Оның	-ы/і -сы/-сі	Оның қаламы, Оның баласы
Біздің	-ымыз/іміз -мыз/міз	Біздің досымыз, біздің үйіміз Біздің достарымыз, біздің әкелеріміз
Сендердің/ Сіздердің	-н/ін/ың -ыңыз/іңіз -ңыз/ңіз	Сендердің кеңестерің Сіздердің кеңестеріңіз
Олардың	-ы/і	Олардың қаламдары, олардың әжесі

In English we don't use affixes to express the possessive forms of personal pronouns.

Possessive determiners	Possessive pronouns
my	mine
your	yours
his	his
her	hers
its	its
our	ours
your	yours
their	theirs
For example	
These are our books.	The books are ours .

3) Cases: KL has seven various affixes to express the different cases. So KL has seven cases. Case endings are applied only to the last element of a noun phrase, which are closely linked to the following verbs.

Cases	Questions	Affixes	Examples
Атау	Кім? Не?		Әже, кітап
Ілік	Кімнің? Ненің?	-ның/нің –дың/дің	Әженің,

		-тың/тің	кітап тың
Барыс	Кімге? Неге? Қайда?	-ға/ге –қа/ке –а/е	Әже ге , кітап қа
Табыс	Кімді?нені?	-ны/ні/н –ды/ді –ты/ті	Әже ні , кітап ты
Жатыс	Кімде? Неде?	-да/де –та/те -нда/нде	Әже де , кітап та
Шығыс	Кімнен? Неден?	-дан/ден –тан/тен -нан/нен	Әже ден , кітап тан
Көмектес	Кіммен?неммен?	-мен/бен/пен	Әже мен , кітап пен

In English the apostrophize –'s and prepositions express the different cases.

Cases	Structure	Examples
Nominative	subject to a verb	Rain falls
Genitive	of+Noun; apostrophize –'s	The duty of man The man's duty
Vocative	address	Are you coming, my friend ?
Dative	Indirect object to a verb	I gave John a penny
Accusative	direct object	The man killed a rat

4) Predicative Person: The first, second and third personal pronouns are usually followed by the words with additive predicative personal elements.

	sing.	examples	pl.	examples
The first person	Мен	мен дәрігер мін мен барам ын	Біз	біз дәрігерлер міз біз барам ыз
The second person	Сен Сіз	сен барас ың сіз барас ыз	Сендер Сіздер	сендер барас ыңдар сіздер барас ыздар
The third person	Ол	ол бара ды	Олар	олар бара ды

In English personal pronouns (I, you, he, she, it, we, you, they) are grouped the same: the first person, the second person and the third person. They have the ending only in the third person.

	sing.	examples	pl.	examples
The first person	I	I go	We	We go
The second person	You	You go	You	You go
The third person	He She It	He goes She goes It goes	It	It goes

Conclusion. An affix is a morpheme that is attached to a word stem to form a new word. Affixes may be derivational, like English *-ness* and *pre-*, or inflectional, like English plural *-s* and past tense *-ed*. They are bound morphemes by definition; prefixes and suffixes may be separable affixes. Affixation is, thus, the linguistic process speakers use to form different words by adding affixes. In Kazakh and English affixation is different. Because that they belong to different groups. Kazakh is an agglutinative language, and it employs vowel harmony. It is branch of the Turkic languages. In Kazakh exists almost exclusively in the form of suffixes. The English language belongs to the Anglo-Frisian sub-group of the West Germanic branch of the Germanic family, a member of the Indo-European languages. English has been forming compound words and affixing existing words separately from other languages. Abstract nouns in English may be formed from native words by the suffixes "-hood", "-ship", "-dom" and "-ness". Modern English, unlike Kazakh language can show the sex by suffixal derivation (actor-actress, lion-lioness). So English and Kazakh languages are very different by grammatically suffixes. And to learn English and comparing it with Kazakh grammar is very difficult process.

**Түркестан облысы, Түркестан қаласы
МКҚК " Күншуақ"бөбекжай - бақшасының әдіскері**

Моминова Айткүл Татибаевна

Тақырыбы: «Табиғатқа саяхат»

Мақсаты: Балаларды табиғатты сүйуге, ұлтжандылық қасиетті арттыра отырып, қиялдауға, шешен сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізе білуге, жақсы қасиеттерді балалар бойына сіңіру және қайратты істер жасауға тәрбиелеу.

Жүргізуші: Балалар бүгін біз табиғат ерекшеліктерін көріп тамашалаймыз

Балалар айтыңдаршы біз қай қалада тұрамыз?

Балалар:Түркістан қаласында тұрамыз

Біздің балабақшаның аты қандай?

Балалар:«Күншуақ»балабақшасына барамыз

Балалар бәрімізде кішкентайдан әжелеріміздің ертегілерін тыңдап өстік. Міне, бүгін де біз табиғатқа саяхат жасамақпыз.

-Балалар, қараңдар бізге қонаққа түлкінің өзі келіпті ғой. Амандасайық.

Түлкі:- Сәлметсіздер ме, балалар. Мен сонау алыстағы орманнан келдім.Бос келген жоқпын, сендерге арналған тапсырмаларым мен сыйлықтарым бар.

Жүргізуші: Тамаша, ендеше тапсырма жасырамын, ертеңгілігімізді тамашалаңыз.

Түлкі: Бұл сандықша жай емес сандықша емес, бұл- сиқырлы сандықша. Оның ішіндегі тапсырманы алу үшін, менің мына жұмбағымды шешіп беріңдер.

Өзі айлакер, өзі қу,

Жүрген жері айғай да,шу.

(түлкі)

(Балалар жауабы)

Түлкі: тамаша, сандықша енді ашылды.

Жүргізуші: Балалар, ендеше бірінші тапсырманы ашайық.

Тапсырма: «Бұл қай жер?»

Шарты: Өзірет Сұлтан мешіті

Жақсы хабарыңыз бар екен, рахмет, достым! Мына жақтан балалар естімей жатыр,
оларға хабарыңызды айтыңыз, естісін...

Балалар қайталайды

Балалар керемет жермен танысып көңіл күйлері көтеріледі.

Келесі тапсырма: Оның ішіндегі тапсырманы алу үшін, маған мақал-мәтелдер айтып
беріңдер.

1-бала: Отанын сатқан оңбас.

2-бала: Отанын сүйген: отқа жанбайды, суға батпайды.

3-бала: Отаның тыныш — сен тыныш. 4-бала: Отан — елдің анасы

5-бала: Ел - ердің анасы

6-бала: Отанды сүю — от басынан басталады.

7-бала: Отан оттан да ыстық

Тапсырма: «Кім жылдам?»

Шарты: Балалар өздері білетін тақпақтарын айту керек.

1-бала: Бал бөбегін баптаған,

Мамам үшін мақтанам!

Ақ бетіңнен сүйейін,

Келші, келші ақ мамам! ..

2-Бала:.. Қуандырып біздерді

Кел жемісті алтын күз,

Өлкемізге күз келді

Кемелдейсін халқымыз.

..3-бала:.. Күздің қазан айында

Алма, алмұрт піседі,

Жапырақтар сарғайып

Сыбдыр-сыбдыр етеді.

...4-бала: Ұстаздар ұлттың тірегі

, Ұстаздар білім жүрегі,

Ұрпаққа жетер ұстазбен

, Халықтың ұлы тілегі! ...

5-бала: Бала бала баламыз,

Бақшамызға барамыз,

Күні бойы қызыққа

Батамызда қаламыз! .

..6-бала: Кыргыз, казак, ұзбектер,

Монгол, ұйғыр, дүнгендер,

Армян, тәжік, грузин,

Орыс пенен украин

Терезесі тең жатыр

Жарайсыңдар балалар сендер өте білімді ақылды балалар екенсіңдер. Келесі жолы балалар
барлығымыз Түркістан қаласының басқа жерлерін тамашалаймыз сендерге көп рахмет.

Қорытынды:

Балаларды мақтау мадақтау.

Алматы қаласы Наурызбай район №157 жалпы білім беретін мектеп

Мукашева Асем Канатовна

«Санды жауап» сабағы.

Мен бастауыш сынып оқушыларына математикадан, қазақ тілінен, әдебиеттік оқу, дүниетану және жаратылыстану пәндерінен сайыс сабақтың бірер түрлерін топтық, жұптық, жеке жұмыс түрлерін қолданып жүрмін. Жасыратыны жоқ, жалпылама сөздер оқушыларды жалықтырып, ынтасын кемітеді.

Сондықтан сабақтың дидактикалық құрылымын өзгертіп, оқушылардың ақыл - ойын, танымдық белсенділігін арттыру үшін жаңа материалды үйрету мен өткен тақырыпты тексеруде «Санды жауап» әдіс-тәсілін енгіздім. Ол берілген немесе оқыған материалдың ішінен ең негізгілері мен басты фактілерін табуға бағыттайды. Мұндай ойын элементін қолдану себебім біріншіден балалардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады екіншіден балалар сабақтың соңында бүгін қандай сандар бізге тосын сый болады екен деген оймен тапсырманы қызыға орындайды.

Бағдарлама бойынша белгілі бір бөлім материалын әңгіме немесе сұрақ-жауап әдісімен өткізсе уақыт көп кетеді, мұғалім де оқушылар да шаршайды. Мұғалімге оқушыларды жиі жетелеп, көп сөйлеуіне тура келеді. Мұндайда бар баланы қатыстыру мүмкіндігі жүзеге аса бермейді. Ал «санды жауап» әдісінде барлық бала қамтылады және деңгейлік тапсырмалар беруге де мүмкіндік болады.

Мәселен 2 сынып оқушыларының әдебиеттік оқудан жүйелі түрде оқу

және оны игеру қызметінің алғашқы сатысы екендігін ескеріп, сабақ процесі оқушылардың көз алдында өтуіне ден қойдым. Бұл санды сабақ әдісін пайдалануда мұғалімнің шеберлігіне байланысты саралау, жеке, жұптық, топтық жұмыстарды да тексеруге болады. Мен мына жерде топтық жұмысқа қысқаша үлгі ұсындым.

Сабақтың тақырыбы: Дауысты дыбыстар

1. Психологиялық ахуал

2. Оқушылар үш топқа бөлініп, топ жетекшілері белгіленді.

Қатаң,ұяң, үнді дыбыстарын флешка әдісі бойынша алып үш топқа бөлінді.Топ ережесі таныстырылады.

3.Өткен сабақ бойынша үш топқа тапсырмалар беріліп, үй тапсырмасы тексеріліп,смарт сағаты бойынша оқушылар өздерінің жұмыстарын бағалады.(Өзін –өзі бағалау)

4.Жаңа сабақтың тақырыбын айтып, мақсатымен таныстырдым

5.Жаңа сабаққа ену үшін слайд бойынша дауысты дыбыстардың екі түрі болатыны олар кейде жуан кейде жіңішке болып айтылуы т.б мәліметтер көрсетілді.

6.Оқушылар жаңа тақырыптан не түсінгендерін ауызша айтып, жеткізуге тырысты.(Сұрақ-жауап әдісі пайдаланылды)

7.Бой сергіту сәті(әуенмен)

8.1топқа тапсырма

А. Жуан дауысты дыбыстар нешеу?

3. 5

7. 12

В. Жіңішке дауысты дыбысы бар сөздер қатарын белгіле

1.Ірімшік,тиін

4.Қала,торғай

С. Шаңырақ сөзінде неше дауысты дыбыс бар?

2. 6

8. 3

Жауап:

3

1

8

Осыған ұқсас етіп, үш топқа үш түрлі тапсырма беріліп орындалады, (осы кезде мұғалімнің шеберлігіне байланысты саралау тапсырмасын да беріп жіберуге болады).Әр топ өздерінің

жауаптарын слайдта тұрған дұрыс жауаптармен тексеріп, әр топ өздерінің жұмыстарын бағалайды.

Мысалы:

1 топ жауабы: 3 1 8

2 топ жауабы: 4 9 2

3 топ жауабы: 8 6 7

Сабақта кемінде әр түрлі 4 тапсырма орындалуы тиіс.

Егер уақыт мүмкіндік берсе, ары қарай басқа да жұмыс түрлері жалғастырылуы мүмкін. Жұмыстың түрлерін, орындау

шарты мен ретін өзім белгілеймін.

Сабақта қоңыраулы сағат қойып, өздерімен келісіп, әр тапсырмаға уақыт белгілеп отырамын.

Естеріне сақтауды ескертіп, қысқаша қорытындылаймын.

Сабақ барысындағы топ мүшелерінің баға қоры жинақталуы тиіс.

Топ жетекшілері оқушының қызметіне

баға береді. Орташа және нашар оқушылардың орындаған

жұмысы, ынта-белсенділігі, бәрі-бәрі есепке алынады. Ал, топаралық сайыстың қорытындысы жалпы баллмен шығарылып орындар беріледі.

Сонымен балаларға екі баға, алғашқы - топтары оқушының сабақтары білімі мен іскерлігіне, екіншісі санды сабақ үшін қойылады. Уақыт үнемдеу үшін хабарлаған бағалауды топ жетекшілерінің айтуымен сабақтан кейін сыныптың электронды журналына көшіремін. Оқушылар өздерінің алған балдарына қарап, тіпті нашар оқитын оқушы да ізденіс танытып, жетекшіден досынан көмек алады, сол ортаға бейімделіп, қатарынан қалмауға тырысады. Оқушылар бір жұмыстан екінші жұмысқа тез ауысып

отырады, жалықпайды.


«Санды жауап» балалардың білімін тексеруге, дағдысы мен іскерлігін

есепке алуға қолайлы. Мұндай сабақта мұғалімнің қызметі түбірінен өзгереді. Ол шәкірттердің танымдық, тапқырлық қабілетін бағыттаушы, жеке оқушы мен топтың

ынтымағын ,коллективтік еңбекті ұйымдастырушы рөлін атқарады .Керісінше ой еңбегін атқарушы ,оны сарапқа салушы сабақ иелері -оқушылар болады.

Жеңілден - ауырға , белгіліден-белгісізге жетелейтін «санды сабақ» құрылымын дұрыс ұйымдастырса, жарыстастық ахуал туындап, білімді және тәрбиелік сипаты арта түседі.

Арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж
балаларды қолдау орталығы тәрбиешісі
Мухамеджанова Салтанат Узакбаевна



Тақырыбы: Жемістер бағына саяхат

Мақсаты: 1.Жемістер туралы білімдерін естеріне түсіріп, жемістер бақта өсетіндіктерін ұғындыру.

Сәлемдесу:

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз.

Баршаңызды құрметтеп,

Бас иеміз біз.

Тәрбиеші: «Жемістер».

-Жемістер қайда өседі?

-Балалар, бүгін жемістер бағына саяхатқа шығамызба?

Иә, балалар, бүгін міне, бәріміз бірге жемістер бағына саяхатқа шығамыз.

Балалар, бәріміз мына ұшатын тәрелкеге мініп жемістер бағына барамыз.

(ұшатын тәрелкеге отыру)

(ұшатын тәрелкенің қонған дауысы)

Тәрбиеші: Міне балалар, көрдіңдер ме? Алма ағаштың бұтақтарында өседі екен. Осы ағаштағы алмалардың түсі қандай?

Балалар: Қызыл, сары, жасыл.

Тәрбиеші: Дұрыс балалар, енді осы алмаларды себетке жинап алумыз керек.

Бірақ ол алмалар сыйқырлы екен. Әр алманың бір тапсырмасы бар екен.

Тапсырмаларды орындауға дайынсындар ма?

Балалар: Иә, дайынбыз.

Тәрбиеші: Балалар бәріміз олай болса бірінші алманы алып тапсырмасын орындайық.

1. Жемістерді атау, түстерін ажырату.
2. Жемістер (картонан қиылған жемістер, күріш).
3. Суретті түрлі-түсті бояумен бояу. (гуашь, файл, А4 салынған жемістер)
4. Сергітту сәтті.

Ормандағы аюдың,
Құлпынайы көп екен.
Теріп, теріп алайық,
Қалтамызға алайық.

5. Жемістерді жуып, салат жасау.
(қолдарын, ауыздарын сүрту, қолдарына қасық ұстату).
6. Пазл құрастыру.
7. Терекке алма суреттін салу (маркер, су, ыдыс).

Қортындылау: Балалар себетке алмамызды жинап болдық ,енди тобымызға оралайық.

Ағаш емес,біліңдер,
Асыл ана бұл тұрған.
Толған сайын түйіндер.
Алма ағашы құлпырған

Нсамбаева Замзагул Тулегеновна

“Құлыншақ” бөбекжай бақшасы

Тәрбиеші

БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕСІ – БАЛАБАҚШАДА



«Ұлт тәрбиесі – ұлт болашағы» демекші, өскелең өсіп келе жатқан бала – біздің болашағымыз, оларға бала кезінде сіңірген тәрбие еліміздің ертеңі үшін маңызды рөл атқарады. Ел ертеңі – жастар болғандықтан, оларға беретін тәрбие мен білімнің деңгейі өте жоғары болуы керек. Білімді, ұлт болашағын ойлайтын азаматтарды тәрбиелеудің бастауы балабақшадан басталады. Бала бақытының шынайы бағбаны – отбасы, балабақша мен мектеп. Білімнің бастауы – балабақшадан, себебі баланың өмірге басатын қадамының алғашқы баспалдағы дәл осы жерден басталады. Олай болса, балабақша барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы қақпасы деп сенімді айта аламыз.

Бұл өмірде әр адам жаратылысынан бір-біріне ұқсамаса да, олардың жақсы болып өсуі өскен ортасы мен тәрбиесіне байланысты. Жас ұрпаққа тәрбие берудегі басты мақсат – оның бойына отансүйгіштік, адамгершілік құндылықтары бар, жан-жақты дамыған, көзі ашық, көкірегі ояу азаматты тәрбиелеу. Әрбір ата-ана баласын балабақшаға берер кезде оның болашағына, біліміне, қауіпсіздігіне бей-жай қарай алмайды, өзінің талаптарына сай орын іздейді, тәрбиешілердің біліктілігіне де назар аударады. Баласының болашағын ойлаған ата-ана үшін осындай сұрақтардың болуы әрине қалыпты. Сондықтан да

мемлекет тарапынан да бұл сұрақтар бақылауға алынып, мектепке дейінгі мекемелерде балаға арнап қолайлы ортаның болуы қатаң бақылауда ұсталады.

Қазақстанда мектепке дейінгі ұйымдардың инфрақұрылымдық дамуын және білім мазмұнын жақсартуға арналған мектепке дейінгі мекемелер қызметінің үлгілік қағидалары бекітілген. Мектепке дейінгі мекемелерде бала дұрыс және пайдалы тамақтануға, таза ауыз суға, тиісті санитарлық жағдайдар мен медициналық көмекке, ал ең бастысы, тәрбие мен оқуға құқылы.

Осы тұста айтылған баланың тәрбиесі мен біліміне біздің, яғни педагогикалық ұжымның әсері өте көп. Білікті маман болып, бар білгенімізді бала бойына сіңіруде аянбай еңбек етуіміз керек. Әрине, мектеп оқушысы мен балабақша тәрбиеленушісінің арасында үлкен айырмашылық бар. Біздің алдымызға оңы мен солын әлі танып үлгермеген кішкентай ғана бүлдіршіндер келеді. Олар ата-аналары жұмыста болған уақытта, күнінің көп бөлігін балабақшада өткізетін болғандықтан, біз олар үшін екінші ата-анадай боламыз. Әр баланың психологиясына, мінез-құлқына байланысты тілін табуға тырысамыз. Ең бірінші, олардың қауіпсіздігін жіті қадағалаймыз. Үлкендерден гөрі, балалармен қарым-қатынас жасау аса үлкен шыдамдылық пен ыждахаттылықты талап ететін жұмыс болып табылады. Осы тұста біз оларға психолог та бола білуіміз керек.

Балабақшадағы берілетін тәлім-тәрбиенің мықты болуы, ондағы қызметкерлерге байланысты. Балабақша тәрбиешісі – суретші де, әнші де, ақылшы да, баланың жанын түсінер психолог та, ұстаз да болуы керек. Бұл мамандық қызметкердің бойынан жан-жақтылықты талап ететін сала. Біз бүлдіршіндермен жұмыс жасау барысында олардың көңіл-күйінің жақсы болуына көп назар аударамыз. Себебі, бала тек жақсы көңіл-күйде болған кезде


ғана жақсы білім ала алады, көп нәрселерге зейінін дұрыс қойып, бөтен нәрселерге көңілін салмайтын болады. Әсіресе мерекелік іс-шаралар ұйымдастырған кезде біз әр баланың концертте қалып кетпей өнер көрсетуіне, ойындарға қызығушылықпен қатысуына, бала бойындағы таланттың іште қалып кетпей, оның ашылуына көп көңіл бөлеміз.

Осы салада қызмет етіп жүрген тәрбиешілерге қойылатын негізгі талаптар бар және олар жайлы төменде айта кетейін:

1. Тәрбиеші болатын адам өзінің мінезін, жүріс-тұрысын үнемі қадағалап, балалар іс- әрекетін дұрыс ұйымдастыра білуі керек;
- 2.
3. Арнаулы білім, білік пен іскерлік дағдыны меңгеруі керек;
- 4.
5. Баламен еркін, оны жақын тартып сөйлесе білуі керек;
- 6.
7. Жұмысты жүйелі ұйымдастыра білуі керек, қажет жерде қаталдығын да, кей жерде әзілдесе де білуі керек. Ең бастысы – балаға тиісті көңіл бөліп, оның да көңілін аударта алуы керек
9. Бала бізге қарап бой түзейтін болғандықтан, оларға өнеге, тәлім-тәрбие беруші ретінде өзімізді дұрыс ұстай білуіміз керек;
- 10.
11. Және тағы бір керек талап – ата-аналармен үнемі байланыста болып, тіл табыса білу.
- 12.

Алдымызға келген 2 жасар сәбиден бастап мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді тәрбиелейтін болғандықтан, олардың сөйлеу тілін дамытып, қарым-қатынасқа икемдейтін, оңы мен солын ажыратуға үйрете отырып, сурет салу, мүсіндеу сынды бойына шығармашылық қабілеттерді де сіңіртетін ол әрине, біз – тәрбиешілер. Осы тұста байқайтынымыз, ұлт болашағының негізі – балабақшадан бастау алатыны. Оны дұрыс қалау, берік етіп орналастыру – ең негізгі міндет.

Сондықтан да, тәрбиешілер бүгінгі күннің жаңалықтарынан сыртқары қалмай, үнемі ізденіс үстінде болуы керек. М.И.Калиннің «мұғалім ең жауапты міндетті орындайды – ол адамды қалыптастырады» деген сөзінен-ақ мұғалім мамандығының жүгін де, жемісін де, жеңісін де байқай аламыз. Жақсы ұрпақ тәрбиелеудің қандай абыройлы да, жауапты іс екенін осы сөздерден-ақ түсінеміз. Қорытындылай келе айтарымыз, балабақша – болашақтың іргетасы, жас ұрпақты тәрбиелейтін киелі ұя. Балабақшадан дұрыс тәрбие мен білім алып шыққан бала, болашақта мектепке аяқ басқан кезде де сол білімі мен тәрбиесін жалғастырып, болашақта елінің мықты азаматы болады. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», деп әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби айтқандай, балаға ең бірінші жақсы тәрбие беріп, сол тәрбие арқылы қоғамды тануға, білім мен ғылымды игеруге жол ашамыз. Бұл тұста, әуелгі міндет ата-анада болса, екінші және ең жауапты міндет ұстаздарда болады. Олай болса, осындай абыройлы міндетті жақсы атқарып шығу жолында аянбай еңбек етіп, жақсы жұмыс істейік! Ұлттың болашағын тәрбиелейтін – ұстаз есімімізге кір келтірмей, асқақтата берейік!



Баймуханбетова Айнагул Кенжесовна

№42 "Алтын сақа" бөбекжайы" МКҚК

Тәрбиеші

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті

Тақырыбы: «Сиқырлы сандық».

(«Бауырсақ» ертегісі желісімен).

Күні: 16.11.2023 ж.

Тобы: «Балапан» ортаңғы тобы.

Тәрбиеші: А.К.Баймуханбетова.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің түрі: Коммуникативтік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларды, зерттеу іс-әрекеті. Құрастыру, дәстүрден тыс жапсыру, мүсіндеу.

Мақсаты: Балалардың халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы арттыру. Өздері білетін ертегілерінің кейіпкерлерін атау арқылы тілдерін жетілдіру. Ойын тапсырмалар арқылы тапсырмаларды белсенді орындай білуге үйрету. Балаларды достыққа, бірлікке баулу, ертегілерді сүйе, адамгершілікке, мейрімділікке тәрбиелеу.

Алдын ала жұмыс және дайындық: Керекті құрал- жабдықтарды дайындау, ертегіні естеріне түсіру.

Дидактикалық құралдар: Үлестірмелі материалдар, ермексаз, бөлікке бөлінген аңдар суреттері, түрлі-түсті қағаздар, желім, сүлгі, ойын құралдары және т. б.

Оқу қызметінің кезеңдері

Мотивациялық қозғаушылық.

Шаттық шеңбері:

-Сәлеметсіздер ме, балалар!

-Балалар бүгінгі көңіл-күйлерің көтеріңкі ме?

- Ия.

-Балалар бүгін біздерге қонақтар келді. Алдымен қонақтармен амандасайық.

-Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

-Сәлеметсіңдер ме, балалар!

-Балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайынсыңдар ма?

-Ия.

-Ендеше ұйымдастырылған іс-әрекетімізді бастайық.

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілі.

-Дұрыс айтасындар.
-Қыс мезгілінің ерекшеліктерін білесіңдер ме? Қыста күн қандай болады?
-Күн салқын болады.
-Қар жауады.
-Адамдар жылы киінеді. Үстеріне тон киеді, бастарына бөрік, малақай киеді, қолдарына қолғап киеді, аяқтарына етік киеді.
-Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.
- Қыста балалар аққала жасайды.
-Қыста Жаңа жыл мерекесі болады. Аяз ата мен Ақшақар келеді. Балаларға сыйлық әкеледі.
-Жақсы балалар, дұрыс айтасындар.
-Балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетіміз **«Сиқырлы сандық»** деп аталады.
-Балалар сендер қандай ертегілерді білесіңдер?
- **«Шалқан», «Үйшік», «Бауырсақ»** ертегілерін білеміз.
-Балалар мына менің қолымда бірнеше ертегілерден құралған текше (додекаэдр) бар. Осы текшені біреуің ортаға келіп ортаға тастайсындар. Ал қалғандарың қай ертегі бейнеленгенін айтасындар.
Олай болса Амирхан келе ғой.
Балалар ертегі кейіпкерлерін танып, ертегінің аттарын атайды.
-Жарайсындар балалар, біздер ертегілердің кейіпкерлерін айттық, ертегінің аттарын атадық.
Тосын сәт: Сиқырлы сандық.
Ендеше біздер сиқырлы сандығымыздың тапсырмаларын орындайық. Сандықтың ішінде бірнеше тапсырмалар бар екен. Барлығымыз мұқият тыңдап, тапсырмаларды орындайық.
Бірінші тапсырма: **«Ертегі кейіпкерлерін ретімен орналастыр».**
(Ата, әже, бауырсақ, қоян, қасқыр, аю, түлкі).
Балалар түгел қатысады.

Екінші тапсырма: **«Дайын ағаш кесіндісіне бауырсақты ермексазбен мүсіндеп орналастыр».**

5 бала жұмыстанады.

Үшінші тапсырма: **«Дайын сурет қиындыларынан бауырсаққа кездескен аңдарды бөліктермен құрастыр».**

5 бала жұмыстанады.

Төртінші тапсырма: **«Қағазды дәстүрден тыс жырту әдісімен бауырсақты желімде».**

Ұжымдық жұмыстанады.

Бірінші тапсырма бойынша барлық балалар ертегі кейіпкерлерінің суреттерін алып, әңгімелеп өз кезегімен тақтаға іледі. Әңгімелей отырып алдымен атаны, содан соң әжені, бауырсақты, әрі қарай қоянды, қасқырды, аюды, ең соңында түлкіні орналастырады.

Балалардың жұмыс орындауларын қадағалау.

Берілген тапсырмаға қатысты сұрақтар қойылады.

Екінші тапсырма бойынша 5 бала үстел үстіне жайғасып, дайын суретке бауырсақты мүсіндейді.

-Балалар алдарында томар кесіндісінің суреті тұр. Осы томар кесіндісінің үстіне бауырсақты ермексазбен мүсіндеп орналастыру қажет.

-Балалар бауырсақтың түсі қандай?

-Сары түсті.

-Ендеше сары түсті ермексазды алақанымыздың арасында илеп, басу, жағу, бетін тегістеу тәсілдерін қолдана отырып мүсіндейміз. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауымыз керек. Ермексазды ауызға салуға, киімге жағуға болмайды. Мүсіндеп болған соң алдымыздағы дымқыл шүберекпен қолдарымызды сүртеміз.

Алдымен жұмысты бастамас бұрын балаларға тапсырманы орындап көрсетемін.

-Олай болса жұмыстанамыз.

Балалардың жұмыс орындауларын қадағалау.

Берілген тапсырмаға қатысты сұрақтар қойылады.

Үшінші тапсырма бойынша 5 бала үстел басында тұрып дайын сурет қиындыларынан бауырсаққа кездескен аңдарды бөліктермен құрастырады.

-Балалар алдарында бауырсаққа кездескен аңдардың қоянның, қасқырдың, аюдың, түлкінің бірнеше бөлікке бөлінген дайын суреттері жатыр. Сол суреттерді аңдардың бөліктерін біріктіріп, құрастыру қажет.

-Олай болса жұмыстанамыз.

Үлгі көрсетіледі. Балалардың жұмыс орындауларын қадағалау.

Берілген тапсырмаға қатысты сұрақтар қойылады.

Төртінші тапсырма бойынша балалар ұжымдық жұмыстанады. Кілем үстіне көрпешелерге жайғасып отырып, ватман қағазына дайын бауырсақтың суретін сары түсті қағазды жыртып, дәстүрден тыс бауырсақты желімдейді.

-Балалар алдарында ватман қағазына бауырсақтың суреті салынған.

Алдымен қағазға желім жағамыз. Содан соң қағазды қолмен жыртып, суреттің жиегінен шығармай жапсырамыз.

-Балалар бауырсақтың түсі қандай болады?

-Сары түсті.

-Алдарында қандай түсті қағаз жатыр?

-Сары түсті.

-Ендеше сары түсті қағазды жыртып, бауырсақты желімдейміз.

- Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауымыз керек. Желімді ауызға салуға, желіммен ойнауға, көзге тигізуге, киімге жағуға болмайды. Бауырсақты жапсырып болған соң алдымыздағы құрғақ шүберекпен үстінен басып құрғатамыз. Жұмысты аяқтаған соң желім қалдықтарын кетіру үшін дымқыл шүберекпен қолдарымызды сүртеміз.

Алдымен жұмысты бастамас бұрын балаларға тапсырманы орындап көрсетемін.

-Олай болса жұмыстанамыз.

Балалар берілген тапсырманы орындайды.

Балалардың тапсырманы орындауларын қадағалау.

Берілген тапсырмаға қатысты сұрақтар қойылады.

-Бауырсақты қайда орналастырып мүсіндедің?

-Дайын ағаш кесіндісінің үстіне.

-Бөліктерден не құрастырдың?

-Бауырсаққа кездескен аңдарды.

-Не желімдедің?

-Бауырсақ.

-Бауырсақтың түсі қандай?

-Сары.

-Балалар барлығымыз **тіл ұстарту жаттығуларын** айтайық. Мен айтамын, сендер қайталаңдар.

Сақ – сақ – сақ – сап-сары **бауырсақ**,

Ян – ян – ян - секеңдеген **ақ қоян**.

Қыр – қыр – қыр - бұл көкжал **қасқыр**,

Ю – ю – ю – қорбаңдаған **аю**,

Кі – кі – кі – бұл айлакер **түлкі**.

- Балалар сендер **Сиқырлы сандықтың** тапсырмаларын жақсы орындадыңдар.

Енді барлығымыз бірге бойымызды жазып, серігіп алайық.

Сергіту сәті:

Музыка әуенімен қимыл-қозғалыстар жасалады..

Қимылдық ойын: «Адардың жүрісін қайтала».

Мақсаты: Балалардың зейінің дамыта отырып, жылдамдыққа үйрету, қимыл-қозғалыс іскерліктерін жетілдіру. Ойын ойнату арқылы шапшаң, дербес қимыл әрекетке үйрету.

Ұйымшылдыққа тәрбиелеу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.

Шарты: Балалар музыка ырғағымен аңдардың жүрісін орындайды.

Балалар іс-әрекетінің нәтижелерін талдау:

-Қане, балалар шеңберге тұрайық. Балалар бүгін біз **«Бауырсақ»** ертегісінің желісімен түрлі тапсырмалар орындап, ойындар ойнадық.

-Сендерге бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекет ұнады ма?

-Берілген тапсырмалар ше?

-Ия ұнады.

-Сиқырлы сандықтың ішінде тапсырмалардан бөлек сендерге сыйлықтар да жатыр екен. (Дәмді бауырсақтарды тарту ету).

Мадақтау.

Қорытынды.

Күтілетін нәтиже:

Ойындар ойнау арқылы тапсырмаларды орындайды.

«Бауырсақ» ертегісіндегі кейіпкерлерді ретімен орналастырады, бауырсақты мүсіндейді, бөліктерді біріктіріп аңдар құрастырады, бауырсақты дәстүрден тыс жырту әдісімен жапсырады.

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті

Тақырыбы: «Сиқырлы сандық».

Мақсаты: Балалардың халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы арттыру. Өздері білетін ертегілерінің кейіпкерлерін атау арқылы тілдерін жетілдіру. Ойын

тапсырмалар арқылы тапсырмаларды белсенді орындай білуге үйрету. Балаларды достыққа, бірлікке баулу, ертегілерді сүйеге, адамгершілікке, мейрімділікке тәрбиелеу.







“Айгөлек-Ай” балабақшасы

Бақытнұрқызы Әдемі

23.05.2023

Білімді күннің шуақтары»

Айдос: Ән:

Тәрбиеші ұстаздар,

Баланың бал тілісіз.

Ән айқызар, билетер

Жүрек жарды үнісіз

Істеріңіз сәтті боп

Биіктерге жетіңіз.

Қиындыққа мойымай

Асулардан өтіңіз —дей келе 2024 жылғы «Айгөлек - Ай» балабақшасының мектеп алды даярлық тобының тәрбиеші, ұстаздарын қошеметпен

Суртаева Максаткуль Койшыбаевна

Үлкебекова Арайлым Айдаровна

Нұрмахамбетова Акмарал Қайратқызын қарсы алайық.

Максаткуль:

Көз салып қараңызшы бойымызға.

Ортақ боп, бүгін өскен ойымызға.

Қош келіпсіз ұстаздар мен қонақтар,

Бүгінгі қоштасу тойымызға

Армысыздар қадірлі қонақтар

Бүгінгі біздің «Білімді күннің шуақтары» атты балабақшамен қоштасу кешімізге қош келдіңіздер!

Арай:

Өтті қызық көп күндер

Алты жасқа жеттіңдер.

Барасыңдар мектепке,

Бір белестен өттіңдер.

Өсті ақыл ойларың,

Қуанышты бүгінгі.

Құтты болсын тойларың,

Ақмарал:

Қуанышымыз біздің мол,

Мектепке тарттыңдар жол!

Ұмытпаймыз сендерді,

Балапандарым ақ жол! – деп, бүгінгі түлектерімізді ортаға шақырайық.

Максаткуль: Алғыр, биязы жігіт **Кожамұрат Ибрахим** мен ерке де пысық ару **Талғат Мейірім**

Арай: Әдепті де, салмақты жігіт **Болат Айсұлтан** пен мың бұралған сүйкімді ару **Серік Айлин**

Ақмарал: Қайсар, жайсаң жігіт **Қанешұлы Тәуекел** мен сүйкімді де, ақ жарқын ару **Ем Раяна**

Максаткуль: Мейірімді кең пейіл жігіт **Жамилов Рамал** мен көркем инабатты ару **Есимова Сафия**

Арай: Тапқыр, ақжүрек жігіт **Қамза Байбек** пен ерке де сымбатты ару **Еркебұланқызы Жасмин**

Ақмарал: Батыр да адал жігіт **Мухтарәлі Жасұлан** мен жан-жақты білімді, биші ару **Қайратбек Аяжан**

Максаткуль: Эрудит, тапқыр жігіт **Берікбол Бекзат** пен ақылды да, өнерлі ару **Сүлейменова Айдана**

Арай: Сабырлы да, ұяң жігіт **Тлек Эльдар** мен сымбатты, бота көзді ару **Болысбек Құралай**

Ақмарал: Спортқа шебер, білімді жігіт **Серік Абдуали** мен сабырлы да, мейірімді жігіт **Ерлан Мұхамедәли**

Максаткуль: Сөзге шешен жігіт **Ғаламбек Әділ** мен мың бұралған биші ару **Нұрлан Інжу**

Арай: Шыдамды, қамқоршы жігіт **Әлімбақыт Ерасыл** мен өнерлі жігіт **Азизов Ерен**

Ақмарал: Зейінді де, әдепті жігіт **Ораз Ернұр** мен тобымыздың тиктокер аруы **Серғазы Медина**

Максаткуль: Ұяң, өнерлі жігіт **Тынымбай Санжар** мен тобымыздың сері жігіті **Тлеуберген Ерасыл**

Арай: Тыным таппайтын, шапшаң әдемі жігіт **Жанатұлы Ислам** мен көркем мінезді ару **Айдыңқызы Аянат**

Акмарал: Темір мінезді, сабырлы жігіт **Ерғали Алихан** мен жаңашыл жігіт **Балтабек Ернұр**

Максаткуль: Қайсар, жайсаң жігіт **Егізбай Арнұр** мен ерке мінезді, ақ жарқын ару **Орымбай Сезім**

Арай: Сән қой, тапқыр жігіт **Жумашбек Тамерлан** мен ақылды да, өнерлі ару **Ораз Раяна**

Максаткуль: Жаңа өмір басталсын,

Үміт сенім ақталсын.

Алғашқы бүлдіршін вальсі,

Көңілде мәңгі сақталсын.

Ортада БИ: «ВАЛЬС»

Арай: Қоштасып мен бүгін балалықпен,

Қоштасамын сиқырлы ойыншықпен

Танысып мектеп деген әлемменен

Достасамын біліммен, даналықпен-деп сүйікті балабақшасымен қимай-қимай қоштасқалы тұрған

Болысбек Құралайды ортаға балабақшаға арнауымен қарсы алыңыздар.

Құралай:

«Кел балалар» деп шақырдың біздерді,

Армандарың көбейді ізгі енді.

Құлпырсын балабақшамыз алға қарай

Кең құшағын толтырсын гүлге сәнді.

Ұшырдың баурыңнан алғаш түлек

Құлпырдым өзіңнен сан түлеп

Балабақшам мейірімді анамдай,

Қаларсың жолыма нұр тілеп.

Қарашы бүгінгі күн қандай

Қалайша қаласың нұрланбай

Вальске ілескен біздермен

Жер шары айналып тұрғандай.

Жиналамыз шат күлкімен бақшаға

Тең келмейтін ғажап мекен басқаға

Дәл осындай балабақша бар біздерде

Қоштасатын күн келді біздерге!

Акмарал: Рахмет Құралай, жарайсың!

Көтеріп келіп қолымен

Жетектеп үйге қайтатын.

Сәби еді былдырлап,

Сағынышын айтатын.

Тілі таза бүгінде,

Жүгірмейді бүгінде

Жүгірмейді аптығып,

Жүректері тұр ма әлде,

Қоштасатын шақты ұғып. - дей келе **«Шұғыла»** тобының орындауында **«Балабақшамен қоштасу»** әні.

Максаткуль: Өте тамаша! Жарайсыңдар!

Әріп танып, сурет салып,
Жаттықтырды қолдарын.

Мектебіне шығарып сап

Тілейік ақ жолдарын! – деп **«Балауса»** тобының сері жігіттердің орындауында **«Суретшінің шығармашылығы»** атты помпазичиясын ұсынамыз.

Арай: Нағыз қазақ, қазақ емес нағыз қазақ домбыра, - демекші Қазақ аспаптарының үнін естісең жүрегің күмбілеп кетеді ау, шіркін **«Шұғыла»** тобының сымбатты жігіттері **«Оркестрде»** қарсы алыңыздар.

Акмарал: Балалар сендер енді мектепке барасыңдар ойыншықпен ойнамайсыңдар, ойыншықтарыңды сағынасыңдар, қазір мен ойыншықтар туралы жұмбақ жасырып көрейін, бұл жұмбағымның жауабын қыздарымыз білу керек қане тыңдайық.

Аяғы бар, жүрмейді,

Аузы бар, күлмейді.

Айнымайды бөпемнен,

Тек сөйлеуді білмейді. /Қуыршақ/ — ия қыздарымыз дұрыс тапты бұл қуыршақ екен, ендеше қуыршақ сияқты қыздарымыз **Айдана мен Жасминнің** орындауында **«Қимай тұрмын балабақшамды»** әнімен

Максаткуль:

Теңіздей тербетіліп көл бетінде,

Бишілер билеп кетті тербетіле.

Аққудай қалықтаған теңіздегі,

Бишілер өнерлерін көрсетуде - деп **«Көктем»** ару қыздарымыздың орындауында би.

Арай: Тәрбиеші төзімді, мейірімді балажан

Балалықтың қылығына, кешіріммен қараған

Қуыршақ ойнап доп қуған бала тұлпар баптаулы

Әр баланың қылығы жадымызда жаттаулы - деп бүлдіршіндеріміздің **«Мектепке біз барамыз»** әнін қабыл алыңыздар. (ағылшын тілінде)

Акмарал: Ақ тілегін ақтарып,

Кішкентайдан баптаған

Міне енді ер жетті деп

Қуанышымен бөліскен, - дей келе бүгінгі біздің кешімізде қонақта отырған

Дилмухашева Жадыра Саматовна

Ахметбек Назерке Төлегенқызы

Батталова Айжан Адиловна

Әукенова Айнур Рысқазықызы апайларымызды қошеметпен ортаға ән шашумен шақырамыз.

Максаткуль: Құрметті ата-аналар! Бүгін балабақшамыздан ұшып бара жатқан түлектерімізге тек қана ақ жол тілеп, білім көгінде қанаттары талмай самғай берсін деген тілек айтамыз. Келесі кезекте **«Мың алғыс балабақшаға»** әнін қабыл алыңыздар.

Арай: Бәріңдіде сәбиім деп сүйетін,

Өздеріңді біз сағынып жүрейік.

Құтты болсын қадамдарың аттаған,

Біз сендерге сәтті сапар тілейік.

Акмарал: Бізге сыйлап сыңғырлаған күлкіңді.

Сәбилерім жүздеріңде нұр тұнды.

Бізден ұшып, қанат қағып есейдіңдер,

Өздеріңмен қоштасатын күн туды.

Максаткуль: Бізден ұшып талмай қанат қағыңдар,

Жүректерден арман отын жағыңдар.

Жақсы оқып алтын ұя мектепте,

Бұл өмірден бақыт жолын табыңдар.

Арай: Келесі құттықтау сөз кезегін бақшамыздың меңгерушісі **Куаныш Кашкынбаевнаға береміз.**

Марапаттау. (венетка және диплом)

Айдос: Осымен «Айгөлек - Ай» балабақшасының мектеп алды даярлық тобының балабақшамен қоштасу ертеңгілігі аяқталды. Бүлдіршіндерімізге сәт сапар.

**Талғар ауданы
Бауыржан Момышұлы атындағы №35 мектеп-гимназиясы
Химия пәнінің мұғалімі**

**Нұрғалиева Жанар Талғатқызы
Педагог-сарапшы**


Қысқа мерзімді жоспар

Бөлім:	9.4С Оттекті және азотты органикалық қосылыстар	
Білім беру ұйымы	Талғар ауданы Б. Момышұлы атындағы №35 мектеп - гимназиясы	
Педагогтің аты-жөні	Педагог-сарапшы: Нұрғалиева Ж.Т.	
Күні:		
Сынып:	9	
Сабақтың тақырыбы	Карбон қышқылдары. №16 зертханалық тәжірибе «Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	9.4.3.22—карбон қышқылдарының құрамын білу және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау;	
Сабақтың мақсаты	-Карбон қышқылының құрамын сипаттайды; -Сірке қышқылының химиялық қасиеттерін реакция теңдеулері арқылы жазады; -Сірке қышқылының қолданылуын айтады.	

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңі	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы. 3 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. «Менің сізге тілегім ...» атты психологиялық жағымды ахуал туғызу.	Мақсаты: Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады. Тиімділігі: Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады. Дағды: Жағымды қарым-қатынас орнату. ЕББҚ бар оқушы: Көңіл-күйі көтеріледі және сыныптастарына деген бауырмалдығы артады.	Мұғалімнің кері байланысы	
Сабақтың ортасы 5 минут	Үй тапсырмасын сұрау «Ішкі шеңбер, сыртқы шеңбер» әдісі арқылы жүзеге асады. Мұғалім ішкі шеңбердегі	Оқушылар ішкі және сыртқы шеңбер құрып тұрады. Ішкі шеңбердегі оқушылар сыртқы шеңбердегі оқушыларға өткен тақырып бойынша сұрақ қояды.	Мұғалімнің кері байланыс беруі арқылы бағаланады. Қажет болған	

	оқушылардың қойған сұрақтарына сыртқы шеңбердегі оқушылардың дұрыс жауап бергендігін бақылайды.	Сыртқы шеңбердегі оқушылар сағат тілінің бағытымен бір қадамнан жылжу арқылы ішкі шеңбердегі оқушылардың сұрақтарына жауап береді. ЕББҚ бар оқушы ішкі шеңберде тұрып түсінбеген сұрақтарын сыртқы шеңбердегі оқушыға қою арқылы жауап алады. Дағды: Қарым-қатынас дағдысы, жаңа білімді меңгеруде алдыңғы білімді қолдану дағдысы қалыптасады.	жағдайда жауаптар толықтырылады.	
1 минут	Оқушыларды « <i>Random group generator</i> » платформасы арқылы топқа бөлу	Оқушылар «Random group generator» платформасы арқылы бөлінген 4 топқа түстерге сәйкес отырады.  Бірлескен топтық оқу тиімділігі: Топтың барлық мүшелері ортақ мақсатқа жетуге ұмтылады және оған жетуде бір-біріне көмектеседі. ЕББҚ бар оқушы: Топтық жұмыста өзіндік бағалауы жоғарылап, нәтижелі оқу жетістіктеріне сыныптастарымен бірге қол жеткізе алады. Дағды: қарым-қатынас	Бұл әдістің тиімділігі: уақытты тиімді пайдалану.	https://www.classtool.net/random-group-generator/
3 минут	Жаңа сабақ <i>Миға шабуыл</i> «Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашу.  https://image.s.app.goo.gl/bFnaYsAdoBe84tLW9 https://image.s.app.goo.gl/GQi7Ew22NYeGJzqVA	Оқушылар тақтада берілген суреттерге қарап жаңа сабақтың тақырыбын болжайды. Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлауды дамыту. Тиімділігі: Оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. ЕББҚ бар оқушы: Суреттен не көргенін айтады. Дағды: Өз ойын жеткізе білу, танымдық дағдысы қалыптасады.	Мұғалім тарапынан жағымды қолдау (мақұлдау, мадақтау) көрсету. Тиімділігі: Мұғалімнің қолдауы арқылы оқушының өзіне деген сенімділігі артады.	Интербелс енді тақта, суреттер

	  https://image.s.app.goo.gl/xUod9UG4xKKrU8es8 https://image.s.app.goo.gl/GEgkGK1gtCAS4wi78			
	Мұғалім оқушылардың сурет бойынша айтқан ойларын толықтыра келе, сабақ тақырыбы мен оқу мақсаттарымен таныстырады.			
2 минут	«Кинометафора» әдісі Оқушыларға «Карбон қышқылдары» тақырыбындағы бейнесабақ көрсету.	Бейнесабақты мұқият көріп, негізгі ақпараттармен танысады. Қажетті мәліметтерді жазып алып отырады. ЕББҚ бар оқушы: Бейнесабақты көру арқылы ақпараттарды есте сақтауға тырысады. Қажет болған жағдайда мұғалім қосымша ақпарат береді. Дағды: визуалды көру дағдысы мен ақпараттарды есте сақтау дағдысы қалыптасады.	Оқушыға қолдау көрсету	https://youtu.be/pJnudenfAY5k https://youtu.be/IwFtKMDor8E
7 минут	1-тапсырма. Жұптық жұмыс. Бейнесабақта көрсетілген ақпараттарға сүйене отырып, карбон қышқылдарының құрамы мен қасиеттері туралы ақпараттарды «Джонстон үшбұрышына» сипаттап жазыңыздар.	Макроәлем  Микроәлем Символдар әлемі Мақсаты: Карбон қышқылдарының құрамы және химиялық қасиеттерін «Джонстон үшбұрышына» сипаттап жаза отырып, сабақ мақсатына жетуге ұмтылады. ЕББҚ бар оқушы: Жұбының көмегімен мәселені талқылайды, өзара әрекеттеседі, ақпараттарды жазуға атсалысады. Дағды: Ақпаратты талдау, қарым-қатынас, шешім шығару дағдысы	Дескриптор: -Макроәлемге біз көретін, сезетін нақты ақпараттарды жазады; -Микроәлемге біз көріп, ұстай алмайтын (құрамы) ақпараттарды жазады. -Символдар әлеміне формулалар, реакция теңдеулерін жазады. Бағалау түрі: дескриптор	Джонстон үшбұрышы

		қалыптасады.	арқылы өзін-өзі бағалау. Дағды: Дескриптор арқылы өзін –өзі бағалау дағдысы қалыптасады									
15 минут	2-тапсырма. Топтық жұмыс. «Зерттеушілік конференция» әдісі. №16 Зертханалық жұмыс «Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу». Топтарға нұсқаулық беру 1-топ. Сірке қышқылының индикаторға әсері. Сынауыққа 1 мл сірке қышқылының ерітіндісін құйып, оған әмбебап индикаторды қосыңыздар. Ерітіндінің рН мәнін GLX құрылғысымен анықтаңыздар. 2-топ. Сірке қышқылының металдармен әрекеттесуі. Екі сынауыққа 1 мл-ден сірке қышқылын құйып, біреуіне магний, екіншісіне мырыш түйірін салыңыздар. Сынауықтағы газдардың бөліну жылдамдығына көңіл аударыңыздар. 3-топ. Сірке қышқылының негіздермен әрекеттесуі. Сынауыққа 1 мл натрий гидроксидінің ерітіндісін құйып, оған бірнеше тамшы фенолфталеин тамызыңдар. Ерітінді түссінденгенше	<u>Алдымен берілген нұсқаулықпен танысады.</u> «4-тік әдіс» қолдана отырып топтық жұмысты жүзеге асырады. Түімділігі:Топтың әрбір мүшесі оқу материалын өзі меңгеруіне жауапкершілік алады және бүкіл ұжымның табысқа жетуі оның жеке жетістігіне байланысты. «4-тік әдіс» <u>1-оқушы:</u> Зертханалық құрал-жабдықтармен таныстырады. <u>2-оқушы:</u> Зертханалық жұмысты орындау қадамдарымен таныстырады. <u>3-оқушы:</u> Қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтай отырып, зертханалық жұмысты жүргізеді. <u>4-оқушы:</u> Қорытынды жасайды. Оқушылар бақылаған зертханалық жұмыс нәтижесінің қорытындысын 1-кестеге жазады. <u>Кесте 1.</u> <table><tr><td>№</td><td>Жұмыс барысы</td><td>Не байқадым?</td><td>Қорытынды</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table> ЕББҚ бар оқушы: барлық топтың мүшелерімен бірігіп, өзара оқу арқылы білімін толықтырады, топтағы оқушылардың көмегімен	№	Жұмыс барысы	Не байқадым?	Қорытынды					Дескриптор: -Қауіпсіздік техникасының ережесін сақтайды; -Зертханалық жұмысты жүргізу барысымен танысады; -Зертханалық жұмысқа қажетті құрал-жабдықтарды дайындайды; -Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу арқылы қорытындысын кестеге жазады. Бағалау: Дескриптор арқылы топ мүшелері бірлескен жұмысты талдайды және бағалайды, қажет болған жағдайда түзетулер енгізеді.	Реактивтер: CH₃COOH ерітіндісі, әмбебап индикатор, Mg, Zn металдарының түйірлері, NaOH, фенолфталейн, Na₂CO₃ ерітінділері.
№	Жұмыс барысы	Не байқадым?	Қорытынды									

	қышқыл ерітіндісін құйыңыздар. Не байқадыңыздар? 4-топ. Сірке қышқылының натрий карбонатымен әрекеттесуі. Сынауыққа 2 мл сірке қышқылының ерітіндісін құйыңыздар. Оған 2 мл натрий карбонатын қосыңыздар.	байқаған құбылыстарды кестеге жазады. Мақсаты: Бұл зертханалық жұмыс оқу мақсатындағы сірке қышқылының химиялық қасиетін сипаттауға бағытталған. Дағды: Зертханалық жұмыс жасау, зерттеушілік, қорытынды жасау үшін деректерді ғылыми түсіну және дәлелдемелерді пайдалану дағдысы қалыптасады.		
5 минут	3-тапсырма. Жеке жұмыс. Функционалдық сауаттылыққа мәнмәтін. Сірке қышқылы Сірке қышқылы адамзатқа 7000 жылдан астам уақыт бұрын белгілі болған. Ғасырлар бойы сірке қышқылының ерітіндісі залалсыздандырушы құрал ретінде пайдаланылған. Мысалы, қауіпті эпидемия кезінде бетперделерді осы ерітінділермен сулап таққан. Қазіргі таңда қышқылдылықты реттеуші E260 сірке қышқылы тағамдық қоспасы тамақ өнеркәсібінде қолдануға рұқсат етілген. Тамақ өнеркәсібінде E260 қоспасы кондитерлік өнімдер, көкөністерді консервілеу, майонез және басқа да тағамдық азық-түліктерді әзірлеу үшін қолданылады. Сұрақ: Күнделікті өмірде сірке қышқылын қандай мақсатта және қалай қолдануға болады?	Берілген мәтінмен танысып, күнделікте өмірде сірке қышқылының қолданылуы туралы өз ойларын ұсынады. ЕББҚ бар оқушы: Сірке қышқылының қолданылуына қосымша сызбанұсқа ұсынылады. Мұғалімнің көмегімен оқу мақсатына қол жеткізеді. Мақсаты: Сірке қышқылының қолданылуын айтып оқу мақсатына қол жеткізу. Дағды: Теориялық білімді практикада қолдану дағдысы қалыптасады.	Дескриптор: -Сірке қышқылының қолданылуын айтады. Бағалау түрі: мұғалімнің бағалауы «Жапондық бағалау» әдісі арқылы бірін-бірі бағалау. Дағды: Өзгенің ісіне жағымды сын айту, өзіне айтылған сынды қабылдау, өзгенің пікірін силау.	PISA Тапсырмасы (Әдістемелік құрал. Астана 2015, 13 бет) 

Сабақтың соңы 3 минут	Бекіту тапсырмасы. Жеке жұмыс. «Plickers» платформасы арқылы сабақты бекіту мақсатында тест тапсырмасы беріледі. 1. Карбон қышқылдарының жалпы формуласы А) R-COON Б) R-OH В) RCON С) R-O-R 2. Сірке қышқылының тұздары қалай аталады? А) формиаттар Б) ацетаттар В) пропионат С) Бутират 3. Карбон қышқылдарының функционалдық тобы А) гидроксил Б) карбонил В) Карбоксил С) Альдегид тобы 4. Сірке қышқылы А) агрегаттық күйі –газ. Б) иісі жоқ, түссіз сұйықтық. С) Өткір иісті, түссіз сұйықтық. Д) Агрегаттық күйі –қатты.	Экранда көрсетілген тест сұрақтарына Qr кодты көтеру арқылы жауап береді. Тиімділігі: Арнайы құралдар мен интернет қажет етпейді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Жауап нәтижелерін бірден экранға шығарады. Уақытты үнемдейді. ЕББҚ бар оқушы: Барлық оқушылармен бірге Qr кодты көтеру арқылы тест сұрақтарына жауап беруге тырысады. Дағды: Алған білімді қорытындылау, цифрлық сауаттылық дағдысы қалыптасады.	Оқушы жауаптарының нәтижелері экранда көрсетіледі.	https://www.plickers.com/library
Рефлексия 1 минут	Кері байланыс «Ойды аяқта.» Бүгін мен білдім... Мен үйрендім... Қолымнан келді... Қиындық тудырды...	Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын стикерге жазу арқылы сабаққа қорытынды жасайды. ЕББҚ бар оқушы: Сабақта қиналған сұрақтарын стикерге жазады. Дағды: Алынған ақпаратты өңдеу, жүйелеу, қорытындылау, өз ісіне сын көзбен қарау.	10 балдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.	

№19 Раушан бөбекжай бақшасы
Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені

Омарбекова Динара Аманбаевна

Балабақша – тәрбие мен білімнің алғашқы баспалдағы.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді жан-жақты қабілетті ұрпақ-ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы-балабақшада. Балабақша баланың жаңа өмірге деген алғашқы қадамы. Себебі балабақшада оны күткен өзі қатарлас балалардың, бала күтушілер мен тәрбиешілерден тұратын үлкен ұжым бар. Балабақшада тәрбиеленуші таныс емес үлкен адамдармен, балалармен танысады, мінез құлық ережелері мен нормаларын меңгереді.

«Балалар – біздің болашағымыз.» Сондықтан балаларды ерекше күтіп тәрбиелеу керек. Әсіресе ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіміз керек. Және баланың үйде отырмай, балабақшаға барғаны жөн. Өйткені, бала сыртқа шықса айналадағы ортаға үйренеді, мінезі ашылып тұйық болмайды, адамдармен тез араласады. Балабақша ең алдымен баланы тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді. Баланың ойлау қабілеттерін арттыру арқылы ұрпақты жақсылыққа тәрбиелейміз. Ата – бабаларымыз айтқандай баланың тәрбиесі бесіктен басталады, яғни тәрбиенің негізі отбасынан бастау алады. Балабақша, одан кейін мектеп, адамның қоршаған ортада жеке тұлға ретінде қалып- тасуына көмектеседі. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болады деп ойлаймын. Ата – аналар таңертең бізге балаларын әкеліп, жұмысқа кетеді. Ата – анасы аманаттап бізге сеніп тапсырып кеткен балаларға жауапкершілікпен қарамауға болмайды. Балалар аман, қуанып жүрсе, бізге одан артық бақыт жоқ.

Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды. Ендеше мектепке дейінгі білім саласының басты міндеттерінің бірі өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Мектеп жасына дейінгі балаларды мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс тәсілдер көбейіп, жаңарып толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдану.

«Бала естігенін айтады, көргенін істейді» - деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата-анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезімен, жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға

тырысады. Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт дәстүр, мақал мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар, айтыс өлеңдер арқылы сіңіру ата-ана мен тәрбиешілердің басты міндеті. Ертегінің тәрбиелік мәні зор. Ол сәбидің қиялына қанат бітіріп, бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуына жол ашады.

Адамгершілік – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан қымбат қазыналарымыздың бірі – бесік жыры, мақал-мәтелдер болып келеді. Сәбилер бесік жырын тыңдай отырып, ананың бесік жырымен, әлдиімен, өзінің туған тілінің әуенінен тұңғыш рет нәр алады. Мақал мәтелдер арқылы кішкентай бүлдіршіндеріміздің қайырымдылық, ілтипат сезімдерін арттырамыз, адамгершілік сезімдерін оятамыз. Үлкенге - құрмет, кішіге – ізет деген мақал – мәтел арқылы бала бойына үлкенді құрметтеу, қамқорлық сезімдерін туғызамыз. Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу арқылы, адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дамытуға болады.

Тәрбиеші – киелі мамандық. Ол ертеңгі болашақты, болашақ иесін, ұлтын тәрбиелейді. Адам тәрбиелеу, оған ғылым негіздерінен мағлұмат беру, баланы өмір сүруге икемдеу, адами қылықтарды бойына дарыту - оңай шаруа емес.

Тәрбиеші – суретші, әртіс, әнші, биші, ақылшы, дос және баланың тілін түсінетін, жанын ұғатын жан. Балабақшадағы оқу қызметтері бес сала бойынша іске асып, балалар бойына ойын түрінде білім нәрін сусындатады. Тілін дамытып ортаға бейімдеп қарым – қатынасқа икемдейді. Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру арқылы оң мен солын, ұзын – қысқа, үлкен кішіні ажыратады. Жапсыру, мүсіндеу, сурет салу арқылы шығармашылығы дамып, түрлі ойындар арқылы әлеуметтік ортаға бейімделеді. Қоршаған ортада табиғи құбылыстармен кеңінен танысады. Өздері түрлі рөлдерді сомдай отырып салмақтауды үйренеді, сонымен бірге шынығып, салауатты өмір салтын ұстап өсу жолында да берілетін осы балабақша жұмысының еңбегі ұшан теңіз. Осы бүлдіршіндеріміз әр мерекелік іс-шараларға белсене ат салысып өз өнерлерін көрсетуге тырысады. Балалардың ішінде әнші, биші, бояушы, сынды өнерлі балалардың қабілеті ашылады. Балалар үнемі бір-біріне кешір, өтінем сөзін жиі айта отырып, мейірімділіктің негізін қалайды, осылайша немқұрайлықтың пайда болуына, құрбыларына, үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды. Тұрмыстық қызметте топтағы ойыншықтарды жинау, оларды күтіп ұстау, топты таза ұстау. Ұйымдастырылған оқу қызметіне қажетті ермексаз, тақтайша, қылқалам т.б дайындауға көмектеседі. Осылайша біз бүлдіршіндерімізді қайырымдылыққа, кішіпейілділікке шақырып, жақын адамдарына қамқор болуға үйретеміз. Әрбәір жасалынған істен кейін «Жарайсыңдар балалар! Тобымызды немесе ойын алаңымыз қандай сәнді болып қалды, бәрекелді!» деген сөздерді есту арқылы жасаған еңбектерінің дұрыс екеніне көз жеткізеді.

Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет. Себебі қазіргі заман балаларының берілген ақпаратты тез қабылдауынан, есте сақтау қабілеттері жоғары дамығандығын байқауға болады.

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілер. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан. Тәрбиеші – балаға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту

баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды. Балаларға мінез қалыптастыруға, байланыстырып сөйлеуді, ойлау қабілетін дамытуға, дүниетанымын кеңейтіп, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды шағызды шақ болып келеді. Осы кезде баланың бойындағы табиғи дарыны жан-жақты дами бастайды. Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дейінгі шәкірт болып шығады. Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім беру балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала-болашағымыз, бала-қуанышымыз.

«Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан алдымызға келген әр бір бүлдіршінге балабақшадан бастап тәлім – тәрбие беріп ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Балабақша бақыттың ең алғашқы баспалдағы, баланың болашағы. Бала тәрбиесі – үлкен өнер. Әр балаға әр түрлі тәсіл керек. Біреуіне ақыл айтсаң да жетеді, біреуіне ақыл жүрмейді, мінез құлқына қарай басқа амал табу керек. Бала жүрегі кішкентай ғана күй сандық, оның кілтін тапсаң ғана ашылады.

Қорыта келгенде, өмірін осы қызметке арнаған адам, өз өнерін, бойындағы барлық қасиеттерін дарытқысы келетін адамды нағыз тәрбиеші деп санауға болады. Тәрбиеші – болашаққа ізгілік нұрын себушілер. Сол ұлы жолда шаршамайық, ізгілік нұрын себуші, жол нұсқаушы тәрбиешілер.

Түркістан облысы. Сауран ауданы.

Ескі Иқан ауылы.«Әл-Фараби»

атындағы жалпы орта мектебі.

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Расулова Гулноза Пайзурахмановна



«Мәнерлеп оқуға үйрету» үйірмесінің рөлі

Әр ұстаз өз шәкіртінің дұрыс сөйлеп, ойын шебер жеткізе білгенін қалайды. Бұл орайда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің рөлі ерекше деп ойлаймын. Баланың сөз мағынасын, сөйлем мәнін ұғынуында мәнерлеп оқудың да маңызы зор. Әдебиетті оқытуда мәнерлеп оқытуға көп мән бере қарау керек. Сондықтан да мен үйірме жұмысымды «Мәнерлеп оқуға үйрету» тақырыбында алып отырмын. Алға қойған мақсатым: Шығарманы мәнерлеп оқыту арқылы оқушыны танысып отырған әр кейіпкермен бірге әрекеттер жасап, олармен бірге толғанып, тебірене білуге ұмтылдыру. Нақышына келтіріп, мәнерлеп оқу арқылы оқушының жан – дүниесін байытып, асқақ армандарға жетелеу, әр тыңдаушының жүрегіне, сезіміне әсер ете білуге үйрету. Ал міндетім: Әдебиетті өнер табиғатына сай оқи білуге, мән- мағынасын терең түсінуге мүмкіндік туғызу; Көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығын ояту;

Жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін қалыптастыру; Актерлік шеберлігін қалыптастыру, дамыту.

Мәнерлеп оқу – әдебиетті талдаудың негізі, бастау көзі болып табылады. Әрбір әдеби шығарманы оқып-меңгерудің басы көркем мәтінді мәнерлеп оқудан басталады.

Мәнерлеп оқу – әдеби талдаудың ешқайсысымен алмастырымайтын ерекше қабылдау үдерісі болып табылады. Әр буында, әр сөзде, сөз тіркесінде, әрбір сөйлемде орныққан интонация сол сөзді айтып тұрған кейіпкердің жан-дүниесін мәнерлеп оқып тұрған оқушыға бірден ұғындыратыны сөзсіз.

Әрине, оқушы сол интонацияларды айқын беруге ұялатыны белгілі, бірақ, мұғалімнің міндеті – шынайы мәнерлеп оқу мен дұрыс оқымауды салыстыра көрсетіп, сөздің мәнісін сол сөзді қалай айтуы арқылы ғана беруге болатынын барынша түсіндіре алса дұрыс болады. Әдеби шығармаларға түсініктеме бере отырып (комментарий беріп) оқу – мұғалімнің оқушыға көркем шығарманың терең мазмұнындағы мәнді қабаттарды тани білуіне көмектесетін тамаша әдіс. Көркем әдебиетті алғашқы оқу – көркем шығарманың тақырыптық-идеялық мазмұнын бірден түсіндіре алмасы белгілі. Екінші оқу – талдай оқудың

жаңа сатыға көтерілген, сезімге ғана емес, ақыл-ойға әсер етуге бағытталған және басқа әдістермен араластырыла қолданылатын әдіс болып табылады.

Мәнерлеп оқу дауыстың өзіне де қатысты. Дауыс неғұрлым таза, күшті шықса оқу да мәнерлі болады. Ол үшін әр оқушы даусын күте білуі қажет. Дауыс желбезегіне онша күш келтірмеу. Суық күндерде далада азырақ сөйлеу, суыққа шалдықпау – дауыс күші мен оның тазалығын, үнін сақтаудың басты шарты.

Дауыстың өзіндік белгілері бар. Олар: күші, жоғарылығы, қарқыны, тембрі. Сөйлегенде адам бірде жылдам, бірде баяу сөйлейді. Бұлар әр адамның дауыс қарқынына байланысты. Мұғалім жаттығу арқылы өз даусының орташа қарқынын анықтай алады. Ол жылдам сөйлеуден аулақ болғаны жөн. Егер жай сөйлей алмайтын болса, жаттығуы қажет.

Дауыстың тыңдаушыға әсерлі болуы тембіріне байланысты. Құбылта оқу, дауыс ырғағына келтіре оқу да жаттықтыру арқылы қалыптасады. Мәнерлеп оқуда дикцияның мәні зор. Сөйлеушінің ашық, анық, айқын айтуы оның айтқанын ұғуға, әсерлі болуына ықпалын тигізеді. Дикциясында ақау болса, оны арнаулы жаттығулар арқылы түзету қажет. Дикциядағы кемшілік – сөйлеу мүшелеріне дұрыс жұмыс істете алмаудың салдары. Мәнерлеп оқуда зор роль атқаратын – интонация. Интонация – сөйлеу сазы. Ол сөйлеудің ритмі мен үнін, дауыстың бірде жоғарылап, бірде төмендеуін білдіреді. Интонация мына элементтерден тұрады: сөз бен ой екпіні, сөйлеудің қарқыны, ритмі, пауза, сазы.

Көркем шығарманы мәнерлеп оқу үшін, онымен алдын ала танысып, сонан соң оқығанда ғана автордың идеясын жеткізе оқып шығуға болады. Көркем шығармада адам психологиясы жан-жақты суреттеледі. Оны өз мәнінде тыңдаушысына жеткізу үшін, мұғалім оқитын мәтіндегі қай сөздің, сөйлемнің қандай мағынаны, қандай көңіл күйді білдіретінімен алдын ала таныс болуға тиіс.

Жалпы мәнерлеп оқу дегенде тек поэзияны ғана мәнерлеп оқи білу деп түсінбеуіміз керек. Мен өзімнің қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында әрбір қарапайым сөйлемді дұрыс нақышына келтіре оқи білу, әрбір кейіпкер сөзін сол кейіпкер бейнесінде толғай білу, әрбір мақалдың негізгі ойын дұрыс айтып жеткізе білу, әрбір өлең жолдарын мәнімен, ұйқас, ырғақтарын ұғып тұрып жеткізу жолдарын үйретуге тырысамын. Ол үшін бала ең алдымен оқиын деп тұрған сөйлемнің, мақалдың немесе өлең жолдарының мағынасын, айтпақшы ойын анық түсіне білуі керек. Екіншіден, әрбір тыныс белгісінің мәнін ұғып, соны дұрыс пайдалана білуі тиіс. Үшіншіден, өлең сөздің ұйқас ырғақтарын, бунақ тармақтарын ажырата білуі керек. Демек, бұдан келіп шығатын қорытынды нағыз мәнерлеп оқи білетін бала қазақ тілі мен әдебиеті теориясынан толық білімді болып шығады екен. Бұлай дейтін себебіміз, егер оқушы қазақ тіліндегі тыныс белгілерін не үшін қойылатынын, әдебиет теориясында теңеу, эпитет, метонимия, метафора, т.б. сияқты ұғымдардың қандай жерлерде не мақсатпен жазылатынын білмесе, онда оқушының мәтін мазмұнын дәл ұғып, түсінуі қиындау болар еді..

Енді осы қасиеттерді балаға қалай меңгертуге болады? Ол үшін мен мынадай жұмыстар жүргіздім:

“ мәтінді жанрына қарай өзім оқып, таныстырамын; - тыныс белгілерінің қойылу ерекшеліктерін сұрап, білгенін өзім түсіндіріп өтемін:

“ оқушыға іштей оқытып, сөйлем немесе шумақ мазмұнын ұғып алуына мүмкіндік беремін.

“ жеке- жеке оқушыға даралап оқыттырамын;

“балаларға кезекпен немесе барлық сынып оқушыларына бірден дауыстап оқытамын (бұл, әсіресе, төменгі сыныпқа қолайлы);

“ егер кейіпкер сөзі, не диалог болса, баланың сол бейнеге енуіне жағдай жасаймын;
“ теледидардан берілетін кештер мен айтыстарды үнемі көріп отыруын тапсырып, қадағалаймын;

“ тек оқулық көлемімен шектелмей, өздерінің ұнатқан шығармаларын жаттап, сынып алдында айтуына мүмкіндік беремін (бұл баланың ізденуіне мүмкіндік);

“ мәнерлеп оқуды өте жақсы меңгерген оқушыларды сынып алдында жеке оқытамын, әр түрлі шараларға қатыстырып отырамын;

“ баланың бет – қимылын қозғалысын қалыптастыруға бағыт беремін (бұл баланың алға ұмтылуына, талпынуына жағдай жасайды).

Бұл талаптарды жаңа сабақтарда, блок сабақтарында, үй тапсырмаларын сұраған кезде жүзеге асырып отырамын. Енді «Еңбегіне қарай өнбегі» демекші, осы жұмыстар негізінде қол жеткізген нәтижеме тоқталсам:

“ Өзім сабақ беретін 7 - 8-сынып оқушыларының жартысынан көбі барынша мәнерлеп оқуға ұмтылуға тырысады, Әсел, Фатима, Ералы атты оқушыларым жақсы дәрежеде мәнерлеп оқу жолдарын меңгеріп келеді. Облыстық, аудандық байқаулардың жеңімпаздары. Мәнерлеп оқу – қандай мәтінді болмасын дұрыс оқып, сөздерді бұзбай, қалдырмай, сөз аяғын жұтып қоймай, әрбір сөзді, ондағы дыбыстарды анық етіп оқу. Көркем шығарманың негізгі ой тереңін анықтап алмай, оқығандығы мақсаты айқын болмайынша, бірде бір жолды мәнерлеп оқу мүмкін емес. Қорыта айтқанда, «Мәнерлеп оқуға үйрету» үйірмесі арқылы оқушылардың сөйлеу мәнері, дауыс ырғағы, кітаппен жұмыс істеуге, оқуға деген құмарлығы арта түсетіні белгілі. Мәнерлеп оқу барысында жүргізілетін жаттығулар, оқушы қауымның өз ойын нақты, жүйелі, әсерлі жеткізе алуына, үйірменің тиімділігін жоғары дәрежеде көрсететіні аян.



**Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы Дәулет ауылы
"№3 арнайы мектебі" К.М.М -сі.
Бастауыш сынып мұғалімі
Рахышова Зулфия Серикбаевна**

КІТАП ӘЛЕМІНЕ БАЛАНЫ ҚАЛАЙ ЕНГІЗУГЕ БОЛАДЫ?


Әдеби кітаптар мен оқулықтар білім көзі, рухани тәрбие аламыз. Оқығаның, тоқығаның көп болса жеңбейтін жау, алынбайтын қамал жоқ. Адам өмір сүріп отырған қоғамның ықылым заманнан келіп жеткен қазыналары мен кереметтерін кітапханадан, яғни кітап оқу арқылы табады. Кітапты ғылым, білімнің адамзат ақыл-ойының жиынтығы сақталған қазыналы сандық десек болады. Сол сандықтағы байлықты қалай алуға болады? Кітап әлеміне баланы қалай енгізуге болады? тәрбиелеу.

Қазіргі заман талабы функционалдық сауаттылығы жоғары, жан-жақты, өмірге бейімделген тұлғаны

Осы тұрғыда бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалай арттыру керек ? деген сұрақ туындайды.

Сұрақтың жауабын іздену барысында, мектеп кітапханасымен де тыңыз байланыста жұмыс атқара бастадық.

Мектеп кітапханасында «Ғажайып ертегілер елінде», «Абай -175жыл», «Ұлы дала жеті қыры », «Жаңа кітап -жан азығы», «Атаулы даталар күнтізбегі», «Конституция- кемел келешектің кепілі», «Елбасы мұраты, халық бақыты- гүлденген Қазақстан», «Мемлекеттік тіл –тәуелсіздік тірегі», «Табиғат тіршілік көзі», «Ұстаздарға көмек» «Ана мәңгілік жыр», «Мағжан-сыршыл ақын», «Ақиық ақын –Мұқағали» «Ұлттық бірыңғай тестілеу», «Қазақ хандығына-550 жыл», «Ер есімі ел есінде» -деген тақырыптармен кітап көрмесі ұйымдастырылған. Кітапханашымыз оқырмандардың көркем әдебиетті оқып, қызығушылықтарын арттыру мақсатында кітапханаға түскен жаңа әдебиеттермен таныстырып, библиографиялық шолу, ұсыныс тізім, әңгімелер өткізіліп тұрады. Әр көрме өзінің ең қызықты мәліметімен құнды. Көрмеге көркем әдебиет өкілдерінің портреттерін қою, көз тартарлық әдемі безендірілген кітаптармен таныстыру, қыры мен сыры мол өмірді бейнелеген шығармаларды ұсыну арқылы оқырмандардың әдеби шығармаларға қызығушылығын оятуға болады. Көрме ұйымдастыруда оқушының жас ерекшелігі де ескеріледі, әсіресе төменгі сынып оқушылары ерекше анық түсті бояулармен көркемделген кітаптарға қызығушылық танытып, кітаптың ішіне көз жүгірте бастайды.



Зерттеушілердің айтуынша, бала жасының 4-6 жасы нағыз оқу үйренетін кезі болса, 6-7 жасы одан да күрделі кітаптар оқуға көшетін жасы екен. Осы зерттеу негізінде оқушыларды сауат ашу пәні кезеңдерінен бастап, кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру керек.


Ойын дегеніміз – адамның ақыл - ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан - ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе.

Алғаш оқу кезеңдерден ойын технологиясы және де дидактикалық материалдар да үлкен үлес қосады.

Сауат ашу сабақтарында қолданылып жүрген ойын түрлерінен :



Әріптерден буындар мен сөздер құрау



Жоғалған әріпті тауып, сөзді оқы



Кіт...п



Қарын...аш

Кім жылдам?

 20-30 сөз	Те-ре-зе-ден кы-ды-ру күн-діз-гі кү-рек-тер ү-лес-кер
 21-25 сөз	Гүл-нұр Кыр-мы-зы зы-мы-ран ко-гер-шін Зер-де
 16-20 сөз	Ко-ңыз те-ңіз-ші аң-шы-лар Ман-ғыс-тау е-рін-шек
 16-20 сөз	Өр-мек-ші Ка-лам-кас кү-мырс-ка ше-гірт-ке кү-мырс-ка

Талпын, тырыс (жаттығу жұмыстары)

Талпынма-2
1. Суреттердің атын жаз



2. Сәйкес сөзді қойып сөйлемді аяқта.

Марат шығарды.
Таңат жеді.
Ғалымбек алды.

3. Тиісті әріпті қойып сөз жасап жаз.
. F . Қ . РА . С . РЫ
К . ЙЛЕК . ДӨПТ . Р Т . МАҚ

Тез оқы.

1. Ұн тақ
2. ұр
3. ұ сак
4. құ лып



5. ұ лу
6. ұн
7. ұ-лар
8. ұт
9. ұш



10. ұс та
11. құ рық
12. ұш кыр
13. құ лақ
14. құ дық



15. ұ шак
16. ұл дар
17. ұ лан
18. құ мы ра
19. ұ ра
20. құ мырс ка



Тез оқы.

1. Ұн тақ
2. ұр
3. ұ сак
4. құ лып



5. ұ лу
6. ұн
7. ұ-лар
8. ұт
9. ұш



10. ұс та
11. құ рық
12. ұш кыр
13. құ лақ
14. құ дық




15. ұ шак
16. ұл дар
17. ұ лан
18. құ мы ра
19. ұ ра
20. құ мырс ка



Ертегілер арқылы бала бойында адамдық қасиеттер дәнін егу мақсатында мазмұнын сахналау сияқты рөлдік ойындар бала санасында жақсы сақталады және де оқып, білуге қызығушылығын арттырады. Осы мақсатта мектебімізде бастауыш сынып оқушылары арасында әр аптаның сәрсенбі күні әр түрлі іс –шаралар өтізіп тұрамыз.

Мысалы: Ертегілерді суреттер арқылы диалог құрығызу.



Бастауыш сынып оқушыларының оқыған әдеби кітаптарының кейіпкерлерін сомдауы



Оқушылардың салған суреттері



Қызығушылық болған жағдайда ғана балалар өзінің сүйікті кітаптары мен жазушыларын тауып алары сөзсіз. Бастауыш 1-4 сынып оқушыларына өздігінен ізденуге көмектесу мақсатында балалардың оқу шеңберін анықтап, талдау бойынша бастауыш сынып оқушылары ертегі, өлеңдерге құмар ерекше қызығушылық танытатыны анықталды.


Бала оқыған кітапты бірге талқыға салып, «Кітап саған ұнады ма?» деген тақырыпта әңгіме жүргізу тиімді тәсіл. Оқуған әңгіме, ертегі т.б мысалдарды талқылау барысында сөздік жұмыстары да жүргізіліп отырады. Мысалы: Қазақтың ұлттық ежелгі қолданбалы бұйымдарының атаулары.

Ашамай — баланы атқа мінуге үйрету үшін қолданылатын ердің қарапайым түрі. **Ашамайдың** ер сияқты екі қасы (алдыңғы және артқы), екі қапталы, оқпаны болады. Үзеңгінің орнына тепкішек қолданылады. **Күлдіреуіш** түндік киізді көтеріп тұрады. Шаңырақ **күлдіреуіш** арқылы бақанмен көтеріледі.

Сағанак дегеніміз – киіз үйдің керегесін тұйықтайтын шыбық т.б.

Оқырмандарды әдеби кітап оқуға тарту және қызығушылықты арттыру мақсатында көптеген іс-шаралар, әдеби кештер, конференция, библиографиялық шолу, әңгіме, ертеңгілік, семинар-кеңестерді жиі ұйымдастырып өткіземіз. Кітапты оқуға қызықтыра түсу мақсатында балалармен ойын түрінде, сайыс түрінде іс-шаралар тиімді. Нәтежесінде баланың ойлау өрісі артады, өз ойын қысылмай еркін жеткізеді, табандылық, тапқырлық қасиеттерді қалыптастырады.

Мысалы: Викториналық ойындар «Ертегілер патшалығында» Ертегіні тап.



Кейбір жанұяларда көркем әдебиеттерді жинау, балаларына оқып беру, балаларын кітап оқуға тәрбиелеу сияқты жақсы дәстүр қалыптасқан. Осындай жанұяларды анықтап, бүкіл ата-аналарға үлгі етіп насихаттап отыру керек. Жас ұрпаққа ата-аналармен тығыз байланыста болып, кітапханадан кітап алып оқуын қадағалап, оған аса көңіл бөлуіне баулу қажет. Сондықтан да «мектеп – жанұя – кітапхана», бірлесе жұмыстанса, біздің болашақ ұрпағымыз жан-жақты білімді тәрбие алады деген ойдамын. Осы жоба негізінде, «Кітап оқу-жақсы әдет» «Әжеммен ертегі оқимын» челлендж өткізілді.



Оқушыларды әдеби кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру мақсатында ынталандыру әдістерін қолданамыз. «Кітапты оқы да, тосын сыйды ұтып ал!» акциясы ұйымдастырылып тұрады.



Біздің басты мақсатымыз – ақпаратты өзі ізденіп табатын, және сарапқа салатын, өз білімін жетілдіре алатын оқушыларды тәрбиелеу. Балаларды жүйелі түрде кітап оқуға дағдыландыру барысында біршама жұмыс атқарудамыз.

Жыл сайын оқушылар арасында "Үздік оқырман" байқауы өткізіліп тұрады.

Баланы кітапқа қызықтырудың бір жолы – шығарманы жатқа мәнерлеп оқу және аталардың өздерінің кітапшыл болып, біліктілікпен, биік талғаммен оқып, отбасында әңгіме-дүкен құрып, ондағы оқиганы тілге тиек ету. Бастауыш сыныптан бастап баланы кітапханаға тарту керек.

Оқығын ертегі, әдеби кітаптарының қысқаша мазмұнын айтса, немесе сұрақтарға жауап берсе, тосын сый сандығын ашып ішіндегі жасырылған сыйды берсе, жас оқырмандардың ынтасы көтеріліп, оқуға деген қызығушылықтары арта түсері сөзсіз.

Оқушыны әдеби кітап оқуға үйретуде оқушы сауаттанады, сөз қоры ұлғаяды, ойын еркін жеткізе алады. Сөйлегенде мәдени, әдеби тілде көптеген сөздердің баламасын тауып айтып, өз ойы бойынша мазмұндап айта алады. Көркем әдебиетті үнемі оқитын оқушылар суреттер бойынша сөйлегенде шешендік қабілеттерін де көрсете біледі сөз таңдай алады. Сонымен қатар баланы өмірге дайындаудың негізі болып табылады.

Қорыта келе, оқушыларының оқу сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, бастауыш сыныпта сабақты дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Мұғалімнің шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыра отырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғарыда айтылған жұмыстардың барлығынан көретін нәтижеміз, тұлғаның; сөздік қоры молаяды, ізденімпаздыққа үйренеді, ойлау қабілеті артады, ойын еркін айтады, белсенділігі артады, шығармашыл жұмыс істейді, қиялы ұшталады, тапқырлыққа үйренеді.

Сөзімнің соңында «Қыран-түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз-шәкіртіне талмайтын талап сыйлайды», - деген ата-бабамыздың даналық сөзіндегідей, ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі. Қоғам тұлғаны қаншылықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 2015-2016 оқу жылындағы мектеп кітапханасының жұмысының сараптамасы.
2. Абишева Р. Оқырмандардың кітапханаға құштарлығын ояту // Мектептегі кітапхана. – 2014. - № 3. – Б. 3-5.
3. Джумагазиева Б. Оқырманның кітап оқуға қызығушылығын ояту // Мектептегі кітапхана. – 2016. - № 3. – Б. 3-4.
4. Досанова Ф. Оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттырудағы кітапханашы рөлі // Мектептегі кітапхана. – 2012. - № 4. – Б. 2-4.
5. Жақсыбаева К. Кітап оқуды дамыту: жаңа мүмкіндіктері // Мектептегі кітапхана. – 2014. - № 6. – Б. 10-12.
6. Нурмолдина А. Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы кітапхананың рөлі // Мектептегі кітапхана. – 2014. - № 4. – Б. 6-7.



Режепова Ырысбала Мұратжанқызы

КММ "Жанұя" кешені

Дефектолог-мұғалімі

ТАҚЫРЫБЫ: «МАМАНДЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ»

Дефектолог мамандығы- ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды заманауи қоғамға бейімдейтін мамандық. Балалардың әр түрлі даму деңгейіндегі бұзылыстармен жұмыс жасайды.

*«Баланың психикалық немесе дене дамуы неғұрлым төмен болса, ұстаздық білімділігі мен біліктілігі соғұрлым жоғары болу қажет»,*деп жазған атақты неміс-педагог дефектологы П.Шуман.

Менің мамандығым ерекше аяқталмайтын балалық шақ секілді,сиқырға ұқсайды. Өйткені ерекше балаларға көмектесе алатын жағдайым бар.Ол баланың ерекшелігін,таным және басқа процестерінің дамуының жағдайын ескере отырып білім беру бағдарламасын жеткізе аламын.

Дефектолог маманының **мақсаты:**

Дамуында әртүрлі ауытқулары бар тұлғаларды оқыту және тәрбиелеу.

Осындай ерекше балаларды бақылайтын «Жұлдыз-Ай» бөбекжай балабақшамызда
Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум құрылған.

Нақты құрылған консилиум мамандарының алға қойған мақсаты: өз уақытында түзетуді
қажет ететін балаларды тексеріп анықтап ОПМПК комиссиясынан өтуге жіберу,
педагогтармен және ата-аналармен кеңес беру жұмысын жүргізу, балалардың мінезінің
ауытқушылықтарын бақылау.

Біздің балабақшада 11 топ болса, оның ішінде 1 арнайы топ «Ерке» тобында түзету және
дамыту жұмыстарын қажет ететін балалар отыр. Жалпы сөйлеу тілінің бқзылыстары және
психикалық дамуы тежелген балардан жинақталған топ болып табылады.

Балабақшамызда түзету дамыту жұмыстарын қажет ететін балаларға сенсорика бөлмесі
ашылды, сенсорлық ойындарға керекті құралдармен заманауи жабдықталған.

Балабақшамызда сенсорика ойындарын және ертегілерді балаларды дамытуға көп
пайдаланамын.

Сенсорлық ойын баламен байланыс орнатуға көмектеседі онсыз түзету жұмыстарын жүргізу
мүмкін емес.

Ұсақ қол моторикасын сенсорикалық ойындар арқылы дамыту

***Түстеріне қарай көкөністерді
ажырату***

Резеңкелер сенсорлы тақтайша

Фетра матасын жасалынған Саусақтарды санаймыз ойыны

Шығармашылықпен түрлендіре отырып, логикалық ойлауын,

математикалық қабілеттерін қалыптастыру

(Түрлі-түсті бояулармен және пішіндермен жұмыс)

Сенсорлық ойындар арқылы балалардың

ақыл-ойының дамуын қалыптастыру

Бизиборд

Құрғақ бассейінде түрлі – түсті доптармен ойын

Оқшау бұрышы, сенсорлы отырғыштар, құрғақ жаңбыр, сенсорлы жолдар

(Құммен, түрлі-түсті моншақтармен ,пазлдармен

және сюжеттік ойын)

Лепбукпен жұмыс

Ата-аналармен жұмыс, гүлдердің күлтелерін тап, су аймағы, ұнтақ жармамен

жұмыс, жапсыру, гажайып кітап, су джок добымен массаж, ата аналар алғысы

Дефектология мамандығы адамдардың жанын емдейтін, өмір туралы сауаттылығын арттыратын, қоғамға бейімдейтін, жүректеріне үміт отын ұялататын мамандық.

Балаларға бар күш- жігер, ынтамызды жұмсап Қазақстан Республикасының жақсы азаматы етіп тәрбиелеп шығу біздің мақсатымыздың бірі екенін ұмытпағанымыз дұрыс.



**Жетісу облысы Кербұлақ ауданы Сарыөзек
ауылы**

"№ 49 орта мектеп" КММ

Рысбекова Мақпал Сейтбекқызы

География пәні мұғалімі

Дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтары.

Мектеп	"№ 49 орта мектеп" КММ
Педагогтің аты-жөні:	Рысбекова Мақпал Сейтбекқызы
Сыныбы: 7 а	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтары.
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.4.1.3 -халықтың этникалық және діни құрамына байланысты дүниежүзінің тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндіреді.
Сабақтың мақсаты:	Халықтың этникалық және діни құрамына байланысты дүниежүзінің тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндіріп бере алады.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі /Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту	I.Ұйымдастыру кезеңі: а) Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. Психологиялық жағымды ахуал туғызу	Оқушылар амандасады. Оқушылар бір бірімен әр елдің амандасу түрлерін көрсетеді. - «Мозайка» әдісі арқылы	Қалыптастырушы бағалау: «Жарайсыңдар!» деген мадақтау	https://youtu.be/-kpMFG3joR8 ДК

7 мин.	1.«Серпілген сауал» әдісі. Үй тапсырмасы бойынша оқушылар бір -біріне сұрақтар қою.	суреттерді топтастыру арқылы топқа бөлінеді. I. “Әлемніңжетікереметі” II. “Қазақстанныңжетікереметі” 1.«Серпілген сауал» әдісі. Үй тапсырмасы бойынша оқушылар бір -біріне сұрақтар қояды.	<u>сөзімен</u> ынталандыру	экраны 7-сынып оқулық. Жұмыс дәптерлер .
--------	---	---	---------------------------------------	---

Жаңа сабаққа кіріспе	«Дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтары» тақырыбы бойынша бейнежазба арқылы сабақтың тақырыбын ашып аламыз. (Бұл өз кезегінде оқушыларға сабаққа деген қызығушылығын оятып, өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді). Мәтінмен танысамыз. 41 тақырыпты оқу. «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. Диалог және қолдау көрсету» тәсілі. Жеке жұмыс. «Білгенге маржан» бөлімі бойынша сұрақтар беру. 1 – тапсырма. А-деңгейі. Географиялық диктант.	Диалог және қолдау көрсету» тәсілі. Жеке жұмыс. «Білгенге маржан» бөлімі бойынша сұрақ - жауап. 1 – тапсырма. А-деңгейі. Географиялық диктант. 1. Мәдениет дегеніміз 2.Дүние жүзі өркениеттің орталықтары 3.Тарихи-мәдени аймақтарайтады. 4.Этнография - зерттейді. 5.Дүниенің жеті кереметіне жатады. (А)деңгейі; -сұраққа дұрыс жауап береді – біледі; түсінеді.	Дискрипторлар: <i>Әр термин бойынша түсініп жауап айтса - 1 балл.</i> Жалпы 5- балл	Тақырыпқа байланысты интернет көздерін пайдаланып дүниежүзінің тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарына байланысты видеоролик көреді.
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 26 мин.	2- тапсырма. «Жұптық жұмыс» В деңгейі: «Жеті кереметті анықтау» Берілген суретті анықтап, суреттегі жеті кереметтің бірінің атын табу керек. Дүниежүзінің картасынан суреттегі жеті кереметтің орнын дұрыс көрсету. 3- тапсырма. «Топтық жұмыс» С деңгейі:«ПОПС» әдісі.	2- тапсырма. «Жұптық жұмыс» В деңгейі: «Жеті кереметті анықтау» Берілген суретті анықтап, суреттегі жеті кереметтің бірінің атын табу керек. Дүниежүзінің картасынан суреттегі жеті кереметтің орнын дұрыс көрсету. 3- тапсырма. Топтық	Дескрипторлар: (В) деңгейі; Әр сурет бойынша білімін жинақтап, картадан орнын көрсетсе - 1 балл Дескрипторлар: (С)деңгейі; өз	Тапсырмалар, Дескрипторлар жазылған бет, суреттер, карталар

I - Өз позицияңды ұстау:
«Қазақстанның табиғи орындары мен сәулет өнер туындылары болашақта дүниежүзілік кереметтерге қосылуы мүмкін бе?»

П – позиция (көзқарасы) – менің ойымша...

О – өз көзқарасыңды негіздеу - (себебі)...

П – дәлел (факты) - мысалы...

С –Шешім (қорытынды) – солсебебі...

4- тапсырма.

Топтық жұмыс. «Галереяға саяхат» әдісімен тарихи-мәдени картасы арқылы суреттерді таңдай отырып, жеті кереметтер суреттерін дұрыс орналастыру ұсынылады. дүниежүзінің тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндіру.

1-топ: «Дүниежүзінің тарихи-мәдени аудандары» картасына ежелгі жеті кереметті дұрыс орналастыру.

2-топ: Жаңа пайда болған жеті керемет аймағын, орналасқан жерін және суреттерін кестеге дұрыс орналастыру.

дүниежүзінің тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндіру.

Атауы	Орналасқан жері	Суреті
Колизей		
Ұлы Қытай қорғаны		
Мачу-Пикчу		

жұмыс» С деңгейі:
«ПОПС» әдісі.

I - Өз позицияңды ұстау:
«Қазақстанның табиғи орындары мен сәулет өнер туындылары болашақта дүниежүзілік кереметтерге қосылуы мүмкін бе?»

П – позиция (көзқарасы) – менің ойымша...

О – өз көзқарасыңды негіздеу - (себебі)...

П – дәлел (факты) - мысалы...

С –Шешім (қорытынды) – солсебебі...

4- тапсырма.

Топтық жұмыс.

«Галереяға саяхат» әдісімен тарихи-мәдени картасы арқылы суреттерді таңдай отырып, жеті кереметтер суреттерін дұрыс орналастыру ұсынылады. дүниежүзінің тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндіреді.

1-топ: «Дүниежүзінің тарихи-мәдени аудандары» картасына жеті кереметті дұрыс орналастыру.



ойын, көзқарасын дәлелдей алса – **1 балл.**

- тақырып бойынша білімін жинақтаса -**1 балл.**

Жалпы – 2 балл.

4-Тапсырма. 1-Топ.

Дискрипторлар
:«Дүниежүзінің тарихи-мәдени аудандары» картасына жеті кереметті дұрыс орналастырса –1 балл.

Дүниежүзінің тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндірсе -1 балл
Жалпы – 2 балл.

2-топ: Дискрипторлар

: суреттер бойынша жеті кереметті анықтап, суреттерді кестеге дұрыс орналастырса – 1 балл.

Дүниежүзінің тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының қалыптасуын

Петра кешені			2-топ: Жаңа пайда болған жеті керемет аймағын, орналасқан жерін жазып және суреттерін кестеге дұрыс орналастыру. дүниежүзінің тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндіреді	түсіндірсе - 1 балл. Жалпы - 2 балл.
Тәж-Махал				
Христос -тың мүсіні				
Чичин-Ица				
Гизадағы пирамида				
3-топ: Қазақстандағы жеті керемет суреттерін Қазақстанның картасына дұрыс орналастыру тапсырылады. дүниежүзінің тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндіреді			3-топ: Қазақстандағы жеті керемет суреттерін Қазақстанның картасына дұрыс орналастыру тапсырылады.Қазақстанның тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндіреді.	Қазақстан-дағы жеті керемет суреттерін анықтаса, Қазақстанның картасына дұрыс орналастырса – 1 балл. Қазақстанның тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндірсе-1 балл. Жалпы - 2 балл.
Аталуы				
Тамғалы шатқалындағы жартасты суреттер				
Алтын адам				
Маңғыстаудағы жартасқа салынған мешіттері				
Қазақтың ұлттық аспабы – домбыра				
Киіз үйі				
Қожа Ахмет Яссауи кесенесі				
Бәйтерек кешені				
				

Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин.	«Еркін микрофон» әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.	Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.	<i>1-10 баллдық жүйе бойынша әр оқушы бағалау парақшасына өз өздерін әр тапсырма соңында бағалай отырып, соңында жинақтап айтады. Бағаланады.</i>	
--	--	--	---	--

Ы.Алтынсарин атындағы орта мектеп

Бастауыш сынып мұғалімі

Сагингалиева Жазира Асқарқызы



Мұғалім бейнесі: білім беру ортасының негізгі элементі»

Аннотация. Мақалада білім беру саласындағы заманауи педагогтің имиджін қалыптастыру мәселесі оның кәсіби қызметінің жағдайлары контекстінде қарастырылады. Дереккөздерді теориялық талдау негізінде мектеп мұғалімінің имиджін бағалау критерийлері ұсынылды. Мұғалім имиджінің құрамдас бөліктері және оның қалыптасуы мен дамуына әсер ететін факторлар айқындалды. «Сәулет» мектеп-лицейі мұғалімдердің өз бейнесі туралы оқушылардың ой-пікірлерінің өзара байланысы мәселесіне арналған зерттеудің нәтижелері ұсынылды. Мұғалімдердің өзіндік кәсіби имиджі мен білім беру ұйымының имиджінің арақатынасы туралы сауалнамасының талдауы берілген. Білім беру ұйымының бүкіл педагогикалық ұжымының имидждік сипаттамаларын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыстың қажеттілігі дәлелденді.

Мұғалім мамандығы әрбір оқушы үшін жауапкершілікпен қарауды жүктейді. Ұлтымыздың ұлы ұстазы А.Байтұрсынов «Білім біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы» деп білім мен біліктілік жайлы үлкен ой айтқан. Жаһандану үрдісі адам өмірінің барлық саласына, соның ішінде білімге де әсерін тигізеді. Сол себептен де қазіргі заман мектебі жоғары деңгейде маманданған кәсіпқой мұғалімді күтуде. Бүкіл әлем бұл күнде тәлім-тәрбие қызметіне ең білгір, ең талантты, өте жауапкерші педагог - мамандардың қажеттігін мойындап отыр. Себебі, адам тағдырында мектептік кезең аса маңызды рөл атқарады. Адам қажырлы еңбегімен табиғатты өзгертсе мұғалім жалпы жасампаз еңбегімен жаңа адамды қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп өмірге дайындайды. Оқушыларын тек біліммен қаруландырып қана қоймай, назарын, білгендерін жадында сақтауға, қабілетін, ойлауын, тіл шеберлігін ұштауға, дүниеге деген құштарлығын, өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастырып, ықыласын, сенімін, төзімділігін, іскерлігін, ізденімпаздығын тағы басқадай танымдық қасиеттерін жетілдіріп, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуді өзінің өмірлік мақсаты, ізгілік мұраты деп санау керек.

Басқа мамандық иелерінен педагогтың ерекшелігі оның қоғамдық мақсатында. Педагог оқушылар мен ата-аналар үшін басты тұлға болғандықтан, оған қойылатын талапта әрқашан жоғары. Қазіргі кезде тартымды қалыптасқан педагог имиджі педагогикалық іс-әрекеттің негізгі табысты бірден-бір жағдайы. Педагог өзін қалай көреді және оны оқушылары қалай елестетеді? Мектеп әкімшілігі мен оқушылар сыйлау үшін және іс оңға басу үшін не істеу керек?

Имидж ағылшынның «image» сөзінен алынған, «образ», «түр», «келбет» сөздерінен шыққан. Бұл кез келген нәрсенің, адамның эмоционалдық образын, мінез-құлқын көрсетеді.

Өз имиджін қадағалау бұл адамды өзіне қарату. Имидж – тұлғаның өзін-өзі әрекеттеуімен ерекшеленеді. Имидж адамды танымдылық пен бағалық қатынастар ретінде көрсетеді.

Мұғалім имиджін қалыптастырудағы негізгі аспектілерге кіреді:

1. Кәсібилігі мен құзыреттілігі: мұғалім өз пәнін терең меңгеріп, білім берудегі соңғы тенденциялар мен әдістемелерден хабардар болуы керек. Мұғалімнің кәсіби маман ретінде қалыптасуында үздіксіз білім алу және өзін-өзі жетілдіру маңызды рөл атқарады.

2. Жеке қасиеттер мен адамгершілік құндылықтары: эмпатия, толеранттылық, әр оқушының даралығын құрметтеу, сондай-ақ шабыттандырып, жігерлендіре білу – осы қасиеттердің барлығы мұғалімнің бейнесін айқындайды. Мұғалім өз пәнінің білгірі болып қана қоймай, сонымен қатар оқушылармен эмоционалды байланыста болуы керек.

Педагог бейнесі оқушылар есінде ең әсерлі сәттермен сақталып қалады. Өскелең жас ұрпақтың сезім, жігерінің қуатты күші болатын адам қызықты, жан-дүниесі бай болуы керек. Педагог имиджін қалыптасыру үшін өзімен жан-жақты жұмыс жасауы керек. Оқушы өмірінің көп бөлігі оларға білім ғана беріп қоймай, сонымен қатар оларды тәрбиелейтін және жеке тұлға ретінде қалыптастыратын мектептің оқу-тәрбие үрдісінде өтеді. Әлеуметтік және балалық шақтан алған әртүрлі әсерлер мен тәжірибелер үлкен өмірге өтуіне әсер етеді. Педагогтың жеке басы оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына көмектеседі.

3. Кәсіби мінез-құлық және сыртқы түрі: ұстазды бағалауда сыртқы келбет басты критерий болмауы керек болса да, тазалық, ұқыптылық, сыртқы келбет әрқашан жағымды әсер қалдырады. Сонымен қатар, мұғалімнің кәсіби этикет және қарым-қатынас дағдылары болуы керек. Ақпараттың басым бөлігін біз көру арқылы аламыз, сондықтан да біздің тартымды бейнеміз өте маңызды. Оған ұқыптылық, іскерлік стиль, мәнер, әдеп, күлкі жатады. Сонымен қатар ойлау, іс-әрекет бейнесі, сөйлеу мәнері және тыңдай білу де басты болып табылады. Оқушылары мен әріптестерінің алдында өзін-өзі ұстай білуі педагог имиджі болып саналады. Егер де оқушы педагогтың жеке тұлғасына қызықпаса пәнге деген қызығушылығы да болмауы мүмкін.

Имидж – белгілі бір адамда нақты қалыптасқан болса, пікір де сондай айқын болуы мүмкін: имидж адамның тек сыртқы түріне қарап қалыптаспайды, сонымен бірге психикасына да тәуелді.

4. Жеке брендты дамыту: мұғалім өзін бренд ретінде танып, өзінің жеке имиджімен белсенді жұмыс істеуі керек. Бұған білім беру қауымдастығына қатысу, мақалалар жариялау және сарапшы ретіндегі беделді нығайтудың басқа да әдістері кіреді.

Педагог имиджінің оқу-тәрбие процесіне әсері:

1. Оқушыларды ынталандыру: Позитивті имиджі бар мұғалім оқушыларды шабыттандырып, жетістікке жетуге ынталандыра алады. Мұғалімнің шәкірттеріне сыйлайтын құрметі мен сенімі олардың академиялық өсуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал етеді.

2. Қоғаммен байланыс: Мұғалімнің имиджі ата-анамен, әкімшілікпен және жалпы қоғаммен қарым-қатынасқа да әсер етеді. Білім беру қоғамдастығының құрметті және сенімді мүшесі болған мұғалім ата-аналармен оңай араласып, мектеп әкімшілігінен қолдау ала алады. Оқушылар мен ата-аналардың алдында педагог тартымды, сымбатты, әдемі, мейірімді болуы керек.

3. Білім беру ортасы: Мұғалімнің бейнесі сыныптағы немесе мектептегі жалпы атмосфераны қалыптастырады. Мұғалімнің позитивті және шабыттандыратын имиджі оқушылар тиімді оқып, дами алатын қолдаушы білім беру ортасын құруға ықпал етеді.

Тәжірибеде білім беру ұйымның басшылары өз беделінің артуын білім беру мекемесі имиджін мектеп мұғалімдері әрқайсысының имиджін көтеру арқылы қалыптастырады. Педагогтың мәртебесі мен беделі оның жеке имиджіне байланысты. «Имидж» мағынасын түсіну әртүрлі құрамды бөліктерден құралады. Мектеп мұғалімдеріне жүргізілген сауалнамада «Мұғалімнің жұмысы үшін балалар мен ата-аналарды қызықтыратын ерекше образ жасау керек деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа 78% «ия» деп жауап береді. Яғни, тартымды мұғалім бейнесі оқушылардың жақсы білім алуына әсері бар дегені. Маманның кәсіби имиджі туралы барлық мұғалімдердің хабары бар екен.

- «Мұғалімнің кәсіби имиджі туралы айтатын болсақ, сіздің ойыңызша имидждің қандай компоненттерін анықтауға болады?» дегенге мұғалімдер кәсіби мәселелер шешу шеңберінде коммуникация және қарым-қатынас талаптары деп 71,5% жауап берілген. Яғни, педагогтың адалдығы бірінші орынға қойылып тұр. Адамзат тәжірибесінен шыққан моральді ережелер бойынша өмір сүру керектігін, ал әдепсіз болса өз нәтижесінің тұтқынында болады дегендік. Біздің қоғамға өзін-өзі жетілдіре алатын, ең алдымен рухани тұрғыдан жетілдіре алатын әдепті, тәрбиелі, адал педагог өте қажет. Ол назарын барлық адамзат мәдениетінің байлығын алу керек, яғни оның кең гуманитарлық білім алуы міндетті.

Маман ретінде имидждің қалыптасу процесі адамның өзіне байланысты деп 47,7%, ал 38,6% ұжымдық процесс деп жауап береді. Сауалнама нәтижесі бойынша мектеп мұғалімдеріне кәсіби имидж қалыптастыру бағытында жүйелі іс-шаралар, оның ішінде кәсіби әңгімелер, конкурстар жүргізу керек екені анықталды.

Оқушыларға жүргізілген сауалнамада «Мұғалімнің сыртқы бейнесі маңызды емес» деп 64,5% және өз пәнін қызықтыру үшін мұғалімнің өз пәнін жақсы білу керек, жан-жақты адам болу керек деп жауап береді. Яғни, педагог талантты тұлға болуы қажет.

Педагогтың гуманитарлық білімі. Ф. Достоевскийдің ойынша, гуманитарлық дамығандық адамның кез келген мамандықты игеруін жеңілдетеді. Осы атақты жазушының адалдығынан атақты адамдардың өмірінен көптеген мысалдар дәлел болады. Гуманитарлық мәдениет арқасында адам сезімдік немесе рационалдық өндей отырып, өзіне әртүрлі мәлімет таңдау мүмкіндігіне ие болады. Педагог психотехнолог болуға міндетті. Психотехнология – бұл адамдарды басқаруда психологияның техниканы практикада қолдану жөніндегі ғылым. «Психотехнология» терминін өз құрамында 3 құрамдас бөлігі бар: «психо», «техно», «логия» оны талдағанда «психотехнологияның» мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Грек тілінен аударғанда «психо» - жанды, «техно» – өнер, шеберлік дегенді тура білдіреді, ал «логос» – сөз, оқуды білдіреді.

Басқа мамандық иелеріне қарағанда мұғалім мамандығы ерекше, ол әрдайым үлкен аудитория ішінде және көпшілік көз алдында.

Педагог бейнесі – оның кәсіби іс-әрекетінің оқу-тәрбие процесінің көптеген аспектілеріне әсер ететін күрделі және көп қырлы аспектісі. Кәсіби деңгейі жоғары, тұлғалық қасиеттері мен өз мамандығына құрметпен қарайтын ұстаз шәкірттерінің жетістігіне және олардың дамуына, өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ететін білім беру ортасының

қалыптасуына айтарлықтай әсер ете алады. Сондықтан да кәсіби мамандығын жан-жақты меңгерген педагог қана жоғары бағаланып, әріптестері мен шәкірттерінің ыстық ықыласына бөленбек.


Әдебиеттер:

1. Калюжный А.А. Педагогическая имиджелогия. Алматы, 2004.
2. Андреева Г.М. Психология социального познания. М., 2010.
3. Громкова М.Т, Психология и педагогика профессиональной деятельности: Учеб.пособие для вузов. М., 2003.
4. Имиджелогия. Как нравиться людям / Сост. В.М. Шепель. М., 2002.
5. Криксунова И. Создай свой имидж. СПб., 1997.

Абай атындағы мектеп- лицей

Орыс тілі пәні

Садыкова Жанерке Нусхабаевна



Раздел		Раздел 4. Мир профессий		
Ф.И.О. преподавателя:				
Дата:		08-12-2023		
КЛАСС: 4 УРОК 26		Количество присутствующих:		Количество отсутствующих:
Тема		Профессии, которые нас кормят		
Цели обучения в соответствии с учебной программой		4.1.2.1 определять значение незнакомых слов и словосочетаний по контексту 4.1.3.1 отвечать на вопросы и определять ключевые моменты в прослушанном материале 4.2.7.1 соблюдать правила письма		
Цель урока		отвечать на вопросы и определять ключевые моменты определять жанр текста писать соблюдая правила письма, составлять предложения		
Ожидаемый результат		Будут знать о профессиях, слушать, читать текст и отвечать на вопросы, определять ключевые моменты, правильно составлять предложения		
План				
Планируемое время	Деятельность педагога	Деятельность учащихся	Оценивание	Ресурсы
Начало урока 2 мин	1. Организационный момент. Приветствие. Разминка «Выше руки» Есть такая поговорка «Было бы хотенье, будет и умение» – Я думаю, что сегодня на уроке вы постараетесь хорошо работать, и у вас всё получится. У нас сегодня работа в группах. Скажите, какой мы раздел изучаем? Сейчас вы отгадаете загадку и выберите те вещи, которые соответствует вашему ответу. Кто в дни болезней Всех полезней И лечит нас от всех Болезней?	Приветствие учащихся на двух языках. Ущащиеся выполняют разминку.	Психологический настрой. Приём «Улыбка»	Интерактивная доска Слайд1 Приветствие
3 мин		Учащиеся делятся на 3 группы, выбирают себе названия		Слайд2 названия раздела Слай3 загадки Волшебны

5 мин	Врач Кирпичи кладет он в ряд, Строит садик для ребят Не шахтер и не водитель, Дом нам выстроит... Строитель Он щедро учит нас тому, Что очень нужно будет в жизни: Терпению, чтению, счёту и письму, И верности родной Отчизне Учитель			й сундучок (Стетоскоп, шприц, каска строителя, инструменты, учебник, ручка)
	2. Актуализация знаний. Проверка домашнего задания Давайте перечислим все профессии, которые мы знаем и запомнили, рассмотрев фотографии, каждая группа говорит по две профессии. Называете, что это за место и кто там работает? <i>Слова для справок:</i> Полицейский, учитель, продавец Аптекарь, врач, пожарный Повар, фермер, строитель Рассмотрите еще одну картину и назовите, что это за место и кто там работает. Хлебороб, земледелец, агроном Учитель озвучивает тему урока: Профессии, которые нас кормят.	Учащиеся рассказывают д/з, отвечают на вопросы, называют профессии	Прием «Похвала» За д/з 2 б ФО «Комментарий учителя»	Слайд4 – картины Слайд5 тема урока. Слайд6 число классная работа, тема
3 мин	<i>Говорение и письмо</i> Комментарий, объяснение новых слов Хлебороб - человек, выращивающий хлеб, Животновод – тот, кто разводит животных Агроном - это специалист в области земледелия и сельского хозяйства. Чтение стихотворения «Хлебороб» <i>Нет на свете важнее работы,</i>			Слайд7 Слайд8 стих

5 мин 3 мин	<i>Чем растить золотые хлеба. Хлебороб, земледелец - в почёте, И красна пирогами изба. Он посеет весною пшеницу, Прорастет, пустит корни зерно. Поле хлебное заколосится И наполнится солнцем оно. Колосок к колоску, бережливо, Соберёт хлебороб урожай, Чтобы в доме всегда был красивый, Тёплый, пышный, большой каравай.</i> Г. Вопросы по содержанию текста Учитель раздает карточки с вопросами каждой группе Дискрипторы: <i>Читают текст; Отвечают на вопросы.</i> Запиши слова. На доске написаны слова Хлебороб, Земледелец, животновод	Учащиеся работают в группе, каждая группа отвечает на свои вопросы. Записывают слова в тетради производят взаимопроверку, обмениваясь тетрадями, ставят СМАЙЛИКИ на поля. 1 ошибка ☺ 2 ошибки ☹ 3 и больше ☹	ФО «Похвала» ФО «Взаимопроверка»	Слайд 9 Карточки с вопросами Слайд 10
Середина урока 5 мин	Работа в группах Учитель предложит ученикам создать постер в группе. Каждая группа выбирает себе задания. 1-я группа. Составить кластер на тему «Повар», подобрать имена существительные -слова предметы 2-я группа. Составить синквейн к слову «Хлеб» 3-я группа. Подобрать слова-действия (глаголы) к слову Хлебороб Дискрипторы: <i>подбирают синонимы к слову, составляют кластер; вспоминают правила синквейна; составляют синквейн</i> Говори правильно Что делать? Класть. Я кладу Что сделать? Положить. Я положил.	Учащиеся создают постер, используя рисунки, выступают лидеры групп.	 	Слайд 11 Постеры

	Закрепление изученного материала. Учитель предлагает исследовать путь зернышка. Упр. 3 стр.62 Какой путь проходит маленькое зернышко, чтобы оказаться вкусным хлебом у тебя на столе. Измени порядок предложений, чтобы получился текст. -Если вы правильно выполните задание, то мы из этих зернышек получим душистый, свежий хлеб	Учащиеся читают текст. Определяют последовательность пути зернышка. Каждая группа выходит и вешает на доске свое предложение по правильной последовательности пути зернышка.	ФО. «Комментарий учителя»	Слайд 12-13-тексты Работа на доске
Конец урока.	Рефлексия. Вспомните, чему вы научились на этом уроке, что было для вас сложным, легким в исполнении.	Рефлексия. 		Стикеры
	Обратная связь Домашнее задание: Упр. 4 стр. 63 Дополни предложения подходящими по смыслу словами. Выставляются баллы.	пишут домашнее задание в тетради, используя слова для справок		



Сапар Жансая Намазқызы

«Төржан» гимназиясы

Бастауыш сынып мұғалімі

Шымкент қаласы

Бастауыш сыныпта математиканы оқытудың интербелсенді әдістері

Интербелсенді оқыту – білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекетінің диалогтық формасына негізделген таным тәсілі. Оның барысында білім алушылардың бірлескен әрекет дағдылары қалыптасады.

Бастауыш мектепте интербелсенді оқыту – білім беру үдерісінің соңғы мақсаты мен негізгі мақсаты мен негізгі мазмұнын сақтайды. Интербелсенді оқыту бірқатар міндеттерді шешеді: - коммуникативті біліктер мен дағдыларды дамытады, оқушылар арасында эмоционалдық дағдыларды дамытады, олардың арасында эмоционалдық байланыс орнатуға көмектеседі; - ақпараттық міндеттерді шешеді, себебі оқушыларды бірлескен әрекетті онсыз жүзеге асыруға болмайтын қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді; - жалпы оқу біліктері мен дағдыларын дамытады (талдау, жинақтау, мақсаттар қою және т.б.), яғни білім беру міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді; - командада жұмыс істеуге, басқаның пікіріне құлақ түруге үйрететін болғандықтан, тәрбиелік міндетті қамтамасыз етеді. Интербелсенді оқыту тағы бір маңызды міндетті орындайды. Ол жүйке жүйесінің жүктемесін азайтуға, зейінді басқа нәрсеге аударуға, әрекет

формаларын ауыстыруға және т.б. мүмкіндік береді. Интербелсенді оқыту технологиялары мыналар:

1. Жүппен жұмыс.
2. Ауыспалы үштіктер.
3. Өткеншек.
4. Шағын топтардағы жұмыс.
5. Аквариум.
6. Аяқталмаған сөйлем.
7. Миға шабуыл.
8. Шешімдер ағашы.
9. Рольдік (іскерлік) ойындар
10. Пікірталас.
11. Дебаттар.

Бастауыш мектепте оқытудың интербелсенді әдістерін 4 топқа бөлуге болады: - топтық оқыту; - фронтальдық оқыту; - ойын барысында оқыту; - пікірталас барысында оқыту. Топтық оқу әрекеті - оқытуды шағын топтарда ұйымдастыру формасы. Мұндай оқыту оқушылар үшін өз құрбыларымен ынтымақтастық жасауға, әр адамның қарым- қатынасқа табиғи ұмтылысын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Топтық оқытуға жүппен жұмыс, шағын топтағы жұмыс, аквариум жатады. Фронтальдық интербелсенді әдістерге бүкіл сыныптың бір мезгілдегі бірлескен жұмысын қамтитын әдістерді жатқызуға болады: «Микрофон», «Аяқталмаған сөйлемдер», «Миға шабуыл», «Оқи отырып, үйренемін». Ойын барысында оқыту әдістеріне рольдік ойындар, драматизациялау жатады. Пікірталасқа оқыту әдісі оқыту үдерісінде оқушылардың танымдық әрекетінің маңызды тәсілі, өйткені пікірталас – даулы мәселені көпшілік алдында кеңінен талқылау. Бұндай әдістерге «Ток-шоу», «Пресс» әдісі, «Бағытыңды таңда» әдістері жатады. Интербелсенді әдістерді тиімді пайдалану үшін мұғалім өз жұмысын жан-жақты жоспарлауы тиіс: - бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, олардың интербелсенді әдістемелермен жұмыс тәжірибесіне сәйкес келетін тәсілдерді пайдалану; - оқушылар үшін тақырыпты игерудің «кілті» болатын интербелсенді жаттығуларды іріктеу; - әрбір оқушының жұмыс қарқынын және оның

қабілеттерін есепке алу; - бір сабақта интербелсенді әдістердің бір-екеуін қолдану.

Бастауыш мектепте интербелсенді оқытудың әдістері мен тәсілдері қолданылған сабақ сегіз кезеңнен тұрады: 1.Мотивация. Бұл кезеңді ұйымдастыру барысында бір сабақтан екінші сабаққа өткен кезде мотивация тәсілдерін өзгерту қажет. 2.Мақсат қою. Оқушыларға мақсаттарды хабарлау әрекетті мақсатты бағытталған етуге мүмкіндік береді.Мұғалім оқушыларға сабақтың мақсатын қоюды үйретеді. 3.Жаңа ақпарат беру. Бұл кезең оқушылар нені білетінін, ненің таныс емес және түсініксіз екенін таңдап алуға мүмкіндік береді.Бұл кезеңді миға шабуылдан бастау ұсынылады:

«Бұл сөз Сізде қандай ассоциация тудырады?», «Бұл сөзбен қандай ұғымдар байланысты?». Интербелсенді жаттығулар. Интербелсенді жаттығулар ретінде шағын топтардағы жұмыс ұсынылады. Әрбір топ қысқа және неғұрлым ақпаратты түрде сөйлеуі тиіс. 1. Жаңа өнім. Оқушылар игерген ақпараттың көлемін есепке ала отырып, олардың өз қорытындылығын жасауына және көзқарасын білдіруіне мүмкіндік жасалады. 2. Рефлексия кезеңінде оқушылар жасаған әрекеттің қорытындыларын шығару көзделеді. Бұл кезең оқушыларға жаңа игерілген білімдерді бөліп көрсетуге және қандай жағдайда қолдануға болатынын анықтауға мүмкіндік береді.Рефлексия кезінде төмендегі сұрақтарды қоюға болады: - Не қатты ұнады? - Нені үйрендіңдер? - Келешекте бұл білімдер қандай пайдаға асады? - Бүгінгі сабақ бойынша қандай қорытынды жасауға болады? Қойылған сұрақтар оқушыларға сабақта болған нәрсенің бастысын, жаңасын бөліп көрсетуге, бұл білімдердің қайда, қалай және қандай мақсатта қолданылуы мүмкін екенін түсінуге көмектеседі. 1. Бағалау. Бұл интербелсенді режимде жұмыс істейтін мұғалім үшін күрделі мәселе болып табылады. Бағалау оқушылардың келесі сабақтағы жұмысын ынталандыруы тиіс. Бағалауда мынадай қатынасты қолдануға болады: топтың әрбір мүшесі әрқайсысын бағалайды, яғни әр жолдасына бағалау парағына баға қояды. Мұғалім парақтарды жинап алып, орташа баллды есептеп шығарады. Оқушылар жұмысын өзіндік бағалауды да қолдануға болады. 2. Үй тапсырмасы. Оқытудың интербелсенді әдістерін пайдаланып, өтілген сабақтардан кейін игерілген материалды шығармашылықпен қайта қайта қарауға мүмкіндік жасайтын тапсырмалар беріледі: шығарма жазу,

қарастырылып отырған мәселе бойынша өз көзқарасын білдіру және т.б.

Бастауыш мектепте интербелсенді сабақта мұғалім оқушылар әрекетін сабақ мақсаттарына жетуге бағыттап отырады. Диалогқа қатысу тыңдай білуді ғана емес, ести білуді де, сөйлей білуді ғана емес, түсінікті бола білуді де талап етеді. Интербелсенді әдістер оқушылардың өз күштерін, өз қабілетін сезінуге мүмкіндік береді. Оқушылардың өзіндік бағалауы, өзіндік сенімі артады. Өзара сыйластықты, айналасындағы адамдардың пікірлері мен мінезқұлықтарына төзімділікті тәрбиелеу маңызды. Интербелсенді оқытуды жұптық жұмыстан бастаған жөн. Жұптық жұмыс - ынтымақтастық пен өзара көмек үшін таптырмас форма. Жұпта оқушылар бірін-бірі тексере алады, жаңа материалды бекіте, өтілген материалды қайталай алады. Қазақ тілі сабақтарында төмендегі тапсырмалардың түрлерін пайдалануға болады: Ауызша жұмыс. 1. «Интервью-таныстық» ойынын 3-сыныптағы алғашқы сабақтардың бірінде өткізген дұрыс. Әр оқушы өзінің парта бойынша көршісімен әңгімелеседі, содан соң ол жайлы бүкіл сыныпқа айтып береді (немен айналысқанды жақсы көреді, нені оқығанды жақсы көреді). Ойын сыныптың портретін жасауға, оқушылардың коммуникативтік біліктерінің қалыптасқандық деңгейінің бастапқы диагностикасын өткізуге көмектеседі. 2. Ережені өзара тексеруді жүзеге асыру (ауызша сұрау). Оқушы парта бойынша көршісіне ережені айтып береді, мысал келтіреді, оларды түсіндіреді. Содан соң оқушылар рөлдерін алмастырады, бірін-бірі бағалайды. Мұғалім кез келген жұптан сұрай алады. Жазбаша жұмыс 1. «Көршіге арналған сөздік диктант». Үйде балалар өткен ережеге сәйкес сөздік диктант құрастырады (жекелеген карточкаға). Жоғарғы жағына «Құрастырған...» деп жазады. Содан соң оқушылар сабақта карточка алмасады, тапсырманы орындайды, төменге «Орындаған...» деп жазады. Күні бұрын мұғалім қанша сөз болуы керек екенін айтады. 2. Балаларға үйде орындау үшін шығармашылық сипаттағы тапсырма беріледі (эссе, шығарма, ертегі жазу). 3. Сабақтың басында немесе аяғында сөздік диктанттарды, үйге берілген жаттығуларды өзара тексеруді ұйымдастыруға болады. Сабақтың алғашқы бес минутында дәптерде жіберілген қателердің ізімен өзара диктант өткізген дұрыс. Балаларға жұппен жұмыс істеген қатты ұнайтынын атап өткен жөн. Сонымен, интербелсенді оқытуды пайдалану өмірлік жағдаяттарды модельдеуді, рольдік ойындарды пайдалануды, мәселені бірлесе шешуді

көздейді.

Ойын - бала әрекетінің бір түрі, адамзат мәдениетінің қазынасы. Ұлы педагогтер, ғалымдар баланы тәрбиелеудегі ойын рөлін жоғары бағалаған. Бала ойын арқылы өмірге енеді, табиғатпен, қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түседі, атын – түсінігін арттырады, еңбек ете білу дағдысы қалыптасады.

Психологтар мен педагогтер ежелден-ақ ойын мәселесіне өз назарын аударғанымен, тек XIX ғасырдың аяғында ғана арнайы зерттеу пәніне енгізілді.

Ойын мазмұнын, оның дамуын логикалық және мерзімдік, уақыт тұрғысынан бейнелейтін тікелей және жаңа ережелердің болуы.

Ойындық әрекет бағдарламасын зерттеген ғалымдар пікірінше ойын педагогикалық мәдениет феномені ретінде төмендегідей қызметтерді атқарады: Әлеуметтендіру қызметі.

Өйткені, ойын – баланы күшті қоғамдық қатынастар жүйесіне енгізу және оған мәдениет байлығын игерту құралы.

Ұлтаралық қатынас құралы қызметі.

Себебі, ойын – балаға жалпы адамзаттық құндылықтарды, түрлі ұлт өкілдерінің мәдениетін игеруге мүмкіндік туғызады. Өйткені ойын - әрі ұлттық әрі интернационалдық, сонымен бірге жалпы азаматтықта.

Ойында бала «адамзат тәжірибесі аясында» өзін-өзі көрсету қызметін көрсетеді.

Өйткені, ойын бір жағынан баланың практикада өмірлік нақты қиындықтарды жою жобасын тексеруге және құруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан тәжірибесінің олқы тұстарын айқындауға мүмкіндік

береді. Ойынның қатысымдық қызметін – балаға шынайы күрделі адамдық қатысым аясына енуге мүмкіндік беретін дерегі

айқын көрсетеді. Ойынның диагностикалық қызметі- педагогқа баланың әр қырынан: интеллектуалдық, шығармашылық, эмоционалдық және т.б. көрінуін диагностикалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ойын – баланың өз күшін нақты сезінетін, өзін-өзі

бағалау, еркін әрекеттегі мүмкіндіктерін танитын өзін-өзі көрсету аймағы болып табылады. Ойынның емдік қызметі – баланың қарым-қатынаста, оқуда, мінез-құлқындатуындайтын әр түрлі қиындықтарды жеңу құралы ретінде қолданылуымен түсініледі. Ойынның мұндай қызметін Д.Б.Эльконин аса жоғары бағалайды. Ойынның түзеу қызметі деп – баланың тұлғалық

құрылымының көрсеткішіне жағымды өзгерістер, толықтырулар енгізу түсініледі. Ойын әрекетінде бұл үрдіс басқакездегіден гөрі неғұрлым жұмсақ өтеді. Ойынның дамытушылық қызметі, оның ең маңызды қызметтерінің бірі.

Сонымен бірге, ойын – баланың қызығушылықтан дамуға ұласатын, қызығушылығының ұйымдастырылған мәдени стратегиялық-кеңістігі.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл Фараби өзінің "Бақыт жолында" атты философиялық шығармасында адамның танымын дамыту арқылы ғана ойы бақыт жолына жетелеуге болатындығына тоқтасақ, ұлы Абай өзінің қырық үшінші қара сөзінде баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытпаса, өзінің із-түссіз жоғалып, жойылып кететінін айтады. Ағартушы ұстаз Ы. Алтынсарин өзінің көптеген еңбектерінде таным әрекетінің негізі-оқу, білім деп тұжырымдайды.

Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да, балада оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратында - ойын әрекеті болып саналады..

Орыс педагогы В. А. Сухомлинский: "Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл - ойдың қалыптасуы мүмкінде емес" десе, ғалым Е. А. Покровский өзінің балалардың ойындарына арналған еңбегінде әрбір халықтың ойын туралы түсінігіне сипаттама береді.

Сабақта ойынды дұрыс қолдану үшін ұстазға ойындардың мазмұны мен өткізілу әдістемесін жете білу, әр бір тақырыпқа байланысты оқу жылының басында оқу жоспарына енгізу, ойынның тәрбиелік және танымдық мақсатын аша білу, ойын арқылы баланы танымына әсер етіп, даму барысына үнемі зерттеу жүргізу талаптары қойылады.



Сатмағанбет Рита Айсәғалиқызы
Ә.Боранбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі
Қостанай облысы, Аманкелді ауданы

ЖАҢА ӘДІС - ТӘСІЛДЕРДІ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Бүгінгі таңда білім жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтап, білімнің халықаралық талаптарын меңгерудің маңызы үлкен. Өйткені бұл жас ұрпаққа сапалы білім берудің негізі болып табылады. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту заманның басты талабы.

Жаңа педагогикалық технологияны меңгерту мұғалімнің зейін – зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі - дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Оқу-тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің алғашқы шарты: мұғалімнің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының «білім туралы» Заңында «Білім құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Шет тілді оқытудағы негізгі мақсат шет тілді коммуникативті қалыптастыру және дамыту, оны еркін игеру. Шет тілі - қазіргі заманның талабына сай, қоғамның

экономикалық, ғылыми- әлеуметтік техникалық және мәдениет дамуының қайнар көзі. Қазір шет тілін оқыту әдістемесінің деңгейі жоғары.

XXI ғасыр - озық технологиялар ғасыры. Сондықтан, беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Осы мақсатта еліміздің болашағы үшін осы мүмкіндікті қалай пайдалану, қоғамды ақпараттандыруды қолға алуда. Мақсатқа жетуде ғылым мен техниканың қазіргі замандағы озық үлгілерін пайдаланып, әлемдік ақпараттық кеңістікте әр түрлі деңгейдегі ақпараттарды қажетіне жарата білу керек. Білім берудің жүйесінің негізі мектеп болғандықтан, мектепте жана технологияларды кеңінен пайдаланудың маңызы ерекше. Сол себепті еліміздің барлық білім беру технологиялармен жабдықталып, мультимедиялық кабинеттер, ашылды.

Оқытудың ақпараттық технологиялары дегенімізді тұтас кешендік компьютерлік және басқа дальноудеріс коланумен болатын дидактикалық әрекетін танығанымыз жен. Поляк педагогы В. Оконь оқыту куралдарын мұғалімнің іс-әрекетін ауыстыру мен білім алушылардың автоматтандыру мүмкіндігінің өсуіне байланысты жіктейді. Осыған сәйкес, оқыту құралдары екі топқа бөлінеді: жәй және күрделі. Жәй құралдар: сөздіктер, оқулықтар және басқа да мәтіндер; карапайым визуалды құралдар: нақтылы заттар, модельдер, суреттер.

Педагогикалық - әдістемелік оқыту барысында оқу міндеттерін шешуге бағытталған оқу құралдары (электронды оқулықтар, электронды курстар, дәрістер, слайд- дәрістер, мультимедиялық презентациялар және т.б.) кеңінен қолданылады. Бұл технологияларды әсіресе шетел тілін үйренуде пайдасы өте зор. Себебі, тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Ал оны толықтай меңгеру үшін оқулықтың аздық етері Адам көру, есту тіл арқылы қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді.

Тіл үйрену барысында жаңа технологияларды қолдана отырып, педагогикалық калыптасқан жазу, тыңдау, түсіну, сөйлеу дағдыларын калыптастыруға әбден болады. Осы жаңа инновациялық технологиялардың ішіндегі ACTIVboard интерактивті революциялық жабдық екендігі даусыз. Тақтаны колдану үшін бар болғаны компьютерлік білімін такта жабдықтарды болып, инновациялық құрал колдана білу шеберлігініз жетіп жатыр. Ең алдымен интерактивті тақтамен танысып алайык. Компьютер және интерактивті құралдар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстармен зандылықтарды табуға өздерінің кәсіби итеріп, нәтижесінде шеберлігінің қалыптасуына жол ашу керек, Бүгінгі тандағы ақпараттық қоғам аймағында, оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін

дамытатын жалпы педагогикалық заңдылықтардан тарайтын технологияларды ғана тиімді деп болады. Интерактивті тақтаның мүмкіндіктері оқушыларды Көптеген интерактивті керемет таң қалдырады, шабыттандырады. Көптеген мектептерде интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін білмегендіктен, тек слайд көрнекіліктер көрсетумен ғана шектеліп жүрген мұғалімдер бар. Алайда интерактивті тақтаның қолдану мүмкіншіліктері өте көп. Мысалы, ActiveBoard электрондық тақтасы: талқылауға ерекше бөліп көрсетуге, нақтылауға, материалды қызу қосымша ақпарат қосуға, электрондық маркер арқылы түсін және сызықтың қалыңдығын өзгертуге; сөздер мен сөйлемдердің бір-бірімен байланысын көрсете отырып, тақырыпты немесе сөйлемді толықтай аударуға; flash-анимацияларды пайдаланып, өлеңдер мәтінін жаттауға, суреттермен слайдтар жасауға; ағылшын тілінде сөйлеушілердің дауысымен жазылған видео - роликтер көруге, сол тілде жазылған мәтінді тындауға; тест сұрақтарымен таныстырып, бір топ оқушыны тесттен өткізуге, суреттерді бір фонға қойып, суреттерді кимылдатып сөйлесу ситуациясын ұйымдастыруға; сөзжұмбақтар шешуге, әртүрлі ойындар ойнатуға мүмкіндік береді; электрондық оқулықтарды экран бетіне шығарып көрсетуге болады. ActiveBoard тақтасының дайын бағдарламасын қолдану маңызды.

Ұстаздардың алдына қойған міндеті оқытудың әдіс- тәсілдерін үнемі жетілдіру. Әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін- өзі дамытуға, оның өзіндік шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға қолайлы жағдай жасауға қажетті объективтік әдістемелік мүмкіндіктерді қамтиды. Жаңа технологияны қолдану мына кезеңдер арқылы іске асады:

I кезең: оқып үйрену;

II кезең: меңгеру;

III кезең: өмірге ендіру;

IV кезең: дамыту;

Оқыту үйрету арқылы іске асады. Бұл оқытудың маңызы. Оқыту мен тәрбие егіз үрдіс. Сондықтан да мұғалім инновациялық пайдалануға ықпал ететін технологияны көптеген шартты жағдайларды танып білуі талап етіледі. Жаңа жағдайларда оқытушы дәстүрлі оқу құралдарын ақпараттық технологияларды пайдалануға тиіс. Бүкіләлемдік желі, электрондық білім беру ресурстары өз оқушыларының, сондай-ақ өзінің білімін кеңейтуісі келетін оқытушы - пән мұғалімі үшін жақсы көмекші бола алады.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен

жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі - ағылшын тілін жана технологиялар арқылы оқыту ісі күннен күнге өзекті болып келеді. Тілді акпараттық коммуникативтік технология арқылы оқыту тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады.

Компьютерлік және акпараттық технологиялар заман талабы.

Бұл жұмыстың басты мақсаты компьютер желісін және мультимедиялық электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді колдану, нақтылап айтканда ағылшын тілі сабағында презентацияларды және мультимедиялық электрондық құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде терең колдану.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
- хат жазуға үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

Қазіргі кезде ағылшын тілімен компьютер, телекоммуникациялық құралдарды меңгеруді уақыттың өзі талап етеді, тіпті кейінгі жылдары олардың рөлі зорая түсуде.

Оқушылардың ағылшын тілі пәніне деген қызығушылығын арттыруда көп ізденіп, жаңа акпараттық технологияларды меңгеруді, әр түрлі әдіс-тәсілдерді білуді қажет деп санаймын және мен өз сабақтарымда қолданамын. Және мен өз сабағымда электронды оқулықтарын жиі колданамын. Жана акпараттық құралдарды ағылшын тілі сабағында колданғанда күтілетін нәтижелер:

- үлгерімі төмен оқушыларға көмектеседі;
- оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
- оқушылардың шығармашылығын арттырады;
- оқушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;
- оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;
- пікірталас, талдау, анализ жасау мүмкіндіктерін арттырады;

Шетел тілін оқыту сабақтарында барлық ойын түрлері презентация көмегімен қолдануға болады. Себебі бұл ойындар сабақты сапалы, әрі қызықты етуіне септігін тигізеді.

Лексикалық ойындар сөздерді оқыту барысында қолданады. Компьютер көмегімен ағылшын тілі сабағын ойын арқылы қызықты қылып өткізуге болады. Мысалы: Сөзжұмбақтар, сөзтізбектер, берілген видео бейнені дыбыстау т.б. Шетел тілі сабағында көру, естумен жүргізілетін жұмыс, оқушыны қызықтыра түседі. Жұмыс оқушыны бір жағынан ойлануға жетелесе, екінші жағынан қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, белсенділікке ынталандырады.

Мысалы:

1. Әр оқушы отырған компьютер экранына сөз беріледі. Берілген сөздердің ішінен солдан оңға қарай оқығанда жаңа сөз шығатын сөздерді теріп жаз: raw, read, saw, mug, e.c.t.
2. Берілген сөздерге сөз қосып мағынасы өзгерген сөз жаз: tea + pot, bus + stop, e.t.c
3. Төмендегі әріптерден сөз құрап жаз, бір әріп бір сөзде екі рет қайталанбауы тиіс:

Мысалы, be, eat, dear, read, saw, beat, team, e.t.c.



Сыдыкова Айгерім Серікқызы
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы
Шелек ауылы “Келешек” бөбекжай
балабақшасы

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: Үй жануарлары

Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Олардың адамға тигізер пайдасын айту. Үй жануарларына байланысты жұмбақ, тақпақтар айтқызып сұрақ - жауап арқылы балалардың тілін, ойлау қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету, көрнекілік.

Көрнекілігі: Үй жануарларының суреті, слайд, үйдің, қораның макеті, ойыншықтар.

Барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- Балалар қараңдаршы бүгін бізге қаншама қонақтар келді. Ал келген қонақтарменамандасыпалайық. Амандасу - адамгершіліктің, әдептіліктіңбаспалдағыекен. Сондықтан да қонақтарменамандасыпалайық.

Білерқазақбаласы

Сәлемсөздіңанасы

Көптаныстыкөреміз

Алдымызданкезіккен

Бәріне де ізетпен

Иіліпсәлембереміз.

- Балаларадамдаркүнделіктітіршілікетіпөмірсүретінбаспанасынқалайатаймыз?



- Үй
- Үй қандай бөліктерден тұрады?
- Шатыр, есік, терезе, үйдің қабырғасынан тұрады?
- Үй бөліктері қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды?
- Төбесі үшбұрышқа, есігі, терезесі және қабырғалары тіктөртбұрышқа ұқсайды екен.
- Балалар алдымыздан тұрған үйдің бөліктерінде жұмбақтар жасырынған екен. Егер сендер жұмбақтың шешуін таба тын болсаңдар бүгінгі оқиыс - әрекетімізде қандай тақырып туралы әңгімелейтінімізді табасыңдар.

Жұмбақтар:

1. Қамыс құлақ,
Тостаған тұяқ.
Мінсең қанат
Сүтідәріеті тамақ. (Жылқы)
 2. Екі айнасы бар
Екі найзасы бар (Сиыр)
 3. Үстінде екі тауы бар,
Қызық бір жануар (Түйе)
 4. Кішкене ғана бойы бар
Айналдыра киген тоны бар. (Қой)
 5. Секең - секеңетеді
Таумен - тасқажетеді. (Ешкі)
- Үй жануарларының суретін тақтаға ілу.
 - Біз бүгінгі оқиыс-әрекетінде үй жануарлары туралы әңгімелесеміз.
 - Үй жануарларына қандай жануарлар жатады?

- Төлдерін қалай атаймыз?



Дидактикалық ойын: «Не қандайдыбыс шығарады?»

Ойынның мақсаты: Жан-жануарлардың дыбысын үйрету.

Ойынның мазмұны: Тәрбиеші жан-жануарлардың (сурет, не ойыншық) көрсетіп, сұраққа-жауап беруін талап етеді. Қой маңырайды, сиыр мөңірейді, ит үреді - деп жауап береді.

- Неліктен олар үй жануарлары деп аталады?

- Үй жануарларының қандай пайдасы бар?

Жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, адамның үйінің маңайында тіршілік етеді. Сол үшін үй хайуандары деп аталады.

Үй хайуандары адамға көп пайда келтіреді.

Жылқыға мінеді, оны арба мен шанаға жегеді, сүтінен қымыз ашытады. Семіздерін қыста соғымға сояды, терісін сатып ақша қылады. Түйеге жүкартады, жабағысы күліге жақсы болады. Сиыр мен қой адамды етімен, сүтімен асырайды.

Сергітүсеті: «Қошақан» әні

Қошақаным тұршы,

Беті—қолыңды жушы,

Айнаға қарашы,

Шашыңды тарашы.

Орныға отыршы.

- Үй жануарлары туралы тақпақтар білесіңдерме?

Шұғыла:

Ақбұзауым ұнайды

Мө - мөдеп сүт сұрайды.

Келеді өсіп күн сайын,

Тұмсығын созып қарайды

Әлия:

Кіп - кішкенемомақан

Қошақандыұнатам

Сүйедіапамқозымдеп

Қошақанымқозымдеп

Назерке:

Құлыншағымқұндызым

Құлдырайдышабады

Жылтылдағанжұлдызым

Құстайқанатқағады.

Дулыға:

Шөре - шөрелағым,

Тентекболмашырағым.

Секектемедеміңді ал,

Селтеңдемейқұлағың.

Байтұрсын:

Айналайын ботам

Қандайкүлтежотаң.

Табандарыңжалпақ,

Теріпжейсіңжантақ.

Дидактикалықойын: «Қайсысыартық» ойыны.

Ойыншарты: Балаларғаслайдтанүйжануарлары мен жабайыандардыңараласқойылғансуретінкөрсетіп, соныңішіндеқайжануарартықекенінайту.

Қорытынды:

- Балалар, сендербүгінгісабаққаөтежақсықатыстыңдар.

Сендерөтеақылдысыңдар. Жануарларбіздіөзініңсүйкімділігімен, адамғадегендостығыменқуантады.

Сондықтанүйжануарларынаэрқашанқамқорлықжасапжүріңдер.

Мақтау, мадақтау.

Тлеубаева Анара Амантаевна

Оқушылардың ойлау қабілетін логикалық есептер шығару арқылы дамыту

Математиканы оқуда ,еңбекке деген оң көзқарас жүзеге асырылатын оқу үрдісіне қалыптаса бастайды.Оқушының оқуға деген дайындығын қалыптастыратын барлық нәрсе осы математиканы оқу барысында қалыптасады.

Математика сабағында өздігінен жұмыс істеудің тәрбиелік мәні бар.Тек өздігінен жұмыс істегенде ғана оқушы өз мүмкіндіктерін біледі.Математиканы оқып еңбектену барысында оқушының рухани өмірінің байлығы : ой өрісі мен сезімдерінің тереңдігі,қиял еркінің күші ашылып,мінезінің негізгі қырлары қалыптасады.

Қазақстан Республикасының білім беру стандартында білім берудің басты міндеті логикалық ойлауды дамыту болып табылатындығы атап айтылған.Бастауыш сынып-оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі.Бастауыш сыныпта балалардың ойлары нақты бейнеліден абстрактылы логикалық ойлауға қарай дамиды.

Логикалық ойлауды дамыту туралы сөз етпес бұрын логика туралы қысқаша айтып кету керек.Логика-(грек тілінен алынған logic –сөз ,ой,ойлау,ақыл-ой)ойлаудың заңдылықтары мен түрлері туралы ғылым.

Оқушыларды логикалық ойлауға қалай үйретуге болады? Бастауыш сынып оқушыларын логикалық ойлауға үйретуге бола ма? Балаларға жас ерекшелігіне байланысты қандай қиындықтағы тапсырмалар беру керек?

Мұғалімнің басшылығымен балалар түрлі есептер мен тапсырмалар орындай отыра логикалық тәсілдер қолдануды үйренеді.Сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушының ойлау қабілеті дамып,ізденуге ,өз жұмыстарының ойларын ортаға салуға дағдыланады,сөз қорлары молаяды.Олардың басқа пәнге қарағанда математика ойлау,есте сақтауын қажет етеді,қызығушылығы оянып,ой-өрісі дамып,алған білімдерін анықтайды.

Оқушының математикалық ойлауы дамуы үшін түрлі тапсырмаларды орындауы тиіс.

- 1.Өз бетінше есеп шығарудың сан қилы жолын іздестіру.
- 2.Пәнге қызығып,оған көңіл қойып,тереңдете оқып үйрену.
- 3.Сабақ барысында қолданылатын ойындарға ,математикалық сайыстарға ,жарыстарға қатысу.

Осы мәселе тұсындағы өзім жүргізіп жүрген шаралармен таныстырайын.
Есеп шығару көбінесе байқап көру,іздену үрдісімен жүреді.Ойша болжай білу балалардың бойындағы тапқырлық пен аңғарымпаздықты байқатады.Аңғарымпаздық өз білімін пайдалана білудің көрсеткіші.Осы мақсатта дәстүрден тыс қолданылатын әдіс-тәсілдерге математикалық ойындар,ауызша есептер,шығармашылық тапсырмалар қолданылады.»Ойлан тап!» ,»Кім жылдам!»»Тез есепте!»секілді ойындар ойнатуға болады.Бұл ойындарға логикалық ойлаудың деңгейін көтеру мақсатында төмендегідей есептерді сабақ басында немесе соңында беруге болады.

..Логикалық жаттығулар.

- 1.Айжан мен Маржанның әкелерінің аттарын ата.

Айжан мен Маржан –Асқар менМұраттың қыздары.Айжан Асқардың қызынан үш жас кіші болса,бұлардың әр-қайсысының әкелерінің аты кім?

(Айжан-Мұраттың,Маржан-Асқардың қызы)

- 2.Үш ағайынды.

Арман, Аян, Абзал ағайынды үшеуі әр түрлі сыныпта оқиды. Абзал Арманнан, ал Аян Абзалдан кіші емес. Бұл үйдің үлкені ортаншысы, кішісі кім?

(Ең үлкені Аян, ең кішісі Арман, ортаншысы Абзал)

3. Қай ауылдың балалары?

Әділет, Еркін, Ерлік үшеуі лагерьде кездесті. Бұлардың біреуі-Қосқұдықтан, екіншісі-Үштөбеден, үшіншісі-Көктөбеден. Әділет пен Қосқұдықтан келген Еркін екеуі бір бөлмеге орналасты, екеуі де Үштөбеде болып көрмегендігі белгілі болса, қай бала қайдан келген?

(Еркін-Қосқұдықтан, Әділет-Көктөбеден, Ерлік-Үштөбеден).

Қызықты әзіл есептер.

1. Түнгі сағат 10-да жауын жауып тұрса, 24 сағаттан кейін күннің жарық болып

тұруы мүмкін бе?

2. Дорбадағы 10 асықты 10 бала бір-бірлеп алды. Сонда бір асық дорбада қалды.

Бұл қалай?

3. 7 таяқша арқылы 3 үшбұрышты 2 шаршыны қалай құрастыруға болады?

Дидактикалық ойындар.

«Математикалық телефон»

Дидактикалық мақсаты: 20 көлеміндегі сандарды ауызша қосуға және азайтуға жаттықтыру.

Керекті құралдар: Ойыншық телефон, картон қағаздан дайындалған телефон тұтқасы.

Мазмұны: Бұл ойынды мұғалім мен сынып толығымен болып, екі оқушы дара, немесе бір оқушымен сынып болып ойнайды. Күнделікті өз үйлеріндегі телефонмен сөйлескендегі сияқты екі бала бір-біріне математикалық тапсырмалар беріп, жауабын алады. Ойынға қатыспаған балалар олардың жауаптарының дұрыс не бұрыстығын тексеріп отырады. Бір бала сұрақ қояды, ал екінші бала жауап береді. Жауап бере алмаса орнына отырады

да, ойынды басқа бала жалғастырады. Осылайша тездетте отырып, бүкіл сыныптың балаларын толық қамтуға болады.

Тапсырмаларды түрлендіріп, күрделендіріп жалғастырып ойнай беруге болады.

2. Оқушылардың ойлау қабілеттерін логикалық есептер арқылы дамыту.

Математиканы оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың программалық материалдарды меңгеруі берік білімдеріне, сонымен бірге математиканы оқытудағы қызығушылығын дамытуға да байланысты.

Сынып оқушылары бірдей емес. Олардың ішінде математиканы сүйіп оқитын, оған ынтасы зор да бар. Оларды жеңіл бірыңғай жаттығулар орындау жалықтырады. Сондықтан белгілі бір ережені меңгеретін жаттығуларды орындағанда оларға қиынырақ тапсырмалар, міндетті емес тапсырмалар беру қажет.

Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында бастауыш сыныптан бастап логикалық есептерді шығару керек.

Ұлы ғалым Д.И. Менделеев мұғалімдердің ғылымының сарқылмас көзін ашудағы еңбектерін жоғары бағалаған. Ғылымда мұғалім ғана оқушыларына терең де мағыналы білім бере алады деген.

Оқушылардың білімді меңгеру үрдісі негізінен мына компоненттерден тұрады.

1. Қабылдау.

2. Түсіну.

3. Есте сақтау.

4.Қорыту және жүйелеу.

Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаев былай деген: Ойлауды өркендету жолдары.Ойлау-жанның өте бір қиын,терең ісі.Жас балаға ойлау тым ауыр.Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде басқыштап іс істеу керек.

Өркендету жолдары мыналар:

- 1.Баланың жанында ашық суреттердің болуына жағдай жасау керек.Себебі адам суреттер бойынша ойлайды.Сондықтан бала пікір айту үшін суреттен шығарып алсын.
- 2.Бала заттарды,көріністерді ,ұқсас сандары бойынша топ-топқа бөлу.
- 3.Бала көрністерінің ,ойларының аралығындағы байламды ,олардың қайсысы қайсысына себеп екенін біліп үйренсін.Бұл арқылы балаға мысалдардан ерекше заң шығарып үйренеді.

Жаңа буын математика оқулықтарында жасыл қоршаудағы стандартты емес тапсырмалар берілген.Бұл материал қазіргі математиканың бастауыш буынының білім мазмұнындағы –төртінші блок-мазмұндық логикалық есептер.Әрбір сабақ қызықты есептермен аяқталып,логикалық есептер баланың жас ерекшелігіне қарай күрделене түсуі қажет.

Оқулықтағы шығармашылық жаттығулар оқушылардан тек математикалық білім емес,күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі жағдайға байланысты білім талап етілетін тапсырмалар.Бұлар негізінен оқушылардың байқағыштығын ,ойлауын,қиялын дамытуға негізделген.

3.Баланың ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық ойындар.

Ойын-баланың даму құралы,тәрбиелік дамытушылық мәнге ие бола отырып ,адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.А.С.Макаренко былай деп жазды:Бала өмірінде ойынның маңызы зор,ересек адам үшін еңбектің,жұмыстың,қызметтің қандай маңызы болса ,нақ сондай маңызы бар.Бала ойында қандай болса ,өскенде сол жұмыста да көп жағынан сондай болады.Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады.Математика сабағында қазақтың ұлттық ойындары қолданылады.Мысалы: Сақина салу,Ақсүйек ойыны белгісіз санды табуға арналған ойын. Атау ұйқастарын санау арқылы оқушылар сан үйренеді.санға аты ұйқас заттарды танып біледі.Санамақтар сан үйретеді,әрі дүние танытады.Ойында балалар әр нәрсеге жақсы зейін қояды және көбірек есіне сақтайды.Ойын үстінде ол алға қойылған мақсатты шұғыл және оңай жүзеге асырады.Ойын шарттарының өзі баладан заттарға айналатын көріністер мен сюжетке зейін тоқтатуды талап етеді.

Сабақ үстінде жүргізілетін дамытуға арналған логикалық ойындар баланың ойлау белсенділігін қажет етеді.Сондықтан сабақта оқушылардың ойлау қабілетін арттыратын түрлі логикалық тапсырмаларды қолданып ,балалардың пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды көздеймін.

№19 Раушан бөбекжай бақшасы
Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені

Турлыбекова Гулзада Уайсовна

Балабақша - бақыт мекені

Балабақша - баланың өмірге аттаған, алғашқы қадамы. Басқан алғашқы қадамынан, баланың болашағы қаланады. Балабақшада берілген тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы әрі жан – жақты тәрбиемен дамыту негізін қалайтын орын.

Балабақша – білім мен ортаға биімделудің тірегі, бастамасы десек, ал тәрбиеші – сол балабақшаның жүрегі, яғни олардың қолында баланың тағдыры тұрады. Біздің мамандығымыздың қыры да, сыры да сол – күнсайын көзалдымызда өсіп, дамып келе жатқан жасұрпақпен жұмыс істеу.

Өмірге келген әрбір нәресте отбасында ата-анасынан бастап, барлық туған-туыстардың махаббаты мен жылулық шапағатына бөленіп өседі. Әр отбасында тәлім – тәрбие алып 3 жасқа толғанда ата-аналар жүректерінің бір-бөлшегін сеніп, толықтай бір күнге балабақшаға әкеліп тапсырады. Сол орайда ананың орнына ана бола білетін ол-балабақша тәрбиешісі. Әрбір кішкентай ғана бүлдіршінді өмірге енді аяқ басқан сәттен көңілінің кілтін тауып, олардың жеке тұлға болып қалыптасуына үлес қосатын алтын ұя-балабақша. Аса сабырлықты, шыдамдылықты, жылулықты қажеттетін үлкен кәсіп иелері жұмыс атқарады. Өйткені, бұл мамандық иелерінің мойнына, ешнәрседен хабары жоқ, мыңдаған тарыдай ғана бүлдіршіндердің бойына білім нәрін сеуіп, тәрбие беріп, таудай азамат етіп шығару міндеті жүктеледі. Баланың да жеке тұлғасы қаланып, тұлғаның «Мені» қаланатын кезеңі де – балабақшада. Ары қарай өмірдің өсу сатысында білім мен тәрбие ұйымдарында қалыптасқан бірізділік жүйе арқылы өз көзқарастарын қалыптастырып, «Мені»-танылып, жеке тұлға ретінде қоршаған ортада өз орындарын тауып, азамат болып қалыптасады.

Отбасында еркелеп, өз дегенін, қалауын орындатып қоятын ерке балалар да жоқ емес. Бір үйдің кенжесі, біреуі тұла бойы тұңғыштары. Бірақ, балаларға бірдей тәрбие беріп, бірыңғай тәртіпке баулитын орта-тағы да ол- балабақша.

Балабақшадағы оқу қызметтері бес сала бойынша іске асырылып, барлығы ойын түрінде балалар бойына білім нәрін сусындатады. Тілдері дамып ортаға биімделіп, қарым-қатынасқа негізі қалыптасады., Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру арқылы оң мен солын, ұзын қысқа үлкен кішісін ажыратуға, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу арқылы шығармашылықтары дамытылып, түрлі ойындар арқылы әлеуметтік ортаға бейімделулері, қоршаған ортада табиғат құбылыстарымен жақын танысып, ортаға жылдамырақ үйренеді. . Өздері әр түрлі рөлдерді сомдай отырып, салмақтауды үйренеді, сонымен бірге шынығып, салауатты өмір салтын ұстап баланың өсуі жолында да берілетін осы балабақша жұмысының еңбегі ұшан теңіз. Тәрбиеші балаларға білім беру үшін баланың іс-әрекеті , ойын арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттырып, көздеген мақсатқа жеткізу арқылы білім нәрімен сусындатады. Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол болған еңбек жолындағы педагогикалық ұстанымым -үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр баланың бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу. Балабақшаны-бала бағбандарының мекені деп тани отырып, балабақшаны- болашақтың қақпасы деп білуіміз керек.

Болашақтың қақпасы-әрбір бақша табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің қадамдарында ертеңге деген нық сенім, жүректерінде патриоттық сезімдері жалындаған ұлт- ұрпағын тәрбиелейтін білім мен тәрбие беретін алтын қақпа болуы тиіс. Қазіргі заман талабына сай өнерлі, шығармашылыққа бай, жан-жақты дамыған, өздерінің жағымды жақтарын көрсете білетін, өз ойларын ашық айтатын ұрпақ тәрбиелей отырып, мәңгілік ел болып қалыптасудың алғашқы қадамдары деп білемін. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, кімнің пікірімен бөліссек те балабақшаға барған баламен,

балабақшаға бармаған баланың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Қай жағынан болмасын – адамдармен қарым-қатынас жасағанда да, сөйлеу мәнерлерінде де, өз ойларын жеткізе білуде де және басқада жағдайларда да айырмашылық көп.

Ата-ана балаларын балабақшаға берместен бұрын «ол жерде балам не үйреніп шығады, тәрбиеші қандай болады екен?»- деген сұрақтар мазалайтыны түсінікті. Сондықтан да балабақша-тек балаға бас көз болып қарайтын, осы еңбектері үшін мемлекеттен жалақы алатын адамдардың жұмыс орны деп қарамау керек. Керісінше, балабақша менің балама білмегенді үйретіп, жақсыны беріп, жаманнан жирендіретін, білімді де білікті мамандардың ордасы деп білуі керек. Сонымен қатар балаларын өздерінен де асқан жауапкершілікпен бала тәрбиесіне мән беретін – сенімді тұлғалардың мекені деп те баға беретіндей дәрежеге жеткізуіміз керек.

Балабақшада дұрыс тәлім – тәрбие бере алсақ, ол ертең мектепке барып саналы түрде сапалы білім алуға тырысады. Соның нәтижесінде елін сүйген азамат болып шығады. Біз, тәрбиешілер, әр түрлі болашақ мамандық иелерін тәрбиелеп жатырмыз десем артық болмас. Болашақ заңгерлерді – әділдікке үйрету, дәрігерлерді – жауапкершілікке баулу, мейірімділікке үйрету, құрылысшыларды – нақтылыққа тәрбиелеу – барлығы тәрбиешінің қолында. Сондықтан да өз бойымызда әділдік те, мейірімділік те, жауапкершілік те болу қажет.

Балабақша – баланың жүйелі түрде білім – тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық ошағы. Балабақшаның балаға беретін тәлім – тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға, ұстазға байланысты. Баланың болашаққа қадам алып, жан-жақты, қоршаған ортасымен танысып, ең бірінші білім мен тәрбие алатын орны – балабақша. Сондықтан тәрбиешілер бүгінгі күннің жаңалығынан сырт қалмай, үнемі ізденіс үстінде жүру керек. «Мұғалімнің ең жауапты міндеті – ол адамды қалыптастырады.» М.И.Калинин, міне, біздің міндетіміз айқын. Олай болса заман талабынан қалмай, болашақ жастарымызды тәрбиелейік. Балабақша баланы ең алдымен тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді. Бала тәрбиесі бесіктен басталады. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болады. Қазіргі заманда әр отбасында дүниеге келген сәбиді, өсіп жатқан буынды өзінің ана тілімен сөйлету-ұлттық қасиетіміздің дамуының бірден бір жолы. Мектепке дейінгі тәрбие саласында ұлттық тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі-халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ана тілінде түрлендіріп, сол арқылы баланың тілін дамыту. Әрбір баланың өз ана тілінде тілі шығып, сол тілде ойлау, сөйлеу қабілетінің дамуы, ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуы, патриоттық сезімдерін ояту жолдары болып табылады. Ана тілінің қадір-қасиетін жастайынан түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар, таза, пәк, инабатты, биязы болып өсетініне өмір тәжірибесі куә.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні «Ағаш түзу өсу үшін, оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда, оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, алдымызға келген әр бір бүлдіршінге балабақшадан бастап тәлім-тәрбие беріп ұлтжандылыққа, патриоттыққа тәрбиелейік. Балабақша бақыттың ең бірінші баспалдағы, баланың болашағы.

Туркистан қаласы, М. Пошанов атындағы 21 жалпы орта мектеп

Орыс тілі мұғалімі

Турманова Айгул Амирбековна



Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша орыс сыныптарында қазақ тілі сабағын жүргізудегі әдіс-тәсілдер.

Биылғы жылы білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасы мектеп бағдарламасына енгізілді. Жаңартылған бағдарламамен жүргізілетін сабақ қандай сабақ? - деген сұрақ бәрімізді толғандырады. Дегенмен де ұлтымыздың ұлы ұстазы, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, ірі ғалым, туған халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған мәдениет қайраткері Ахмет Байтұрсынов бабамыз: «Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық, Жүріңдер, іздеп тауып алалық та!» - деген екен. Сол кетпес байлықты оқушылар мектептен іздеп келеді. Біздер, мұғалімдер сол балаларға өшпес жарық сыйлаймыз.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында Еліміздің жаңа кезеңге аяқ басқанын және де Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғаны туралы жариялаған болатын.

Осы мақаладағы «Ұлттық бірегейлікті сақтау» бағытында Ұлттық жаңғыру дегеннің өзі сонау ерте замандардағы ұлттық сананың кемелденуі дегенді білдіреді екен. Ендеше ұлтымыздың ұлы ұстазы А.Байтұрсынов сол кездің өзінде-ақ «Бала білімді тәрбие арқылы өздігінен алуы керек, Мұғалімнің қызметі оның білімінің, әдісті шебер қолдануының орны.» - деген екен.

Қазіргі білімнің салтанат құрған кезінде біз болашақ иелерін сол қазақ халқынан шыққан ғұлама даналарымыздың үлгі өнегелерімен рухани мәдениетімізді көтеруіміз керек деп ойлаймын. Бүгінгі білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескертіліп жасалып отыр.

Жаңартылған бағдарлама бойынша өзім қолданып жүрген бірнеше әдістер оқушыларды проблемаларды шешуге және шешімдер қабылдай білуге, оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы. Мәселен, коммуникативті әдіс- тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын құрудағы негізгі бағдар болып табылады. Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. АКТ оқушы білімінің , оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі. Күнделікті білім бері үрдісі оқу мақсаттарына жетуге және алынған білімдері мен дағдыларын кез келген оқу, өмір жағдайында пайдалануға дайындығын қалыптастырады. Оқыту әдіс-тәсілдері

оқушылардың бойына адами құндылықтарды қалыптастыруды көздейді. Олар қазақстандық отансүйгіштікке, азаматтық жауапкершілікке, үлкенге құрмет, кішіге ізет, ынтымақтастық, ашықтық, өмірге бейімділікке тәрбиеленеді. Ең бастысы, оқушылар интербелсенді оқыту әрекеті арқылы үлкен нәтижелерге қол жеткізе алады. Өйткені оқушы санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істері қалады. Қытай ғұламасы Конфуций былай деген екен: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» - осы пікір жаңартылған әдіс-тәсілдердің оқушылардың өздері жасай отырып есте сақтап, үйренеді дегенге сәйкес келеді.

«Интервью» әдісі арқылы оқушылар арасынан бір оқушы журналист болып, кез келген тақырып бойынша бір-біріне түрлі сұрақтар қойып, сұхбаттасады. Белсенділік танытқан оқушыларды қалыптастырушы бағалау сөздермен қанаттандырып отыру, олардың қызығушылығын, сабақта белсенділігін арттырады.

«Ойлан! Жұптас! Бірік!», әдісі оқушылар интернет желісінен алынған бейне көріністерді көріп, тыңдайды, көрініс орта тұсынан тоқтатылып, оқушыларға оқиғаны қалай жалғастырар едіңіздер?- деген сауал қойылады. Бұл тапсырманы орындау үшін оқушылар жұпқа бөлінеді. Бұл **«Стоп кадр!» әдісінің** қолданылуы. Дәл осы көрініске байланысты тағы да басқа әдіс-тәсілді қолдануға болады. Ол үшін оқушылар бейнекөріністі соңына дейін тыңдап, **«Креативті матрица» әдісін** орындайды. Мұнда оқушылар тор көздердегі берілген сөздерден тыңдаған бейнекөрініске байланысты сөйлемдер құрастырады, артық сөзді анықтайды.

Оқушыларға осы бейнекөріністі көріп, тыңдағаннан кейін түрлі тапсырма беруге мүмкіндік бар, оның тағы бірі **«Сұрақ- сандық» әдісі**. Оқушылар бейне көріністі аяғына дейін көріп болып, екі топ бір-біріне көрініс мазмұны бойынша жазған сұрақ-сандықтарымен алмасып жауап беру арқылы орындалған тапсырма да олардың ой-өрістерін, қазақ тілінде сөйлеу тілдерін жетілдіреді.

Сабақтағы кері байланысты **«Бес саусақ» әдісі** арқылы жүргізуге болады. Оқушылар бүгінгі сабақта нені білгені, қандай жетістіктерге қол жеткізгені, қай тапсырмадан қиналғаны, сабақтағы көңіл-күйінің қандай болғаны, сабақтың ұнаған-ұнамағаны туралы айтады.

Жаңартылған бағдарлама бойынша сабақтарда қолданылатын әдіс-тәсілдер сан алуан. Олардың барлығы да оқушыларға пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірлерін дәлелдей білуге, шешімдер қабылдап, қиын мәселелерді шеше білуге, терең ойлана білуге, өз идеяларымен әрекеттерін талдап, оларға баға беруге үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияның элементтерін қолдану. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. 2015, №5, 14-22-б
2. Оқушыларды сын тұрғысынан оқыту тәсілдері. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. 2015, №3. 11-14-б
3. Г.Т.Тұрсынова, А.А.Қасымбек «Қазақ тілі әдістемелік нұсқау» «Арман ПВ», 2012
4. С.Тұрсынғалиева, Р.Зайкенова «Қазақ әдебиеті мұғалім кітабы» «Арман ПВ», 2017
5. Ғаламтор материалдары
<http://www.tilortalyq.kz/kk/534.html> «Қазақ тілі сабағында ойналатын ойындар жинағы»

**Маңғыстау облысы Ақтау қаласы
Көру қабілет бұзылған балаларға арналған
№1арнайы балабақшасы "КММ**

Турманова Мадина Тилегеновна



Аяулы анашым

Мақсаты: Балаларға көктем туралы, 8- наурыз мерекесі туралы түсінік беру, отбасындағы ананың орнын, анаға деген құрметті ұғындыру, еліне,жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілікке, қамқорлыққа, достыққа, ұйымшылдыққа баулу және әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Біз ғана емес, қадір тұтқан бабалар

Аналардан туған небір даналар.

Ана деген тіршіліктің тірегі,

Армысыздар, құрметті аналар!

Қош, келдіңіздер! Аяулы аналар, қызғалдақ қыздар, қадірлі тәрбиешілер! Көңілдеріңізге

көктем шуағындай сезім мен нұр құйып келген 8 – наурыз халықаралық әйелдер мерекесімен шың жүректен құттықтаймын.

Бүгінгі «Аяулы анашым» - атты

ертеңгілігіміз сіздерге арналады.

Ертеңгіліктің барысы: Балалар музыка әуенімен кіріп тұрады.

Жүргізуші:

Бала, бала, бала

деп,

Түнде шошып оянған.

Түн ұйқысын төрт бөліп,

Ол кім?

Балалар бірге: Ана, Ана, Ана

Жүргізуші:

Той пердесін ашайық,

Тойға шашу шашайық.

Аналарды құрметтеп,

Ән маржанын шашайық.

2.Ән: «Көктем келді далама»

Жүргізуші: Ал енді балаларымызды «Аяулы анашым» мейрамханасына отырғызайық. Ал біздің мейрамханамыздың иесі біздің балалар. Бірінші үстелде қандай ас мәзірін дайын екен.

1 ші тапсырыс:

«Аналарға жылы лебіз»

Жүргізуші:

Ақ анашым, әппағым.

Өзің жайлы тақпағым.

Арналады сіздерге.

Бар баланың тақпағы-дей отыра сіздерге арналған тақпақтарын қабыл алыңыздар!

3.Тақпақтар: (Айкөркем,Аделина,Айсауле,Бегім,Алия,Амина,Аружан,Айша, Аниса)

Жүргізуші: Жарайсындар қыздар өте тамаша!

Ал келесі мәзірімізде аналарымызға ұлдарымыз дәмді тағамдар әзірлепті.

«Аяулы анашым» мейрамханасында ұлдарымыздың аспазшылар биін тамашалаңыздар.

4.«Аспазшылар» биі

5. Тақпақтар ұлдардың тақпақтары

Жүргізуші.Қариясы бар үйдің қазынасы бар демекші балаларымыздың **6.«Әже»** жайлы әнін тамашалаңыздар.(Аділ мен Айкөркем)

Жүргізуші:Жарайсындар балалар рахмет!

8.Би : Балалар біздің аналарымыз «Шәйға тәтті жегіміз келеді деп отыр

Мың бұралған ақ қайындай,

Бишілер шықсын ортаға,

Ал ендеше қол соғайық,

Қошеметпен қолқала,- дей алдарыңызда тәтті қыздарымыздың «Гүлдер»

биін тамашалаңыздар.

9.Ойын: «Сәнді қыздар»

Жүргізуші:Келесі балаларымыздың орындауында аналарға арнаған

10.Ән: «Ана деп ән салам»

Жүргізуші:

Біз сыйлықты дүкенен сатып алмаймыз.

Өз өнерімізді қолымыздан жасаймыз,балалардың аналарына сыйлықтары

Жүргізуші:

Күндеріңіз толсын гүлге, желекке

Отбасында болсын ырыс-береке

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді

Өмір-думан, бақ әкелсін мереке -дей отыра бүгінгі 8 наурыз мерекеге арналған ертеңгілігіміз аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет.

г.Шымкент,Школа -интернат «Умит» с нарушением зрения.

Преподаватель начальных классов

Турумбетова Гульнара Байдабековна

СЫНЫПТАН ТЫС ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ- ЖАУАПТЫ ІС

Бастауыш мектептің негізгі міндеті – баланың жеке тұлға ретінде қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін оның қабілеттерін анықтау және дамыту. Өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасуы, өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігі мен білімділігін талап етеді. Ал, осы аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін күнделікті сабақ үдерісінің жанды бір бөлігі – сабақтан тыс тәрбие жұмыстарының атқаратын рөлі өте зор.

Сыныптан тыс жұмыс – сабақтан тыс уақытта, баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға қажетті жағдай жасайтын, оқытушының оқушылармен оқу бағдарламасының шеңберіне кірмейтін және оқу кестесінен тыс мектепте өткізілетін әртүрлі тәрбиелік мағынасы бар іс-шаралар. Қазіргі кезеңдегі Қазақстанда болып жатқан түбегейлі өзгерістер, елдің жалпы білім беретін мектептеріне де өз ықпалын тигізуде. Әсіресе жас жеткіншектерге ұлттық тәрбие беру, оны оқу-тәрбие процесіне енгізу мәселесі өркенді өрістеуде.

Осы орайда ұзақ жылғы еңбек тәжірибемде сабақтан тыс жұмыстарына ерекше мән-маңыз беріп, бірқатар нақтылы нәтижелерге қол жеткіздім деп айта аламын. Әлбетте, білім мен тәрбие егіз ұғым, оларды ұштастыра отырып жұмыс жүргізу әрбір мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Осы тұрғыда тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес сыныптан тыс іс-шараларды жүйелі түрде атқару шәкірттер бойында адамгершілік, қайырымдалық, жауапкершілік сынды ізгі қасиеттерді қалыптастырады. Түрлі сайыстар мен ашық тәрбие сағаттар, жас жеткіншектерді ұлттық рухта тәрбиелеуге қатысты ата-аналармен болған пікірталас, ұлттық спорт түрлері бойынша өткен қызықты жарыстар, сондай-ақ еліміздің Наурыз мейрамы, Халықтар бірлігі, Конституция, Тәуелсіздік күні сияқты ең басты, айтулы мерекелеріне орай ұйымдастырылған сабақтан тыс іс-шаралар.

Бұл шаралардың барлығына оқушылардың барынша мол қамтылуы ескерілді. Тіпті оқуға олақ, ұяң балалардың да қызығушылығын оятып, сыныптық іс-шараларға қатыстыруға ерекше маңыз берілді. Өткізілген іс-шаралардың дені – шәкірттер бойына ұлттық тәрбиенің негізін сіңіруге арналды.

Бұндай іс-шараларда білім мен тәрбиенің үш тағаны – мектеп, мұғалім, ата-аналардың бірлігі жақсы көрініс тапты. Барша іс-шаралардың көзайым көрермендері, сондай-ақ жеткіншектердің өрімтал өнерлері мен білім-білік, талап-тілектеріне әділқазылық еткен де осы – ата-аналар мен мектеп басшылығы, тәжірибесі ұшан-теңіз, аузы дуалы, сөзі уәлі ардагер ұстаздар болды.

Қай заманда болмасын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім -тәрбиесі болатыны белгілі. Егемен қазақ мемлекетінің болашақ ұрпақтарының ұлттық сана-сезімін, мінез-құлқын оның сонау ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрлері мен сабақтастыра тәрбиелеу – қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет болуы, қазақ

тілінің мемлекеттік мәртебе алуы, «Білім туралы» заңының қабылдануы өскелең ұрпақ тәлім-тәрбиесіне жаңаша қарап, ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың салт-дәстүрлер негізінде тәрбиелеуді мақсат етіп қойды. Осыған орай мен өзімнің сабақтан тыс жұмыстарымда мынандай міндеттерді орындауға ұмтылдым:

- оқушыларды ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу;

- теориялық білім, білік дағдыларын олардың қабілеттері мен дара ерекшеліктеріне сай, ой-өрісін, талғамын, дүниетанымын кеңейтіп, дамыта отырып, оқытып тәрбиелеу;

- әр оқушыны дара тұлға ретінде қарастырып, оның жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау;

- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату;

- ана тілін, дінін, оның тарихын, мәдениетін, өмірін, кәсібін қастерлеп, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларын меңгерту;

- сыныптың тәрбие жүйесін ұлттық мәдениет пен ұлттық педагогика идеяларына негіздеу.

Өскелең ұрпақ туған жері мен халқының перзенті. Ол қайда жүрсе де, өз ұлтының жарқын болашағы, әрі өкілі. Сондықтан ұлттық тәрбиеде отбасы мен мектептің рөлі және алатын орындары ерекше. Өйткені, отбасы мен мектепте жеке тұлғаға халықтың салт-дәстүрлер негізінде ұлттық тәлім-тәрбие беріледі. Ұлттық тәрбиенің нақты қалыптасуындағы ең шешуші орын отбасы болып табылады. Себебі, халқымыз «баланы жастан» деп текке айтпаған. Сондықтан да, алдымызға қойған мақсат пен міндеттерге негізделе отырып, мектепте оқушылар ұлттық дәстүрмен шектеле тәрбиеленуі керек. Яғни, тәрбиенің алғашқы ошағы – отбасы, ал екіншісі – мектеп пен қоршаған орта. Сондықтан да, ұлттық тәрбие жоғарылауы үшін, ата-ана, мектеп ұжымы әрдайым тығыз қатынаста болуы қажет. Өйткені, халықтық салт-дәстүрлер сан алуан болғандықтан, өзіне отбасынана танымал емес дәстүрлерді бала мектепте біліп, олар туралы кең ұғым алатыны анық.

«Білім жүйесінің басты міндеті жеке тұлғаның ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуы, дамуы және кәсіптік тұрғыда жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау» делінген. Ғұлама жазушы М.Әуезовтің «Ел болам десен, бесігіңді түзе» деген ұлағатты сөзінің мән-мағынасына ой салсақ, тәрбие ұрпақты дүниеге келтіруден басталады, сол тәрбиенің ұлттық бастаулары мен бағдарын жан-жақты пайдаланып, даналықпен дамыта білу керек деген өсиеттің мәні өте зор.

Бастауыш сынып мұғалімі ретінде бұл бай мұраны, сан алуыан салт-дәстүрлерді баланың жас кезеңіне, дара ерекшеліктеріне сай, ұғымына байланысты сыныптан тыс уақытта немесе сабақ барысында сіңіруде педагогикалық тұрғыдан іріктей алдым деп білемін. Соның арқасында бүгінгі күннің жаңару бағыты – жасөспірімдердің дүниетанымының кеңеюі ұлттық мінез-құлықтарының қалыптасуы бағытында біршама табыстарға қол жеткіздік.

«Білім негізі бастауышта» деген сөз тегін айтылмаған, себебі, келешек еліміздің сауатты да салауатты азаматының түрлі қасиеттері осы бастауыш сыныпта қалыптасады. Бастауыш сынып мұғалімі таза, пәк жүректі шәкірт санасында үлкен орынға ие, мәңгі ұмытылмайтын ұстаз болып қалары хақ!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. С.Ахметов. «Бастауыш сыныптарда тәрбие берудің тиімділігін арттыру жолдары», Алматы: «Рауан», 2004.
2. С.Ұзақбаева. «Тамыры терең тәрбие». Алматы: «Білім», 2005.

Усарбай Сайдулла Бахтиёрұлы

Кенесары Қасымұлы атындағы

№82 ЖОББМ

Математика пәнінен мұғалім

Математика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту

Математиканың басқа ғылыми пәндермен өзара байланыстарын іске асыру оқушылардың дүниетанымын дұрыс қалыптастыруға, табиғаттың құбылыстары мен процестерінің бірлігін сезінуге ықпал жасайды. Атап айтқанда, олар математикада материалдық әлемнің кеңістік формалары мен сандық қатынастарын бейнелей отырып, математика болмыстың математикалық модельдері туралы ғылым екендігін оқушылардың түсінуіне себептеседі.

«Сан», «фигура», «туынды», «интеграл», «вектор» ұғымдары реалды болмыстың саналуандылығын айқындайды, сондықтан да олар мектептегі басқа пәндердің қолданбалы есептерін шешуде кеңінен қолданылады. Табиғаттың көптеген заңдарын сипаттайтын сизықтық, квадраттық, логарифмдік, көрсеткіштік және т.б. функционалдық тәуелділіктер табиғатта байқалатын заңдылықтардың жалпылауы болып табылады.

Пәнаралық байланыстарды іске асыру барысында табиғат құбылыстарының біртұтастығы мен өзара байланыстарын көрсете отырып, оқушылардың білім мен білігін тереңдетуге қосымша мүмкіндіктер туады.

Мектеп математика оқулықтарында пәнаралық байланыстарды ашуға келтірілген нақты материалдар саны шектеулі, ал қосымша оқу әдебиеттерінен ондай материалды алып, сабақ барысында пайдалана қою - күрделі мәселе. Және де кезкелген дерлік мектеп пәнінің оқу бағдарламасы пәнаралық байланыстарды қосымша анықтау қажет болады.

Математика сабағында оқу тақырыптарын ашуға, оларды бекітуге, есеп шығартуға, республикамыздың экономикалық жетістіктері мен даму стратегиясын, ұлттық ерекшеліктерін, т.б. сипаттаушы материалдарды іріктеп тандап алуға, оларды мазмұнына кірістіруге студент-болашақ математика пәнінің мұғалімін даярлау қажет. Себебі, мұндай мазмұндағы оқу-әдістемелік құралдар әзерге жоқ есебі

Пәнаралық байланыстарды іске асыру жолдары да жан-жақты. Атап айтсақ:

1) Математикалық ұғымдарды қалыптастыруда сол ұғымның мазмұнын ашу. Сабақтас пәндерде кездесетін ұғымды, мүмкіндігінше, бірімәнді түрде талқылау. Ал бір терминмен аталатын ұғымдардың мазмұндары әртүрлі болып келсе, онда оны оқушыларға (жас ерекшеліктеріне қарай) жете түсіндіру.

2) Математикалық ұғымдарды қалыптастырудағы басқа пәндердің материалдарымен, мәліметтерін қолдану.

3) Пәнаралық есептер және оларға қойылатын талаптар; математикалық модельдеу, абстракция, абстракциялаудың түрлері; т.б. сұрақтарды қарастыру.

4) Математика пәнін оқыту барысында оқушылардың логикалық ой-қабілетін дамыту.

5) Оқытылған материалдың күнделікті өмірдегі және сабақтас пәндердегі практикалық қолданыстарын көрсету.

Аспан, жер, су, тіпті, бізді айнала қоршаған әлемнің бәрінде де геометриялық объектілер толып жатыр. Былайша айтқанда, адам әрқашан да геометриялық әлемнің қоршауында. Салынған сарай - үйлер, жасалған кемелер, көкке ұшқан ұшақтар, күнде көретін ұсақ-түйек заттар - бәрі де геометриялық бейнелер арқылы танылады.

Планиметриядан стереометриялық ауысу кезеңінде оқушылардың санасында кеңістікті сезіну біртіндеп кеңиді. Кеңістікті сезінудегі айқынсыздық, тиянақсыздық оқушыларды X-XI сыныптардағы геометрия курсы толғымымен түсінбеуіне әкеліп соғады.

Стереометрия курсының негізгі мақсаттарының бірі - кеңістіктегі қарапайым геометриялық бейнелердің қалыптасқан көріністерін тереңдету және кеңейту болып табылады. Жаңа күрделі ұғымдар иллюстрациялауды қажет етеді. Мысалы: түзу мен жазықтықтың арасындағы бұрыш, аяқас түзулердің арасындағы бұрыш және оларға ортақ перпендикуляр, берілген екі жақты бұрыштың сызықтық бұрышы, дөңгелек денелер мен көпжақтар және т.б. Нақты мысал ретінде XI сыныпқа арналған геометрия оқулығындағы шардың анықтамасын қарастырайық: «Шар деп берілген нүктеден берілген қашықтықтан артық қашықтықта жататын кеңістіктің барлық нүктелерінен тұратын денені атайды. Бұл нүкте шардың центрі деп, ал берілген арақашықтық шардың радиусы деп аталады. Шардың шекарасы шардың беті немесе сфера деп аталады». [67, 325]. Бұдан оқушыларға беріліп жатқан ұғымдар турасында нақты түсінік алу қиынға соғуы мүмкін. Ал егер анықтаманы бермей тұрып, оқушыларға темірден құйылған шарды, ағаштан

жасалған шарды, допты, т.т. көрсетіп, ол заттардың әртүрлі қасиеттері бар екендігін еске түсірсек, мысалы, темірден жасалған шар - ток өткізеді, суға батады; ағаштан жасалған шар - ток өткізбейді, суға батпайды, т.т. Шарлардың жасалған материалдарының тығыздықтары әртүрлі, түрлері де әртүсті, иістері де әртүрлі, т.т. қасиеттері бар. Бұл заттардың бәріне ортақ бір ғана қасиеті бар - олардың формалары. Енді біз тек сол қасиетті ғана - форманы - еске алсақ - «сфера», «шар» ұғымы шығады - деп, шардың анықтамасын қарапайым тілмен келтірсек, онда, біріншіден, оқулықтағы анықтаманы түсіну қиындыққа соқпайды, екіншіден, ұғымның өмірмен байланысын (абстракциядан пайда болғандығын) көрсетіп кетеміз.

Қабылданған аксиомаларға нақты өмірден мысалдар келтіріп, олардың қолданысын, практикаға қайшылықсыз екендігін көрсетіп отыру қажет. Мектеп стереометрия курсының мына теоремасын (ол негізінде Евклид геометриясының аксиомасы болатыны белгілі) алайық: «Берілген түзде жатпайтын үш нүкте арқылы жазықтық жүргізуге болады және ол тек біреу ғана болады». Шынында да, үш аяқты орындық әрқашан орнықты тұрады. Ал төрт аяқты орындық болу үшін оның барлық аяқтарының ұзындықтары бірдей болуы қажет. Есік (жазықтықтың моделі) екі топсамен бекітілсе кеңістікте шексіз түрлі жағдайларда орналасады, ал егер оны қосымша бір жерінен тіресек (кілтпен, ілгекпен, таспен, т.т.) онда ол есік тек бір ғана жағдайда орналасады. Жоғарыда аталған аксиоманың іс жүзінде орынды болып отырғанын көреміз.

Тәжірибе көрсеткеніндей, 10-11 сыныптарда көрнекі құралдарды қолдану оқушылардың ойлау қабілетінің жас ерекшеліктерін және жеке-дара ерекшеліктерін айрықша еске алып отыруды қажет етеді: кейбір модельдеге тек сілтеме беруге болады, ал басқа ұғымдарды анықтағанда эскиз немесе суретпен шектелуге болады; кейбір модельдерді тек нақты ойлауы басым болып келетін оқушылардың арнайы тобында ғана қолдануға болады. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың параллельдігін немесе перпендикулярлығын, екіжақты және көпжақты бұрыштарды оқытқанда көрнекі модельдердің аса маңыздылығын мектептегі жұмыс практикасы көрсетіп жүр.

Берілген фигураны дұрыс елестету, сызбаны дұрыс орындау үшін оқушылар алдымен кеңістіктегі фигураларды жазықтықта шартты түрде бейнелеудің негізгі талаптарын білулері қажет. Мұндай ережелер оқушылар үшін жазық емес фигураның сызбасын орындаудың бағыттық негізі болып табылады. Жоғары сынып оқушыларын бұл ережелер және әдістер мен геометриялық фигуралардың дербес түрлерін оқыту барысында бірте-бірте таныстыру керек. Бұл кезде параллель проекциялаудың қасиеттеріне және оқушылардың сызба курсында алған білімдері мен біліктеріне сүйеніп отыру қажет.

Негізінде фигураның параллель проекциясы туралы түсінікті қалыптастыру үшін шуақты күні сол фигураның картоннан немесе сымнан жасалған моделінің көлеңкесін қарастыруға болады. Күннің Жерден өте алыс қашықтықта екенін ескере отырып, Күн сәулелерін жуықтап өзара параллель деуге болады.

Кеңістіктегі фигураның кескінінің көрнекілігі сол фигураның проекциялау жазықтығына және проекциялай бағытына қатысты орналасуына тәуелді екені белгілі.

Үшбұрыштың моделінің көлеңкесін бақылай отырып, проекциялау жазықтығына қарағанда түп нұсқаның әртүрлі орналасуы арқылы берілген үшбұрыштың проекциясы кезкелген формадағы үшбұрыш (тіпті кесінді) болуы мүмкін деген ұйғарымға келеміз.

Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың параллельдігін және перпендикулярлығын, екіжақты және көпжақты бұрыштарды оқытқанда картоннан, органикалық шыныдан жасалған көрнекі модельдерді қолдану маңызды.

Жоғары сыныптарда геометрияны оқутыдан бастап көпжақтар ұғымы енгізіледі (параллелепипед, призма, пирамида, дұрыс көпжақтар). Бұл бірінші жағынан, параллельдік пен перпендикулярлықтың қасиеттерін көпжақтар негізінде көрсетуге мүмкіндік береді, екінші жағынан, оқушылардың геометриялық шамаларды, қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.

Геометриялық денелердің көлемін табуды қарастырғанда, егер дене геометриялық формасы болса, онда көлемін

табу есебі математикалық әдіспен шешілмейді, ал физикада мензурканың көмегімен Архимед заңына сүйеніп шығаруға болады.

10-11 сынып оқушылары есептің шарты бойынша «пирамида берілді» десе үшбұрышты немесе төртбұрышты пирамиданы сызады, себебі пирамиданың бұл екі түрі стандартты сызбаларда жиірек кездеседі. Сондықтан әртүрлі дұрыс және емес, табан қабырғаларының саны әртүрлі болатын көпжақтарды бейнелеуді мұғалім өз практикасына еңгізсе, бұл кеңістіктегі фигура туралы абстрактілі ұғымды дұрыс қалыптастыру ықпал етеді.

Айналамыздағы бізді қоршап тұрған нәрселер геометриялық денелер туралы түсінік береді. Мысалы, кристалдар - көпбұрыштардан тұратын геометриялық денелердің пішінін береді. Ондай беттерді көпжақтар дейді.

Табиғи көпжақтар табиғаттағы геометрияның бір айқын көрінісі. Кристалл - қырлы біртекті қатты дене. Гректің «кристаллос» сөзі «мұз» деген ұғымды білдіреді. Бірақ бұл сөз тек қатқан мұздың кристалдарына ғана тән емес. Барлық тас, тау жыныстарының көбі кристалдан тұрады. Металл рудалары, осы рудадан балқытып алынған металдың өзі, тұз, қант және айналамыздағы басқа да толып жатқан нәрселердің көбі кристалды заттар. Кристалдардың ішіндегі ең әдемісі - асыл тастар.

Кристалдардың ерекше қасиеті бар, мұның өзі олардың қандай атомдардан тұратындығына байланысты. Кристалдардың ішкі әлемін рентген сәулесі арқылы зерттеуге болады. Сонда, кристалдағы әрбір атом іргелес атомдардың нақты бір санымен байланысты болады және олар сонымен қосы белгілі ретпен орналасады екен. Әрбір кристалл формасы болады.

Кейбір заттардың бір емес, екі, үш, тіпті одан да көп кристалдық форма түзетіні кездеседі. Әрине, олардың бәрі де белгілі бір нақты тәртіппен орналасады. Мәселен, көміртегі осындай. Атомдардың орналасуына қарай, ол не алмасқа - жер бетіндегі ең әдемі, ең мөлдір, ең қатты тасқа, не кәдімгі қарындаштағы қара сұр түсті жұмсақ графитке айналады.

Кристалдардың басқа да қасиеттері бар. Кристалдың ұзыны мен көлденеңінен жылу біркелкі өтпейді. Қыздырған кезде ол әр бағытта, әр түрлі ұлғаяды.

Көпжақтардың көптеген формаларын (тау хрусталі, алмаз, гранит, т.б.) кристалдар түрінде табиғат өзі жаратқан (28-сурет).



Табиғи кристалдардың арасында тетраэдрдің, октаэдрдің, кубтың, додекаэдрдің формалары айқындалған.

Кристалдардан көптеген қажетті заттар жасайды. Қазіргі кезде дұрыс көпжақтардың формалары архитектурада, тұрмыстық заттарда да кеңінен қолданылады. Мәселен, жартылай өткізгіш кристалдар радиотехникада қолданылады. Сағат тасы да - кристалл. Кристалдың бұдан басқа да қолданылатын жері өте көп.

Мысал-1. Параболаның теңдеуі

Суреттегі көпірді модельдейік.

$$y = -\frac{1}{150}x^2 + \frac{21}{5}x.$$



1-сурет.

- а) Арқа теңдеуінің сызбасын координат осіне салыңыз.
 б) Арқа бір жағынан екіншісіне дейінгі қашықтық қандай?

Шешуі:

$$a. a = -\frac{1}{150} < 0,$$

$$h = -\frac{\frac{21}{5}}{2 \cdot (-\frac{1}{150})} = 315,$$


$$k = f(315) = -\frac{1}{150} \cdot 315^2 + \frac{21}{5} \cdot 315 = 661,5 \text{ V}(315, 661,5)$$

$x=0; y=0$ (0;0) және (630;0) нүктелері x -осімен қиылысады.

б. x -осімен қиылысу нүктелерін пайдаланып, көпірдің ұзындығын табуға болады - 630 m.

Мысал-2. Пифагор теоремасы

Ұзындығы 5 м болатын баспалдақ үйдің жанынан салынған, баспалдақтың көлеңкесінің ұзындығы жерден баспалдаққа дейінгі ара қашықтықтан 1 м-ге кем. Баспалдақтың проекциясының ұзындығын есептеңіз.



2-сурет.

Шешуі: Айталық, x -жерден баспалдыққа дейінгі ара қашықтық болса, онда проекциясының ұзындығы $x-1$ м. Суретте көрсетілгендей баспалдақтың орналасуынан тік бұрышты үшбұрышты көруге болады. Пифагор теоремасын қолдану арқылы есептейміз:

$$x^2 + (x-1)^2 = 5^2$$

$$x^2 + x^2 - 2x + 1 = 25$$

$$2x^2 - 2x - 24 = 0$$

$$x^2 - x - 12 = 0$$

$$(x+3)(x-4)=0$$


Теңдеудің түбірі (-3) шешімі бола алмайды, себебі, теріс сан ұзындық өлшемі бола алмайды, ал $x=4$ – жерден баспалдақтың ұшына дейінгі ара қашықтықты береді. Ал баспалдақ проекциясының ұзындығы 3 м болады.

Мысал-3. Физика+Бильярд ойыны+Геометрия.

Ойыншының мақсаты битоктың неғұрлым жиірек керек жерден табылуына ықпал ету. Яғни сіз оның соққыдан кейін қайда домалайтынын қадағалауыңыз керек.

Бір қарағанда соққының аты соққы сіз қай жақтан соғуды таңдайтындай ғана болып көрінесіз. Алайда, кий ұшының ауданы өте кішкентай ал шар едәуір үлкен. Оны дәл ортаны көздеп немесе ойынды қыздыра түсу үшін сәл жылжыған бағытты таңдаумен соғуға болады. Бильярдшылардың барлығы тоғыз нүктені ерекшелейді шардың қозғалысы соларға тигізуге байланысты.

Міне осы жерде физика іске араласады. Егер шарды тура ортасынан соқса ол қатаң түрде алға қарай қозғалып кедергіге кездесіп тоқтайды. Ал кийдің бір жаққа қарай жылжытқанда шар сол жаққа қарай қосымша айналады.



3-сурет

Егер біз 6 нүктесін соғар болсақ, шар алға қарай домалайды, бірақ көлденең өсінің айналасында кері бағытта айналады. Ол кедергіге кездескен кезде алға итеретін негізгі қозғалыс импульсі жоғалып, қалған қосымша айналу есебінен шар аздап артқа сырғиды. Оңға немесе солға соғу оны сәйкес жағына қарай айналдырады.

Егер битокты төмен қарай 30 градус бұрыштап қрса шар үстелден өтіп, ұшады. Осылайша кедергілерден секіріп өтуге болады. Соққы бүйір тұсқа қарай жылжытпай берілгендіктен үстелге оралғаннан кейін шар түзу бойымен домалайды. Мұндай соққыны көбінесе бильярд тәсілдері шындалған шеберлер қолданады, бірақ әдеттегі ойындарда да қолданылуы әбден мүмкін.



4-сурет


Бильярд үстелі шексіз емес, сондықтан шарлар бір біріне соғылуымен қатар үстелдің жақтауына да тиіп жатады. Шарлардың бұл жағдайдағы әрекеті жайлы физика не дейді?

Мектеп қабырғасынан жақсы білетіндей, түсу бұрышы шағылу бұрышына тең болады. Күн сәулесінің айнаға шағылысы секілді тік ұшқан шар үстел жақтауынан кері серпіледі. Ал шар оңға немесе солға бұрылған болса жақтауға соғылған кезде ол қосымша айналымға ие болып траекториясын бұзады. Оңға

қарай бұрылған шар суретте қызыл траектория жақтауға жақын барады, солға бұрылған шар көк кеңірек бұрышпен домалайды.

Мысал-1. Дыбыс зорайтқыштар ЕСЕП

Алаңға 13 дыбыс зорайтқыш орнатылған: бұлар біреуінде, екіншісінде 9 аппарат болатын екі топқа бөлініп орналасқан. Топтардың аралығы 50 м. Екі топтың даусы бірдей күшпен естілу үшін қай жерде тұру керек?



5-сурет

ШЕШУІ

Егер аппараты аз топтан ізделінді нүктеге дейінгі қашықтықты x арқылы белгілесек, онда оның аппараты көп топқа дейінгі қашықтығы $50-x$ арқылы өрнектеледі (16-сурет). Дыбыс күшінің ара қашықтықтың квадратына пропорционал әлсірейтінін ескере отырып, мына теңдеуді шығарып аламыз:

$$\frac{4}{9} = \frac{x^2}{(50-x)^2}$$

ықшамдаған соң бұл мына түрге келеді:

$$x^2 + 80x - 2000 = 0,$$

Мұны шешіп, екі түбір табамыз:

$$x_1 = 20,$$

$$x_2 = -100.$$

Оң түбір есептің сұрауына тікелей жауап береді: дауыс бірдей естілетін нүкте төрт дыбысзорайтқыштан тұратын топтан 20 м қашықтықта, сондықтан тоғыз аппараттан тұратын топтан 30 м қашықтықта орналасқан.

Теңдеудің теріс түбірі нені білдіреді? Оның мағынасы бар ма?


Сөзсіз мағынасы бар. Минус таңбасы дауыс бірдей естілетін екінші нүктенің теңдеу құру кезінде оң деп қабылданған бағытқа қарама-қарсы бағытта жататынын білдіреді.

Төрт аппарат орналасқан жерден қажетті бағытта 100 м өлшеп дыбысзорайтқыштардың екі тобынан дауыстың бірдей күшпен естілетін нүктесін табамыз. Бұл нүкте тоғыз аппараттан тұратын топтан $100\text{ м} + 50\text{ м} = 150\text{ м}$ қашықтықта жатады.

Сонымен біз дыбыс шығатын көздердің арасын қосатын түзудің бойында жататын, дыбыс бірдей күшпен естілетін екі нүктені іздеп таптық. Бұл түзудің бойында басқа мұндай нүктелер жоқ, бірақ ондай нүктелер ол түзуден тысқары жерлерде бар. Біздің есебіміздің талабын қанағаттандыратын нүктелер жиыны сол табылған екі нүктені диаметрінің екі ұшы ретінде алып жүргізілген шеңбер екенін дәлелдеуге болады. Бұл шеңбер едәуір аймақты (суретте шрихталып көрсетілген) қоршап жатады, мұның, ішінде төрт дыбысзорайтқыштан тұратын топтың дауысынан күштірек естіледі, ал бұл шеңберден тысқары жерде бұған кері құбылыс байқалады.

Мысал-2. Фотосуретте иррационал санның қолданылуы

Фотографтарда $\sqrt{2}$ нөмірін қолдануға себеп бар. R радиосы бар шеңберді қарастырыңыз. Оның аумағы πR^2 . Егер біз аймақты екі есе құрғымыз келсе, радиустың қай санымен көбейтілу керек деп ойлайсыз? Ал жартысы қанша болса - қалай бөлуге болады? Тағы да біз $\sqrt{2}$ санымен танысамыз.



6-сурет

Бұл суретке қалай қатысты? Қолмен жұмыс режимінде түсіргенде, біз фокусты және экспозицияны реттей аламыз. Соңғысы люстра жылдамдығы мен линзаның диафрагмасы арқылы анықталады - линзалар арқылы жарық ағыны пленка немесе камераның матрицасына реттеуге мүмкіндік беретін айнымалы радиусы тесік. Егер жарық жарқын болса, раманы жарықтандырмау үшін диафрагма тесіктері азаяды. Егер жарық төмен болса - бұл күндіз немесе тіпті түнде - диафрагма ашылуы артады, әйтпесе жақтау тым қараңғы болады. Диафрагманың өлшемдері тұрақты мәнге ие: бір бөлікпен жабылған кезде, тесік аймағы екі есе, радиусы тиісінше $\sqrt{2}$ рет. Диафрагтық шкала бойынша бөлімшелер диафрагманың санына сәйкес келеді: 2; 2.8; 4; 5.6; 8; 11; 16; 22 және т.б. Үлгі айқын емес, бірақ іс жүзінде бұл $\sqrt{2}$ (кейбір себептермен математикалық заңдарға сәйкес емес дөңгелектенген) өкілеттіктерінің шамаланған мәні ғана емес:

$$(\sqrt{2})^2 = 2$$

$$(\sqrt{2})^3 \approx 2,82$$

$$(\sqrt{2})^4 = 4$$

$$(\sqrt{2})^5 \approx 5,64$$

$$(\sqrt{2})^6 = 8$$

$$(\sqrt{2})^7 \approx 11,28$$

$$(\sqrt{2})^8 = 16$$

$$(\sqrt{2})^9 \approx 22,63$$

Атырау облысы Мақат ауданындағы “Болашақ” бөбекжай балабақшасы
Уталиева Айдана Темірбекқызы

Тәрбие басы – отбасы

Халқымыз қашаннан бала тәрбиесіне бесікте жатқаннан аса зор мән берген. Баланың дүниеге келуінен бастап оның адам болып қалыптасқанға дейінгі салт-жорағыларының баарлығы тұнып тұрған тәрбие. Абай атамыз айтқандай «Келгенде дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнауына кіреді денең» — демекші, әлдилеп айтылған өлеңнің өзі баланың болашақта адам болып, дүние кірпіш болып қаланса екен деген игі тілектермен айтылады. Иә, «Отбасы –шағын мемлекет» дегенде отбасы мүшелері бір-бірімен тату, ынтымақта болғанда ғана береке , бірлік болады. Баланың дүниеге келгеннен бастап ой – өрісінің дамуы мен сана сезімінің толысуына ата-анасының береген тәрбиесі маңызды болмақ.

Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл парасатты , ой-өрісі биік азамат етіп тәрбиелеу- қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Дана халқымызда мынандай нақыл сөз бар, «Баланды беске дейін ештеңеден тыйма, бестен он үшке дейін құлындай қина, он үштен әрі сырласындай сыйла» деген екен. Қазақ халқы ежелден тәрбиеге ерекшемән берген. «Бала тәрбиесі-өнер, жеке бір ғылым болуды тілейтін өнер»-деген, Мағжан Жұмабаев. Осы сөзде ерекше мән мағына жатыр емеспе?

Бала тәрбиесінің білімді, өнегелі, саналы, жақсы адам болып қалыптасуына үлесі зор. Бау-бақшаны қарап , баптап өсіретіні секілді. Бала тәрбиесіне де ата-ананың, бала-бақшаның, мектептің алатын орны ерекше. Ата-ана балаға көргенін ,білгенін, өмірден түйгенін айтып, көрсетуінің өзі тәрбиенің басы. Қызы анадан үйренбей өнерге алмас, Ұлы атадан үйренбей сапар шекпес.- дейді, халық даналығы. Ана қызына, ата ұлына білгенін айтып отырса бұның өзі бала тәрбиесіне үлес қосып, жақсы азамат болып қалыптасуына маңызы зор. Балаға өз тіліңмен мен емес, баланың тілімен сөйле дейді халық даналығы. Міне, ата бабамыз баланы қалай тәрбиелегенін осындай дана сөздерінен көруімізге болады. Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы тәрбие беру әлеуметтік құрылымның ең маңызды міндеттердің бірі. Жас жеткіншек, келешек азамат, ал жастарымыз біздің болашағымыз. Кейбір ата- ана біз баламызды материалдық жағынан қамтамыз етсек сол жетеді деп ойлайды. Бүлдіршін кез мінез-құлық, адам бойындағы қасиеттердің қалыптасатын кезі. Бұл уақытта – отбасынан берілген тәрбиенің маңызы зор. Бірақ тәрбие жағы балабақша мен білім ордаларына тапсырып жататынын көріп жүрміз. Бұл дұрыс әрекет деп ойламаймын. Иә, рас мектеп тәрбиенің түрлі факторларын үйлестіріп, біріктірудің орталығы. Білім ордасы тәрбие мен білімді қатар үйретені де рас. Тәрбиесіз алған білім , адам заттың қас жауы-деп ата бабаларымыз айтып кеткен. Бірақ, ешқандай орта отбасынан, ата-анадан алған тәрбиені алмастыра алмайды. «Ата дан бала тусайшы, ата жолын қусайшы»- дегенде, атадан балаға мұра болып келе жатқан қасиеттерді үйретіп , қалыптастырудың еш жамандығы жоқ деп ойлаймын. Сан ғасырлық тарихымызды, ұлттық құндылығымызды , дініміз бен ұлттық тәлім-тәрбиеге ерекше мән беріп осы қасиеттер тал бойында бар жасөспірім жеткіншек, ең бірінші отбасының мақтанышы, ата-анасының мерейі. Егер атаның қанымен, ананың сүтімен берілген қасиеттері мол, ата- ана тәрбиесін көрген жастарымыз көп болатын болса, онда болашағымызда жарқын деген сөз. Келешегіміз айқын болсын десек, тәрбиемізді тал бесіктен түзейік.

ТОО "Ескам" Ясли-сад "Еркемай"

Черкашина Надежда Дмитриевна

Бала өмірінің қауіпсіздігі маңызды

Балабақша балалар үшін даму ортасы. Әр күні келген сайын бала өзін қауіпсіз сезіну үшін мекеменің әр бұрышы бала үшін ыңғайлы болғаны маңыздырақ. Ата-ана балабақшаға келген кезден бастап барлық жауапкершілік балабақша қызметкерлерінің мойнында. Олар үшін ата-анадан кейінгі заңды тұлға тәрбиеші. Таңғы қабылдау кезінде тәрбиешінің балаға деген қарым-қатынасы, мейіріммен қарап жұбату сөздерін айтудың өзі бала өзін қауіпсіз сезінуіне ықпал ететін негізгі фактор. Одан кейінгі мәселе әрине баланы қараусыз қалдырмау. Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде кең белес алған, ата-ана қорқынышын тудырып, олардың қажетті жағдайда алғашқы көмек көрсете алмауының өзі баланың денсаулық жағдайына әсер етеді. Бұл жағдайда ең бірінші қателік басшылар тарапынан қызметкерлердің өз орнында болмауын қадағаламағандығында. Міндетті адам жұмыс уақытында орнын бос тастауға болмайды. Қателік қас қағым сәтте болуы мүмкін. Ойнап жүрген баланы қазір құлайды деп юолжау өте қиын. Оқыс әрекеттер салдарынан бала үшін ең қиын жағдайға түсуі ата-ананың наразылығын тудырады. Осы орайда Мемлекеттің мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың негізгі құрылған стандарты бойынша заттық дамытушы ортаны дұрыс құра білу маңызды. Балабақша ішінде, топ бөлмесі, жүру залы, көтерілу баспалдағының өзіндік ережесі болады. Балаға күнделікті қай жерде өзін қалай ұстау кереті жөнінде ақпараттандырып отырып қаншама өрескел қателіктердің алдын ала аламыз. Ендеше топ бөлмесін ұйымдастыру кезінде заттардың қазіргі берілген стандарт негізіне сүйеніп бала бойымен бірдей яғни барлық заттар қолжетімділігін тексерген абзал. Бала ойнап жүріп дамиды. Көп отырғызу, ұзақ әңгіме барысында қимыл әрекетінің болмауы арқа, бел омыртқа, жауырын бүкірейюге алып келеді. Дені сау, ұлт жанашырын тәрбиелеу үшін өзіміз ұлтқа жанашырлықпен қарап оларға барынша дұрыс дамуы үшін ыңғайлы орта құруымыз керек. Сөрелер мен кереуеттердің бала үшін ешқандай зияны болмайтынына көз жеткізіп ылғи тексеріліп тұру керек. Егер тобыңызда ерекше бала болған жағдайда оны дамыту үшін керісінше ол көзі түсетін ашық зоналарды жауып қойған жақсы. Өйткені ондай балалар адамды көп тыңдағысы келмейді өз дегенін жасап қыңырлық танытады. Ол зейіні тұрақсыз болғандықтан әр нәрсені тұрақты, Ұзақ ұстауы мүмкін. Тірбиеші бала қауіпсіздігі үшін олардың барлық жағдайын жасауға міндетті. Оның зейінін шоғырландырып жасалаған жұмыста мидың демалысы мен дамуына сеп болады.

Қорыта келе бала даму үшін келген ортаға оны бейімдеп, қауіпсіздігіне жауап беру міндет екенін барлығымыз білуіміз керек.



**«Келешек» бөбекжай- балалар бақшасы
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны**

Шарипхан Қымбат Шарипханқызы

***Білім беру саласы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу, іс-әрекетін
дамыту.***

Ұйымдастырылған іс –әрекет тақырыбы: «Ғажайып киіз үй»

Мақсаты:

Ұлттық тәрбие- ұлттық құндылықтарды бала бойына заманауи бағытында үйлестіруді дамыту. Ойын тапсырмалары арқылы санасын шыңдау, балалардың саусақ, қол моторикасын дамытып, ептілікке баулу.

Көрнекіліктер:

Киіз үй, текемет,
сырмақ, асық, қоржын, бау, оюлар, сандар, қамшы, мозайка, слайд, папка, сандық, ұлттық бас киім.

Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлеметсіздер ме балалар!
Қалдарың қалай?
Көңіл күйлерің қалай?
Балалар-шаттық шеңберін құрайықшы

Шаттық шеңбері:

Арайлап таң атты,
Алтын шуақ таратты.
Сәлеметсіздерме апайлар!
Сәлеметсіңдерме достарым!

.Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетіміз: «Ғажайып киіз-үй»деп аталады.

Киіз үй қазақ халқының бір шегесіз жиналып, бір шегесіз құрылатын, қыста жылы, жазда салқын, көшіп қонуға ыңғайлы тұрмыстық үй.

Осыған орай балалар сендермен бірге заманауи киіз үйіміздің ғажайыбымен танысамыз. Киіз үйімізді айтар болсақ: кереге, уық, шаңырақ, түндік, киіз, шалма арқан есіктен құралады.

Ал, балалар 5-ке дейін оң және кері санайықшы. Киіз үйімізде қанша есік бар?

Әр есігімізде әртүрлі тапсырмалар бар. Сол берілген тапсырмаларды орындайықшы.

Қоржын тігеміз ойыны: Қоржын ежелден келе жатқан кәде сый. Пішіннен қоржын бөліктерін алдын ала тесілген тесіктерге баулықты өткізу арқылы тігіп қоржынды жасаймыз.

Қамшы өру ойыны: Әр қазағымыздың төрінде ілініп тұратын ұлттық құндылық. Қамшыны қамшылау мақсатында пайдаланады.

Қамшыны үш өрім арқылы бір өрім өреміз.

Текемет, сырмақ (көлеңкесін табу)

Ұлттық құндылықтарымыздың бірі ою-өрнек қазақ халқының рухани және материалдық қазынасына айналды. Қазақ халқында ою-өрнектің орны ерекше, әрқайсының өзіндік мәні бар.

Бұл жерде қиылған оюларды құрай отырып, текемет, сырмақ жасаймыз.**Қоржындағы асық:**

Асық көнеден келе жатқан ұлттық ойын. Асық арқылы әр түрлі ойындарды ұйымдастыруға болады, сандарарқылы асықтарды алып орналастыру.

Мозайка: Бұл жерде ұлттық киімдегі ұл мен қызды құрастыру.

Ең әдемі киім ұлттық киім.Әр ұлт өз киімдерімен еркешеленеді.

Сергіту сәті: Музыкалық әуенмен «Бала бала балапан»

Ойындағы күтілетін нәтиже:

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында бала бойына сіңіру. Ойын ойнай отырып, саусақ бұлшық еттері дамиды және ой санасы шыңдалады.

Қорыта келгенде:

Қазақтың қазақ болып қалыптастырудың бір жолы атадан балаға мирас болып келе жатқан құндылығымызды қайта жаңғырту. Киіз үй арқылы балаларды ойната отырып, өскелең ұрпақтың қазақ мәдениетіне ұлттық ерекшелітерімізге деген құрметін арттыру.

Бастауыш сынып мұғалімі

Эльзира Ерболатқызы



Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру

Қазіргі таңдағы әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру болып табылады. Оқушылардың **функционалдық сауаттылығын арттыру барлық ұстаздар қауымының негізгі мәселесі. Оқушының сауатты болуы мұғалімнің, оқушының, ата –анасының құзырында. Жалпы сауатты ұстаздан сауатты оқушы шығады деп ойлаймын. Қандай да болмасын тапсырманы орындауда үлкен еңбекті қажет етеді.** Жалпы функционалдық сауаттылық деген ұғым — адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін негізгі фактор. Яғни, бұл ретте бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Сонымен қатар, функционалдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б. Осыған сәйкес алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен кез келген тілдік жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсе алу даярлығын білдіретін құзыреттілікті қалыптастыру — үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын жалпы білім беретін орта мектептердегі қазақ тілі пәнін оқытудың басым бағыттарының бірі. Функционалдық сауаттылық қазақ тілінің функционалды сипатын зерделеу арқылы қалыптасады.

Функционалдық сауаттылықтың бірнеше түрлері бар. Бәрімізге белгілі, оқушылардың пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және дағдыларына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту үдерісі ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асады. Ойлау дағдыларын қалыптастыру және дамыту құралдарына тапсырма түрінде берілген пәндік БЕД жатады, ал ұйымдастыру формасына – проблемалық жағдайлар жатады. Оқушылардың білім жетістіктерін зерттеу негізгі үш бағыт бойынша жүзеге асырылады: «жаратылыстану сауаттылығы», «математикалық сауаттылық» және «оқу сауаттылығы».

Сонымен қатар оқушылардың креативті ойлауына да тереңінен назар аударылып отыр. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы – жаратылыстану ғылымдарын тану және сұрақтар қою, жаңа білімді меңгеру, жаратылыстану құбылыстарын түсіндіру және жаратылыстану

мәселелеріне қатысты ғылыми дәлелдемелерге негізделген қорытындыларды тұжырымдау үшін жаратылыстану білімін меңгеру және пайдалану қабілеті; жаратылыстану ғылымының адам танымының бір түрі ретіндегі негізгі белгілерін түсіну; жаратылыстану ғылымдары мен техниканың қоғамның материалдық, интеллектуалдық және мәдени салаларына әсер ететіндігі туралы хабардарлығын көрсету; жаратылыстануға қатысты мәселелерді қарастыру кезінде белсенді азаматтық ұстанымды көрсету.

Мақсаты:

- Оқытудың жаңа тәсілдерін енгізу арқылы белсенді оқу принциптерін, критериалды бағалау жүйесін жүзеге асыру, білім алушының бойына жаңартылған оқу бағдармаларында көзделген құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыру.

Міндеттері:

- Бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұнын білу;
- Жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді оқу бағдарламасына сәйкес қолдану;
- Оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін қолдану;
- Преподавателінің педагогикалық шеберлігін арттыру

Күтілетін нәтиже:

- Бастауыш сынып пәндері бойынша оқу бағдарламасының мақсатын, міндеттерін, құрылымын және мазмұнын біледі;
- Жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана біледі;
- Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі;
- Озық іс-тәжірибелерін және оқытудың жаңа технологияларын зерделеп тәжірибеге ендіреді;
- БК курстары мен өз білімін жетілдіру жұмыстары арқылы кәсіби деңгейлерін көтереді.

Оқу сауаттылығы – адамның өз мақсатына жету, білімі мен мүмкіндіктерін кеңейту, қоғамдық өмірге қатысу үшін жазбаша мәтіндерді түсіну және пайдалану, олар туралы ой елегінен өткізу және оқумен айналысу қабілеті. Осының ішінде тоқталатын болсақ, жаратылыстану-ғылыми сауатты оқушы не істей алады?-деген сұрақ туындайды. Ол үшін алдымен жаратылыстану-ғылыми сауаттылық құзіреттілігін түсіндірсек.

Құбылыстарды ғылыми тұрғыда түсіндіру, ақпаратты тану, терминдерді сипаттау, білімін еске түсіру және қолдану, есте сақтау арқылы қайта жаңғырту, мәліметтерді талдау және қорытынды жасау, құбылыстарды түсіндіру, сипаттау, болжам жасау, деректер жинау, деректерді түсіндіру, қорытынды тұжырымдар жасау, ғылыми дәлелдемелерді пайдалану; ғылыми зерттеу жүргізу және бағалау, -зерттеу сұрағын анықтау, зерттеу сұрағының әдістерін ұсыну, дәлелді деректерді мен түсініктерді сенімді сипаттау және бағалау. Жаратылыстану – ғылыми сауаттылығы құзіреттіліктерін қалыптастырудың бірден бір жолы теорияны практикаға негіздей отырып оқыту.

Оқушылар практикалық жұмыстар арқылы жаңалықтарды ашуға қадам жасайды. Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығының құзіреттіліктерін тапсырмалар және зерттеу жобалары арқылы жүзеге асыруға болады. Күнделікті сабақтарда оқу мақсатына сәйкес оқушылардың негізінде, оқушылар бойында мынадай дағдылар қалыптасады: Мәселерді шешу дағдылары. Өз бетінше ізденіп, талдап, оны таңдай біліп, қызығушылығы артады. Топта, жппен жұмыс істеуі өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін білу арқылы түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істей білу дағдылары қалыптасады.

Үшіншіден – шешімдер қабылдау мен жауаптылыққа бейімділігі, жүйелік әдістер мен жүйелік сараптамаларды пайдалану дағдысы. Өзінің шығарып отырған есептерінің, орындаған тапсырмаларының өмірмен байланысына көз жеткізе отырып, әр ісіне жауапты қарауға өз мүмкіндігін нақты перспективалық жоспар құрып салыстыра білу дағдысы. Түрлі тапсырмаларды шешудегі жағдаяттар оқушылардың өз ойлауын, нақты мінез-құлықтарын қалыптастыру, өзіндік әрекеттерге бағыттау дағдысы.

Қорытынды: Осы дағдылар арқылы оқушы бойында мынадай сапалар қалыптасады: белсенділік; шығармашылық тұрғыда ойлау; шешім қабылдай алу; өз кәсібін дұрыс таңдай алу; өмір бойы білім алуға дайын тұруы және тағы да басқалар бойынша. Әрбір мұғалім күнделікті өз сабақтарында оқу мақсаттарына сәйкес оқушылардың жаратылыстану ғылыми сауаттылығын, функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған тапсырмаларды ықпалдастырып отырса, керемет болар еді. Бірақ мектептегі оқытуда әрине, кедергілер де кездеседі. Олар мектеп оқушыларының әлемдегі ақпаратты тұтастай емес, бөлшектеп білуімен шектелуі; алдыңғы өткен білімдерін, бүгінгі материалдармен басқа пәндермен байланыстыра отырып жаңғырта алмауы; мұғалімдер үшін оқушылардың алған білімдерінің тиянақты болуына, сапалы меңгеруіне, алған білімдерінің жақсы дамуына жол ашуға пән мен пәнді байланыстыра оқытудағы байланысты жаңа әдіс тәсілдердің жетімсіздігі. Бұл ретте функционалдық сауаттылықты дамыту нәтижесі оқушыларға алған білімдерін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті пайдалануға мүмкіндік береді. Функционалдық сауаттылық білімді бөлшектеп

беруден аулақ бола отырып, әлемді тұтас білімде беруге қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сауаттылықты дамытуға қазақ тілі, әдебиеттік оқу пәндерінің берері мол. Оқылым мен жазылым сауатты дамыған жағдайда оқушы үлгерімі жақсарып отырады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Оқушылардың оқу сауаттылығы. Оқу құралы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Педагогикалық өлшеулер орталығы».
2. <http://group-global.org/kk/publication/15595-shetel-tilin-okytuda-okylym-reketin-uyretu-zholdary> Райкул Диуанова, «Шетел тілін оқытуда оқылым әрекетіне үйрету жолдары».

МАЗМҰНЫ

1. АБДИКАДИРОВА МАРЖАН СЫДЫҚҚЫЗЫ	3
2. АБИЛОВА ГУЛЬНАРА ЕРИКОВНА	5
3. АЙНОВА КАМШАТ АМАНТАЙҚЫЗЫ	10
4. АКИЛБЕКОВА РАУАН ТУРЫСБЕКОВНА	12
5. АЛМАТОВА АЙНИСА АМАНГЕЛДИ ҚИЗИ	17
6. АЛТЫНХАНОВА МӘРИЯМГҮЛ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ	20
7. АТАБАЕВА НАҒИМА БӨКЕНБАЙҚЫЗЫ	23
8. АШИМОВА МЕРУЕРТ АСЫЛКАНОВНА	27
9. АШИРОВА ҰЛЖАЛҒАС ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ	30
10. БАЛГУЖИЕВА ГУЛЬГУЛЬ БАЗАРОВНА	32
11. БАСЖАНОВА ЗИНЕШ КЕНЕСОВНА	35
12. БАТЫРХАНОВА ЫРЫСКҮЛ ӘБДЖАППАРҚЫЗЫ	38
13. БЕКТЕМИСОВА КУРАЛАЙ САТЫБАЛДИЕВНА	41
14. БЕРДИБАЕВА ТАЛШЫН БЕРДИБАЕВНА	44
15. БОРАНКУЛОВА АСЕЛЬ ТУЛЕГЕНОВНА	47
16. МУРЗАГАЛИЕВА ГҮЛМАРА БАГИТЖАНОВНА	50
17. ДОСНАЗАРОВА НҰРСӘУЛЕ МҰРАТБЕКҚЫЗЫ	54
18. ДҮЙСЕНБЕК ӘЗИЗА СӘРСЕНҒАЛИҚЫЗЫ	59
19. ЕРКІН ЖАНАР БАЛТАБЕКҚЫЗЫ	65
20. ЕСКАЛИЕВА БАҚЫТГҮЛ ЖАНБЫРБАЙҚЫЗЫ	69
21. ӘБДІРАХМАН ИНДИРА ӘБІЛХАНҚЫЗЫ	71
22. ӘБІЛХАНОВА САЯ ЖҰМАГЕЛДІҚЫЗЫ	76
23. ӘБІШЕВА ӘЙГЕРІМ МҰРАТҚЫЗЫ	79
24. ЖАКИПОВА ЖАКСЫГУЛЬ БАЗАРХАНОВНА	82
25. ЖАҚСЫЛЫҚ ҚАРЛЫҒАШ БАХЫТҚАЛИҚЫЗЫ	84
26. ЖАНАХМЕТОВА МАХАББАТ РЫСБЕКОВНА	91
27. ЖАПАР ГҮЛНАР	93
28. ЖАППАРОВА ЗАРИНА МӘЛІКҚЫЗЫ	95
29. ЖУМАДИЛОВА АЙНУРА АБУГАЛИЕВНА	98
30. ИБРАГИМОВА КАРИМА УРИНХОДЖАЕВНА	103
31. ИНОЯТОВА АЙГУЛЬ АСАНОВНА	106
32. КАЛИЕВА ЖЕНИСКҮЛЬ НУРТУГАНОВНА	108
33. КАМАЛОВА МӨЛДІРЖАН АСЫЛЖАНҚЫЗЫ	113
34. КАРИБАЕВА ҒАЛИЯ АСҚАРҚЫЗЫ	116
35. КАРТАЙГАНОВА САУЛЕШ АХМЕТБЕКОВНА	120
36. КАСАНОВА ЖАДРА БЕЙМБЕТОВНА	124
37. КАСЕНОВА АСЕМ СЕРИКОВНА	128
38. КЕНДИРБАЕВА ИНДИРА САЙЛАУБАЙҚЫЗЫ	134
39. КИТМАМБЕТОВА МАРХАБАТ АКИЛБЕКОВНА	139
40. КОЙШЫГУЛОВА АМАНГУЛЬ ЖУМАНБЕКОВНА	141
41. КОКТЕНОВА ЭЛЬМИРА АТАКУЛОВНА	144
42. КУАНШАЛИНА ДИНАРА ЕЛУБАЙҚЫЗЫ	148

43.	КУШМАГАМБЕТОВА ШҰҒЫЛА СЕРІКҚЫЗЫ	150
44.	ҚАБИДУЛЛИНА АҚМАРАЛ ЖАЛҒАСБАЙҚЫЗЫ	151
45.	ҚАЖЫБАЕВА ЖАДЫРА КЕНЖЕХАНҚЫЗЫ	159
46.	ҚОЖАБЕКОВА МАРЖАН МАДИХАНҚЫЗЫ	165
47.	ҚУАТОВА АЙДАНА БЕРДІХАНҚЫЗЫ	171
48.	АЙТБАЕВ МАҚСАТ УНЛАСУНОВИЧ	175
49.	МАМБЕТОВА ЖАНСАЯ ЕРМАНҚЫЗЫ	180
50.	МАМЫРБЕКОВА МОЛДИР СЕРИКОВНА	182
51.	МИЗАМБАЙ ТОЛҒАНАЙ БАЛАТАЙҚЫЗЫ	187
52.	МОМИНОВА АЙТКҮЛ ТАТИБАЕВНА	191
53.	МУКАШЕВА АСЕМ КАНАТОВНА	193
54.	МУХАМЕДЖАНОВА САЛТАНАТ УЗАКБАЕВНА	197
55.	НСАМБАЕВА ЗАМЗАГУЛ ТУЛЕГЕНОВНА	199
56.	БАЙМУХАНБЕТОВА АЙНАГУЛ КЕНЖЕСОВНА	203
57.	БАҚЫТНҰРҚЫЗЫ ӘДЕМІ	209
58.	НҰРҒАЛИЕВА ЖАНАР ТАЛҒАТҚЫЗЫ	214
59.	ОМАРБЕКОВА ДИНАРА АМАНБАЕВНА	220
60.	РАСУЛОВА ГУЛНОЗА ПАЙЗУРАХМАНОВНА	223
61.	РАХЫШОВА ЗУЛФИЯ СЕРИКБАЕВНА	226
62.	РЕЖЕПОВА ЫРЫСБАЛА МҰРАТЖАНҚЫЗЫ	233
63.	РЫСБЕКОВА МАҚПАЛ СЕЙТБЕКҚЫЗЫ	236
64.	САГИНГАЛИЕВА ЖАЗИРА АСҚАРҚЫЗЫ	242
65.	САДЫКОВА ЖАНЕРКЕ НУСХАБАЕВНА	246
66.	САПАР ЖАНСАЯ НАМАЗҚЫЗЫ	250
67.	САТМАҒАНБЕТ РИТА АЙСАҒАЛИҚЫЗЫ	256
68.	СЫДЫКОВА АЙГЕРІМ СЕРІКҚЫЗЫ	261
69.	ТЛЕУБАЕВА АНАРА АМАНТАЕВНА	265
70.	ТУРЛЫБЕКОВА ГУЛЗАДА УАЙСОВНА	268
71.	ТУРМАНОВА АЙГУЛ АМИРБЕКОВНА	270
72.	ТУРМАНОВА МАДИНА ТИЛЕГЕНОВНА	272
73.	ТУРУМБЕТОВА ГУЛЬНАРА БАЙДАБЕКОВНА	274
74.	УСАРБАЙ САЙДУЛЛА БАХТИЁРҰЛЫ	276
75.	УТАЛИЕВА АЙДАНА ТЕМІРБЕКҚЫЗЫ	286
76.	ЧЕРКАШИНА НАДЕЖДА ДМИТРИЕВНА	287
77.	ШАРИПХАН ҚЫМБАТ ШАРИПХАНҚЫЗЫ	288
78.	ЭЛЬЗИРА ЕРБОЛАТҚЫЗЫ	290